



Л 2017

4628к

Серікқазы ҚОРАБАЙ

Ә  
ӘРЛІ  
ТАМЫРЛАР









Серікқазы  
ҚОРАБАЙ

НӘРЛІ  
ТАМЫРЛАР

“ХАНТӘҢІРІ”  
Алматы-2017

ӘОЖ 821.512.122.09

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

✓ К 66

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

### **Қорабай С.**

**Қ66 Нәрлі тамырлар:** ғылыми зерттеулер мен мақалалар. / Серікқазы Қорабай. – Алматы: «Хантәңірі» баспасы. 2017 – 342 б.

ISBN 978-601-03-0458-1

Әдебиет зерттеуші Серікқазы Қорабайдың әдеби-танымдық зерттеулер жинағында қазақ әдебиетінің ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихының түрлі кезеңдерінен терең сыр шерткен көкейтесті мәселелер мен бұрын жарияланбаған армян жазуындағы «Дана Хикар хикаясы», «Құмандар кітабы» сияқты ортағасырлық қыпшақ әдеби жәдігерлері туралы кеңінен сөз болады, Абайдың әдеби мектебі туралы да жаңаша пайымдалады.

Кітап ұлт мәдениетінің жанашырлары мен тарих, әдебиет мәселелерін зерттеуші мамандарға, бүкіл оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-03-0458-1

© Қорабай С., 2017

© «Хантәңірі» баспасы, 2017

## ТҮП-ТАМЫРЛАР

### «ЖЕРЖҮЗІНДЕГІ ЕҢ ҚЫМБАТ ӘДЕБИЕТ НҰСҚАСЫ...»

Кейіпкерлерінің өмір сүрген уақытын атақты ғұлама ғалым, академик Әлкей Марғұлан сақ заманына жатқызған, сюжеті түркітілдес бауырлас бірнеше елге таралған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры – қазақтың көне дәуір шындығын көркем кестелеген асыл мұрасының бірі. Бұл мәңгілік махаббат жырының барша жұртшылық пен ғылыми қауым назарына ілігіп, түрлі нұсқалары жинала бастағанына да екі ғасырға жуық уақыт өтті. Қазір жырдың жиырма шақты нұсқасы белгілі болса, олардың ел аузынан жиналып, хатқа түсуіне, бірнеше рет кітап болып жарық көріп, ел игілігіне айналуына Ресейдің зерттеуші ғалымдарынан бастап қазақ зиялыларының сіңірген еңбегі зор.

Бұл жыр ел ішінен XIX ғасырдың бас кезінде-ақ жиналып, ғылыми жұртшылыққа белгілі бола бастады. Бұл ретте қазақ даласына патша үкіметі орындарының арнайы тапсырмасымен немесе қызмет бабымен, тіпті миссионерлік мақсатта болсын келген Ресей зиялылары көп іс атқарғаны мәшһүр. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын жазып алып қана қоймай, жариялау, насихаттауда елеулі еңбек еткен орыс ғалымдары мен саяхатшыларының есімдері осы жырды жан-жақты зерттеген М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ы.Дүйсенбаев, С.Қасқабасов және т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде әрдайым құрметпен аталып келеді.

Орыс оқымыстыларының «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосын зерттеу жайы қаншалықты қарастырылғанымен



жыр жайында орыс және басқа да шетел зиялылары жүргізген кейбір ізденістері әлі де ғылыми қауым назарына ілінбей қалуда. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының қазақша ескі қолжазбасын бірінші болып 1825 жылы И.Беленицын деген орыс зиялысы тауып, Петербургке жазып апарып Сенатқа, білім мекемелеріне алғаш рет таныстырғанын жоққа шығармаймыз. Қалай дегенмен осы жыр жайында ең алғашқы дерек беруші және бірінші болып ел аузынан жазып алған адамды ескерусіз қалдырып келе жатқан сияқтымыз.

XIX ғасырда қазақ даласындағы пайдалы кендерге барлау жасап, 1820–1832 ж.ж. Орынбор корпусының инженерлер тобының бастығы, Орынбор кадет корпусының директоры, 1832–1844 ж.ж. Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы болған генерал-майор Григорий Федорович Генс (1782–1845) өзі қызмет еткен Орынбор өлкесінде жергілікті қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, фольклоры мен этнографиясы, шаруашылық жайы жөнінде зерттеулер жүргізіп, көптеген құнды деректер қалдырды. Осы оқымыстының Орынбор шекара комиссиясының төрағасы болған кезінде жазған бір қолжазбасында (Орынбор мемлекеттік архиві 166-қор. 1 сип. 1-іс) 1807–1823 жылдар аралығында қазақ даласында бірнеше рет болып, Орта Азия елдері мен Қытайдың Шыңжаң өлкесіне, яғни Шығыс Түркістанға әлденеше рет барып-қайтып, сауда-саттық жасаған қазандық татар саудагері, саяхатшы Мұртаза Файзуллин туралы қызықты деректер келтіріледі. Генс қолжазбасында бізді тәнті еткені – Мұртазаның «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры жайында Семей өңірінде болған кезінде алғашқылардың бірі қатарында ел аузынан жазып алуы дер едік.

Мұртаза Файзуллин 1807 жылы күзде қомақты жүк тиеген сауда керуеніне бас болып, Семей қаласынан Кіші Бұхараға – қазіргі Шығыс Түркістанға жол тартып келе жатып, Аякөз маңында бір қазақ аулына аялдайды. Осы жерде Қозы мен Баян арасындағы өшпес махаббат туралы жырды ел аузынан естіп, оның аңыз түріндегі мазмұнын қағазға түсіріп алады. Бір қызығы – Мұртаза Файзуллин баяндаған жыр мазмұны «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының ғылымда белгілі бір де бір нұсқасына ұқсамайды. Генс сол қолжазбасында Мұртаза Файзуллин жазып алған жыр мазмұнын былай деп келтіреді:

«Аякөзден әрі карай жолдың сол жақ қапталында (өзеннің

оң жағасында) екі-үш шақырым жерде Қозы Көрпештің бейіті тұр... керуендегі қазақтар сонда барып, зиярат етіп қайтты.

Осы жерден солтүстік-шығысқа немесе солтүстікке қарай он шақырым жерде Тарбағатай тауының етегінде суы салқын бұлақ басында Бестерек деп аталатын кішкентай тоғай маңында және бір бейіт – Баян бейіті бар. Басында бес боз тал өскен бұл тоғайдағы ағаш саны қазір қырық шамасында.

Қозы Көрпеш батыр болыпты, ал Баян оның жары екен.

Олардың әкелерін Сарыбай мен Қарабай деп атапты, бірақ Мұртаза олардың қайсысы Қозы Көрпештің, қайсысы Баянның әкесі екенін ұмытқан. Екеуі де қазақ, бір жүріп, бірге аң ауласқан адамдар әйелдерінің аяғы ауыр кезінде бұлар құда болысқан. Сөйтіп жүргенде Қозы Көрпеш, Баян туған, Қозы Көрпештің әкесі өліп кеткен.

Ал, ол (Қозы Көрпеш) Баянның өзіне атастырылғанын білмеген. Бұл кезде Баян басқа біреуге ұзатылғалы жатқан. Осы жайтты елден естіген Қозы Көрпеш Баянды іздеп баруға шешесінен үш рет рұқсат сұрап, ең соңында ол кісінің келісімін алып, сапарға шыққан.

Сөйтіп ол жоғарыдағы Бестерекке тоқтаған. Қолына ұстаған құсын ұшырып қоя берсе, ол Баянның женгесі сауып отырған сиырдың мүйізіне барып қонып: «Бестерек» деп шаңқылдапты. Содан Баян ертеңінде сиыр саууға өзі барыпты да, жаңағы құсты көріп, басынан үш қауырсын жұлып алады және «Бестерек» деген шаңқылды тағы естиді. Қазақ, сондай-ақ Еуропа елдерінің де әйелдеріне тән әуесқойлықпен Бестерекке барып, онда өзін күтіп жатқан Қозы Көрпешті табады. Бұлар бір-біріне ғашық болады. Алайда Баянның әкесінің құлы қанішер Қарашұнақ батыр Қозы Көрпешті өлтіреді. Ал, қайғы үстіндегі Баян оны пышақпен жарып тастайды. Баян Аякөз жанындағы Бестерек түбінде жерленеді. Қазақтар бұл хикаяны өлеңмен жырлайды».

Осылай деп Генс Мұртаза айтқан жыр мазмұнын аяқтайды. Мәтіннен байқалғандай, кітаптарда басылып жүрген жыр мазмұны мен Мұртаза жазып алған жыр мазмұнында үлкен өзгешелік бар.

Бұдан шығар қорытынды, Мұртаза Файзуллин «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының мәтінін нақты жазып алмағанымен, жыр мазмұнын ел аузынан бірінше рет естіп жазып алған зиялы адам десек, екіншіден, Генс сияқты

Ресейдің ірі қоғам қайраткері, әрі ғалымына осы жыр туралы деректі бірінші болып хабарлаған адам. Ал жыр мазмұнындағы Баянның басқа жерге, яғни Бестерек деген тоғай маңына жерленгені, Қодардың Қарашұнақ атануы сияқты айырмашылықтарды зерттеу болашақтың ісі.

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырына байланысты келесі бір қызықты деректі орыс ғалымы, демократы, саяхатшысы Александр Никитич Седельников зерттеулерінен кезіктірдік. Ол осы Шығыс Қазақстан, Семей өңірлерін көп аралап, ел аузынан қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алған, осы аймақтың өсімдік және жануарлар әлемін зерттеген, туған інісі Николаймен бірге қазақ фольклорын насихаттап, ұлы Абай туындыларын орыс тіліне аударуға көп күш жұмсаған. Александр Седельников 1915 ж. «Қазақ поэзиясы туралы», «Қазақ және татар жазушылары туралы» атты мақалалар жазды. Халқымыздың ұлы перзенті, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановпен бірге жазып қатысқан «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты көптомдық жинақтың Қазақстан туралы «Қырғыз өлкесі» атты 1903 ж. шыққан 18-томында Александр Седельников қазақ әдебиеті жайында келелі пікір айтқан бөлігінде: «...Халық шығармашылығы бірыңғай болғанымен де керемет бай және ол, негізінен, лирикалық және эпикалық мазмұндағы шығармаларда көрініс тапқан. Алғашқылары махаббатты, ғашықтық сезімдер мен жан күйзелістерін баяндауға арналған, бас кейіпкерлердің сыртқы және ішкі қасиеттерін салыстырған тұстар көп» дей келіп тікелей «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры жайында: «Олардың ішінде бір ғана емес, бірнеше автордың көне шығармасы – «Көрпеш (Қозы) – Баян (Сұлу)» поэмасы ерекше назар аударарлық. Онша күрделі емес фабула бойынша (Көрпеш Баянды сүйеді және әкесінің өсиеті бойынша оған үйленуді ойлайды, бірақ Баянға тағы бір үміткер Толағай келеді де, Көрпешті өлтіреді, ал, Баян болса, Толағайды және өзін өлтіреді) табиғат пен әсіресе сол кездегі тұрмыс-салтты көркем сипаттау жағынан бұл шығарманың маңызы зор, бұл жағынан алғанда басқа қазақ шығармалары арасында оған тең келері жоқ. Қазақтар арасында өте кең тараған. Суреттелген оқиғалар өткен көптеген жер-су, тау, өзен және т.б. атаулары оның кейіпкерлері есімдерімен байланысты,

Көрпеш зираты қазір де сақталған, Сергиопольден алыс емес жерде» деп ой түйеді.

А.Н.Седельников пікірінде де Мұртаза Файзуллин дерегімен сәйкестік бар сияқты. Мұнда негізгі жырдағы Қодар есімі өзгертіліп, Толағай деп аталған, ал Қозы мен Баян зираты бірге айтылмайды, Көрпеш зираты делінеді. Бұл да ойланарлық жайт.

1930 жылдары Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің озық шығармаларын орыс тіліне аударып насихаттау мақсатында Мәскеу, Ленинград ақындары мен жазушыларын Қазақстанға көптеп тартып, олардың көпшілігімен етене жақын да боп кеткені белгілі. Сондай достарының бірі, қазақ әдебиеті мен өнерінің шынайы жанашыры болған көрнекті орыс жазушысы Леонид Соболев 1939 жылы маусым айының 21–27 аралығында болып өткен Қазақстан жазушылары мен халық ақындарының ІІ-ші съезінде ұзақ сөз сөйлеп, қазақ әдебиетінің өткен тарихы мен сол кездегі жай-күйі жайында келелі әңгіме өрбітті, тың ойлар айтты.

Осы баяндамасында орыс қаламгері қазақ әдебиетінің басқа өзі қарайлас әдебиеттерден айрықша бөлек қасиеттерін айта келіп, оның негізгі ерекшелігі ретінде қазақ халқының жазба әдебиеті пайда болғанға дейін-ақ орасан зор ауызша әдебиеті болғандығын атап өтті, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын ақындық өнердің таусылмас қазынасының біріне жатқызды. Қазақ әдебиеті туындыларының орыс тіліне аударылуы жайына тоқтала келіп, «Литературная газета» газетінің бетінде Абайды бір санында «қазақ классигі А.Бай» деп, келесі бір санында «атақты қазақ классигі Ахун Бабаев» деп өрескелдікке жол жіберілгендігіне қатты қынжылыс білдірді. Сонымен бірге белгілі ғалым, академик Цявловскийдің осы газет бетінде қазақ өнерінің он күндігін «қырғыз онкүндігі», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын «қырғыз поэмасы», Абайды – «қырғыз ақыны» деп атағанына наз айтып: «Академик Цявловский әдебиетті тамаша біледі, Пушкиннің «Қозы Көрпеш» атты қырғыз ертегісі туралы жазбасын біледі, академик Радловтың жұмыстарын біледі, одан қара қырғыздар мен қырғыз-қайсақтар әдебиеті жайында оқыған. Алайда академик маман ретіндегі жол жіберуге болмайтын дәрменсіздігін, осы халықтың өткені мен қазіргісін білетін

ғалым көзқарасына тән емес жат қылықты танытты» деп аяусыз сынға алды.

Леонид Соболевтің жеке архивінде сақталған күнделіктері мен хаттары қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне деген шынайы сүйіспеншілік сезіміне толы. Соның айқын айғағындай «Советская Россия» газетінің 1986 жылғы 16 қыркүйектегі санында жазушының 1921–1942 жылдары анасы мен зайыбы Ольга Ивановна Михальцеваға жазған хаттары және күнделігі жарияланыпты. Сол құнды мұрағаттың бірі – 1942 жылы 16 желтоқсанда Ульяновскіден жолдаған хатында осы шаһар кітапханасында өзі кезіктірген ерекше жайтқа таңғалыс білдіреді: «Мұнда Карамзин мен Гончаровтың үлкен кітапханасының қалдықтары сақталған. Бұзау терісімен қапталған Карамзиннің көне томдары түптелмеген, өзінің белгілері қойылған Гончаровтың журналдары қатар тұр. Осыларды ретімен қарап біраз отырдым» деп жазады да, одан әрі: «В отделе редких книг нашел сенсацию, о которой не знал: 1812 года перевод «башкирского сказания «Куз Корпеч», перевранный до отказа! Смотри – пожалуйста, когда украли – сто тридцать лет назад! Будет время, напишу об этом в Алма-Ата» деп өзі үшін үлкен жаңалық ашады (Орыс тіліндегі мәтінін келтіргеніміз де, жазушы ойын дәлме-дәл беруден туындады).

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры 1812 жылы Қазанда жарық көргені, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің қолжазбалары арасынан жырдың орысша жазылған сюжеті кезіккені де мәлім. Ал Л.Соболев «сенсация» ретінде қабылдаған жыр аудармасы 1812 жылғы екені айтылады. Мұның өзі Қазанда шыққан алғашқы нұсқалардың бірі болуы мүмкін деген ойға жетелейді.

Орыстың белгілі фольклортанушы-ғалымы Г.Н.Потанин «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосын «жержүзіндегі ең қымбат әдебиет нұсқаларының бірі» деп жоғары бағалаған еді. Сондықтан да халқымыздың ерте замандағы әлеуметтік, тұрмыстық жайынан мол мағлұмат беретін мәңгілік махаббат жырының 1500 жылдық тойын ЮНЕСКО көлемінде болмаса да, орыс, татар, башқұрт, қырғыз, хақас ғалымдарының қатысуымен халықаралық деңгейде атап өтудің өзі еліміз үшін де, бүкіл түркі әлемі үшін де рухани-мәдени және қоғамдық маңызы өте зор елеулі оқиға болды.

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

«Қыз Жібек» жыры – халқымыздың бай фольклорының ең бір асыл да көркем үлгісі. Тілінің көркемдігі мен байлығы жағынан да қазақ эпосы ішінде ерекшеленіп тұр.

Эпостың бас кейіпкер есімімен аталуында да үлкен мән бар. Себебі Қыз Жібектің тағдыры – жыр оқиғасының тақырыптық, сюжеттік және композициялық негізгі өзегі. Жыр құрылымында Жібек бейнесімен, оның бүкіл болмыс-бітімімен тығыз байланысты екі маңызды бөлім бар. Бірінші бөлімде Төлегеннің ата-салттан аттап қыз іздеп шығып, Жібек қызға ғашық болуы, соңында келіп өзі сияқты Жібекті құлай сүйген бақталасы Бекежан қолынан қазақ табуы суреттелсе, екінші бөлім Төлегеннің кенже інісі Сансызбайдың сегіз жыл өткен соң жеңгесін іздеп шығып, Жібекке әмеңгерлік жолмен үйлену жайына арналған.

Төлеген жүрек қалауымен сүйген ғашығын іздейді. Ал бұл кішкентайынан атастырылып, құдандалы жолмен үйленетін ата салтқа мүлдем оғаш қылық. Төлеген дегеніне жетеді. Екі ғашық аз уақыт болса да бақытты өмір сәттерін кешеді. Ғашықтық жолында Төлеген мерт болып, Жібек қайғы құшады. Жырдың бірінші бөлімінің негізгі арқауы да бір-біріін сүйген жастардың жеке махаббат бостандығын жаншыған ескі салт-дәстүрге қарсылық. Махаббат еркіндігі, өзі қалаған қызға үйлену – орындалмаған арман болып қалады.

Жырдағы қос ғашықтың кездесуі – Жібек қыздың ғажап сұлулығының салтанаты және Төлеген арманының, көптен күткен үмітінің орындалуы. Бұл жырдың бірінші бөлімінің шиеленісті де бейнесі сюжеттерге толы баяндау желісінің ең бір шарықтау шегіне жеткен тұсы. Ғажап сұлу,

адамгершілігі де көркіне сай, ішкі жан дүниесі де бай сезім иесі Жібектің әдемі ару екендігін дәлелдеп көрсету үшін жыршы Төлегенге бүкіл көшті аралатып, сұлу қыздарды бірінен соң бірін оның алдынан, тізбектеп өткізеді. Әр шағын көшті бастаған қыздың келбеті мен салтанатын суреттеуге келгенде ақын өрнекті өлең жолдары мен тамаша теңеулерді таба білген. Бұл құр қиял, шамасыз шарықтау емес. Жыршы көш бастаған жеті қызға сипаттама бергенде, халықтың сұлулық жөніндегі қалыптасқан эстетикалық талғамынан алшақ кетпейді, өз көрген-білгенін халықтық ұғым-түсінікке бағындырып, сол талғам үдесінен шығып отырады.

Жырда осы қыздар көші аса шебер де ұтымды суреттелген. Ақын сипаттауындағы көштен екінші панорамасынан Төлегенге бір көштен екінші көшке ілесіп баруы арқылы бір қыздан екінші қыздың сұлу болып көрінуі тамаша әсер қалдырады. Әр қыздың бейнесін әдемі де нақышты өлеңмен тізбектеп келтіру арқылы Жібектің де келбеті мен мұңдалап тұрады. Алғашқы көштің бірін бастап бара жатқан қыз «Нұр сәулесі бетінде, бұралып кетіп барады» деп әдемі теңеумен айшықталса, екінші қыз «Таң мезгілі болғанда, Шолпанның туған жұлдызы» деп әспеттеледі. Бірінен соң бірі әдемі, сұлулығына сай салтанаты да келісті екендігін, мұрындығы сары жез, бұйдасын ескен жібектен» болған, отыз түйе жетегіне ерткен үшінші көштен қыз бейнесін сипаттау арқылы көз жеткізеді.

Он қыз нөкер қасында,  
Өзі он бес жасында,  
Алтын шашбау шашында,  
Қазыналы қырық нарға  
Жібектен арқан тарттырған

деген өлең жолдары төртінші көштегі қыздың сән-салтанаты алдыңғысынан да асып түскендігін әсірелеп жеткізеді. Осылай әр көштегі басқа қыздардың салтанаты да үлкен үрдіспен ұлғайтыла кескінделеді.

Сұлулығы бірінен бірі асқан он бір қызды осылай ерекше әсірелеу сипаттамасы арқылы көрген Төлегеннің әлі кезікпеген Жібекке деген сүйіспеншілігін күшей-

тіп, ғашықтық отын маздата түседі. Басқа қыздардың барлығын ерекше көрікті, асқан сұлу етіп сипаттауда, Жібектің келбетін солардың бәрінен де артық қып суреттеу мақсатынан туған.

Қыздардың портретін жасағанда қолданылатын бейнелі сөздер мән-мағынасы, құрылымдық ерекшелігі жағынан әрқилы болып келеді. Бұл сипаттамаларда қыз бейнесін ерекше суреттеп бейнелеген теңеу, салыстырмалар да, сұлу ару көркін, дене бітімін, қимыл-қозғалысын айқын айшықтап берген теңеу, эпитет, халықтық, көркемдік, эстетикалық ұғым-түсініктерді нақ білдіретін, ешбір қоспасы жоқ, бейнелі өлең өрнектері көш бастаған қыздар суреттемесінде көркем кестеленген. Әр сұлудың ерекше бір әсемдігін таң жұлдызы Шолпанған балап, жас арудың ақ бетінің ажарын айдын көлдің аққуындай құбылған көз қиығын батырдың желбіреп, жайнаған алтын туындай етіп, нақышты суреттеу асқан ақындық шеберлікті танытса керек.

Бойжеткен қызды толған аймен теңеу көш салтанатын сипаттаған тұста ерекше түрленіп шыққанып:

Толған айдай толықсып,  
Ақ сазандай бұлықсып

деген жолдардан байқаймыз. Бұл салыстырмалы теңеулер сұлу қыздың әсем қимыл-қозғалысын, келісті де әдемі жүрісін өте шебер сомдайды.

Көш алдына қараса,  
Бір қыз кетіп барады...  
Қаражорға мінгені,  
Екі көзі сүрмелі,  
Бұл сияқты перизат,  
Қыз іздеген Төлеген  
Жоқ еді, сірә көргені

деген нақышты жолдар жыр авторының ақындық шеберлігін, адамның ішкі жан дүниесінің нәзік тұстарын терең тани білгендігін айқындаса керек.

Төлегеннің Жібек қызбен кездесу сәтін суреттегенде, ақындық шабыттың шырқау биігіне көтеріліп, портреттік



бейнені сомдаудың Жібек қыздың кескін-кейпі келіскен, түр-тұрпаты жарасқан, көз тартарлықтай сұлу көркі мен сән-салтанатын мына өрнекті өлең жолдарымен сипаттайды.

Қыз Жібектің құрметі,  
Жиһаннан асқан сәулеті.  
Ләйлі-Мәжнүн болмаса,  
Өзгеден артық келбеті...  
...Кебісінің өкшесі,  
Бұхардың гауһар тасындай.  
Ақ маңдайы жалтылдап,  
Алтын шашбау шашындай.  
Қыз Жібектің шаштары –  
Қоғалы көлдің құрағы.  
Көз сипатын қарасаң,  
Сегіз бейіш ішінде  
Хорлардың жаққан шырағы.  
Дүррі-гауһар сырғасын  
Көтере алмай тұр құлағы.  
Қыз Жібектің ақтығы  
Наурыздың ақша қарындай.  
Ақ бетінің қызылы  
Ақ тауықтың қанындай.  
Екі бетінің ажары  
Жазғы түскен сағымдай.  
Білегінің шырайы  
Айбалтаның сабындай.  
Төсінде бар қос анар,  
Нар бураның санындай.  
Оймақ ауыз, құмай көз  
Іздеген ерте табылды-ай.  
Өткірлігін байқасаң,  
Ұсталар соққан кетпендей,  
Нұр тұқымын екендей.

Қыз Жібек портретіндегі оның жүзінің ақтығын айшықтаған *наурыздың ақша қарындай*, бет-жүзінің келбетін сипаттаған *ақ тауықтың қанындай*, ажарын суреттеген *жазғы түскен сағымдай*, ақ білегінің әдемілігін әйдіктеген *айбалтаның сабындай* деген нақышты теңеулер, қос анарын айтқан *нар бураның санындай* деген салыстырулар халықтың тыныс-тіршілігіне орайластырылып жасалған

көркем кестелеудің тамаша үлгілері. Ұсталар соққан кетпендей деген Жібектің алғыр, қайсар қасиетін сипаттаған айшықты теңеу де дәлдігімен ерекшеленеді.

Белі нәзік, талып тұр,  
Тартқан сымнан жіңішке,  
Үзіліп кетпей неғып тұр?!

деген өлең жолдары да қандай көркем шыққан. Қыз Жібек бейнесін әсірелеп суреттеудің халықтың үлгісі өз орнында, оңтайлы пайдаланған. «Қыз Жібек» жырының тілі осылайша аса көркем. Жырдың өне бойында троп та, метафора да, айшықты теңеулер мен салыстырулар да молынан кездеседі, халық арасында жиі қолданылатын қанатты сөздер, өрнекті тіркестер де көп. Жыр авторы өз тарапынан да тың теңеулер қосып, поэтикалық образдарды да орынды қолданған. Мұның бәрі де жырдың тіліне, сюжеттік құрылымы мен стиліне өзіндік өрнек, эмоционалдық қуат, жігерлі ырғақ беріп тұр.

Бір баяндамада «Қыз Жібек» жырының көркемдік ерекшеліктерін тұтастай дерлік айту мүмкін емес. Бұл үлкен эпикалық туынды. Жоғарыда айтқанымыздай, тілінің көркемдігі оқшау тұр. Сондықтан, қорыта айтқанда тіл ерекшелігі мен көркемдігі, композициялық құрылым тұрғысынан айтқанда «Қыз Жібек» жыры ұлттық фольклорымыздағы шын мәніндегі баға жетпес жауһар мұра деп білеміз.

## ЕЖЕЛІ ӘДЕБИЕТ АРНАМАРЫ

Әдебиет өмір шындығының көркем бейнесі десек, әдебиет тарихы да халық тарихымен тығыз байланысты. Еліміздің рухани өмірінің жарқын көрінісі, елеулі бір саласы ретінде көркемсөз өнері ел тарихымен бірге қалыптасып дамыды. Адам санасы, ой-өрісі мындаған жылдар бойы жетілетін тарихи құбылыс екендігін ескерсек, әдебиет адамзат тарихындағы көркем ой жетістіктерінің бірі екендігі даусыз ақиқат.

Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ертедегі темір дәуіріндегі (б.з. д. VI–VII ғ.ғ.) сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары, б.з. ертедегі орта ғасырлық мемлекеттер тұсындағы қарлұқ, оғыз, қимақ тайпалары, дамыған ортағасырлық мемлекеттер кезіндегі наймандар, керейіттер, жалайырлар, қыпшақтар<sup>1</sup> тарихы мындаған жылдарға созылғандығын назарға алсақ, қазақ әдебиетінің тарихы да бұрынғы Кеңес кезіндегідей XV ғасырдан емес, одан арғы дәуірден – көне заманнан басталады. Сол себепті ұлттық әдебиет тарихының негізгі мәселелерінің бірі – дәуірлеу болып табылады. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін екі мың жылға жуық тарихы бар қазақ әдебиетінің бүкіл елімізге ортақ дәуірлеу мәселесі қолға алынбаған еді. Бұл проблемаларға байланысты тоталитарлық жүйенің өзге ұлттардың тарихының даму процесін кеңестік тарихпен ғана байланыстырған біржақты ұстанымдарына қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан батыл тойтарыс бере отырып, қазақ әдебиетінің көне заманнан бүгінгі күнге дейін дамуының өзіндік ерекшеліктерін есепке алу негізінде әдебиет дамуының кезеңдерін халықтың жалпы тарихи даму процесін дәуірлеуден бөлек алып қарауға болмайды. Қазақстан аумағындағы феодалдық мемлекет кезеңі VI ғасырдан басталып, XX ғасырға дейін созылған ұзақ мерзімді

<sup>1</sup> Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық. – А., 1996. 1-т. 158–166, 296–337, 389–397-б.

қамтыды. Қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлері де осы қоғамдық құрылыстың негізгі даму кезеңдері – қалыптасуы мен нығаюы, дамып өркендеуі, дағдарысы мен тоқырауы, қайта дамып күшеюі, ең соңында, құлап ыдырауы сияқты тарихи жолдарына сәйкес келеді және де осы қоғамдық даму процесінің ерекшеліктеріне толыққанды сипаттама жасайды.

Қазақ әдебиетінің жүздеген ғасырлар бойғы дамуының әр тарихи дәуірлерін бажайлағанда, әр кезеңді бір-бірінен даралап тұратын өзіне тән белгілері мен қасиеттерін, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін анықтап алу қажет. Қазақ әдебиетінің көне заманнан XI ғасырға дейінгі аралықты қамтыған кезеңі көне дәуір, ал XII ғасырдан бастап, Қазақ хандығы құрылған XV ғасырға дейінгі кезең ортағасыр кезеңі деп аталады. Көне дәуірдегі түркі жазба әдеби ескерткіштеріне сақ-ғұн дәуіріндегі әдебиет туындылары, түркі және қытай халықтарына ортақ мәдени мұралар, Иран мен Тұран әлеміне ортақ әдеби шығармалар, түркі-моңғол бірлігі заманындағы әдеби мұралар, көне түркі әдебиетіне жататын Орхон-Енисей руна жазба ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі әдебиет мұралары – «Қорқыт ата кітабы», құмандардың «Кодекс Куманикус» жазба туындысы, «Оғызнама» дастаны, Қарахандықтар тұсындағы әдебиеттің көрнекті өкілдері Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» («Құт әкелетін білім») еңбегі, Махмұд Қашқаридің «Диуани луғат-ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») кітабындағы аңыздар мен әпсаналар, әдеби-поэтикалық үзінділер енеді. Бұл шығармалардың барлығын дерлік түркі халықтарының ортақ рухани байлығы деп бағалаған жөн. XI–XII ғасырлар түркі халықтарының жазба әдебиетінің туып, қалыптасуымен байланысты болса, әрі бұл аралық кезең қазақ халқының қалыптасуы алдындағы дайындық кезең болғандығын да ескеру керек.

Біздің заманымызға дейін сақталып жеткен көне түркі әдебиетінің жазба ескерткіштерін көрнекті түркітанушы ғалым Х.Көроғлы шартты түрде екі топқа бөліп көрсетеді: руна жазуымен бедерленген тарихи-эпикалық туындылар және көне соғды жазуына барып тірелетін ұйғыр жазуы пайдаланылған этикалық-дидактикалық шығармалар<sup>2</sup>. Түркілер ислам дінін қабылдағаннан кейін көне түркі әдебиетіндегі

---

<sup>2</sup> Көр-оглы Х. Узбекская литература. Издание 2-ое. - М., 1976. 67-б.

ұйғыр жазуы біртіндеп ығыстырылып, араб жазуы кеңінен қолданысқа енді.

Руна жазуындағы тарихи-эпикалық түркі жазба ескерткіштерінің ең көне үлгілері түркі халықтары тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткерлері, ержүрек қолбасшы Күлтегін туралы Кіші және Үлкен жазулар, Шығыс түркі қағанатының атақты қағандарының бірі – Білге қаған туралы және оның кеңесшісі әрі әскер басы Тоныкөкті мадақтауға арналған жазулар Солтүстік Монғолиядағы Орхон өзенінің бойынан табылғандықтан «орхон жазба әдеби ескерткіштері», ал Енисей өзені бойынан табылған жазулар «енисей жазба ескерткіштері» деп аталады. Көне түркі әдебиетінің бұл Көне үлгілері құлпытастарға қашап жазылғандықтан руна жазулары деген атқа ие болған.

Күлтегін және Тоныкөк жазба ескерткіштерінде түркі қағанаты құрыла бастаған кезден VIII ғасырдың басына дейінгі тарихи оқиғалар әңгімеленеді. Шығыс түркі қағанатының құрылуы мен нығаюы, түркі халқының Қытай билеушілер құлдығынан құтылуы, қаһарман қолбасшы Күлтегін мен басқа қағандардың, қағанның дана кеңесшісі әрі әскербасы Тоныкөктің сыртқы жауға қарсы әскери жорықтары баяндалады. Халық қошеметіне бөленген батырлар мен қағандарды дәріптеу, олардың ерлік істерін қаһармандықтың үлкен өлшемі ретінде мадақтау – Орхон ескерткіштеріне тән басты белгілер. Жазулардағы мәтіндер ел билеушілері мен халықты ата-бабаның арман-мұратына адал болуға, мемлекет басқарған қағандармен ауыз бірлікте болуға, елдікке, адамгершілікке шақырады, түркі мемлекетінің беріктігі мен біртұтастығын өзекті идея етеді. Орхон жазба әдеби ескерткіштері көне заманда Орталық және Орта Азия мен Оңтүстік Сібірді қамтыған ұлан-ғайыр аумақта түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ кең тараған әдеби тілі мен дамыған жазба әдебиеті болғандығын толық дәлелдейді. Көрнекті түркітанушы-ғалым И.В.Стеблева сөзімен айтсақ: «Күлтегін мен Тоныкөк жазуларын жанрлық жағынан тарихи-батырлық поэмаларға жатқызуға болады ғой деп ойлаймыз. Жазуларға патетиканың, замандастар мен ұрпақтарына үндеудің мол болуы оларға ұтымды күш пен нанымдылық беріп тұрады<sup>3</sup>. «Ғалымның Орхон жазуларын әдеби көркем туынды

<sup>3</sup> Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI–VIII веков. – М., 1965. 18-б.

ретінде қарау жөніндегі бұл пікірін құптау керек. Себебі, Күлтегін және Тоныкөк жазба ескерткіштеріндегі теңеу, эпитет, гипербола сияқты көркемдік бейнелеу құралдары мен мақал-мәтелдер бұл жазулардың көркем шығарма екендігін айғақтай түседі. Екінші жағынан алғанда бұл жазуларда өмір шындығын тарихи оқиғалар негізінде баяндаумен қатар әсірелеп суреттеп, тарихи-көркем шығармаға ыңғайлы етіп жазу анық байқалады.

VIII–IX ғасырларда Түркі қағанаты дәуірінде оғыз-қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған ерлік эпостары – «Қорқыт ата кітабы» мен «Оғызнаме» дастаны сол замандағы қазақ ұлыстарының өмір шындығын бейнелеумен ерекшеленеді.

Қарахан мемлекеті тұсындағы немесе ислам дәуірі (X–XII ғ.) деп аталатын тарихи кезеңді түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихындағы қайта өркендеу дәуірі деуге болады. Әл-Фарабидің «Өлең-өнері туралы трактат», «Риторика туралы трактат», «Әдебиеттегі пікір талас туарлы трактат», Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы»), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы»), Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы» және т.б. еңбектері осы дәуірдің зор рухани жетістігі болып табылады. Бұл туындылар ортағасырдағы түркі жазба әдебиетінің өркендеп, ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Жалпы алғанда, көне түркі және ортағасырлар әдебиеті – бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ әдебиеті қызметін атқарды. Қарахандықтар тұсындағы әдебиеттен бастап түркі нәсілді халықтар түркі поэзиясының ежелден қалыптасқан өлең үлгілерін, жыр нұсқаларын ортақ пайдаланды. XII ғасырдағы сопылық поэзияның негізін салған Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметіндегі» ақындық дәстүр өрнектері одан кейінгі Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте жалғасын тауып, XVI ғасырдағы Бабыр жырларымен сабақтасты. Сол сияқты XI ғасырда өмір сүрген көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» жыр өлшемі Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» жинағындағы бәйіттерге түр жағынан ғана емес, мазмұн мен идея жағынан да үндесіп, жалғасып жатты. Ортағасырлардағы әдебиет туындыларынан түркі поэзиясының ортақ дәстүр бойынша дамып, өркендегені анық байқалады.

## «КОДЕКС КУМАНИКУС» ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Алтын Орда дәуіріндегі шығармалардың көпшілігі қыпшақ тілінде жазылды. Өйткені ортағасырлардағы әдеби жәдігерлер тілінде қыпшақ тілінің элементтері көбірек кездесті. Бұлай болу себебі де ескерткіштер жазылған кез сол замандағы тарихи оқиғаларға тікелей қатысты болатын.

Қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпа, Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі – қыпшақтар Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шығады да, Қыпшақ хандығын құрады<sup>4</sup>. Жеке мемлекеттік құрылым ретінде енді күшейе бастаған тұста монғол шапқыншылығы басталып, жойқын соғыс салдарынан қыпшақтар қиян-кескі ұрыс жүргізе отырып, Ресей жеріне үдере көшеді. Қыпшақтардың бір бөлігі Қап тауынан асып, Қара теңіз бен Кіші Азияға дейін қоныс аударып, Шығыс Еуропа жерлеріне жетеді.

Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ даласы деп атады. XIII–XIV ғасырларда «қыпшақ» сөзі жалпы «түркі» ұғымын алмастырды. Монғол шапқыншылығы кезінде ығыса көшкен қыпшақтар Шығыс Еуропаның Батыс Украина, Галиция, Львов жерлеріне орналасты. Каменец-Подольск қаласы маңы қыпшақтардың негізгі қонысына айналды. Қоныстың іс қағаздары украин, поляк және қыпшақ тілдерінде жүргізілді. Бұл үлкен аймақта қыпшақ тілі XVII ғасырға дейін халықаралық қатынас тілі ретінде қолданылды. Қыпшақтар Венгрияда да қоныстанып, жеке өңірде тіршілік етті.

---

<sup>4</sup> Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. А., 2004. Т.6. 192-6.

Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тараған қыпшақтарды сол маңдағы халықтар әртүрлі атады. Славян халықтары оларды «половецтер» десе, Батыс Еуропаның латын тілді халықтары «кумандар», ал араб елдері «мәмлүктер» деп атады. Алтын Орда мемлекеті халқының басым бөлігін қыпшақтар құраған. Сол себепті де мемлекеттік тілі – қыпшақ тілі болған. Ұлан-ғайыр аймақты алып жатқан Дешті Қыпшақ өлкесін, әсіресе Еділ алабы мен Қырым даласын мекендеген халықтың барлығы қыпшақ тілінде сөйлеген Алтын Орда жері мен Ұлы Жібек жолы арқылы жүрген керуеншілермен қатар жиһанкездер мен саудагерлер, дипломаттар мен миссионерлер өз мақсаттары үшін қыпшақ тілін үйренуге еріксіз мәжбүр болған. Осылайша латын тілді халықтар «лангуа куманеза» деп атаған қыпшақтар тілі қазақ даласынан бастап Кавказ, Қырым, Қара теңіз бен Каспий теңізі бойында халықаралық қарым-қатынас тілі дәрежесіне жеткен.

Алтын Ордамен байланыс жасаған саудагерлер үшін де қыпшақ сөздігі – «Кодекс куманикус» шығарылған. Бұл қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап, 164 беттен құралған қолжазба. Бірінші бетіндегі «1303» деген жазуға қарағанда қолжазба готикалық көне жазумен XIV ғасырдың басында 1303 жылы жазылған. Түркітану ғылымында соңғы деректер бойынша бұл еңбектің түпнұсқасы 1294 жылы жазылған, бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалып, 1330 жылы толық көшіріліп біткен.

XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басындағы белгісіз миссионер-аудармашының бұл еңбегі 1362 жылы Италияның оңтүстігінде орналасқан Венеция қаласындағы қасиетті діни храмдардың бірі – Марк әулие ғибадатханасындағы кітапханада италияндық қайта өрлеу дәуірінің атақты ақыны Франческо Петрарканың қолжазбалары арасынан табылған. «Кодекс куманикус» жинағы 1828 жылы Ресейде ғылыми қауымға таныстырылады. Содан бері осы қолжазбаға байланысты қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялардың көптігіне қарамастан «Кодекс куманикус» не орыс тілінде, не туыстас түркі тілдерінде жарияланбапты<sup>5</sup>.

---

<sup>5</sup> Гаркавец А. Codex Cumanicus: Половецкие молитвы, гимны и загадки XIII-XIV в. –М., 2006. 5-6



«Кодекс куманикус», яғни «Қыпшақ тілінің сөздігі» екі бөлімнен тұрады. «Италиян бөлімі» деп аталған бірінші бөлім үш бағанға бөлініп жазылған: бірінші бағанда – латын сөздері, екіншісінде – парсы сөздерінің баламалары, үшінші бағанда – қыпшақ сөздері жазылған. Бұл бөлім «Ауа райы мен аспан әлемі», «Уақыт пен мерзімге байланысты атаулар», «Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер», «Үстеулер», «Зат есім сөздері мен есімдіктердің септелу үлгісі», «Сауда-саттық істеріне байланысты сөздер», «Ұсталық пен ісмерлік қызметіне байланысты сөздер», «Ат әбзелдеріне байланысты сөздер» секілді тараушаларды қамтиды. Мұның барлығы күнделікті өмірде жиі қолданылып жүрген сөздер болғандықтан іріктеліп алынып, осы сөздікке енген.

Сөздіктің екінші бөлімі «неміс бөлімі» деп аталады. Қазақ әдебиетінің тарихы үшін мәні зор бұл бөлімде, негізінен, діни уағыздар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, нақылдар мен аңыздар, өсиеттер көптеп берілген. Сонымен бірге италиян поэзиясының ескі үлгілері, сенімге байланысты имандылық шарттар мен өсиеттер, Иса пайғамбар мен Әулие Марияны дәріптеген мадақ өлеңдер, аруаққа сиыну, дін парыздарын өтеу шарттары, «Інжіл» кітабынан аударма, қыпшақша-немісше сөздік, қыпшақ тілі грамматикасының латынша жазылған нұсқасы бар. «Тағы бір ескертетін нәрсе, осы «Кодексте» алғаш рет кейбір музыкалық жазбалар нұсқасының кездесуі деуге болады. Христиандардың Иисусқа аяныш білдіретін жоқтау-толғауларының куманша текстеріне нота берілді. Осындай тағы бір нота «Күннің шығуы жайындағы» куманша жырға берілген<sup>6</sup>.

«Кодекстің» ғылыми түрде зерттеу негізін неміс шығыстанушысы Генрих Юлиус Клапрот салып, 1828 жылы Парижде осы еңбектің қыпшақша бөлігін түпнұсқа латынша негізінде, араб транскрипциясында және французша аудармасымен жариялады. 1880 жылы аса көрнекті венгр ғалымы Геза Куун Будапешт қаласында сөздікті қазір ғылымға белгілі «Codex Cumanicus» атымен толық жариялады. Куун жарияланымында жан-жақты да көлемді тарихи-филологиялық зерттеу мен сөздіктің қыпшақ бөлігіне байланысты әр бет бойынша және қорытынды түсініктемелер

<sup>6</sup> Сүйіншіәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы: Зерттеулер. А., 1987. 95-б.

берілген. Сол уақыттағы палеографияның ең жоғарғы жетістіктері негізінде орындалған бұл іргелі еңбек әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Кейін 1936 жылы дат түркі танушы-ғалымы Кааре Грэнбек қолжазбаның түпнұсқасын Копенгагенде бастырды. Грэнбек басылымының факсимилиелік бөлігінде еңбектің археографикалық анықтамасы, «Кодекске» байланысты маңызды әдебиеттің тақырыптық тізімі және жәдігердің ішкі сипаттамасы берілді. 1942 жылы ғалым осы ескерткіш бойынша куманша-немісше сөздікті дайындап шығарды.

Қазақ ғылымында «Кодексті» бірінші болып белгілі тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбжан Құрышжанов зерттеп, көптеген еңбектер жазды. 1956 жылы ол «Кодекс Куманикус» тілінде септіктердің тұлғалары мен мағыналары» деген тақырыпта кандидаттық, 1968 жылы «XII–XIV ғасырлардағы ескі қыпшақ ескерткіштері» деген тақырыпта докторлық диссертациялар қорғады. 1978 жылы Ә. Құрышжановтың А. Жұбанов, А. Белботаевтармен бірге «Куманша-қазақша жиілік сөздік» деген атпен дайындап шығарған «Кодекстің» қазақ тіліндегі тұңғыш басылымының маңызы зор болды<sup>7</sup>. «Кодекстің» әдеби жағынан зерттелуіне әдебиеттанушы-ғалымдар Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, С.Қасқабасов өзіндік үлес қосты<sup>8</sup>. Сонымен бірге XIII–XVII ғасырлардағы қыпшақ жазба ескерткіштерін қажымай зерттеп келе жатқан белгілі түркітанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Александр Николаевич Гаркавецтің де еңбегін ерекше атау керек. Ғалымның көп жылғы ізденістерінің нәтижесінде 2006 жылы Москвада «Кодекстегі» қыпшақ мәтіндері алғаш рет орыс тілінде басылып шықты<sup>9</sup>. «Кодекстің бұл жаңа жарияланымында түркі тілдес халықтарға ортақ 47 жұмбақ, түрлі діни мәтіндер мен өзіндік куманша уағыздар

---

<sup>7</sup> Құрышжанов Ә., Жұбанов А., Белботаев А. Куманша-қазақша жиілік сөздік. А., 1978.

<sup>8</sup> Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986. 23–29-бб., Сүйіншәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. А., 1987. 93–101-бб., Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Астана, 2004. 278–281-бб., Қасқабасов С.А. Золотая жила. Избранные исследования. Ч. II. Астана, 2000. 102–103-бб.

<sup>9</sup> Гаркавец А. Codex Cumanicus: Половецкие молитвы, гимны и загадки XIII–XIV в. –М., 2006. 7-6.

жарияланған. Зерттеу барысында «Кодекстің» Гаркавец жариялаған осы басылымының (Гаркавец, 2006) материалдары пайдаланылды.

«Қыпшақ тілі сөздігінің» авторы белгісіз. Алғаш жазылған жері де нақты емес. Бұл Алтын Орда астанасы – Сарай қаласы немесе Қырым, әлде Венгрия болуы мүмкін. Әйтеуір католик дінінің Шығыстағы қызметін іске асырған дін өкілі жазғаны белгілі. XIII ғасырдың 80-жылдарындағы Францискан монастырының дін таратушы миссионері үшін латынша-парсыша-қыпшақша сөздік көшірмесі асығыс жасалған да, ол кейін христиан мәтіндерінің қыпшақша аудармаларымен, қыпшақ грамматикасы бойынша латынша мақалалармен және қайтадан жаңаша дайындалған латынша-қыпшақша алфавиттік сөздікпен толықтырылған.

«Кодекстің» қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше. Бұл, біріншіден, әдеби жәдігер ретінде баға жетпес жазба ескерткіш. Қазақ фольклоры үлгілерінің «Кодексте» көптеп кездесуі назар аударарлық жайт. Тіпті діни уағыздар мен өсиеттерде өзінен нақылдар мен қанатты сөздердің молынан ұшырасуы бұл құнды мұраның әдебиет үшін маңыздылығын жоққа шығармайды.

- [1-2] Tegrini sövgil barča üstunda!
- [3] Tegriniñ atıñ bile ant içmägil!
- [4] Ulükünni avurlayıl!
- [5] Atañni, anaññi hörmätlagil!
- [6] Kişini şöldürmägil!
- [7] Oğur bolmayıl!
- [8] Ersek bolmayıl!
- [9] Yalyan tanıñliq bermägil!
- [10] Özga kisiniñ nemäsi suñlanmayıl!
- [+] Sevğil seniñ qarındasin, seniñ kibi!

(Гаркавец, 2006, 29-6.)

- [1-2] Тәңірді бәрінен биік сүй!
- [3] Тәңірдің атымен ант ішпе!
- [4] Ұлық күнді әлпеште!
- [5] Атаңды, анаңды құрметте!
- [6] Кісіні өлтірме!
- [7] Ұры болма!
- [8] Ыржақай болма!
- [9] Жалған куәлік берме!
- [10] Өзге кісіге күндестік жасама!
- [+] Сенің өз бауырың – адамды сүй!

Осы келтірілген мысалдардың өзі сонау ерте замандардағы түркі әдебиетінде имандылық пен парасаттылыққа негізделген ғибратты уағыздардың терең ой-тұжырымға құрылғандығын айғақтайды. Тіпті христиан дінінің өсиет-уағыздары болуына қарамастан бұл мәтіндерде «құдай» сөзі қыпшақтардың діни наным-сеніміне орайластырылып «тәңір» деп аударылуы көп жайтты аңғартса керек. Себебі ол заманда көшпелі тұрмыс кешіп, отырықшылық өмірге толық бейімделмеген қыпшақтар миссионерлер қаншама үгіт-насихат жүргізгенімен де тәңіршілдіктен әлі біржолата кетпеген кезі болатын. Сөздікті дайындаған христиан дінінің өкілі аударма барысында бұл жағын да ескерген сияқты. Қалай дегенмен де Еуропа қыпшақтары бұл діни мәтіндерді ана тілінде оқып білгені мәлім. Сондықтан қазақы ұғымға жақын бұл нақылдар мен өсиет уағыздарды да сол кездегі ортақ түркі әдебиетінің бір бөлшегі деп қарау керек.

«Кодекстегі» жұмбақтардың қазақ әдебиетіне тікелей қатысы бар. Сөздікте келтірілген 47 қыпшақ жұмбағының басым бөлігі қазақ фольклорында сақталған. Осы жұмбақтар тілдік, тақырыптық және көркемдік жағынан қандай өзгеріске ұшырағандығын салыстырмалы түрде қарастырып көрейік.

Қыпшақ жұмбақтары, негізінен, екі жолды және төрт жолды өлең шумақтарынан тұрады. Жұмбақтардың тілдеріне теңеу, эпитет анафора, аллитерация, метафора, ассонанс, троп сияқты көркем тәсілдер тән. Осы ретте «Кодекстегі» қыпшақ жұмбақтары мен қазақ жұмбақтарының стильдік ерекшеліктерін салыстырған кезде олардың арасындағы ұқсастықтарды нақты байқауға болады. Кейбір мысалдарда көне қыпшақ және қазақ жұмбақтарының мәтіндері өте ұқсас та, басқа мәтіндерде ауытқушылық бар.

«Кодекстегі» реттік саны бойынша алтыншы жұмбақты алайық:

Aq küymäniñ avzu yoğ.

Oı, yumurtqa.

(Гаркавец, 2006, 14-б)

Ақ күйменің аузы жоқ.

Қазақша шешуі жұмыртқа екені бірден айқын. Бұрынғы замандағы қыпшақтар қазір де «күйме» мағынасында қолданылатын көне сөзге күмбез тәрізді үйге ұқсас немесе киіз үй

тәрізді жұмыртқаға ұқсас мағына берген. Қазақ фольклорында осы қыпшақ жұмбағына ұқсас бірнеше жұмбақ бар:

Ақ отаудың есігі де жоқ,  
Тесігі де жоқ<sup>10</sup>.  
Айдалада ақ отау,  
Аузы, мұрны жоқ отау.  
Отыз күнде сол отау,  
Айдалада жоқ отау<sup>11</sup>.

Бұл жұмбақтар «Кодекстегі» осындай жұмбақтармен толық сәйкес келмегенімен үш жұмбақта да метафоралық образ ретінде «үй, баспана» мағынасы қолданылғанын байқауға болады. Соншалықты өзгеріске түспеген. Түр-сипаты, негізгі мағынасы сақталған. Жұмбақ келбетінен шағын болса да өзгеріс, заманалардан түскен таңба бар.

«Кодекстегі» № 11 жұмбақты алайық:

Sendä, mendä yoǵ,  
Seǵgir tavda yoǵ,  
Ütlu tašta yoǵ,  
Qipçaqta [Qipçaqta?] yoǵ.  
Ol, quş süt-dir.

(Гаркавец, 2006, 15-б.)

Сенде, менде жоқ,  
сеңгір тауда жоқ,  
үнгір таста жоқ,  
қыпшақта (Қыпшақта) жоқ.

Тереңнен суыртпақтап айтқан жұмбақ шешуі – құстың сүті. Қисынды ойға құрылған жұмбақтағы «қыпшақ» сөзін ғалымдар көбінесе қыпшақтардың этникалық атауы ретінде қарастырады. Шын мәнінде бұл жеке халық немесе адам туралы емес. Жұмбақ мағынасы бойынша әңгіме «кеуек», яғни ағаш қуысы» туралы болған сияқты. Көне «қыпшақ» сөзі нақ осы мағынаны білдірген де<sup>12</sup>, қыпшақтар осы сөзден метафоралық образ жасаған.

<sup>10</sup> Қазақ жұмбақтары. Жинақ. А., 1993. 48-б.

<sup>11</sup> Қазақ жұмбақтары. Жинақ. А., 1993. 49-б.

<sup>12</sup> Гаркавец А. Codex Cumanicus: Половецкие молитвы, гимны и загадки... 10-б.

Işer, yer,  
İninä kiret.  
Ol, bişaq-dİR (Гаркавец, 2006, 15-б.)

Ішер, жер,  
ініне кірер.

Қынға кіріп бара жатқан пышақты елестететін терең бейнелі жұмбақтан көне қыпшақтардың ой ұшқырлығын сезсек, келесі жұмбақтағы:

Bir uçu qış qışlar,  
bir uçu yay yaylar  
Ol, siriç (Гаркавец, 2006, 15-б.)  
Бір ұшы қыс қыстар,  
Бір ұшы жаз жайлар

деген жолдар қыстың қатты бораны мен үскірік қатты желі кезінде жаздың дүлей дауылы мен нөсер жаңбыры кезінде киіз үй шаңырағын бекітіп ұстайтын сырық ағаш образын көз алдымызға келеді. Бұл жұмбақтарда ертедегі қыпшақтардың тұрмыс-тіршілік сыры, атакәсібі тұмшаланып жатыр.

«Кодекстегі» «Bu bardī – izi yoḡ» – «Буы бар да, ізі жоқ» (Гаркавец, 2006, 17-б.) деген жұмбақта тарихтың, терең қатпарынан сыр беретін үлкен мағына бар. Аз сөзді жұмбақтың шешуі – кеме екенін біліп, бұл көлік құралы сонау ерте заманда қыпшақтар қолданысында болғаны айқын аңғарылады.

Kökça ulaḡim kögende semirir.  
Ol, ḡavun (Гаркавец, 2006, 16-б.)  
Көк лағым көгенде тұрып семірген<sup>13</sup>

Уақыт өте келе соншалықты өзгеріске ұшырамаған тұрақты формадағы бұл жұмбақ шешуі қарбыз екені белгілі. «Көк лағым» деген сол эпитет, «көгенде семірген» деген сол баяғы метафора қалпында қолданылған. Мұндай ұқсас мысалдар көп.

Avzum ačsam, öpkäm körünir.  
Ol: eşik ačsa, ot körüngän-dir  
(Гаркавец, 2006, 18-б.)

<sup>13</sup> Қазақ жұмбақтары. Жинақ. А., 1993. 34-б

«Кодекстегі» осы қыркыншы жұмбақ: «Аузымды ашсам, өкпем көрінер» деп аударылып, бұрынғы көшпелі қыпшақтардың киіз үйін көркем бейнелеген. Киіз үйдегі қазан-ошақ кіреберісте орналасып, от жалыны ала көлеңке үй ішін жарық қып жіберетінін жұмбақ мағынасы білдіреді. Қазақ фольклорында дәп осыған ұқсас жұмбақ жоқ, бірақ мазмұнын өзгертіп, басқа жанр сипатына енген.

«Аузын ашса, ішек-қарны көрінген» деген қанатты сөз «бұрынғы уақытта қатыгез бай, қожа-молданың кедейді қорлап айтқан сөзі» болса<sup>14</sup>, екінші бір фразеологиялық сөз орамы: «Аузын ашса жүрегі көрінуі» қанатты сөзі ақжарқын, қайырымды» деген мағынаны білдіреді<sup>15</sup>. Жұмбақтың осылайша қанатты сөзге және керісінше қанатты сөздің немесе мақалдың жұмбаққа айналуы фольклорда жиі кездеседі.

«Кодекстегі» жұмбақтар мен қазақ жұмбақтарының ұқсастық ерекшеліктері олардың арасында тікелей сабақтас-тық болғанын айғақтайды. Сөздіктегі жұмбақтарды бірқатар қазақ жұмбақтарының көне үлгілері ретінде қарастырып, бұл жанрдың ерте заманда қалыптасқанын аңғаруға болады. Сонымен бірге қанша ғасыр өтсе де, «Кодекс» жұмбақтары мысалында қазақ жұмбақтарының жанрлық табиғаты соншалықты өзгеріске ұшырамағаны сезіледі. Сөздіктегі жұмбақтарды тақырыптық жағынан қарастырғанда олар аспан, жер туралы, хайуандар мен жәндіктер туралы, құстар туралы, адам және оның мүшелері туралы, өсімдіктер туралы, киім-кешек, үй, от жағу, ыдыс-аяқ туралы, үй жабдықтары мен құрал-саймандары туралы, көлік қатынас туралы болып келеді. Қазақ жұмбақтарының тақырыптық жіктелуі де дәл осылай.

Қорыта айтқанда, «Кодекс Куманикус» кітабы – әлемдік өркениеттің құнды мұрасы, қазақ әдебиетінің ортағасырлардағы тарихынан сыр шертетін бағалы жазба жәдігер.

<sup>14</sup> Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977. 68-б.

<sup>15</sup> Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А., 1977. 701-б.

## «ДАЛА ХИКАР ХИКАЯСЫ» – ЕЖЕЛГІ ҚҰНДЫ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕР

Түркі халықтарының дүниежүзі бойынша қоныстануын айғақтайтын қазіргі этнографиялық карта – бұл адамзат тарихындағы мыңдаған жылдар бойғы этногенетикалық және көші-қон процестерінің нәтижесі. Шығыстанушы, тарихшы-ғалым С.Г.Кляшторный жазғандай: «Түркі этногенезінің ежелгі ошақтары Евразия құрлығының шығыс бөлігімен – батысында Алтайдан шығысында Хинганға дейінгі аймақты қамтитын Орталық Азиямен және Оңтүстік Сібірмен тығыз байланысты. Бұл үлкен өңір көрші өркениеттен де, өзге этникалық кейіптегі таулы-тайгалық және дала тайпаларынан да оқшауланған жоқ. Көші-қон процесінің қия жолы бірде күшейіп, бірде тынып, бүкіл Ұлы даланы көктеп өтті»<sup>16</sup>.

Еуропада құмандар, Ресейде половцы деп аталған қыпшақтар қазақ даласын ғана емес, Еділ алабы мен Қырым қиырын қоныстанып, түркі тілдес халықтардың қыпшақ тобындағы қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ, қарашай, балқар халықтарын қалыптастыру тарихында үлкен рөл атқарды. Олар XI–XII ғасырларда Қара теңіз бен Дон, Еділ өзендері арасындағы ұлан-ғайыр аймақты мекен етіп, кейбір бөлігі Кавказ елдерінде көшіп-қонып жүрді. Міне, осы Кавказ жерінде ежелден жауынгер халық – қыпшақтардың армян, грузин патшалықтарына әскер есебінде зор пайдасы тиді. Сыртқы шапқыншылықтан қорғауда үлкен күшке айналды.

XIII ғасырда моңғол шапқыншылығы салдарынан ата-мекенінен үдере көшкен армяндар Батыс Украинаға келіп қоныстанады да, 1496 жылы Подольск қаласын өздерінің осындағы орталығы ретінде қабылдайды. Бұдан былай ар-

<sup>16</sup> Эволюция государственности Казахстана. Алматы, 1996. 12-б.



мяндар қуатты әскері бар, Кавказ бен Қырымда көшіп жүрген қыпшақтарға саяси жағынан тәуелді болады. Сол себепті қыпшақтардың тілін үйреніп, күнделікті іс-қағаздары армян, поляк тілдерімен қатар қыпшақ тілінде де жүргізіледі, қыпшақ тілінде тарихи баяндар, діни әдебиеттер, естелік жазбалар, эпиграфиялық ескерткіштер, қыпшақ тілінің грамматикасы жазылады, армяншадан қыпшақ тіліне көркем әдебиет үлгілері аударылады. Мұның бәрі армян жазуында жүзеге асқандықтан, бұл мұраларды ғылыми әдебиетте «армян жазуындағы қыпшақ ескерткіштері» дейді.

XVI ғасырдағы армян жазуындағы қыпшақ ескерткіштерін зерттеген орыс ғалымы Т.И.Грунин өзі транскрипциясын жасап, мәтіндерін аударған, грамматикалық түсініктері мен кіріспе мақаласын жазған «XVI ғасырдағы половец тіліндегі құжаттар» атты жинақтың алғы сөзінде: «Жылдар бойы половецтерге саяси тәуелді болған армяндар олардың тілін де үйренеді, половецтер саяси дербес мемлекет болудан қалған соң да ұзақ уақыттар бойына сол тілді пайдаланады»<sup>17</sup>, – деп сол замандағы қыпшақтардың төл жазуы болмаса да, осы көне тайпаға байланысты көптеген құнды материалдардың армян әрпімен жазылғандығын айтады.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің бірі – «Дана Хикар хикаясы» Шығыстың ең көне жәдігеріне жатады. Бұл баға жетпес мұра екі жарым мың жылға жуық жолдан өтіп, біздің кезімізге ауызша және қолжазба түрінде жетті. Шығарма өткен жол күрделі де бай болған сайын ол туралы филологиялық ғылым да күрделі әрі бай. Үш ғасырға жуық уақыт бойы Хикар абыз туралы хикая тілші және әдебиеттанушы ғалымдар назарын аударып келеді. Себебі бұл туынды өзіндік ерекшелігі бар, сирек кездесетін шығыс жәдігері болып табылады, тақырыбы мен мазмұны жағынан да тартымды, көне заманнан сыр шерткен қырлармен қызықтырады.

«Дана Хикар хикаясы» арамей, грек, араб, армян, славян, румын, қыпшақ және басқа көптеген нұсқаларда сақталған. Бұл жақсылықты түсінбеген рақметі жоқ жиен туралы орам-

---

<sup>17</sup> Документы на половецком языке XVI в. (Транскрипция, перевод, предисловие, введение, грамматический комментарий и глоссарий Т.И.Грунина). Москва, 1967. 58-б.

ды көркем формалармен жазылған хикая. Онда ақыл-өсиет те, аңыз-эпсана да көп.

Ескерткіштің армян нұсқасының үш негізгі жарияланымы бар. Солардың ішінде ағылшын ғалымы Ф.Конибер жарияланымның маңызы зор. 1898 жылы Лондонда «The story of Ahikar» деген атпен жарық көрген хикая мәтіні көптеген тың зерттеулер жазуға негіз болды.

Армяншадан қыпшақ тіліне аударылған бұл көркем-дидактикалық шығарманың қолжазба нұсқасы Австрияда, мхитаристердің Венадағы кітапханасында сақталған. «Дана Хикар хикаясы» шығармасын 1964 жылы француз ғалымы Жан Дени мен поляк ғалымы Эдуард Триарский француз тілінде жариялайды. Армян ғалымы А.Ташян Вена кітапханасындағы армян қолжазбаларының каталогін түзген еңбегінде бұл жазба ескерткіштің атын «Хикардың тарихы мен өсиеті (армян тілінен қысқартылып аударылған)» деп көрсетеді. Сол себепті Ж.Дени мен Э.Триарский осы атау негізінде «Дана Хикар тарихының» армян-қыпшақ нұсқасы» деген атпен «Шығыстану» жинағында ескерткіш мәтінін бастырады. Содан бері қырық жыл уақыт бойы аталған ескерткіштер бойынша осы ғалымдар тұжырымдамасы негізге алынып, түріктанушылық еңбектерде «Дана Хикардың хикаясы» – «История мудрого Хикара», «Сказание о премудром Акире (Хикаре)», «История и поучения Премудрого Хикара» деп аталып келеді<sup>18</sup>.

«Дана Хикар хикаясы» немесе «Ақылды Ахикар туралы баян» атты көркем-дидактикалық шығарманың отаны б.з.д. 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің орта ағысы тұсында, қазіргі Иран аумағында құрылған Ассирия патшалығы. Оқиға желісі сол дәуірдегі Синаххериб және Асарходдан патшалардың данышпан кеңесшісі, ақылман Хикар немесе Ахикар шешеннің асырап алған баласы Натанға айтқан өсиеттері, Натанның әкесіне жасаған опасыздығы, жазықсыз жазаланып, жапа шеккен Хикар дананың қысылтаяң сәтте ел патшасы Сенекәрім ханға көмекке келіп, өзінің ақылды сөздерімен көрші хандықпен келіссөз нәтижесінде шапқыншылықтың алдын алуы, екі мемлекетті

<sup>18</sup> Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі». Алматы: Ғылым, 1990. 5-б.

татуластырған дипломатиялық шеберлігі туралы аңыздарға құрылған.

Мәтіннің аударылған уақытын анықтау мәселесіне келсек, «Дана Хикардың тарихы және ақылдары» деген монография жазған белгілі армян ғалымы, филология ғылымының докторы, профессор А.А.Мартиросян: «Филологиялық талдау Хикар туралы мәтіннің қыпшақ тіліне XVI ғасырда армян-қыпшақ тізімінен (1575 ж.) әлдеқайда бұрын аударылғандығын дәлел етеді»<sup>19</sup> – деп жазғандай, «Дана Хикар хикаясының» аударма нұсқасы XVI ғасырда дайындалғанмен, негізінен, XV ғасыр шамасында қалыптасқан. Бұл туралы А.А.Мартиросян осы ескерткішке байланысты зерттеулерінде нақты атап көрсетеді.

«Дана Хикар туралы хикая» ежелгі Шығыс әдебиетінде кең тараған өміршең тақырыптардың бірі болды. Шығарманың көне әдебиетте белгілі болғандығына ерте замандағы Элефантинде табылған папирустар да куә. Бұл жәдігермен б.з.д. V ғасырда грек авторлары да таныс болған. Демокрит Хикар туралы туындыдан үзінділер келтірген сияқты. Ежелгі Мысыр жерінде де осыған ұқсас шығармалар жазылған.

Шығарманың басты кейіпкері, хан кеңесшісі Хикар – даналық пен жоғары адамгершіліктің, көрегендік пен білгірліктің хас бейнесі. Дана Хикардың баласы Натанға айтқан әр сөзі – ақылдың кені, шешендік шеберлік мектебі. Түсіне білген, көкейіне тоқи білген адам Хикар даданың әр сөзін өмір жолының темірқазығы етіп алып, ақыл өлшеміне жүгінері хақ. Ал туғаннан надан, көрсоқыр надан Натан – данышпан туған ақылды әке Хикарға қарама-қарсы кейіпкер. Натанның басты қателігі де, оңбай сүрінген опасыз әрекеті де өмір бойы әлпештеп, даналыққа, имандыққа үйреткен әке тәліміне қарсы шығып, сатқындық жолға түсуі. Сайып келгенде, әкесіне ор қазған опасыздың жалғанда жолы болмайды. Шындық жеңіс құрып, желсөзге ерген аңқау хан да ақырында дана кеңесшінің алдында қателігін мойындайды, әділеттілік орнап, ақиқат тушысы Хикар хакім жеңіс тойын тойлайды.

«Дана Хикар хикаясының» басты сюжеттік арқауы – имандылық. Ұрпақ алдындағы парыз бен қарыз, әкесінің ба-

---

<sup>19</sup> *Мартиросян А.А. История и поучения Хикара Премудрого. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. Ереван, 1970. 37-б.*

лаға сыншылығы, отаншылдық рух пен ұлтжандылық жігер-жалын, ұрпақ тәрбиесі мәселелері шығарманың өн бойынан мен мұндалап тұрады. Ахикардың өсиет-нақылдары ерте дүние ойшылдары Эзоп пен Демокрит тәмсілдерімен үндесіп келсе, кейін ғалымдар шығарма шыққан көне Ассирия жерінен басталған шығыс даналығымен тығыз қабысқандығын талай атап өтті.

Дана Хикардың ақыл-өсиеттері – бұл әкесінің баласына айтқан қысқаша уағыздары. Оларда адамның мінез-құлық қалыптары мен қоғамдық өмір сүру дағдылары көрініс тапқан. Өсиеттер көбінесе ақыл-кеңес, уағыз түрінде келеді. Ақыл айтуға бір сылтау туа қалса Хикар әке баласын: «Ұлым» деп үйрете бастайды да, баласы тек сол сөздерді тыңдайды. Баянчдаудың бұл түрі кейін философиялық трактаттарға дейін пайдаланғандылығы белгілі.

Қоғамдық тәртіп ережелерінің жиынтығы болып, жоғары адамгершілік шарттарын негіз еткен Хикар өсиеттері мән-мағынасы бай мазмұнға толы. Әкесінің баласына айтқан ақыл-кеңес түріндегі уағыздарда адамдардың күнделікті өмірінің түрлі саласындағы этикалық қалыптары мен қарым-қатынас дағдылары – ата-анаға, сүйген жарға, туыстар мен дос-жаранға, перзентке, қарттарға, соттар мен билеушілерге көзқарас қалыптары кеңінен қамтылған. Хикаяда сүйіспеншілік, қанағат, рақымшылық, байлық пен мансап, айып-күнә туралы өсиеттер бар, сонымен бірге қоғамдық сананың даму сатысындағы кейбір өзгертілген қайшылықты уағыздары да кездесіп қалады.

Хикар өсиеттерінің үлкен танымдық маңызы бар. Себебі бұл уағыздар өмірлік тәжірибеден туған ой-түйіндер екенін хикаядағы әр өсиет нақты дәлелдейді.

«Ұлым, ақылдылармен ақылды болуды есте тұт, солардай болмаққа; ессіз адамдарға жолдас болма, сені де ессіз, тәрбиесіз дер» деген өсиет ақыл-ой атаулының темірқазығы іспетті ғасырлар бойы жадыда жатталып қалатын терең мағыналы уағыз болса, «Ұлым, атаң мен ананды сүй, (олар) саған өмір берді; олардың қарғысын алмағайсың, өйткені тәңірі мен ата-ананың алғысы бірдей; (олардың) қарғысын (алмасаң), сен де өз балаларыңнан сүйініш табарсың» деген өсиет жолдарында қаншама құнды мағына жатыр. Ата-ананы сүйіп сыйлау – адамгершілік мұраттардың ең жоғарғы қағидасы ретінде

қарастырылады, армян қыпшақтарына арналып аударылған мәтін болғандықтан «құдай» сөзі қыпшақша «тәңірі» сөзімен орынды алмастырылған. Мұндай имандылық уағыздарына құрылған терең ойлы тәмсілдерді Хикар өсиеттерінің бүкіл өн бойынан кездестіреміз.

Қазақ филология ғылымында «Дана Хикар хикаясын» бірінші болып зерттеген тілші-ғалым Сейсенбай Құдасов өзінің «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана хикар сөзінің тілі» атты ғылыми еңбегінде: «Түркі-моңғол халықтары әдебиетінің терең білгірі Г.Потанин орыс әдебиетіндегі аталған шығарманың кейіпкерлері Ахир мен Синагриптін түркі-моңғол әдебиетіндегі параллельдерін салыстыра зерттей келіп, бұл сюжет Орталық Азияда пайда болған деп жорамалдайды. Салыстырма ретінде қазақ әдебиетіндегі Жиренше шешен, Шона батыр бейнелеріне тоқталады»<sup>20</sup>, – деп тұжырымдайды. Шынында да, қазақ ауыз әдебиетінің ертегі, аңыз, шешендік сөздері, киссалар мен дастандардағы сюжеттік желілерді салыстырып қарасақ, Сүлеймен патша, Лұқпан хакім, Жиренше шешен бейнелерінен ақын-жыраулар толғаулары мен би-шешендер тәмсілдерінен «Дана Хикар хикаясымен» көптеген ұқсастықтарды табуға болады.

Армян қыпшақтарына арнайы аударылған шағын нұсқаның беташары: «Услу Хігернің сөзү есі ақылы. Айтқаны да өгүтү кі өгүтлангөйлар адам оғланлары. Да ата оғлуна өгүт бергей де есіне алғайлар» деп көне қыпшақ тілінде жазылған. Қазіргі қазақ тіліне аударған мәтіні: «Дана Хикардың сөзі, ес-ақылы. Адамзат баласы үйренсін деп айтқаны, үгіт-өсиеті. Ата баласына өсиет берсін де естеріне алсын» деген сөздер болып шығады (Транскрипция мен аударма мәтін С.Ж.Құдасов кітабынан алынды). Осы беташардың өзінен әрісі халық ауыз әдебиеті ұшқындарын байқасақ, берісі Ыбырай Алтынсарин әңгімелері мен Абайдың қара сөздеріне ұқсастық нышандарын аңғарамыз.

Дана Хикардың мына бір өсиетіне назар аударайықшы: «Адам жүзінің суын (ұятын) кетірет тағы төрт іс бар: алғашқысы – жаман әйелге ғашық болса., екінші – көп сөйлеп, айтса: «Мен сияқты ешкім сөйлей алмас, білмес», үшінші

---

<sup>20</sup> Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі». Алматы: Ғалым, 1990. 12-б.

– орынсыз килігіп, жақсылардың сөзін бұзса., төртінші – «білемін» деп жалған сөйлесе. Дана Хикардан тағы сұрады: «Дүниеде не тәтті? Хикар айтты: «Беттің ұяты. Кімнің жүзінің ұяты болса, ол – сүйкімді, өйткені барша (жаман) нәрсе арсыздықтан туады»<sup>21</sup>.

Осы нақылдың өзі Асанқайғы, Шалкиіз, Бұқар жыраулардың толғауларындағы имандылық, инабаттылық, адамгершілік ой иірімдерімен тығыз қабысып тұр. Көне замандағы Хикар дана мен қазақ аңыздары арасындағы ұқсастық, дәстүр ерекшеліктерін тарихи-әдеби, тілдік салыстырмалы әдіспен тыңғылықты зерттеу қажет. Ежелгі Ассириядағы даналық ойшылдық мектебінен басталған шешендік тағылым қазақ әдебиетіне қандай шығармашылық орта мектеп арқылы ықпал еткендігін ажыратып түгендеп беру – болашақтың міндеті.

Ең бастысы, қазақ ғылымында «Дана Хикар хикаясын» зерттеу басталды. Оның басы-қасында көрнекті түріктанушы-ғалым Ғұбайдолла Айдаров болып, тілдік жағынан Сейсенбай Құдасов тыңғылықты зерттеулер жүргізді, ал белгілі әдебиеттанушы-ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Шәмшиябану Сәтбаева бұл ескерткіш туралы арнайы ғылыми мақала жазды.

Хикар туралы хикая әлемдік әдебиетке үлкен ықпал етті. Папирустардан бастап «Мың бір түн» шығыс ертегілеріне дейінгі игі әсер түрлі халықтардың ауыз әдебиетінде, аңыздар мен эпсаналарда, ертегілер мен мысалдарда айқын көрініс тапты.

Қорыта айтқанда, ежелгі Шығыс данасы жүздеген ғасырлар бойы мәңгі өшпес өсиеттерімен бірге өркениетті елдер төрінен орын алып, үлкен сүйіспеншілікке бөленді. Ассириялық данышпан Хикардың ұлына айтқан уағыздары біздің заманда да құнды. Сондықтан армян жазуындағы «Дана Хикар хикаясы» қыпшақ ескерткіші – қазақ әдебиеті тарихындағы бағалы жәдігер болып табылады.

---

<sup>21</sup> Құдасов С.Ж. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі». Алматы: Ғалым, 1990. 42-б.

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Бүкіл еліміз көлемінде 550 жылдық торқалы тойы салтанатты түрде аталып, ұлтымыздың абырой-биігін көтеріп жатқан Қазақ хандығы қазақ деп әспеттеген халықтың төл әдебиетінің жеке өрістеп өркендеуіне үлкен әсер етіп, қолайлы жағдай туғызды. Осының алдындағы жалпытүркілік өркениеттің бірден-бір мұрагері болған Қазақ хандығы және оның негізгі тұрғындары – қазақ халқы сонау Түрік қағанатынан Алтын Орда мемлекетіне дейінгі бай рухани мұраны одан әрі дамытып, жаңа қырынан байыта түсті.

Қазақ хандығы тұсында ұлтымыздың бай фольклорлық мұрасы, шығыстық сипаттағы қолжазба кітаптар мен тарихи-шежірелік шығармалар, авторлық ауыз әдебиеті мен шешендік өнер қатарласа даму үрдісін бастан кешті. Өз алдына жеке мемлекет ретінде пайда болған Қазақ хандығының өзгеше сипаты мен мемлекеттік басқару ерекшелігі, құрылымы жыраулар поэзиясы деп аталған авторлық ауыз әдебиеті мен би-шешендер шығармашылығын тарих сахнасына шығарды.

Жыраулық поэзияны шығарып дамытқан ерекше дарын иелері – ақын-жыраулар болатын. Жаңа құрылған Қазақ хандығы атты мемлекетті көздің қарашығындай сақтап дамыту, күшейтіп қорғау үрдісіндегі ізгі мұратты, ел қамы үшін, мемлекет мүддесі үшін қажымай, талмай қызмет ететін хан саясатын, яғни хандық идеологияны жәнтәнімен жақтап, бүкіл бұқара халықты осы елдік мәселені үгіттеуге ерекше ден қойған басты идеологтар – қайраткер жыраулар өздерінің жалынды жырларымен де, тағылымды іс-әрекеттерімен де қазақ тарихында айрықша еңбек сіңірді.

Жыраулар өздерінің талант ерекшеліктерімен, іс-қимылымен сегіз қырлы, бір сырлы тұлға ретінде танылып, Асанқайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраулардың әрқайсысы өз тұстарындағы Жәнібек, би Темір, Есім хан, Абылай хандардың әрі ақылгөй бас идеологы, қолбасы, әрі жорық жыршысы бола білді. Олар хан кеңесінің белді мүшесі ретінде мемлекетті басқару ісіне белсене араласып, соғыс кезінде сарбаздарға арнап толғау жырлар шығарған, жауынгерлердің рухын көтеріп, ерлікке жігерлендірген. Қысылтаяң шақта жыраулар ұрысқа кірісіп, ерліктерімен көзге түскен. Ақтамберді сияқты жыраулар тіпті қолбасы да болған. Қазақ хандығының көшпелі өмір салты мен үнемі сыртқы шапқыншылыққа төтеп беріп, соғыс жүргізу жағдайында тіршілік етуі сол кездегі қазақ әдебиетінің негізгі өкілдері – жыраулардың әрі суырыпсалма ақын, әрі жауынгер батыр, әрі хан кеңесшісі мен ақылгөйі ретінде тұлғалануына басты негіз болды.

Қазақ ақын-жыраулары хандық мемлекеттің күшті, хандық биліктің берік болуын мақсат етіп, осы парыз биігінен өздері жасаған әдебиетті де мемлекет мүддесіне, хан саясатына қызмет етуге бағыттады. Ханның кеңесшісі, бас идеологы ретінде олар өз шығармаларында мемлекеттік маңызы бар үлкен мәселелерді жырға қосты, осылайша өз өлең-жырлары мен толғауларын тікелей ел билеушісі – ханға арнап айтты. Жыраулар елдік мәселелер бойынша күрделі жағдайлар туындаған кезде, халық басына қысылтаяң шақ келіп, толғап, кесімді сөздерін айтқан. Сол себепті де жырауларды хан да, халық та ерекше қадірлеп, олардан билік басындағы хан да, қарапайым халық та қаймыққан, күрмеуі қиын мәселелерде, ел ішіндегі дау-дамай мен кикілжіңде, кенеттен болған жау шапқыншылығында дәл осы жыраулардан ақыл-кеңес сұрап, медет қылған. Өз кезегінде жыраулар еш міндетсімей, ел-жұртын сабырлыққа шақырып, басу айтқан, қалыптасқан жағдайға байланысты өз ойын білдіріп, мәселенің шешімін айтқан, болашақты болжап, көреген саясаткер ретінде дұрыс бағыт-бағдар берген, өз заманы туралы тереңнен толғап, ел мен мемлекет дамуы, хандық билік туралы ғибратты да салмақты ой айтқан.

Жыраулар сонымен бірге қажет болған жағдайда ханға



қарсы өз пікірлерін ашық білдірген. Билік басындағы әміршілердің халыққа жат қылықтарын аяусыз сынап мінеген.

Жыраулар шығармашылығындағы басты тақырып Қазақ хандығының негізін құраған рулар мен тайпалардың бірлігі мен мемлекетті нығайту, әскердегі жауынгерлік, елдік рухты күшейту болды да, олар өз поэзиясында негізгі өзек етіп батырлық іс-әрекетті, ел тәуелсіздігі мен дербес мемлекет беріктігі жолында ерлік істерімен көзге түскен халық батырлары мен би-шешендерін мадақтап жырлау дәстүрін қалыптастырды, өлең-жырлары мен толғауларында идеалды хан бейнесін сомдап, таршылық қыспағында болмайтын, бақытты қоғамды бейнеледі. Монолог түріндегі ойлы толғауларында мемлекеттік маңызы зор мәселелерді ғана қозғап қоймай, заман ағымы мен өмір, қоғам дамуы, имандылық пен ізгілік, адамның жеке басының ерекшеліктерін ашып, үлкен моральдық, философиялық мәселелерді кеңінен жырлады.

Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің басында тұрған аса көрнекті жырау, әрі мемлекет қайраткері Асан Сәбитұлы, яғни Асанқайғы толғауларында хан мен қарапайым халықтың арақатынасы, өмір мәні, қоғам жағдайы мен халық тіршілігі жан-жақты сипатталды. Жырдың Қазақ хандығының алғашқы басшыларының бірі Жәнібек ханға арнап шығарған «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің». «Қырында киік жайлаған» атты әлеуметтік мәні зор толғауларында халық мүддесі тұрғысынан сөйлеп, ел бірлігін сөз етеді, атамекен мен мемлекет болашағы туралы ойларын ханға ашық айтып толғайды. Асанқайғы толғауларында ханды дәріптеудің болмауы да оның поэзиясының басты ерекшелігіне айналды да, бұл дәстүр одан кейінгі жырауларда да жалғасты.

XV ғасырдағы қазақ әдебиетінің келелі бір көрнекті өкілі Қазтуған Сүйінішұлы поэзиясы өзіндік мазмұн, стиль ерекшеліктерімен айшықталады. Оның жырларынан жорық үстіндегі батыр бейнесі айқын көрініс беріп, ерекше жауынгерлік рух сезіледі. Асанқайғы толғаулары сияқты Қазтуған толғауларын Қазақ хандығының алғаш дербес мемлекет құрған кездегі елге құтты қоныс іздеу мұраттары мен жайлы жерге орналасу мәселелері көркемдік шешімін тапқан.

Шалкиіз жырау, Шалкиіз Тіленшіұлы есімі Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің саяси-әлеуметтік мәнге ие болып, билік басындағы әміршілердің қызметіне наразылық білдірген жыраулар қатарында аталады. Жыраудың Би Темірдің ордасында жүріп айтылған толғауларының негізгі бөлігі елдік, ерлік мәселелерін сөз етеді, тіпті өз әміршісін дәріптей жырлайды. Би Темірді мадақтай отырып, Қазақ хандығының күшті мемлекет болуы үшін елді әділ басқаратын хан туралы ойын тұспалдап жеткізген.

XVI ғасырда өмір сүрген Доспамбет жырау өз жырларында жеке басынан өткен шым-шытырық, аласапыран кезді, ішкі ой-сезімдерін өлең жолдарымен көркем кестелей алған. Доспамбет поэзиясының басты өзегі – өмірден ерте кеткеніне өкінбей, өзіме лайықты, мәнді өмір сүрдім деп қаза тапқан жауынгерді идеал етеді. Жырау ойынша, ең бақытты адам – арғымақ мініп, жұпар аруды құшқан, той тойлап қызық дәурен сүрген, жау келсе, қарсы шапқан жаужүрек жігіт. Доспамбет те өзін осылай өмір кешкен бақытты адам ретінде көрсетеді.

Доспамбет шығармаларының тарихилық сипатты болуы оның поэзиясының тағы бір ерекше қырын байқатады. Оның туындыларында Кетбұға, Мамай, Қосай сияқты тарихи тұлғалар арнайы аталады. Осы өзгешелік Доспамбеттің ақындығын жауынгерлік және тарихи сипаты жағынан басқа жыраулардан бөлектеп тұрады.

XV–XVII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің келесі бір көрнекті өкілі Жиёмбет Бортағашұлы Қазақ хандығын билеген Есім хан тұсында атақты ақын-жыраулығымен қатар қарымды қайраткер, биік парасатты дана абыз ретінде де танылған. Жиёмбет жыраудың Есім ханға арнаған толғауларында оның нағыз классик жырау деңгейіне көтерілгендігі анық байқалады: Есім ханмен бірге Қазақ хандығының нығаюына өз үлесін қосып, ханның жақын кеңесшісі, әрі бүкіл хандықтың идеологі болған Жиёмбет бірте-бірте ханға наразылық білдіріп, қуғынға түседі. Екі негізгі кейіпкер – жыраудың өзі және Есім хан бейнелері Жиёмбет шығармаларында салыстырмалы тұрғыда айқын көрініс тапқан.

XVII–XVIII ғасырлардағы жыраулық поэзияның аса көрнекті өкілдерінің бірі Ақтамберді Сарыұлы әрі батыр,

әрі жырау ретінде танылып, халқымыздың жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі болғаны белгілі. Ақтамберді батыр жырау ғана емес, ел қамын ойлап, халық тұрмысын жақсартуды армандаған абыз жырау деңгейіне көтерілді. Өзінің «Күлдір-күлдір кісінетіп» атты атақты классикалық толғауында арман болған құт мекен – Жерұйықты ырыс пен байлыққа кенелген, бақытты елдің утопиялық өмірін арман-қиялы арқылы бейнелейді. Ақтамберді жырау поэзиясының басты ерекшелігі – өз кезінің көкейтесті мәселелерін жырласа да, мемлекеттік идеологияға қызмет етпеуі. Ол өз жыр-толғауларын адамның ішкі сезімін ашуға, халықты отаншылдыққа үндеуге, сол арқылы поэзияны қоғамға қызмет етуге пайдалана білген.

Ақтамбердімен қатарлас Абылайдың жанында жүрген Тәтіқара жырау жауынгерлік поэзияның белді өкілі болып қоймай, жоңғарлармен соғыстың қиын шағында Абылай ханға ақыл-кеңес беріп қана қоймай, бұрынғы жыраулар сияқты өз билеушісіне қарсылығын да білдіріп, ойын ашық айтқан. Қазақ хандығы алғаш рет қазақ әдебиеті тарихына жеке құбылыс ретінде енгізген көрнекті жазушы, әдебиеттанушы-ғалым М.Мағауин жазғандай, «Тәтіқара шығармалары өзінің қарбалас шақтарда, отжалында тұрғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұрпақ іспеттес болғандығымен құнды».

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан Үмбетей Тілеуұлы өз шығармаларындағы көркемдік қуаты күшті «Бөгенбай өліміне», «Бөгенбай батыр өлімін Абылай ханға естірту» толғаулары арқылы Бөгенбай батырды көзімен көріп, оның талай ерлік ісіне куә болған жыраудың атақты батыр қолбасыға жасаған сәтті поэзиялық ескерткіші – реквием деуге болады.

Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетті сөз еткенде, ұлы тұлғалардың бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиетіміздегі жыраулық поэзияның ірі өкілі, заңғар ақын, көмекей әулие атанған әділ би, дана ақылшы Қалқаманұлы Бұқар жыраудың шығармашылығын, асқар талантын, дүйім жұртты аузына қаратып, қара тілді қақ жарған шешендігі мен әділдігін, ел, жер мәселесіндегі данышпандығы мен

көрегендігін айтпай, қазақ тарихын елестету әсте мүмкін емес.

Ел басына ауыр күн туған «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» зұлмат заманында қазақтың ұлы ханы Абылай ханмен бірге анталаған жауға қарсы тұрып, тойтарыс беруді ұйымдастырғандардың бірі болған да Бұқар жырау халқының азаматтық бостандығы жолындағы кеудесін оққа төсеген батырларға айбатты жырларымен, терең ойлы шешендік сөздерімен күш-қуат беріп, ел ішіндегі ұрыс-керіс, дау-дамайды әділ шешуде турашылдық, ақиқатшылдық таныта білді. Соның өзінде қандай қиыншылық тұстарда болсын, хан иесінің қаһарынан қаймықпай, қара халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтай алды.

Абылайды айтсақ Бұқарды, Бұқарды айтсақ Абылайды сөз етеміз. Оның өзіндік бүкпесіз себебі, айғақты дәлелі де бар. Абылай қайраткер, ел сүйіктісі болса, Бұқар да солай. Айырмашылығы Абылай ел билеуші, әмірші де, Бұқар – ақын, жырау. Бұқардың артықшылығы да оның хан ақылшысы болып, дұрыс жөнге сала білуінде.

Бұқар жырау – қазақ хандығы тұсындағы бүкіл поэзияның аса ірі өкілдерінің бірі. Бұқар жырау өз поэзиясында өзінің алдындағы жыраулық, ақындық дәстүрді толық меңгеріп қорытқан ерекше талант иесі. Жырау шығармашылығы өз кезіндегі хандық тұсында үлкен рөл атқарды және өзінен кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына зор ықпал етті.

Бұқар жырау «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасынан кейінгі көкейтесті мәселе – ұйысып ел болу, іргелі елге арқа сүйеп, мемлекеттілікті сақтап қалуды өз туындыларына арқау етті. Жырау Абылай ханды мақтаса да, Бөгенбай, Қабанбай батырларды мадақтаса да, халықты хан төңірегінде, батырлар маңында ұстауды көздеді. Бұл оның ерлікті, бірлікті сақтау жолында тапқан көркемдік шешімі болатын. Сөйтіп, Бұқар жырау қазақ хандығы тұсындағы жыраулық поэзияның соңғы өкілі болды. Ол әрі аса дарынды, суырыпсалма ақын, жырау, әрі мемлекеттің бас идеологі, әрі ханның кемеңгер ақылшысы болды.

Қорыта айтқанда, қазақ хандығы тұсындағы ұлттық әдебиет XV–XVIII ғасырларда идеологиялық рөл атқарып,

іргесі мықты қазақ мемлекеттігі мен оны сыртқы жаулардан қорғау идеясын жырлауды шығармаларының басты өзегі етті. Жыраулар поэзиясы мемлекетке қызмет етіп, халық мүддесін қорғады, қазақ әдебиетіндегі жарқын құбылыс, тағылымы мол мәдениет дәуірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек.

## ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Алтын Орда заманындағы ноғайлы-қазақ дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Ноғайлы аталып, артынан бір-бірінен бөлініп кеткен түбі бір, тілі бір түркі тектес тайпалардың, шынтуайтқа келгенде, сол кезде жеке халық болып қалыптасқан қазақтардың бай әдебиеті ақын-жыраулар поэзиясының бастауында тұрған үлкен эпик. Оның шығармалары бүгінгі уақытқа толық жеткен жоқ, көбі мүлде ұмыт қалса, қолда бары, баспа бетін көріп келе жатқандары үзінді күйінде ғана ақын мұрасынан азды-көпті мағлұмат береді. Қазтуған жыраудың өлеңдері алғаш рет Ғабдолла Мұштақ құрастырған «Шайыр яки ақындарының басты жырлары» жинағында (Орынбор, 1912), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1984), «Ұлы арман» (1990), «Ленинградтан тұңғыш рет орыс тілінде жарық көрген «Поэты Казахстана» (1978), Алматыда басылып шыққан «Поэты пяти веков» (1994), жинақтарында, «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» хрестоматиясында (1993) басылды. Жырау мен шығармашылығы туралы азды-көпті болсын С.Сейфуллин, М.Мағауин, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдықов, Х.Сүйіншәлиев, Ж.Тілепов сияқты белгілі әдебиеттанушы – ғалымдар қалам тербеді<sup>22</sup>.

Қазтуған XV ғасырда өмір сүрген Ноғайлы батыры, әрі ақын-жырау екені анық. Алайда ол туралы деректер өте жұтаң. Сол себепті де жоғарыда аталған ғалымдардың

---

<sup>22</sup> Сейфуллин. Шығармалар А., 1964, 6-т., Мағауин М. Ғасырлар бедері. А., 1991., Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. А., 1990., Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер, А., 1993., Сүйіншәлиев Х. XV-III ғасырлардағы Қазақ әдебиеті. А., 1992. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы. А., 1994., Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. А., 1995.

жырау туралы азды-көпті жазды деуіміз де осыған саяды. Бұған дейін барлығымыз негізге алып келген ғана мәлімет – XIX ғасырдағы көрнекті қазақ ақыны Мұрат Мөңкеұлының «Қазтуған» толғауында айтқандай, Қазтуған жыраудың қонысы «Жайықтың күнбатыс шетіндегі Нарын, Қабыршақты, Қаралау деген жерлер екен»<sup>23</sup>. Жау жағадан алып, қысылтаян кез туған шақта Қазтуған елін аман сақтап қалу мақсатында жұртты бастап Қазақстанның күншығыс жағында Еділ, Жайықтан ауған деседі. Оның басты себебі – талай қоныс болған туған жердің жайсыз мекенге айналып, ел бірлігінің қожырай бастауынан болса керек. Ел қамын ойлап, халық мұңын жоқтаған Қазтуғандай жаужүрек батыр, қол бастаған басшы жұртын соңына ерте білді, елінің болашағын тереңнен толғанып, оны аман-есен сақтай алуды перзенттік парыз деп білді.

Қазтуғанның ақындық қуатын танып, жыраулық жыр жолдарын биікке көтерген шығармалары санаулы ғана. «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Бұдырайған екі шекелі», «Белгілі иік көк сенгір» деп басталып, бүгінгі ұрпаққа сақталып жеткен үш жырының өзі оның үлкен эпик ақын болғанын дәлелдейді.

Қазтуған жырларындағы шоқтығы биік шығарма – оның туған жермен қоштасу жыры.

Алаңда алаң, алаң жұрт,  
Ағала ордам қонған жұрт.  
Атамыз біздің бұ Сүйінші,  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт...

деген жыр жолдары арқылы туған жерінен еріксіз үдіре көшкен ел көрінісі көз алдымызға келіп, адамды елжіретер сөз тізбектері түйдек-түйдек ағытылады.

Қазтуғанның Еділ өзенін жағалап, Ақтұба, Бозан бойын жайлаған қазақ, ноғай тайпаларының рубасы, көсемі, қолбасшысы, әрі атақты батыры болғаны нардымсыз тарихи аңыздар арқылы белгілі. Осы қоштасу өкілі оның XV ғасырдың екінші Еділден еріксіз ауып, Қазақ мемлекеті құрамына өткеннен сыр бергендей болады.

---

<sup>23</sup> Досмахаммедұлы Х. Аламан. А., 1991. 121-б.

Салп – салпыншақ, анау үш өзен,  
Салуалы менің ордам қонған жер  
Жабағылы жас тайлақ.  
Жардай атақ болған жер...

Шиыршық атып шымырқанған тебіреністен туған бұл теңеулер батыр жыраудың туған жерге сағынышын, шексіз махаббатын білдіріп, ақындық қиял ұшқырлығы мен өршіл романтикалық шығармашылық шеберлігін дәлелдей түседі.

Қазтуған жырауларында оның ақындық ерлігі мен шырқау биігін көрсетер тұс – ол жырда кім шығарғанын нақтылы дәлелдейтін:

Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан,  
Мұсылман мен кәуірдің,  
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан,  
Сүйіншіұлы Қазтуған

деген жолдар арқылы қазақтың ноғайлы дәуіріндегі төл әдебиетінің жаңа белесінің бір қырынан сыр береді. Өз шығармаларын ауызша шығарып таратқан Қазтуған сияқты дүлдүл жырау тек осындай ғана өз есімін жырларында ерекше атап өту арқылы авторлығына дау тудырмайтын амалды сол заманда-ақ білдіргендей елес қалдырады.

Бұл сол кезде жеке жыраулардың, батырлардың сөзі үлгісінде туған толғау ретінде ноғайлы дәуіріндегі ерлік, батырлық жырдың алғашқы нұсқасы, яғни «Қазіргі ноғай, қарақалпақ, қазақ т.б. халықтардың тарихи кезенге, уақытқа телінген ауызекі поэзиясының үлгісі деп қарау керек»<sup>24</sup>.

Соңғы жылдары осы мәселеге байланысты қазақпен етене бауырлас түбі бір, тілі де бір ноғай, қарақалпақ халықтарының әдебиеттанушы ғалымдары өз зерттеулерінде Қазтуған жырау өз ұлтының өкілі, туған әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлға ретінде бағаланып, ұлттық мақтанышы ретінде дәріптеліп келеді. Бұл орайда Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» тоғауының, ноғайлар арасына кең тараған нұсқалары «Ноғай жырлары» (Астрахан, 1912), «Шолпан» (Черкасск, 1969) жинақтарында жарияланып, «Ноғайлар» атты көлемді ғылыми-

<sup>24</sup> Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. А., 1989. 20-б.



зерттеуде ноғай әдебиетінің көрнекті өкілі ретінде жырау туралы арнайы жазылды. Сол сияқты қарақалпақ ғалымы М.Мәмбетов өз зерттеуінде Қазтуған жырауды қарақалпақ әдебиетінің ірі өкілі ретінде қарастырады<sup>25</sup>.

Біздің пікірімізше, Қазтуған – Ноғайлы дәуірінен тілі де, діні де, ұлттық салт-дәстүрлері де бір болып келген қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарына ортақ тұлға. Сол себепті де Қазтуғанды бауырлас осы үш ұлттың төл әдебиетінің бастауында тұрған ортақ ақын-жырау ретінде бағаласақ ақылға сыяды.

«Бұдырайған екі шекелі... – деп басталатын толғау-өлең жыраудың өзіне дейінгі ақындық сөз өнерінен алған үлгі-өнеге негізінде өмірге келген жыр. Көлемі жағынан аз ғана осы жыр үзіндісінің өзі Қазтуғаннан кейінгі ақындар мен жыраулар шығармашылығына үлкен ықпал етті, нақыл, тақпақ, мақал-мәтел үлгісіндегі жыраудың терең толғанысты ой үрдістері қазақ поэзиясына үлкен таусылмас қазына болды.

«Бұдырайған екі шекелі...» толғауы жыраулық поэзияда ұшырасатын басқа толғаулардан оқшауланып тұратын көлемдік өзгешеліктері мен ерекшеленеді. Жырау өзін таныстыру монологі арқылы шағын толғауына қаймықпас қайсар «мұздай үлкен көбелі» батыр, «қойдың көсемі» іспетті елін соңына ерте білер басшы, халықты аузына қаратып, қара қылды қақ жарғызатын ділмар шешеннің жиынтық бейнесін бергізе білген. Мұның өзі жырау жай ғана қарапайым адам емес, жекебасы бірнеше өнерді меңгерген сегіз қырлы бір сырлы жан екенін аңғартса керек.

Осы толғаудағы «бұдырайған екі шекелі», «мұздай үлкен көбелі», «айдаса қойдың көсемі» және т.б. сөз тіркестеріндегі ойнақты, асқақ теңеулер жырға шырай келтіріп, соны көркемдік ізденіс, тапқыр да айшықты ой иірімдерін байқатады. «Ұстаса қашағанның ұзын құрығы» деген бір жолдың өзі ғана көшпелі дала өмірін көз алдымызға әкеліп, буырқанған бұла күш иесіне теңеген көркемдік ерекшелікті аңғартады.

Буыршынның бұта шайыр ауы,  
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.

---

<sup>25</sup> Әмудария. 1972. №9. 120–121-б.

Бұлт болған айды ашқан,  
Мұнар болған күнді ашқан.

деген осы толғаудағы көркемсөз өрнегін кестелеген жыр жолдары бейнелі ұлғая түскен метафоралардан құралып, үнемі үдей түскен кең үрдісті де күрделі эпитет жасайды. Сонау Ортағасырларда орныққан бұл көркемсөз үлгілері өзінің сол қалпындағы нақышты қасиетін қазіргі қазақ поэзиясына дарытып сақтап келгені Қазтуған жасаған өлең өрнектерінің өлместігін білдірсе керек.

Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын толғауы да жыраулық поэзияның көркемдік қуаты жағынан шебер жасалған үлгілерінің бірі.

Ақын шығармалары көлем жағынан шағын болып келгенімен, негізгі тұспалдар ойы, ішкі мазмұны жағынан ерлік рухы, батырлыққа тән қасиеттер анық сезіліп, жыраулық поэзияның айшықты-ерекшеліктерімен бедерленеді. Бұл жырауларда бір ғана жырау атымен сақталып келген жыраулық үрдіс поэзияның нағыз қаһармандық үні, жауға қарсы қаймықпас атой салған батырлық лебі басым.

Шығармаларының мазмұндылығы мен әлеуметтік салмағы жағынан алғанда, «Қазтуған толғаулары... қазақ халқының халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, жақсы мекен іздеу мәселелерінің сол алыс замандағы жаңғырығы, поэзия өмірінде сақталған шағын ескерткіш үлгісі тәрізді кейінгі дәуірге жетті. Бұлар өз дәуірі мен шығарушысы жайында кішкентай болса да елес, ұғым бере алса, поэзия эволюциясындағы белгілі бір кезеңнің көркемдік дүниетанымы тарапында нышан таныта алса, өз міндетін артығымен орындағаны болып саналады»<sup>26</sup>.

Қорыта айтқанда, Қазтуған Сүйінішұлы – Сыпыра жырау негізін салған көнеден келе жатқан толғау жанрының дамуына үлкен үлес қосты, жауынгер ақынның дала поэзиясына тән өр рухты, дауылпаз үнді, асқақ қанатты сөздерге толы көркем тіркестерге бай жырлары қазақ әдебиеті тарихында өшпестей із қалдырды.

<sup>26</sup> Дербісәлин Ә. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Кіт.: XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А; 1982. 23-б.

## ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Жыраулық поэзия туралы сөз қозғағанда, ноғайлы дәуіріндегі әдебиет мұраларына біржақты қарап, оның ірі өкілдерін қазақ, қарақалпақ, ноғайдың әрқайсысына еншілеп келдік. Ал шын мәнінде, Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жырларын төрде басы, төскейде малы бір болған, түбі бір туысқан, тілі етене жақын осы халықтардың төл шығармалары дегеннен гөрі ортақ туындылар деп таныған жөн болар еді. Мұның өзіндік тарихи сыры бар: Еділ мен Жайық арасын ноғайлар мен «қара бөріктілер (қарақалпақтар), осы өңір мен оған жапсарлас Сарыарқаны қазақтар жайлап, аралас-құралас отырған бауырлас үш халықтың әдебиеті бір арнадан тарады да, XV–XVI ғасырларда бұл халықтардың аражігі соншалықты ашылған жоқ. Үш халық ішінде бәріне ортақ ру аттарының кездесуі де осы туысқандық төркінінен болар.

Сол себепті де ауылы аралас, қойы қоралас, тілі бір, тіпті әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі де бір үш халық арасында Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет аттары бірдей таралып, қазақ, қарақалпақ, ноғайға ортақ тұлғалар болып танылған. Сондықтан да алғаш рет көрнекті қазақ ақыны Ғұмар Қараш «Ғабдолла Мұштақ» деген бүркеніш есіммен құрастырып, 1910 жылы Орынборда шығарған «Шайр яки қазақ ақындарының басты жырлары» жинағында олардың жырларын жариялады да, бұл кейін жыраулар шығармаларының белгілі жазушы ғалым М.Мағауин құрастырған «Алдаспан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1984, 1989) жинақтарында, «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет хрестоматиясында» (1993) жарық көруіне негіз болды. Сонымен бірге Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз шығармалары ноғай әдебиетінің өкілі ретінде М.Ос-

манов құрастырған «Ноғай уа құмық шиғырлары» (СПб., 1883), А.Жәнібек құрастырған «Ауыл поэзиясы иә де ноғай әдебиеті» (Мақашқала, 1935), «Яшқав соқпақтары» (Черкасск, 1979) жинақтарына еніп, А.Сикалиевтің «Сынап қарап, сырласып...». атты зерттеуінде (Черкасск, 1975) олар ноғай ақындары ретінде, ал К.Мәмбетовтың Нөкісте шығатын «Әмудария» журналында жарияланған мақаласында (1972. № 9) қарақалпақ жыраулары ретінде зерттеледі.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай халықтары бірге өмір сүрген кез жыраулық поэзияның алтын дәуірі болды. Сол себепті де бөле жаратын ештеңе жоқ екенін айта келіп, «бұл сипаттас біраз сөз үлгілеріне қазақ, ноғай қарақалпақ, т.б. халықтардың ортақ еншілігі бар мұра ретінде қарау керек» деген Қ. Өмірәлиев<sup>27</sup> пікірі мен бұл нұсқаларды осы халықтарға ортақ туындылар деп тану қажеттігін айтқан Р.Сыздықова<sup>28</sup> ойын толық қостаған дұрыс.

Үш халық құраған «Ноғайлы цикліндегі» әдебиетте үшеуінің де еншісі бар. Осы дәуірге тән жыраулар поэзиясы қазақ әдебиетінде кең арнамен дамыды да, ата-ана жер үшін, атамекен ел үшін «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қан төгіп, «ақ табан шұбырынды» заманын бастан кешкен халқымыз өлең-жыр өзегін кейінгі ұрпақтарға аман-есен жеткізді. Ғасырлар қойнауынан үзік күйінде болсын жеткен сондай асыл мұраның бірі – қазақ пен ноғайға да, қарақалпаққа да ортақ – Доспамбет жырлары.

Қазақ халқының өз атымен өмір сүруі XV ғасырдың орта шені десек, осы кезден басталатын қазақтың төл әдебиетіне өзіндік үлес қосқан, сол замандағы әлеуметтік іс-шаралардың бел ортасында болып, ерлігімен де, өрлігімен де, хас батырлығымен де, өр рухты жырларымен де ел құрметіне бөленген көрнекті ақын-жыраудың бірі – Доспамбет жырау.

Доспамбет – тарихи тұлға. Ноғайлының атақты биі Мамайдың заманында, яғни XVI ғасырдың орта тұсында Азов теңізі түбінде өз алдына жеке ел болған Азаулы ноғайлылардың басшысы, ел қорғаны, қол бастаған батыры немесе Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағасы. Жырау өз

<sup>27</sup> Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы. А., 1976. 15-б.

<sup>28</sup> Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1993. 75–76-бб.

есіміне Аймадет пен Доспамбетті екі батыр деп қарастырады<sup>29</sup>, ноғай әдебиетінде Доспамбет Азаулы деген сөз тіркесімен ғана шектеледі. Аймадет пен Доспамбеттің бір адам екендігі туралы М.Мағауин: «Бұл оның руының не тайпасының аты болса керек»... Ноғай тайпалары кейде өздерінің билерінің немесе мекен еткен жерлерінің атымен де атала береді екен. Әрине, ондай тайпалардың біраз уақыт өткен соң есімін өзгертуіне тура келеді. «Аймадет» те сондай атаулардың бірі болуға тиіс деп<sup>30</sup>, дәлелді пікір айтады. Қазақта да ру атымен қосақтап айтылатын Албан Асан, Әубәкір Кердері, т.б. ақындар біршама. Сондықтан да Аймадет, Доспамбеттің бір кісі екенінде еш күмән жоқ.

Жыраудың бүгінге жеткен мұрасы аз ғана – бар-жоғы 160 жолдың көлемінде. Осы жыр үзінділерінің өзіне қарап, оның шығармаларының тікелей жорық үстінде, ұрыс майданында туғанына көзіміз жетеді. Себебі оның қазір қолда бар шағын толғауларында жырау өмірімен қоштасар алдындағы адам кейпінде өткен дәуренінің мән-мағынасы туралы терең тебіреніп ой қозғайды. Жаралы жауынгер-жыраудың көркем бейнеленген шұрайлы тіл арқылы өткен өмірімен қимай қоштасуы, ішкі қайғы мен өкініштің атқарылып шыққан зарлы мұңы, кейінгі ұрпаққа арнай сөйлеген жыр аманаты елес береді. Солай болғанмен де оның жырларындағы басты қазық – ақынның туған жеріне, еліне деген ыстық махаббаты, ынта сезімі. Бұл қасиетті ұғым жолында туған жерін жаудан қорғау – жырау үшін басты азаматтық парыз. Сол себепті де ол жауынгерлік жорық жолдарын тебірене еске алып, жырға қосады.

Доспамбет жырлары – майдан, ұрыс кезеңінің жылнамасы іспетті. Оның жырларында ел үшін, жер үшін айқас, жаралы жыраудың өлім мен өмір арасында қиналған арпалысты сәттері ерекше әсер қалдырып, жорық кезіндегі қайсар қылықтармен өршелене жауға ұмтылған ержүрек ерлердің қимыл-әрекеті көркем бейнеленеді. Бұл жырлар қазақтың қаһармандық поэзиясының нағыз бастапқы қайнар бастаулары.

Доспамбет поэзиясына тән үлкен бір ерекшелік – оның өлең толғауларындағы айтылған ой қазақ мақал-мәтелдерімен

---

<sup>29</sup> Әмудария. 1972. №97. 121-б.

<sup>30</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері. А., 1991. 35-б.

астасып, ішкі мағынасы жағынан болсын, сыртқы айтылу түрі, ұйқасы, салыстыру ерекшеліктері жағынан болсын үндесіп, қоғамдық құбылыс жөнінде нақты сөз өрнегі беріледі.

Арғымаққа оқ тиді  
Қыл майқанның түбінен,  
Аймадетке оқ тиді,  
Отыз екі омыртқа буынынан.  
Зырлап аққан қара қан  
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.  
Сақ етер тиді саныма,  
Сақсырым толы қаныма

деген жыр жолдарында көшпенділер дәуіріндегі жан жүрегімен еліне берілген нағыз батыр жыраудың, өр ақынның бейнесі зерделенген.

Доспамбет жырларында айшықты көркем теңеулер, сырлы суреттер, өрнекті ойлар, образ символдар көп кездеседі. Мысалы:

Туған айдай нұрланып,  
Дулыға кидім өкінбен

деген жолдардан жай ғана салыстыру, құбылыс мәнін ашу мақсат етілмеген. Бұл үзіндіде, керісінше, нақтылы зат, құбылысқа айқын ой, бедерлі бояу, маңызды мазмұн беру байқалады.

Жырау толғауларында батырдың жорық пен майдандағы басты серігі – ат пен жылқы маңызына ерекше мән берілген. Халқымыздың сол замандағы басты байлығының бірі, ер қанаты – жылқыны үстірт сөзбен суреттемейді, керісінше, жауынгер жырау мінер арғымақты мінсе – көлік, шапса – тұлпар, ішсе – сусын ретінде қараған, ел тағдырымен етене құбылыс ретінде таныған.

Арыстандай екі бұтын алшайтып,  
Арғымақ мінген өкінбес...  
Торы төбел ат мініп  
Той тойлаған өкінбес! –

деген жыр жолдары осы ойды айқындай түседі.

Қасиетті өзен Жайық бойы ежелден тұнған тарих болса, жауынгер жырау жырларында Жайық азаттық жолындағы күрес тарихының ұйтқысындай елес береді.

Айналайын Ақжайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?!

деген жыр жолдарындағы жорықтың асқақ үнді, өршіл рухты сарыны Ақжайық бейнесімен астасып, бейбіт күндерді аңсаған Темірқазық іспетті. Мұның өзі жыраудың ерлікті дәріптеумен бірге бейбіт өмірді армандағанын білдіреді.

Доспамбет поэзиясы шығармаларының аздығына қарамастан ғұмырлы, қашан да мәңгілік. Оның толғаулары өзінің мән-маңызы, ішкі толғанысы жағынан болсын, алып дінгектер сияқты үлкен әлеуметтік жүк арқалап тұр. Жырау жырлары тарихтың талай аласапыран оқиғаларының арасында адасып жоғалып кетпей бізге келіп жетті де, рухани бастаулардың қуатты көзі бола отырып, шығармашылығы мен күрескерлігі өзімен үндес XVIII ғасырдағы әдебиеттің ірі өкілі Ақтамберді мен XIX ғасырдағы өршіл рухты азамат ақын Махамбет поэзиясына және одан кейінгі бүкіл әдебиет дамуына игі әсерін тигізді.

Жырау шығармаларының кеңінен тарап, дәстүрін дамытқан ортасы – қазақ ортасы. Доспамбет есімінің қазақ жыраулар поэзиясының көшбасшылары қатарында аталуы да осыған саяды. Қай шығарма болсын, өз алдына жеке пайда болмайды, оны орта тудырады. Доспамбет шығармалары да ноғай топырағында туып, қазақ ортасында дамыды. Сондықтан да жырау туындылары, бүкіл әдебиетіміздің жемісі болып табылады да, халықтың рухани күш-қуаты мен мәдени қарым-қабілетінің артуына орай кейінгі ұрпақ бұл өршіл де асқақ сезімге толы жыр жолдарынан біздің адамгершілік қайнар көзіміздің бастаулары мен ерлік рухын, көркемсөз құдіретін танып ашады.

# ТЕРЕҢ ТАМЫРЛАР

## АҚЫН, ЖЫРАУ АҚТАМБЕРДІ

Мәдениет – өркениетті қоғамның рухани негізі десек, сол мәдениеттің ажырамас маңызды бір бөлігі – ұлттық әдебиеттің арғы бастауларында тұрған жыраулар поэзиясына тереңірек үңілер болсақ, зерттеу тақырыбының негізгі өзегі – тәуелсіздік идеясын азаттық, еркіндік, бостандық ұғымдарына толық сыйдыра алатындай ойлар баршылық. Болашақ ұрпақ өздері өмір сүретін өркениетті қоғамды жоғары мәдениетті ортасыз құру мүмкін еместігін назарда ұстасақ, бұл ретте жаңа мәдени, әдеби өзгеріс жасаудың тіптен қажеті шамалы, қайта жаңа мәдениет саясаты керек, ол үшін ежелден санада қалыптасқан ұлттық құндылықтарды басшылыққа алу қажет. Ал бұл құндылықтардың бір ұшы осы жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік мұраттарында жатса керек. Діттеген ойды ашу үшін де жырау ұғымын нақты ажыратып алуға тиіспіз.

Жалпы алғанда, қазақ поэзиясында жырау, жыршы, ақын атақтарын бірдей иемденген талант иелері кемде-кем. Жырау – хандық мемлекеттің бас идеологі ретінде ірі қоғамдық мәселелерді қозғайтын толғауларды шығарып айтушы, ойшыл, ақылшы, көреген сәуегей болса, жыршы – белгілі бір тарихи оқиғаны жырлап, ел тәуелсіздігін негізгі тақырып өзегіне айналдырады, ал ақын – өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып, не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері»<sup>31</sup>, адам тіршілігі мен сезімін

<sup>31</sup> Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – А., 1996. 25-б.



суреттейді. Жыраулар «қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рухын көтерген. Тіпті қажет болған жағдайда өздері де шайқасқа қатысып, ерліктің үлгісін көрсеткен, сондықтан жыраулардың біразы қолбасы да болған, тайпалар мен руларды да басқарған. Жыраулардың көбінесе әрі суырыпсалма ақын, әрі батыр, әрі данагөй және сәуегей болып келуінің себебі сол тұстағы Қазақ хандығының өмір салты мен тұрмыс-тіршілігінің көшпелі-бақташылық болына және ұдайы жаугершілікті басынан кешіруіне байланысты еді»<sup>32</sup>. Суырыпсалма шығармашылық өнердің мұндай ерекшеліктері бір адамның бойынан табыла бермейді, ондай өзгеше қасиет ілуде бір адамда ғана кездеседі. Сондай ғажап талант иесінің бірі, Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзияның ірі өкілі – Ақтамберді Сарыұлы өз заманында әрі жырау, әрі жыршы, әрі ақын ретінде кеңінен танылып, өз шығармаларында тәуелсіздік идеясын басты арқау етті.

Ақтамберді жырларындағы тәуелсіздік сарындарына тоқталмас бұрын жыраудың туған, өскен ортасы мен шыққан тегін қысқаша болса да баяндап өтсек артық болмас. Себебі, соңғы он жыл шамасында жырау туралы небір кереғар, тарихи шындықты бұрмалаған жарияланымдар ғылыми айналымға еніп кетті. Ақтамберді жыраудың өмір сүрген уақыты бұған дейін ғылыми әдебиетте 1675–1768 жылдар деп шартты түрде, ешқандай архивтік деректерге жүтінбей алынған. Ал ел аузындағы әңгімелер батыр-жыраудың Абылай ханмен замандас, әрі кетсе одан жеті-сегіз жас үлкендігін айтады. Оның үстіне Қазақстан тарихын зерттеген орыс әскери инженері, капитан Иван Андреев 1785–1790 жж. өзі елу жылдан астам уақыт бойы Оңтүстік Сібір мен қазақ даласында қызмет еткен кезеңін баяндап жазған «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, с касающимися до сего народа, також и прилегающих к российской границе по части Колыванской и Тобольской губерний крепостей дополнениями» атты қазақтар туралы монографиялық еңбегінде 1785 ж. қайтадан Семейге жұмыс істеуге жіберілгенін айта келіп: «Прежде всего

---

<sup>32</sup> Қасқабасов С. Жаназық. – Астана, 2002. 132-б.

1786 г. происшествия намерен я объявить о случившемся в годе воздушных явлениях и примечания достойных погод... Сентября 11-го приезжал в Семипалатную крепость, чрез завод Локтевский, Колыванский, губернатор Миллер, а генерал-поручик Огарев – из Бийской 14-го числа... В Омск в сие бытие приезжали к нему киргиз-кайсацкой Средней Орды Каракерей найманской волости Абулфейс – салтана сын Пупы и два его брата Агадай и Шамагмет, и при них старшины – Ақтамберды и Байгара, и прочих старшин довольно, и простых киргизов человек до 100». Міне, орыс зерттеушісі жазып көрсеткендей, 1786 жылы Семей каласына келген жоғары мәртебелі ұлық – губернатор Миллер мен генерал-поручик Огаревтермен кездесуге Орта жүздің қаракерей найман болысының төресі, Әбілпейіз сұлтанның баласы Бопы екі інісімен және оларға қарасты старшындар Ақтамберді мен Байғара қатысқан. Бұл капитан жазбаларында нақты келтірілген тарихи дерек. Оның үстіне Ақтамберді атақты батыр, жырау, ал Байғара елге белгілі би болғандықтан аттары арнайы аталады да, қалғандары «басқа да старшындар...» деп жай ғана айтылады.

Сонда И.Г.Андреев деректеріне сүйенсек, Ақтамберді 1786 жылы сексеннен асқан, ойы сергек, тың қарт, ал даланың ауызша тарихы жыраудың тоқсан жастан асып барып дүние салғандығын айтады. Олай болса, батыр-жырау шамамен XVIII ғасырдың басында туып, осы ғасырдың соңына таман қайтыс болған. Туған жері – Оңтүстік Қазақстанның Қаратау маңы. Ал шыққан тегі – Найман ішінде Қаракерей руының сыбан тармағынан. Соңғы жылдары кейбір еңбектерде Ақтамбердіні Ұлы жүздің ошақты руына телу байқалады<sup>33</sup>. Бұл есте олай емес. Осыған дейін шыққан ғылыми әдебиетте батырдың Орта жүздің рубасы ақсақалдарының бірі екендігі нақты жазылып келді. Енді барып ойша дүдәмалмен, халықты жаңылыстыруға болмайды.

Тұлғаны тарих жасайды. Ақтамберді – тарихи тұлға, аты аңызға айналған батыр, қолбасшы, жырау. Ол заманда ру аты әр адамның төлқұжаты іспеттес болған. қаракерей

---

<sup>33</sup> Елтұтқа. Бәйдібек Баба – Алып Бәйтерек: Ұрпақтар шежіресі (Ошақты шежіресі). – А., 2005. 392–395-б.

Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгембай батыр, Шапырашты Наурызбай батыр деп айту содан қалған. Бұл жерде арнайы құжат болмаған заманда, белгілі бір тұлғаны шыққан руына байланыстырып ажырату, өзінше бір қалыптасқан дала заңы, дәстүрі деп қарастырған жөн. Ақтамбердіні де Қаракерей Ақтамберді батыр деп атаған. ХҮІІІ ғасырлар оқиғаларын баяндайтын тарихи жырларда да Қаракерей Ақтамберді батыр деген сөздерді әлденеше рет кездестірдік. Бұл бұлтартпас дәлел. Жоғарыда атап өткен И.Г.Андреев жазбаларында қаракерей Найман болысының старшындары Ақтамберді мен Байқара деп айтылады ғой. Сол сияқты атақты тарихшы Құрбанғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында шыққан «Тауарих хамса» кітабының қазақ тарихына арналған бөлігінде: «Абылай заманында батыр, сардар болғандар: Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Еспембет батыр, матай Шөңкей батыр, керей Жәнібек батыр, бура Ақпантай батыр, қанжығалы Бөгембай батыр, бәсентин Малайсары батыр» деп тайға таңба басқандай жазылған. Мұнда Қабанбай, Алтыбай, Ақтамберді, Еспембет төртеуін қайталамай Қаракерей атымен бір тізбекте атаған. Себебі олар сол қаракерей руынан шыққан туыс батырлар. Сондықтан Ақтамберді батырдың шыққан тегі – Найман ішінде қаракерей екендігі дау тудырмас ақиқат. Бұл пікірді «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына Ақтамберді жырау туралы деректер беріп, шығармаларын айтып берген батыр ұрпақтары К.Боқасов, С.Нұрпейісов, С.Сепбосынов материалдары айғақтайды<sup>34</sup>, осы кезең әдебиетін ақын-жыраулар поэзиясы деп алғаш рет зерттеген жазушы-ғалым М.Мағауин де өз еңбектерінде айқын дәлелдеп берді. Ол өзінің XV–XVIII ғасырларда жасаған ақын, жыраулар туралы «Қобыз сарыны» атты монографиясында: «Тауарих хамсаның» айтуынша, Ақтамберді – ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Ол – атақты Қаракерей Қабанбаймен бірге Найманның рубасы көсемі, әскербасы батыры. Сонымен

---

<sup>34</sup> Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. Құр. М.Мағауин. А., 1971. 249-251-б., Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Құр. М.Мағауин, М. Байділдаев. – А., 1989. – Т.1. 374-б.

катар Ақтамберді жортуыл жыршысы, әлуетті жырау да болған» деп<sup>35</sup> нақты атап көрсетеді. Бұған басқа алып қосар пікіріміз жоқ. Ақиқаты осы деп қараған жөн.

Батыр-жыраудың өз есіміне байланысты ой өрбітсек. Қазақта дуана атаулының арғы атасын «Ақтан әулие» деп айтқан аңыз бар. Соған қарағанда жыраудың әке-шешесі балаға зарығып жүргенде Сары батыр ауылына келген дуана батасынан кейін немесе осындай бір атақты дуананың зиратына түнеген соң перзент көтерген тәрізді. Сол себепті де болашақ батыр есімі Ақтанберді деп аталып, кейін айтыла келе «Ақтамберді» болып қалыптасқан. Әке кіндігінен жалғыз болып туып, кейін жамағайын туысы Бердіке батырдың қолында өсуі де осы сөзімізге дәлел бола алады.

Ақтамберді тым ерте, он-он бір жасында ақындық талантымен танылып, жыраулық өнерге ден қояды. Он жеті жасынан бастап, қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысып, ерекше ерлік қасиетімен дүйім жұртқа танылады. Батыр жырау өзінің қайраткерлігімен де, тебіреністі толғауларымен де халықты жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болып, Орта жүздің беделді рубасы ақсақалдарының біріне айналады. Жоңғар мемлекеті біржола талқандалған соң Ақтамберді қазақ руларын шығыс жақтағы атамекенге қайта қоныстануында үлкен еңбек сіңіреді. Батыр жырау әбден қартайған шағында тоқсан жастан асқанда қайтыс болып, Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Құндызды ауылы шетіндегі Жүрекадыр деген жотаға жерленеді. Қазір ол жерде ұрпақтары, батырға күмбез тұрғызған.

Ақтамберді өмір сүрген XVIII ғасырда әдеби өмір жандана түсті. Ғасырдың алғашқы ширегінде топандай басқан жоңғар шапқыншылығы және ақтабан шұбырынды, алмағайып кезең, қырғын соғыстар мен жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кездегі қазақ поэзиясының идеялық бағыт-бағдарына, тақырып аясына айрықша ықпал етті. Ел өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы да ақын-жыраулар туындыларында өзінің көркемдік шешімін тапты.

---

<sup>35</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер.— А., 1991. 67-б.

Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес сарыны әсіресе Ақтамберді жырау шығармаларынан айқын көрінді. Ол өз толғауларында жау қолында қалған жерлерді азат етер күнді аңсайды, исі қазақ болып атқа конуды, ойраттарға күйрете соққы беруді армандайды, жұртшылықты ерлікке үндейді, жауға тайсалмай шабуға жігерлендіреді. Ақтамберді бастаған Тәтіқара ақын, Үмбетей мен Бұқар жыраулардың өлең-жырларындағы отаншылдық, патриоттық, елдік және тәуелсіздік сарындары XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын, өзекті ойларын айқын танытты.

Жыраудың ең сүйікті жанры толғау. Толғау мағынасы толғану, толғаныс деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің ойға да, сезімге де қатысы бар. Толғаулар өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жырға ұқсас. Ол философиялық ойға құрылған тұжырымдармен, жеке адам бейнелерін жасаған тартымды мазмұнымен ерекшеленеді. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы, бостандық сүйгіш халық рухы жүйелі сөз болады. Мысалы, XV ғасырдан бастап XVIII ғасырмен жалғасқан атақты жыраулардың толғауларының мазмұны өнегелі ақыл, өсиет, ғибрат сөздерге толы.

Жыраулар поэзиясының басты тақырыптары Қазақ хандығын құраған тайпалардың топтасқандығы мен бірлігі, мемлекетті және оның әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Мұның өзі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлауға жеткізді. Жыраулар билеушілердің және адамдар жоқшылық дегенді білмей, молшылықта өмір сүрген қоғамның мінсіз бейнелерін жасады. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік проблемалармен қатар әдеп пен имандылық, ар-намыс пен қадір-қасиет мәселелерін қозғады, өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалығы және жалғандығы туралы өз ойларын толғады.

Ақтамберді жырау өзі шыққан руының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы болды. Ол осы тұрғыда дала тұрғындары арасында күнделікті болып тұратын түрлі дау-жанжалдар мен кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған отбасы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да

жырау назарынан тысқары жатады. Жыраудың негізгі мақсаты – тәуелсіз ел болу қамы, дербес хандықты сақтап қалу.

Ақтамберді ақындығымен, жыраулығымен қатар сөз бастаған көсемдігімен бірге қолына қару алып, елін, жерін сыртқы жаудан қорғай алатын жауынгер болуы да негізгі парызы еді. Оның туындылары әдетте жаугершілік поэзия, мазмұнымен ұран іспеттес. Оның тікелей жорықтарға қатысып, қол басқаруы қаһармандық лептің елдік, тәуелсіздік рухының туындыларында жан-жақты суреттелуіне әкелді. Ақтамберді жырау бүкіл өмірін жорықтарда өткізген. Қазақ тарихындағы талай қан кешкен атақты шайқастарға қатысып, өз елін ойраттардан ерлікпен қорғаған, атамекенді басқыншылардан азат етіп, дана қолбасшылығымен мәшһүр болған батырлардың бірі.

Дұшпаннан көрген қорлығым  
Сары су болды жүрекке.  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке.  
Жауға қарай аттандым  
Жеткіз деп Құдай тілекке!<sup>36</sup>

деп жас күнінен бостандық жолында белді бекем буып, азаттық күресіне шыққандығын айқын аңғартады.

Жауға шаптым ту байлап,  
Шепті бұздым айғайлап.  
Дұшпаннан көрген қорлықтан  
Жалынды жүрек қан қайнап,  
Ел-жұртты қорғайлап,  
Өлімге жүрміз бас байлап!<sup>37</sup>

деген жыр жолдары заман жағдайын сипаттаған өршіл рух сезімі тәуелсіздік мұраттарына жетелейтін ой-болжаммен түйіндесіп, бұл ізгі арман жолында ел-жұрт үшін, атамекен үшін өлімге бас тіккен көзсіз тәуекелшілдік асқақ үнмен қайырылады.

Ақтамберді поэзиясы туған халқына, еліне, мемлекетіне

---

<sup>36</sup> Бес ғасыр жырлайды. 59-б.

<sup>37</sup> Сонда 61-б.

қызмет етті және ол бұл мақсат-міндеттерін мемлекетке қызмет етудің басты мұраты деп білді, қуатты ел болуды көксеп дәріптеді.

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екеміз,  
Күдерден бал тағып,  
Қамқапты киер ме екеміз?!<sup>38</sup>

деп қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ақжарылқап заманда күй кешкен елінің еңсесін көтеретін тамаша күндерді аңсап, еркіндіктің елесті шақтарын бейнелейді.

Кеуде бір жерді жол қылсам,  
Шөлең бір жерді көл қылсам,  
Құрап жанды көп жиып,  
Өз алдына ел қылсам!<sup>39</sup>

деп өз жыр-толғауларының басты темірқазығы ретіндегі негізгі ой – тәуелсіз ел болу туралы тұжырымдайды.

Өз ойын кімнің алдында болсын қасқайып тура тіліп айтқан батыр жырау мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелері бойынша суырыпсалып айтып, өз сөздерін тікелей билік басындағыларға арнаған. Ақтамберді өз толғауларын хан кеңесінде немесе бүкілхалықтық жиналыста айтқан және оның бұл жырлары поэтикалық ойланыс – толғау не арнау түрінде болған, жырау осы туындыларында өз дәуірі мен өткен дәуірді өсиеттік философиялық тұрғыда жырлап, елдегі жағдайға баға беріп, болып жатқан оқиғалар туралы өз пікірлерін айқын білдірген, ақыл-кеңес айтып, ұсыныстар берген, болжам жасаған.

Жыраудың қай толғауын қай кезде шығарғанын дәп басып айту қиын. Мөлшермен шамалап айтуға болады. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы қазақ жасағы 1728 жылы Торғай өңіріндегі Бұланты өзені бойында алғаш рет жоңғар әскеріне күресте соққы бергеннен кейін туған сияқты. Себебі, осы атақты толғауында алғашқы тойтарыстың тура

---

<sup>38</sup> Сонда 61-б.

<sup>39</sup> Сонда 62-б.

ортасында болған батыр толық жеңіске жетуді қиялдап, шабыттана жырлайды. Арыны қатты жауынгер жыраудың жорық жыры болашақ жойқын жөңкілісті, сахара даланың қабырғасын қайыстырған қалың қолды елестетеді. Жыр екпінінде адам төзбестей тебін бар. Жүрекке жігер, бойға ерекше күш дарытқандай арынды ырғақ жел көтергендей желпінте түседі. Екіленген елірме топтың айқасарға жау іздеп, толқынды күйге түскен шағы. Жырмен арманды айқасқа ұран бастап, төкпе сөзді ағытқан жырау үні естіледі:

Сол шұбарға мінген соң,  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол төңкерер ме екеміз.  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау қашырар ма екеміз!  
...Тұмар мойын ат мініп,  
Қоныс та қарар ма екеміз!  
Ел жазылып жайлауда  
Жақсылар кеңес құрғанда  
Мұртымыз өрге шаншылып,  
Бұрын да сөйлер ме екеміз<sup>40</sup>

Жыр аяғы осылай алқынып барып, ентігіп тоқтайды. Ақтамбердіарманы елмүддесінен бөлек емес. Жоңғарлармен ұзаққа созылған соғыста толық жеңіске жетуді, әр ауылдың молшылық өмірге кенелуін, мамыражай рақат өмірді аңсайды ақын. Жырау көркем тілмен ел көкейіндегісін дөп басып, қиялға беріледі. Жорықшы батыр өзінің батырлық тұлғасын «жапанға біткен терекке, қарағайға қарсы біткен бұтаққа, тасқа майрылмайтын, сырты құрыш, жүзі болатқа» теңейді.

Ақтамберді толғауларында арманшылдық үні басым. Жауының аруын олжалау, тарланды таңбалап мініп, жау қашыру, жақсылар мен топтанып кеңес құру сияқты қиял қанатындағы арманды ойлар. Жырау жырларындағы ерлік толы қайран түндерін «қайдалап» іздеуінен, өлім жақындаған сәтте батырларша жорықта қаза болмағанына өкініш білдіргенін сезуге болады.

---

<sup>40</sup> Бес ғасыр жырлайды. 59-б.



Жырау ойы мен ішкі сезімін поэтикалық «мен» арқылы айқындалады. «салпаң да салпаң жортармын» атты толғауынан Ақтамберді жыраудың көрген-білгені мен көңілге түйгенінен тұжырымдалған болмыс-бітімі нақ байқалады.

Қарағайға қарсы біткен бұтақпын  
Балталасаң да айрылман,  
Сыртым құрыш, жүзім болат,  
Тасқа да салсаң майрылман!

Өр рухты ақын «мені» ел билеушісіне қарата айтылған тебіреністі толғау. Жырау осы «мені» арқылы ел билеушісіне іс насырға шапқан тұста халқының атынан сөйлей отырып, әділ шешім шығаруға көндірген сынайлы. Осы «мені» арқылы жырау батыр келбетімен жұртты соңынан ерте білген.

Жырау ер қанаты – жылқы түлігін суреттеуде алдына жан салмайды. «Ор қояндай қабақты, қиған қамыс құлақты, Сары мысықтай азулы, Саптыаяқтай ерінді» сияқты теңеулер сол тұстағы басқа ақын-жыраулар шығармаларынан кезікпейді.

«Балпаң, балпаң кім баспас» толғауын жыраудың саликалы жасқа келгенде шығарғаны байқалады.

Балпаң, балпаң кім баспас,  
Басарға балтыр шыдамас.  
Батырмын деп кім айтпас,  
Барарға жүрек шыдамас<sup>41</sup>

деген өлең жолдары нағыз қанатты сөз, қаймақты мақал, толғаулы жасқа жеткен адамның толғауы.

Ақтамберді толғауларының тілі көркем, ойы өршіл, арманы асқақ. Оның қай толғауын алсақ та, өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жеке жырға ұқсас болып келеді. Ақын толғаулары философиялық ойға құрылған тұжырымдармен, жеке адам бейнелерін сомдаған тартымды мазмұнымен ерекшеленеді. Бұл туындыларға ел тағдыры, жер тағдыры, халық болашағы, имандылық мәселелері кеңінен сөз болады.

---

<sup>41</sup> Бес ғасыр жырлайды. 60-б.

Атақты жыраудың өлең-жырлары мен толғауларында халықтың көкейіне бірден қона қалатын және оның ойы мен бойына терең дарып, қуат нұрын құйып, көңіліне көтеріңкі сезім беріп, еліктіріп жіберер ерекше күш бар, ғасырлар бойы тәуелсіздікті, еркіндікті аңсаған ізгі мұрат бар. Табан асты суырыпсалып, дайындықсыз өлең арнасын ашып жіберіп, жігерлі сөз тасқынын төге салатын ақпа ақындық қабілет танданарлық құбылыс ретінде Ақтамберді поэзиясында берік орын алып, оның тәуелсіз ел болуды армандаған өр рухты жырларын тудырды.

Ақындық – ең қиын өнердің бірі. Тереңнен толғанып тебірене тер төгілмесе, сөз маржаны терілмейді. Тума талант бойында қайнауы жетіп, қисынын тауып, санасында пісіп жетіліп, дүниеге келген туынды ғана ақын атағын шығарады. Ақтамберді жырау да осылай өз таланты арқасында халқының қадір-құрметіне бөленіп, ұлттық поэзияда елдікті, тәуелсіздікті жырлаған ақын ретінде үлкен із қалдырды.

Ақтамберді алмағайып заманда өмір сүрді. М.Мағауин дөп басып жазғандай: «Ол ауыр жеңілістерді, дұшпанға бет қарай алмай дүркірей қашқан босқыншылықты өз көзімен көрді. Бірақ атақты батыр ел тірегі, Орта жүздің көсемдерінің бірі қажырлы жыраудың еңсесін қайғы баспайды. Ол ойраттарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында жүреді, елге ұйытқы болады. Басынан таяқ өтіп, қаннан қаймыққан, бет-бетімен бас сауғалап кетуге айналған жұртқа жанқияр ісімен де, жалынды жырымен де дем береді. Ақтамберді творчествосындағы ең басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуылға жігерлендіру десек, қателеспеспіз».<sup>42</sup> Шынында да Ақтамберді жырларының басты өзегі – тәуелсіздік сарындары болды.

Балаларыма өсиет:  
Қылмаңыздар кепиет,  
Бірлігіңнен айырылма,  
Бірлікте бар қасиет.  
Тағулық болар береке,

---

<sup>42</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. – А., 1991. 71-б.

Қылмасын жұрт келеке,  
Араз болсаң алты ауыз  
Еліңе кірген әреке.<sup>43</sup>

Осы жыр жолдарының өзі жыраудың сөз өнерін ерекше қадірлеп, көркемсөз құдіретін қастерлеп қана қоймай, арттағы елге, жас ұрпаққа ел бірлігін сақтауды үлкен міндет етіп қойғандығын анық байқатады. Ең соңғы демі таусылғанға дейін өсиет етіп айтқан Ақтамбердінің осы тәмсілі қазіргі қол жеткізген тәуелсіздікті аман сақтап қалу ойларымен тығыз үндесіп жатыр.

Әрі жырау, әрі жыршы, әрі ақын Ақтамберді Сарыұлы өз туындыларында сұрапыл майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, ғибратқа толы, жыр жолдарымен ықпал етіп, халықты іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Артына елеулі мұра қалдырған жырау поэзиясы тақырып жағынан да, мазмұны жағынан да бай болғаны айқын сезіледі. Халқымыздың көркемдік сөз өнері тарихында Ақтамберді есімі өзіндік орны бар жыраулық поэзияның көрнекті бір өкілі ретінде мәңгі сақталады.

---

<sup>43</sup> Бес ғасыр жырлайды... 67-б.

## ҮЛП АЙТҚАН АЛТЫ АЛШҚА АҚТАЙЛАҚ БИ

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары ұғым-түсінігіміз бен сана-сезіміміз көп өзгеріске ұшырап, өткен жолымызға жаңаша қарайтын болдық. Сол тұрғыда тарихты таразылағанда оның жасампаз беттерін жарқырата, түсетін жеке тұлғалар екеніне көз жетеді. Ол еш дау тудырмайтын ақиқат екенін есті уақыт әлдеқашан айғақтаған. Есімдері ел тарихында үлкен із қалдырып, рухани мұралары ғасырлар тереңінен тамыр тартып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ғұлама данагөйлер қазақ даласында жетіп артылатындығына уақыт өткен сайын көз қанығуда. Көне қазақ жерінің асты пайдалы қазбаларға қаншалықты бай болса, оның үсті де рухани құндылықтарға соншалықты мол. Осы орайда қасиетті өлке – Аякөз аймағы халықтың халықтығын, жеріміздің тұтастығын сақтап қалуда ерен ерлік үлгісін көрсеткен хас батырлар мен мемлекет қайраткерлері дәрежесіне көтерілген от ауызды, орақ тілді атақты билер, аттары аңызға айналған арқалы ақындар шыққан тарихи да шежелі өңір. Сол таланттар шоғырының көш басында ғибраты мол, тұлғасы биік, Ақтайлақ би Байқараұлы тұрады. Ол әрі ақын, шешен, жырау, ірі мемлекет және қоғам қайраткері болған.

Ақтайлақ би өнегелі де қасиетті әулеттен шыққан. Бұл күндері бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігіне қараған жерлерде мекендейтін Найман ішіндегі сыбан руы – оның арғыата тегі. Сол Сыбанда Жанкөбек бидің баласы, ертеде Ташкентті билеген бек Нарымбай дейтін сөзге шешен, әділ би өткен. Оның жалғыз ұлы Құттыбай – Қаздауысты Қазыбек тұғырдан тайғаннан кейін ұлы бидің орнын басып, білгір білімі мен

шешендігіне орай «Құдауысты Құттыбай» деген атпен Абылай хан заманында белгілі болған атақты би. Ол 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшісінің бірі. Құттыбайдың Байқара, Ботақара, Боран, Сейтен атты балалары да шеттерінен сөзге ұста болып, шешендігімен көзге түскен. Осы төртеуіне сол кезде халық «Төрт Құттыбай», «Бас ауыл» деп ат беріпті. Сол төрт Құттыбайдың Байқарасынан Ақтайлақ туады.

Билер әулетіне өз кезінде халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, инженер, этнограф Мұхамеджан Тынышбаев та назар аударып, өзінің «Қырғыз-қазақ халқының тарихына байланысты материалдар» атты белгілі кітабында (Ташкент, 1925): «Жанкөбек – Найман ішінде ең атақты рудың бірінен саналады. Жанкөбектің ұлы Нарынбайдан бастап Жұмаханға дейін 7 ата бойы аса көрнекті билер бірінен соң бірі болыпты. Мұның өзі қазақ тарихында болмаған құбылыс. Жанкөбектің немересі Құттыбай (Құдауысты Құттыбай) аңыз бойынша Тәуке хан тұсында Ташкентті билеген. Оның ұлы Байқара болса, Орта жүздің атақты биі арғын Қазыбектен кейін Орта жүзде бірінші би саналған, оның ұлы Ақтайлақ, би де атақты кісі болған, оның ақылды шешімдерімен салт бойынша бекіген заң ретінде қарап, соңғы кезге дейін жүгінген» деп жоғары баға береді.

Қазақ поэзиясының биік, көгінде жұлдыз болып жарқыраған Дулат ақынның жыр-толғауларына арқау болған, ұрпақтары мен ел-жұртының жадында жатталған Байқара биді халық, табиғат берген ерекше көріпкелдік қасиетіне байланысты әулие санап, ел қорғаны ретінде құрмет тұтты. Дулат ақын «Кеңесбайға» атты толғауында:

Байқара атаң бай болды,  
Төрт түлігі сай болды.  
Қайыры елге мол болды,  
Анық, әділ сол болды.  
Серкештен жылқы айдалды,  
Кешкенде жұртта тай қалды.  
Алдына келген дау болса,  
Әділеттікпен жайғалды.  
Дәулетше ел кенелді,  
Жетім-жесір тенелді.

Опасыз мына жалғаннан,  
Демі біткен күнінде  
О да көшіп жөнелді, –

деп тебірене толғайды.

Байқара бидің елден ерекшелендіретін қасиеті – әулиелігі. Әулие адамның өн бойында сәуегейлік, көріпкелдік пен болжаушылық бірдей тоғысып астасып жатады. Мұндай атақ дәп қазіргідей екiнiң бiрiне таңылмаған. Нардауысты Нарымбай мен Құдауысты Құттыбай билер сияқты аруақты аталардан өрбiген, қасиеттi тұт бесiкте тербетiлiп өскен Байқара биге осындай қастерлi атақты халқы кемеңгер көсемдiгi, iзгi iсi, сөз бастаған шешендiгi, қара қылды қақ жарған әдiл билiгi және туысы Ақтамбердi жырау, батыр бастаған жасақта көрсеткен ерлiктерi үшiн бердi. XVIII ғасырда болған ел тарихындағы қиын кезең, – «Ақтабан шұбырынды» заманында жоңғар тегеуiрiнiнен атамекенiн тастап, қиыр жайлаған халқын жауға тойтарыс берiлгеннен кейiн өз атажұртына қайта қоныстандыруда Байқара бидiң алысты бағдарлайтын болжампаздығы мен билгiр басшылығы көп септiгiн тигiздi.

Халық, данасы, дала данышпаны атанған, көрегендiгiмен ел басқарған Байқара би сынды нар тұлғалардың, арқасында халқымыз сара жолынан адаспай, ұлттық болмыс-бiтiмiн сақтап қалған. Ел-жұрт тығырыққа тiрелiп, қиналған сәттерiнде Байқара әулиенiң даналығына көбiрек жүгiнген. Ел арасындағы даулы мәселелердi шешкен кезде ол тек қана әдiлдiктi ту етiп ұстаған, бармақ, басты бура тартуға жол бермеген.

Ел аузында жатталып бүгiнге жеткен:

Ханға бермес қара бар,  
Қылышқа бермес ара бар.  
Кейбiр қараның сөзi,  
Хан сөзiне парапар, –

деген бiрауыз дана сөзi арқылы құрмеуi қиын дау-дамайды мейлiнше әдiл шешудегi Байқара бидiң, көсем билiгi мен шешендiгi жұртшылық көңiлiненен шыққан.

Ел тұтқасын ұстаған,  
Түзу жолды нұсқаған  
Байқарадай би қайда?

деп Шағалақ дейтін ақын тебірене толғап жырлағандай дарқан табиғат сыйлаған ерекше қадір-қасиетті бір бойына тоғыстыра білген Байқара бидің осы кемел ісі, үлгі-өнегесі оның баласы, атақты би атамыз Ақтайлаққа дарыған.

Сол бір қиын заманда ақыл-парасатымен толғаған-топты тоқтатқан, екі талай қысылтаяң іс болғанда тапқырлығымен жол нұсқап, көзге түскен, есімі ерте күннен алты алашқа белгілі болған, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қара тілдің шебері атанған шешен, дипломат – Ақтайлақ бидің шешендік дана сөздерінен, билермен айтысынан, өлеңдері мен жыр толғауларынан, әділ биліктерінен оның төкпе жырдың, суырыпсалма ақындық өнердің үлкен шебері болғанын байқауға болады. Ақтайлақ би – Бұқар жырау, Ақтамберді жыраулар секілді қазақ әдебиетіндегі дара ақындық шығармашылықты бастаушылардың бірі. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Тыныштық, заманда қиюы қашып, арасы ашылған қарындасты табыстырып, қысылшаң заманда сасқан елге жол табатын, бет нұсқайтын кемеңгер көрегені болған». Демек, Ақтайлақ, Байқараұлы қазақтың байырғы шешендік өнерін өзінің өлең, толғауларымен зерделеп, кезінде елінің ақылшы кемеңгері ретінде танылып өткенін білдіреді. Ол аталы сөздерімен, іс-әрекеттерімен ел бірлігін сақтауға бар күш-жігер, қайратын жұмсай білген.

Ақтайлақ би атақты би-шешендер әулетінде шамамен айтқанда XVIII ғасырдың орта тұсында, 1742 жылы Орталық, Қазақстандағы Ақтайлақ, өзенінің бойында туған, Ақтайлақ деп ат қоюы осы себептен болса керек, ал өскен жері – қазіргі Семей аймағы Абай мен Жарма аудандарының шектесетін жеріндегі Құндызды өңірі. Ол кезде Құндыздыны қалың Найман, оның сыбан руы қоныс етіп, жайлап, қыстап келген. «Қара көк шыққан жері қалың нудан» дегендей өз жұрты атақты би-шешендер әулеті болса, нағашы жағы да осал емес. Анасы Мәнхан әйгілі Қаздауысты Қазыбек бидің қарындасы екенін айтсақ, көп нәрсені аңғаруға болады. Ақтайлақ би – жүз жасқа жуық

жасаған, 1838 жылы дүниеден өткен. Бұл туралы оның қартайған шағында айтқан өлеңіндегі:

Екі қырық, бір он бестен асып тұрмын,  
Аяқты апыл-тапыл басып тұрмын

деген жолдар айқын дәлел болады.

Зираты Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданына қарасты Сарыарқа ауылының Терістік жағындағы Қайрақты тауының күнге жақ бауырындағы төбе үстінде, әкесі Байқара би кесенесінің жанында орналасқан.

Шешен-жырау өзінің ұзақ өмірінде үлкен-үлкен дауларға түседі. Қара сөзбен терең ой толғаған өлеңге бергісіз кестелі, әсерлі де ұтымды сөздерді осындай жерлерде айтады. «Ақтайлақ би айтқан» дейтін осындай ұтымды өткір сөздер ондап саналады. Алқалы топ, жиынды жерлерде, сөз сайыстарында алдына жан салмаған оның «Қазақтың қара тілі» атануы да содан. Оның бар шығармашылығын құрайтын да сол билік үстінде айтылған аталы сөздері мен толғау өлеңдері, сөз қағыстары.

Ақтайлақ шығармасы ел аузында көп сақталған. Оның таралу географиясы Ресейдің Түмен өңірінен бастап Қостанай, Жезқазған, Қарағанды, Баянауыл, Шығыс Қазақстан, Қытайдың қазақтар жиі қоныстанған Шыңжаң өңірі мен Жетісу өлкесі, Өзбекстан мен Қырғызстанға дейінгі үлкен аумақты қамтиды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар және текстология бөлімінде Ақтайлақ биден қалған деген шығармаларының ұзын саны елуге тартады. Оған қоса би туралы аңыз әңгімелердің өзі отыз шақты. Соңғы жылдары бұл орталық қоры белгілі сазгер, өнертанушы Ілия Жақановтың Ақтайлақ би шығармаларын Жезқазған өңірінен жазып алған және қарт жинаушылар аякөздік Ғабділахмет Шәкеров, жармалық Сіләмшайық, Имаммұсаұлы және Көкпекті ауданында тұрған халық ақыны Қалихан Алтынбаев қолжазбаларымен толықтырылды.

Ақтайлақ бидің 1991 жылы шыққан алғашқы кітабы бойынша және соңғы кездері ел аузынан жиналған, Қытай-



да шығатын «Мұра» журналында жарияланған материалдар негізінде «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» атты үлкен жинақ құрастырылып 2000 жылы жеке кітап болып шықты. Бұл жинаққа Ақтайлақ би мен ата-бабалары туралы ел аузындағы аңыз-әнгімелер, ақын-жыраудың толғаулары мен өлеңдері, биліктері мен сөз қағыстары, нақыл сөздері, оның ақын ұрпақтарының шығармалары, Ақтайлақ би туралы мақалалар, би жазып қалдырған шежіре енгізілді. 2003 жылы «Отырар кітапханасы» сериясымен Астанадағы «Елорда» баспасынан өлеңдері мен толғаулары, шешендік және билік сөздері, би туралы мақалалар топтастырылған «Ақтайлақ би» жинағы жарық көрді.

Би болған соң да Ақтайлақ ел ішінде дауы мен шарына көп араласады. Сондай алқалы топта сан шумақтар, тақпақтар мен қанатты сөздерді де шығарып тастап отырған. Өмір, дүние туралы, адамгершілік асыл қасиеттер жайлы философиялық ой-орамдары бар толғауларды көп айтқан. Бұл ретте Ақтайлақтың ақын ретінде «Нені айтамыз» деген философиялық нақышқа құрылған өлеңінің маңызы зор:

Ақ сауыт деп айтамыз,  
Атылған оқ өтпесе.  
Арғымақ деп айтамыз,  
Желгенде жылқы жетпесе.  
Ақылды деп айтамыз,  
Тозған елді септесе.  
Ер жігіт деп айтамыз,  
Жауға тастап кетпесе.  
Жақсы әйел деп айтамыз,  
Жамандап ерін сөкпесе.  
Жабылып елі көптесе.  
Шерлі мұңы тарқамас,  
Көзінің жасын төкпесе.  
Жақсы менен жаманды,  
Жаманат деп жалғанды,  
Қолмен ұстап, көз көрер,  
Санаулы демің бітпесе.

деп адам бойындағы асыл қасиеттерді тізбектеп санаға құяды, бидің тақтайлап айтқан осы жыр жолдары дана абыз өсиеттеріндей көкейге қонып, тағылымдық, маңызымен баурап алады. Сонымен бірге үй-іші, отбасы, ошақ қасы

сияқты жайларға қатысты сөздері үлкен, салықалы ойлармен шебер айтылады. Ата-ана тағылымы мен тәлім-тәрбие туралы дидактикалық ғажалия өлеңдері мен жыр термелері де бүгінгі жастарымызға үлгі боларлық нұсқалар:

Тасыма жігіт тасыма,  
Тасыған жетер басыңа.  
Жаттан да жақын шығады,  
Жатырқап жаттан шошыма.  
Бәрін өзім білем деп,  
Бекерге лағып жосыма.  
Үй мекені дейсіндер,  
Үй артында кісі бар,  
Білгендерің осы ма?  
Ителгідей томсарсаң,  
Кім жолайды қасыңа.  
Күлме бекер досыңа,  
Жақсылыққа қуанып,  
Жамандыққа жасыма.  
Жақсылық пен жамандық,  
Өмірінше тұрмайды,  
Бір кісінің басында.

Қай кезде болсын, ескірмейтін, өшпейтін, ғибраты мен тағылымы мол, жоғары адамгершілікке толы мұндай төкпе жыр шумақтарын Ақтайлақтың қай өлең-толғауынан болсын жиі ұшыратамыз.

Өз шығармаларында Ақтайлақ би ел намысын, ер намысын ұстай білуді ту етіп отырады. Елін, туған жерін, шын сүйіп өскен ел азаматы болса, оған керекті асыл қасиеттерді төбесіне көтере құрметтейді, оларды өзінің от-жалынды жыр-толғауларына арқау етіп отырады. Жас ұрпаққа бауырмал, ұйымшыл болып өсуді үйретіп, оларды имандылыққа, ізгілікке шақырады.

«Ердің құны – екі елу» атты билік толғау – Ақтайлақ, шығармаларының ішіндегі ең жоғарғы биік туындысы. Себебі, ол ең алдымен, кейінгі ұрпаққа өнеге ретінде қалар нұсқа, әділ биліктей айтылған сөз болса, екіншіден, ол ел жақсысы атанған кейбір билердің паракорлығын әшкерелейтін терең ойлы өткір философиялық эпиграмма. Тобықты Өскенбай бидің тұсында көкше руының жігіттері көршілес Керей елінен барымтамен мал алып, екі жақ

қатты ұрысқа түскен кезде тобықты-көкшелер керейдің бір адамын өлтіреді. Содан екі елдің арасын үлкен жиында қаралатын дауға ұласады. Талай билер, ел жақсылары сол жиынға шақырылады. Билік айтуға керейлер Ақтайлақ, биді атап, көкше жағы Бопы төрені қалайды. Сол сәтте Бопының баласы Солтабай төре әкесіне білдірмей көкше жағынан пара алады. Енді дау үстінде төрт кісі күмән қылған үлкен жанжал бұрынғысынан да өршіп, Сергиопольде бас қосқан ұстамақ болған мезетте Ақтайлақ би Бопы төренің пасық әрекетіне тосқауыл қояды. Ел сенген жақсылар билікке араласқанда, адамгершілік пен адалдық қасиеттерді берік ұстау керектігін айта отырып, алдамшы, парақор бидің масқара ісін көп алдына тезге салдырады. Кісісі өлген Керейлерге төлеу үшін жүз түйе күн кестіреді. Ол шешімге Бопы наразылық білдіргенде:

Әуелі баһара ашылса,  
Аққу шомар көлдерге.  
Туысқаны кімнің көп болса,  
Үлкен медеу белдерге.  
Қырық кез торғын жатыр ғой  
Ақ сандықтың түбінде.  
Бәрін айт та, бірін айт  
Солтанжан-ау,  
Сарықасқа ат тұр ғой белдеуде.

деп құлқынның құлы болған, көп үмітін ақтай алмаған парақор бидің қылмысын әшкерелейді. Ақтайлақ бидің қара қылды қақ жарар әділдігі оның биік ақыл-парасатынан туатынына сол жолы көзі жеткен жұрт кейінде де аңыз етіп, ел іші таратып әкеткен. Ұлы ақын Абайдың әкесі жас Құнанбай да осы билік куәсі болып, даудың әділ шешілуіне, Ақтайлақ би шешіміне тоқтамға келуге әкесі Өскенбай биге ықпал еткен.

«Ердің құны – екі елу» билігі кейінгіге нұсқа болып қалған. Осы орайда 1885 жылы мамыр айында Шар маңындағы Қарамола төтенше съезінде ұлы ақын Абайдың тікелей қатысуымен жазылып қабылданған «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережелері» немесе «Билер ережесі» үлкен маңызы бар құқықтық құжаттың 27-ші бабында: «Әдейі қастандықпен өлтірілген

ер құны 100 түйе» деп көрсетілген, яғни бұл бап Ақтайлақ бидің «Ердің құны – екі елу» кесіміне нақ сәйкес келеді. Оның үстіне осы «Билер ережесін» жазуға Ақтайлақ бидің шөбересі Жұмахан Жарқынбайұлының Семей оязының құрметті қазағы ретінде қатысып, қол қоюы көп жайтты аңғартса керек. Ақтайлақ, бидің тағы бір талантты шөбересі, көрнекті халық ақыны Төлеу Көбдіков осы билікті шығармасына арқау етіп, «Ақтайлақтың толғауы» атты дастан жазған.

Ақтайлақтың осы әділ билігіне қатысты әңгімені Абайдың талантты шәкірті, көрнекті ақын Көкбай Жанатайұлы аузынан жазып алған Мұхтар Әуезов «Таң» журналының 1925 жылғы № 2 санында «Сыбан Ақтайлақ би» деп арнайы жариялаған. Мұқаң «Билер айтысы» деген тағы бір зерттеуінде осы айтылғандарға қайта оралады. Сөйтеді де екі бидің таласып айтқан сөздеріне мысал етіп, Ақтайлақ би айтысын тағы нұсқаға келтіреді. «Қазақтың ауыз әдебиеті» деген басқа бір іргелі зерттеуінде: «...Ел аузындағы аңыздар мен әдебиеті сұлтан Солтабайдың пара алатындығына қарсы Найман руынан шыққан Ақтайлақ бидің әділ сөздерін халық мақтап, көтеріп айтады», – деп бидің шешендік, шеберлік талантына ерекше назар аударады.

Бұл толғаудың, өн бойынан XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі өкілі – Ақтамберді жырау шығармаларының әсерін, онан жұғысқан үлгі-өнегені ерекше байқауға болады. Ақтамберді жырау да жоңғарлармен соғыста жүрген кездерін және өмірінің ақырғы кезендерін де осы Ақтайлақ бидің туып өскен өңірінде, яғни Хан Шыңғыстауы, Құндызды, Арна өзендері төңірегінде өткізген. Сонда Ақтайлақ өзінен бұрын осы батыр жырау ұстазымен кездесіп, одан ақыл-кеңес алуы әбден мүмкін. Сол себепті де болар, Ақтайлақтың толғау, жырларында жастарды батырлыққа, ерлікке шақырған үндеуі Ақтамберді жыраудың елін сүю, оны қорғауға әзір болу сияқты отаншылдық идеясына, азаматтық жігерлі сарындарына бой тартатыны білініп тұрады.

Ақтайлақ шығармалары оның өмір сүрген дәуіріндегі өз халқының болашағы жайлы ойлап, қалай түсінгенін танып, аңғартады. Би ақын ретінде сол дәуірдің тұрмыс-салты мен

бел алған дәстүрін, сол кездегі өмір ағымына, әлеуметтік өзгерістерге байланысты қазақтардың дүниетанымдық ерекшеліктері мен ой тұжырымдарын толық байыта жырлайды. «Достық жайлы», «Өзімшілдік және әдептілік жайында», «Қуәсізде қуат болмас» және тағы басқа толғау өлендерінде адал жар, асыл ер жайлы ойын шебер айтады. Жақсы мен жаманның айырмашылығы туралы, ағайын арасының татулығы мен туысқандық сыбайластық қасиеттері туралы жыр тиегін ағытады. Сол сияқты дүниеқоңыз пейіл мен пасықтық, есерлік, мақтаншақтық, опасыздық секілді мінез-құлықтарды сын тезінен өткізеді.

Ақтайлақ би мемлекет ісіне де белсене араласқан. Болат ханның тұсында 1773 жылы қыста Қытайға қазақ елшілігін басқарып барып, екі ел арасындағы қарым-қатынасты жандандыруға көп еңбек сіңірген. Бұл жөнінде Қытай Шың патшалығының, Орда күнделігінде жазылыпты.

Ақтайлақ би тек заңгер, ақын-жырау, шешен ғана емес, елінің тарихын көп білетін шежіреші дәрежесіне көтерілген. Абылай хан өз тұсында Көкшетаудағы ордасына үш жүзден таңдаулы елу биді шақыртып, қазақ руларының ата-баба шежіресін жазуға тапсырма беріпті. Әлгі билер мерзімді уақыт өткеннен кейін жазған шежірелерін ханға әкеліп табыс өткеннен кейін Абылай хан өз кезегінде бұл қолжазбаларды атақты бес биге көрсетіпті. Сол бес бидің бірі – Ақтайлақ би екен. Бесеуі шежірелерді өзара талқыға салып, қазақтың ортақ шежіресін жазып шыққан деседі. Мұның бәрі мемлекеттік маңызы бар іс ретінде өте құпия сақталыпты. Бес би қарап жазып шыққан ортақ шежірені Абылай хан құптап, бірнеше данасын қайта көшіртеді де, елу биге бір-бірден үлестіріп береді. Ақтайлақ биге де бір данасы тиіпті. Шежіренің қолжазба түпнұсқасын би ұрпақтары қастерлеп сақтап келген. 1930 жылдар зобалаңы басталған кезде шежірені тау-тасқа тыққан, бірақ уақыт өте келе заман түзеле бастағанда қайта іздестіргенде ешкім таба алмапты.

Ақтайлақ би шежіресі дегеніміз – ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен жұрнағы ғана. Соның өзінде Ақтайлақ би қатысқан ата-баба шежіресі қазақ тарихын жазуға үлкен септігін тигізді деуге болады. Сондықтан да өз тарихын да, тағдырын да, тәлім-тәрбиесін де, заңын да, даналығын да,

қуанышы мен қайғысын да бір ғана «би» сөзіне сыйғыза білген Ақтайлақ би таразы басын тең ұстап, қара қылды қақ жарған әділдік жолын ұстанды. Осы өткен ғасырларда қазіргі қазақ тілінің де кемелденіп, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің көбеюінің де себеп-салдары Ақтайлақ би сияқты сөз зергерлерінің арқасы деуге қақымыз бар.

Қазақ даналығының жоғарғы көрсеткіші билер институты десек, ол тек халықтан ғана тәуелді болған, яғни қазір демократтар аңсаған үш биліктің нағыз тәуелсіз сот тармағын құраған. Билер институтының басты ерекшеліктері: биді ешкім тағайындамайды, халық оны білімдігі мен шешендігіне қарай талдап, соның ғана шешімін қабылдайды. Осындай көп таңдаудан өткен билер ғана ру көсемі, ел басшысы дәрежесіндегі билер аталып, жұртшылық атынан сөйлей алған. Осындай сындардан мүдірмей өтіп жас күншен би атанған Ақтайлақ би шешендіктің билік айтар тұстағы ең бір қажетті ерекшелігі – туған халқының жүйе-жобасын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, заңдық қалыптарын жетік білген. Қазақ билік өнерінде жүйеден ұтылса, сөзден жеңілу оп-оңай болған. Соған орай Ақтайлақ би шешендігіне қоса ғұлама, білімдар зерек адам болған.

Дала данасы Ақтайлақ би еліміздің қайталанбас елдігін, ерлігін, қасиетін, даналығын бүкіл қазақ даласы мен көрші елдерге танытқан мақтанышымыз деп білу керек. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген тамаша мәтел бар. Демек, дала даналығы ұяда тәрбие екен асылдық. Ақтайлақ би тәрбиесі мен үлгі-өнегесінен өрбіп, өз жемісін, нәтижесін берді.

Сақал-шашы ағарғанша тұғырынан таймаған, халқы алақанына салған батагөй қарт өзінің өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін балаларына, көкірегінде сәулесі бар, үміт күткен жастарға құюдан еш жалықпаған. Мұның жарқын мысалы – ұлдары Кеңесбай, Жарасбай, Айнабай, Әкімбай, Сабырбайлар бес би аталып, өлең сөзге де, қарасөзге де шешен болыпты.

Ұлы Мұхтар (Мұхтар Әуезов) қайран қалып тамсана жазған Сыбаннан шыққан 17 ақынның бәрі де Ақтайлақ би талантынан нәр алған талантты шәкірттері. Сол заманда Сыбан ішінде Байқарадан тараған Ақтайлақ бастаған 17

ақын атақты жыр дүлдүлі Жанақпен айтысқаны белгілі. Сонда олардың бірнеше күн айтысқаны туралы белгілі түркітанушы-ғалым Радлов естіп біліп, осы айтыстың шағын нұсқасын жариялағаны мәлім. Одан кейін Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин және М.Әуезовтің ерекше мән бере айтқандары және бар. Бұл сөз болған жайттың барлығы Ақтайлақ бидің өз баласы Сабырбай, жақын туысы, Әділ ханның сұрқылтайы атанған Түбек сынды атақты жыр жүйріктерінен құралған ақындық мектебі болғандығын паш етеді.

Мұхтар Әуезовтің де Ақтайлақ би ұрпақтарының бірі екендігін ауыз толтырып айта аламыз. Бидің үлкен баласы, ел басқарған Кеңесбай би ұлы жазушының атасы, бозбала жігіт Әуезді сонау қияндағы Созақтан аттай қалап алдырып, өз еліндегі жастарды ислам қағидалары мен имандылық мұраттарына үйреткен. Сахара далаға білім нұрын шашқан Әуездің көңілі Кеңесбайдың кенжесі Малдыбайдың қызы Дінәсілде болады. Жас жігіттің адамшылық қасиетін жоғары бағалаған Кеңесбайдың ортаншы баласы Жарқынбай би інісі Малдыбайға: «Оқымыстыға шыққан қыз қор болмайды» деп сөз салып, екі жасты қостырады. Осылайша би ұрпақтары Әуез молданың Құндызды өңірінде тұрақты қоныстанып қалуына ықпал еткен, артынша бұрыннан құдандалы Құнанбай қажы Әуезді өз ауылына көшіріп алып, Бөріліден жер берген. Ақтайлақ бидің шөбересі сол Дінәсілден Омархан туса, оның баласы Мұхтар сүйікті әжесінің бауырында өсіп, үлкен ғибратты тәрбие алған, бала жасынан атақты би мен оның ұрпақтары туралы ел әңгімелерін құлағына құйып өсіп, есейе келе олар туралы халық жадында қалған аңыздар мен төл туындыларын жинап жазып алған, баспасөз бетінде жариялап, зерттеулерінде ерекше атап өткен. Жерлестерінің айтуына қарағанда ұлы жазушы би бабасы туралы көлемді көркем туынды жазбақ ниеті болғанға ұқсайды.

Алайда заман ағымы, өмірдің кесе-көлденең қым-қиғаш тіршіліктері мен кеңестік әкімшіл-әміршіл үстемшілдік алапат кезең бұл жұмысқа ырық бермеді. Өткен тарихты қозғап қана қоймай, хан, би, батыр атаулыны айтуға тиым салынды. Сонда да қайсар Мұхаң өзінің қазақ әдебиетіне арнаған зерттеулерінде Ақтайлақ би, Сабырбай, Түбек туралы құнды пікірлер айтса, «Абай жолы» роман-

эпопеясында Ақтайлақ бидің өз есімімен, Сабырбайды Қадырбай, Түбекті Шүмек деп енгізіп, Сабырбайдың қызы Қуандыққа «Қияда» тарауында жеке бөлім арнады.

Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді десек, дүркіретіп ат шаптырып, көл-көсір дастарқан жайып той еткізу, мәжіліс құру бар да, осындай үлкен алқалы жиындар мен салтанаттардан ескерткіш белгілер мен рухани мұралар қалдыру жайы тағы бар. Осы ретте Ақтайлақ би мұраларын зерттеу ісі кеңінен қолға алынып, республикалық, облыстық және аудандық баспасөз беттерінде, ғылыми жинақтарда ҚР ҰҒА академиктері М.Қаратаев пен З.Ахметов, филология ғылымының докторлары, профессорлар М.Жармұхамедұлы, С.Негимов, Н.Төрекұлов, З.Сейітжанов зерттеулері, Қазақстанның халық жазушылары Ә.Нұршайықов, М.Әлімбаев, Қ.Жұмаділов, халық ақыны, әдебиет зерттеушісі, этнограф, шежіреші Қ.Алтынбаевтардың кең көлемді танымдық, ғылыми-көпшілік мақалалары, би шығармаларын жинап насихаттау ісіне көп еңбек сіңірген, Сыбаннан шыққан 17 ақын мұражайын ашып, «Насихат» мәдени орталығының директоры болған зиялы азамат, марқұм Еркін Жұмағұлұлы, шежіре қарттар, ауыз әдебиетінің білгірлері Ғабділахмет Шәкерұлы, Сіләмшайық Имамұсаұлы материалдары және т.б. деректер жарияланды. Ақтайлақбитану осылай басталып, жемісті жалғасын табуда.

Бұл тұрғыдан алғанда да Ақтайлақ би мұрасын зерттеу, зерделеу арқылы осы тарихи тұлғаның халықтығымыздың қалыптасу кезеңдерін айқындаудағы, ұлттығымыздың дәуірлеу тұстарын екшеудегі алар орнын, қазіргі өміріміздегі әлеуметтік мәнін қалың қауымға, әсіресе, жас жеткіншектерге берер тағылымын бағамдар едік. Мұны да науқаншылдыққа, құр мақтанға айналдырмай, нағыз тәрбиелік мұраттарға пайдалану ләзім.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1998 жылы 5 қаңтарда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Студенттер сарайының ашылу салтанатына байланысты жастармен кездесуде сөйлеген сөзінде: «...Қазаққа ауызбірлік пен татулық қажет. Ел арасы тыныш болса, төңірекпен тату болсақ, бәрінен де өтеміз. Ақтайлақ бидің сөзі еске түседі осындайда:



Жақыннан шыққан жау жаман,  
Етегіңе жабысқан.  
Жөнді кісі болмайды,  
Ағайынмен алысқан.  
Одан жүйрік ат артық,  
Ауыздықпен қарысқан.  
Жақынын жауға бермейді,  
Адамнан туған арыстан.

Дәл қазіргі заманға керек асыл сөздер емес пе? Тәуелсіздік біздің және ата-бабамыздың арманы. Оны сақтап қалу менің де, сендердің де парыздарың! Бұл баршамызға сын!» – деп би баба өсиетін үлгі етеді. («Егемен Қазақстан» 1998 ж. 6 қаңтар).

Данагөй халқымыз «Ер – елдің айнасы, ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар, батыр туар ел үшін, жақсы туар көп үшін» деп бекерге айтпаған. Олай болса, Ақтайлақ бидің тағылымды тұлғасы – халқына, ұрпағына мәңгі бақи қасиет нұрын шаша бермекші.

## АЛТЫН ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

XIX ғасыр ұлттық әдебиет тарихындағы елеулі кезең болды да, поэзия биік белестен көрініп, жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Сол себепті халық ауыз әдебиеті шырқау биікке шыққан, жазба әдебиетінің берік негізі қаланып, жаңа мазмұн, жаңа сипаттағы тың шығармалармен айшықталған бұл мәні зор кезеңді алтын ғасыр әдебиеті деп атауға толық негіз бар. Қоғамдық өмірмен етене араласып, халық тұрмысы мен арман-мұңын тереңнен қозғаған ұлттық поэзияда талант талғамы әр алуан ақындар жұртшылық көкейінен шыққан шығармаларымен өлең өресін биіктетіп, сөз өнерін байытып түрлендіруге өзіндік үлестерін қосты. XIX ғасыр әдебиетінде айтыс өнері басымдылық танытып, суырыпсалма айтыс ақындары көптеп шықты. Жанак пен Шөже, Орынбай мен Түбек, Сүйінбай мен Тоқжан, Құлмамбет, Бақтыбай мен Сақау, Біржан мен Сара, Майкөт, Кемпірбай, Кеншімбаи мен Айсұлу, Сабырбай мен Байбала, Әсет пен Ырысжан, Жамбыл және т.б. айтыс өнерінің жүйріктері шаршы топта ұтқыр ой, орамды сөзбен өрілген шеберліктерімен көзге түсіп, бүкіл ғасыр поэзиясының салмақты жүгін көтерді, айтыс өнерін билеуші топ пен ру мүддесі төңірегіндегі тәуелділік төркінінен әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көтеру деңгейіне жеткізіп, ақындық талантты ұштап шыңдауға қарай бағыттады. Басынан аяғына дейін ұзақ желідей болып тартылған әйел теңдігі тақырыбын қозғаған, әділдік пен адамгершілік қамқоры ретінде ақын бейнесін тарих сахнасына шығарған «Біржан мен Сара» айтысы өзге айтыстардан көркемдік жағынан поэзиялық биік туынды болды. Негізінен, поэзиямен өрілген ғасыр әдебиетін маңызды төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1. XIX ғасырдың алғашқы қырық жылын

қамтыған асқақ рухты, өршіл үнді көтеріліс поэзиясы. Ғасырдың бас кезінде патша үкіметінің қазақ даласындағы отаршылдық саясаты мен әлеуметтік қайшылықтар батыста Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісін, Орталық Қазақстанда – Кенесары – Наурызбай басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалысы мен түкпір-түкпірде басқа да көптеген халық көтерілістерін тудырды да, қазақ халқының өз тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы азаттық ерлік күресін жырлаған көптеген дастандар мен өлең-жырлар ел жадында сақталып қалды. Ұлт-азаттық күрес тақырыбы ғасыр әдебиетінің бірінші жартысындағы негізгі арқауына айналды. Көтеріліс поэзиясының ірі өкілдері азаттық күрес күндерінің ұраншысы, халықтың арман-мұңының жокшысы, қасіретке толы заман шежірешісі болды.

Махамбет батыс өңіріндегі көтерілісті ұйымдастырушының бірі, әрі оның жалынды жыршысы ретінде танылды да, қалың жұртшылықты патша өкіметіне, хандық билікке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны болды. Ақын толғаулары мен өлеңдері осы көтерілістің жарқын бейнесі ретінде сол кездегі әділетсіздік пен теңсіздікке байланысты құбылыстарды аяусыз әшкерелеген құралға айналып, қазақ поэзиясының реалистік бағыт-бағдарын айқындап берді. Махамбет поэзиясы қазақ әдебиетін мазмұн жағынан байытып, бұрынғы ғақлиялық-тәлімдік сипатқа бет бұрмай, заман ағымымен кең тыныстады, оның өлең-жырларында асқақ рухты азаматтық үн пайда болып, ұлттық поэзияға алғаш рет әлеуметтік, қоғамдық, саяси реңк берді, әділеттік пен азаттық құралы дәрежесіне көтеріліп, халықты өз құқықтары үшін күреске шақырды. Өлеңдерін дәстүрлі үлгіде шығара отырып, түр, мазмұн жағынан көп жетілдірді: жеке адам бейнесін жасауды алғаш рет поэзиямызға Махамбет енгізді. Оның поэзиясы кейін күресшілдік қалпын сақтап, көтеріліске тілеулес ақындар тобын өсірді. Махамбеттің замандасы Шернияз «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде» қорқау, шенқұмар ел билеушілерін аяусыз ажуалап, өз көзқарасын айқын танытты, Исатайға арнаған өлеңдерінде батыр бейнесін сомдады, сол арқылы азаттық тақырыбын асқақ үнмен жырға қосты. Осы көтеріліс оқиғасына ғасыр соңында Ығылман Шөреков көлемінің

қомақтылығымен, әрі идеялық-көркемдік сонылығымен ерекшеленген «Исатай – Махамбет» атты дастанын арнап, қос батырдың шынайы қаһармандық бейнелерін сомдау арқылы қозғалыстың поэзия тілімен кестеленген шежіресін жасады. Отаршылдыққа қарсы күрестің үлкен бір ауқымды ошағын Кенесары мен Наурызбай басқарған ұлт-азаттық көтерілісі жайлы осы оқиғаға бастан-аяқ қатысқан Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» атты көлемді жырында тарихи шындықты жырмен өрнектеп берді, эпик ақын көзбен көрген оқиғаларын кең ауқымда қамтып, шығармасының эпостық сарынына-лирикалық мән берді де, бостандықты аңсаған елдің мұң-зарын, заман шындығын әсерлі бейнелеп, шебер тілмен кестеледі. «Кенесары-Наурызбай» жыры көркемдік қуатымен ғана емес, тарихи деректік сипатымен де құнды шығарма болды. Нысанбай сол кездегі қазақ қоғамының ішкі жағдайын, ағайын арасының алауыздығын, рулық талас-тартыс пен барымта атаулы сияқты зиянды жайттарды дәл сипаттады. Жырдың осындай шынайылығы Кенесары-Наурызбай көтерілісіне қатысты басқа шығармалардан оны биік тұғырға көтерді.

2. XIX ғасырдың 40–70 жж. ағартушылық бағыттағы әдебиет қазақтың тұңғыш ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин есімдерімен тығыз байланысты. Шоқан туған халқының бай ауыз әдебиетін жинап, жариялап қана қоймай, оны ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеді, оның негізгі жанларын ғылыми негізде дәйектеп, ауыз әдебиетін жасаушылар мен орындаушылар жайлы құнды пікірлер айтты. Зерттеушілік көзқарасы жағынан Ресей ғалымдары деңгейінде болып, ұлттық фольклортану ғылымы тарихында өшпес із қалдырды. Осылайша қазақ ғылымының берік негізін сала отырып, ұлт ішінде тарих пен заман, әдебиет пен өнер, болашақ өмір жайлы жаңа көзқарас тудырды. Шоқанның ағартушылық идеяларын Ыбырай Алтынсарин өз шығармашылығында одан әрі дамытып, қазақ әдебиетінде жаңа бетбұрыс жасады: оның поэзия мен прозаның шағын туындылары – өлең мен әңгіме жанрларына қалам тербеген шығармаларында өнер-білімге шақыру, адал еңбекті дәріптеп, адамгершілік пен парасаттылықты жырлау, табиғат пен қарапайым адам өмірін бейнелеуге бет бұру сияқты жаңа тақырыптардың

батыл бой көрсетуі, ұлт әдебиетінің жаңа мазмұнға қарай бағыт алып, алдыңғы қатарлы демократиялық ойлармен, көркемдік ізденістерімен байи түсуіне кең жол ашты. 3. «Зар заман» поэзиясы.

1840–70 жылдар әдебиеті ақындардың көптігімен ғана емес, олардың шығармашылық сыр-сипатының әрқилылығымен де ерекшеленді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі қазақ халқының ең шұрайлы жерлерін тартып алып, отаршылдық, тонау саясатын одан әрі өршелене жүргізді, мұнан қарапайым халық зардап шегіп, үлкен күйзеліске ұшырады, болыстар мен байлар өз байлық-дәулетін ғана ойлап, зорлық-зомбылық, паракорлық жолына түсті, елін бұл зобалаңнан қалай аман шығарарларын білмей билер дағдарды. Халық басына түскен ауыр хал әдебиетте «Зар заман поэзиясы» деген атпен із қалдырып, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір оның көрнекті өкілдері болды. Олар патша үкіметі бүкіл қазақ жерін өктемдікпен отарлап бөліп алуға күш салып отырған тұста өмір сүріп, шығрамаларын тудырды. Сол себепті де «Зар заман» ақындары шығармаларының өнбойында олардың пайымдауынша туған халқына орасан зор қасірет әкелген, тілмен дінінен, ата-баба жерінен, тұрмыс-салты мен әдет-дәстүрінен айыруға душар еткен отарлаушы империяның зорлық-зомбылығы, зар-заман әуенінде нақты көрсетілді. Мұның бәрі, шын мәнінде Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ірі эпик ақындарының патша өкіметінің отаршылдық саясатына табиғи қарсылығы болып, оларды ұлттық күрескер дәрежесіне көтерді. Алайда, Кеңес дәуірінде әкімшіл-әміршіл жүйенің 1950 ж. жүргізген өктем саясаты салдарынан бұл ақындар шығармаларына керітартпа-ұлтшыл, ұлт араздығын тудыратын туындылар ретінде баға берілді де, қазақ поэзиясының бір топ көрнекті өкілдерінің бай шығармашылығы ұзақ жылдар бойы ұрпақ санасынан өшірілді. Қазақстанның тәуелсіз ел атануы арқасында «Зар заман ақындары ұлт әдебиеті тарихынан өздерінің лайықты орнын алды. «Зар заман ақындары шығармаларында сарыуайымшылдық сарыны орын алғанымен олар ескі өмірді аңсай отырып, заман шындығын көркем тілмен шебер бейнелеп жеткізуді, патшаның отарлық саясатын батыл әшкере етіп, халықтың қайғы-қасіре-

тін ашық көрсетті, елдікке, ұлт болуға үндеп, озбырлыққа қарсы әрекетке шақырды, қазақ ауылына келе бастаған әлеуметтік өзгерістерді сын көзімен тап басып көрді, ұлт поэзиясын жаңа көркемдік өлшемдермен байытты. 1840–50 жылдардығы поэзияның келесі бір салмақты да өрелі бөлігі – әнші-ақындар шығармашылығы. Бұл ретте Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Әсет және т.б. сияқты сал-серілер өлең мен әнді өмірлеріне серік етіп, әділетсіз жырларының негізгі өзегі болып, ұлттық поэзияның сыншылдық сипатының арта түсуі мен көркемдік қуатының шыңдала, түрлене түсуіне өзіндік үлкен үлес қосты.

Қазақтың реалистік бағыттағы жаңа әдебиеті оның негізін салған Абай Құнанбаев есімімен байланыстырылып, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің соңғы төртінші кезеңін аяқтайды. Абай өзіне дейінгі сан ғасырлық әдебиеттің озық қасиеттерін өз бойына сіңіріп, оны өзіндік көркем әдіс жасау дәрежесіне көтерді. Абай шығармашылығы – қазақтың жазба әдебиетінің жаңа өрлеу, өркендеу, кемел биігіне жеткен кезеңі болды. Адамды негізгі кейіпкер дәрежесінде ғана сомдап қана қоймай, оны көркем бейнелеу әдісін ұлт әдебиетіне Абай әкеліп, адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік бет-бейнесін терең ашып көрсетуді сөз өнерінің басты міндетіне жатқызды, поэзияның сыншылдық сипатын күшейту барысында әдебиеттің сыншылдық әдісін өмірге әкелді. Адамның ішкі жан дүниесіне терең үңілу негізінде қоғам дамуындағы әлеуметтік мәселелерді батыл ашып суреттеді. Абай поэзиясында өмірдің келеңсіз құбылыстары, адамзат дамуына кедергі жат қылықтар аяусыз сынға алынып, өлең нысанасының әшкерелеушілік қуаты күшейді. Абай қазақ өлеңінің тақырып ауқымын молайтып, әлеуметтік сарынға жаңаша әр, мазмұн берді, өлең құрылысында үлкен бетбұрыс жасап, қазақ өлеңін түр жағынан байытты, ұлттық поэзияға жиырмадан астам жаңа өлең өлшемін әкеліп, ақындық өнерді биік сатыға көтерді. Абай өлеңдері арқылы қазақ өлең өнері – парасатты, кемел де мәдениетті поэзия деңгейіне шықты.

## АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ЖҮЙРІГІ

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында суырыпсалма ақындық өнерімен ұлттық поэзияның өркендеуіне өзіндік үлес қосқан жыр дүлдүлдерінің ұзын саны екі жүзден асып жығылады екен. Солардың біразы Кеңес заманында лайықты бағасын алып, көптеген ғылыми еңбектерде зерттеу нысаны болғандығы, шығармаларының топтама жинақтарға еніп те, жеке кітап ретінде де жарияланғаны белгілі. Тәуелсіздік алған кезеңде ақындық поэзияның ірі өкілдерін жеке зерттеу мүмкіндігіне қол жетіп, арнайы диссертациялар мен монографиялық еңбектер жазылғандығына куә болдық. Сонымен бірге осы көрнекті айтыс ақындары қатарында әлі де жеткілікті көңіл бөлінбей, әдебиет тарихындағы орны анықталмай келген ірі талант иелері де баршылық. Бұл ретте академик М.Әуезовтің «Айтыс өлеңдері» атты зерттеу еңбегінде айтқан: «Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққандар: Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манатқыз, Түбек, Сабырбай, Тойбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар» деген пікіріне сүйенсек<sup>44</sup>, осы кілең таланттар шоғырындағы Сабырбай ақын есімі, әдебиет зерттеуші қауымға бұрыннан етене таныс.

Дәстүрлі ақындар поэзиясының ірі өкілі болған Сабырбай өзінің өткір жырларымен халқына кеңінен танылып, суырыпсалма ақын ретінде айтыс өнерінің жаңа сипатта дамуына өзіндік үлес қосты, оның ақындық талантын қазақ ғалымдары ғана емес, орыс оқымыстылары да жоғары бағалап, өз еңбектерінде ерекше атап өтті.

<sup>44</sup> М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985, 17-т., 298-6.

Айтыс өнерінің жүйрігі Сабырбай Ақтайлақұлы 1793 жылы бұрынғы Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай және Жарма аудандарының жерлері түйіскен Құндызды өңірінде өмірге келіп, 1880 жылы сол мандағы атақонысы Апатай деген жерде қайтыс болған. Сүйегі сонда қойылған. Ол да әкесі Ақтайлақ би сияқты ұзақ жасап, тоқсан жасында дүниеден өткен. Жасынан өткір, өр мінезді, тапқыр, сөзге шешен болып өскен талабы зор баласына Ақтайлақ би үлкен үміт артып, ерекше еркелетіп өсірген. Ақындық талант Сабырбай бойында бала жасында қалыптасып, жыраулық өнерге, ән-күйге құмар болып өседі, кішкентайынан дүбірлі жиын-тойларға қатысып, өз жанынан өлең шығарады.

Жыр дүлдүлі – ақындық, шешендік өнер қонған, қазақ сахарасына есімдері мәшһүр кілең тарландар шыққан билер әулетінде туып өсті. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Семей өңіріндегі Жарма, Аягөз аудандарының біраз бөлігін мекендеген Найман ішіндегі сыбан руының Жанкөбек тармағынан шыққан төртінші атасы Нарынбай сөзге шешен, әділетті би ретінде белгілі болып, Ташкент шаһарының бір қақпасына басшылық етсе, оның баласы Құттыбай қазақ шежіресінде асқан шешендігі мен көрегендігіне орай «Құдауысты Құттыбай би» атанған. 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшілерінің бірі. Құттыбайдың Байқара, Ботақара, Боран, Сейтен атты ұлдары шетінен шешендігімен елге белгілі болып, халық оларды «Төрт Құттыбай» деп атаған. Сол төртеудің бірі Байқара би ел басқарған көсем, жұрт аузында сөзі жатталған шешен болса, оның баласы Ақтайлақ би қара қылды қақ жарған әділ биліктерімен, шешендік дана сөздерімен, ойлы да зерделі өлең-жырларымен бүкіл қазақ сахарасында танылып, бұл талант ерекшеліктеріне қоса елшілік қызметін атқарған көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген.

Ақтайлақтың балалары – Әкімбай, Кеңесбай, Жарасбай, Сабырбай да әкелеріне тартып, сөзге шешен, би болыпты. Зерттеу өзегі болып отырған Сабырбай ақын есімі осы Байқара әулетінен шыққан он жеті ақын аңызына байланысты жиі айтылады. Ел аузында бұл аңыз «Сыбаннан шыққан он жеті ақын» деген сөзбен таралған.



Тарихы тереңге бойлаған бұл аңыздың пайда болу себебін, кең көлемді ауқымын анықтау үшін кейбір деректерге назар аударалық. Бұл – халық арасына кең тараған жай ғана аңыз немесе дақпырт емес, нақтылы болған оқиға. «Он жеті ақын» аңызы атақты Жанақ ақын мен бала айтысына байланысты шыққан. Ақиқатында, ХІХ ғасырдың бас кезінде осы бір әулеттен шыққан 17 ақынның атақты жыр жүйрігі Түбек бастаған он алты ақынын әйгілі Жанақтың бірнеше күн айтысып, ойсырата жеңгені, тек он жетінші бала ақын – Сабырбайдан жеңілуі шындық.

Он жеті ақынның Жанақпен айтысына М.Әуезов жете мән беріп, айтыстағы ақындық дәстүр, жоралғы туралы: «Жол бойынша екі ақын айтысса, солардың сөздерін кейін ретке салып, көпке жайып дұрыстығымен дәл айтып беру: жеңген ақын емес, жеңілген ақынға міндет болған сияқты» деп айта келіп: «Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады» деп мысалға алады<sup>45</sup>.

Бұл – айтыс бүкіл қазақ даласына ғана емес, ХІХ ғасырда орыс ғалымдарыңз да белгілі болған. Орыстың көрнекті түркітанушы-ғалымы, этнограф, аудармашы В.В.Радлов өзі құрастырған «Оңтүстік Сібір мен Жоңғар даласында тұратын түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» жинағының тікелей қазақ әдебиетіне арнаған үшінші кітабына он жеті ақынның Жанақпен айтысынан үзіндіні әдебиет үлгісі ретінде бекерден-бекер енгізбесе керек<sup>46</sup>. Сол сияқты халқымыздың ұлы ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсарин де өзінің 1879 жылы шыққан атақты «Қырғыз хрестоматиясы» кітабының «Әртүрлі өлең, жырлар» тарауына халық ауыз әдебиетінің балаларға лайықты көрнекті үлгісі ретінде «Жанақ пен бала» айтысын, яғни Сабырбаймен айтысын енгізген<sup>47</sup>. Айтыс осы кітаптың 1906 жылғы түзетіліп толықтырылған екінші басылымында қайта жарияланды. «Жанақ пен Түбек» айтысы Кеңес өкіметінің

---

<sup>45</sup> М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А., 1985. 17-т. 284-б.

<sup>46</sup> В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи, ч. III. СПб., 1870. стр., 29-3

<sup>47</sup> Киргизская хрестоматия. Книга первая. Оренбург, 1879. Стр., 100

алғашқы жылдарында-ақ Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» жинағында жарық көрді.

Он жеті ақынның Жанақпен айтысы Мұхтар Әуезовті қатты қызықтырғанын жоғарыда айттық. Ғалым, жазушы ретінде осы жайтқа өзінің «Абай жолы» эпопеясында қайта оралып, «Қияда» тарауына ұлы Абайдың тәлім-тәрбие алған ақындық ортасын ашып көрсететін айшықты эпизод ретінде енгізген. Жазушы өз романында Жанақты – «Садық», Сабырбайды – «Қадырбай» деп екі ақын есімдеріне сәл ғана өзгеріс жасағанымен өзі білген, естіген мағлұматтар негізінде олардың өмірбаяндық деректерін, екі жыр жүйрігі арасында болған айтыс туралы нақты баяндайды. «Садық Қадырбайдың айтуында жай ақын емес. Өзінше бір көреген жан сияқты. Абай осы орайда Қадырбайдың сол Садықпен айтысқанын сұрап еді. «Садық пен баланың айтысы» дейтін Арқаға мәлім айтыс. Сондағы бала осы Қадырбай болатынын Абай жақсы білуші еді. Бірақ Қадырбай ол сөзге көп тоқтаған жоқ.

– Біздің Садекеңмен айтысар шамамыз кәне? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой. «Айтысты, жеңді» дейтін сөз емес. Тек қана Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақынын жеңіп отырған соң, мұндағы елдің намыс етіп, көтеріп әпкеткені... – деді де, басқа әңгімелерге көшіп кетті» деген үзіндіден-ақ <sup>48</sup> жазушы-ғалым «Айтыс өлендері» зерттеуінде «Жанақ пен Сабырбай» айтысы туралы айтқан пікірінен алшақ кетпей, болған оқиғаны сол бетінде жеткізеді. Осы үзіндідегі Садық пен Қадырбайдың прототиіптерінің (түп тұлға) кім екенін айтсақ, Шүмек дегеніміз атақты Түбек ақын екені бірден білінеді. Шынында сол Түбек бастаған он алты ақын Жанақтан жеңілгенде, он жетінші ақын болып тұтқиылдан «намыс етіп» киліккен бала ақын Сабырбай сөзден мүдіртеді.

М.Әуезов эпопеясында сөз етілген ақындар тарихта болған адамдар, негізгі кейіпкерлерден басқалары прототип ретінде алынғанын ескерсек, сол прототиптер Садық

---

<sup>48</sup> М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. - А., 1985, 3-т, 351–352-бб.

– Жанақ, Шүмек – Түбек, Қадырбай – Сабырбай болып келеді. Оның үстіне, М.Әуезов ғылыми еңбектерінде де осы оқиғаны ақындық айтыс өнерінің жарқын мысалы ретінде ауызға алады. Олай болса, он жеті ақын шынайы өмірде болған. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде «Абай жолы» эпопеясында Жанақ пен он жеті ақын ғана емес, сол ақындардың көшбасшысы Ақтайлақтың есімі өз атымен аталып, оның немересі, Сабырбайдың қызы Қуандық өз есімімен Абай өміріне байланысты суреттеледі. М.Әуезов көркем туындылары мен зерттеулерінде Сабырбай ақын өмірі мен шығармашылығына ерекше мән беруі, жыр дүлдүлінің талантына көрсетілген үлкен құрметтің белгісі болар. Себебі – Сабырбай туып өскен жер ұлы ақын Абай ауылымен көршілес болған табиғаты әсем Құндызды аймағы – он жеті ақынға байланысты «ақындар елі» атанған. Абай жас шағында да, кейін болыс болып жүрген кезінде де, ақындар ауылына жиі келіп кетіп жүрген, Сабырбай ақынның ақыл-кеңесіне құлақ асып, әңгімелері мен өлең-жырларын құмарта тындаған, өзіне ұстаз тұтып, ерекше бағалаған.

Сабырбай ақын туралы қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелгенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, М.Әуезов ғылыми еңбектерінде сөз арасында болсын атап өтіп, айтыс өнерін дамытудағы талант қырларына, ақындық дәстүр ерекшеліктеріне тоқталады. Ал ақын туралы алғашқы зерттеу талпыныстары 1970 жылдары қолға алынып, «Қазақ совет энциклопедиясының» 9-томында қысқаша мағлұмат берілді<sup>49</sup>. Бұл шағын мақалада ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер толық зерттелмегендігі туралы айтылады. Сол сияқты Сабырбай туралы «Қазақ ССР. 4 томдық қысқаша энциклопедиясында» және «Абай» энциклопедиясында қысқаша мақалалар жарияланды. Ал ақын туралы алғашқы зерттеу мақалалар 1988 жылы «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» ұжымдық монографиясында жарияланды<sup>50</sup>. «Ақтайлақ – Сабырбай» деген атпен жарық көрген мақала, ақын шығармашылығын зерттеудегі алғашқы талпыныс болғандықтан, Сабырбайдың әдеби мұ-

---

<sup>49</sup> Қазақ Совет Энциклопедиясы. А., 1976,9-т, 602-6.

<sup>50</sup> XIX ғасырдағы қазақ ақындар. А., 1988, 233-242-бб.

расын жете таныстыра алмады. Ақын туралы деректердің жұтаңдығы, шығармаларының жүйеленіп жиналмауы бұл жұмысты біраз тежеді. 1990 жылдардың бас кезінде Сабырбай туып өскен Жарма ауданының Үшбиік ауылында құрылған «Насихат» мәдени орталығы (жетекшісі, мәдениет жанашыры Еркін Жұмағұлов) он жеті ақын мұрасын жинап бастыру ісін шындап қолға алды. Осы орталықтың мұрындық болуымен жарық көрген «Ақтайлақ би» жинағына Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ бимен сөз қағысы еңсе<sup>51</sup>, 1999 жылы шыққан «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» жинағында ақынның бірнеше өлеңі, Жанақпен, Байбаламен айтыстары және қызы Қуандықпен сөз қағысы жарияланды.<sup>52</sup>

Ақын өмірбаянында әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Оның туған, өлген жылдары әрқилы жазылып келеді. Кей әдебиетте 1775–1865 жылдар өмір сүрген деп, туысы Түбек Байқошқарұлынан бес жастай үлкен қылып жазылса, енді бір әдебиетте, Абайдың әкесі Құнанбаймен құрдастығын негізге алып, 1804–1874 жылдар деп көрсетілді. Ақын өмірбаянын зерттеу барысында екі деректің де сәйкес еместігіне көз жеткізгендей болдық. Біріншіден, Сабырбай Түбектен жас жағынан әлдеқайда кіші. Бұл жөнінде атақты Жанақ ақынның Сыбан ішінде Жанкөбектің Байқара табынан шыққан он жеті ақынымен айтысы жарқын куә бола алады. М.Әуезов жоғары баға берген осы айтыста ұлы жазушы жазғандай, Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады. Олай болса, осы айтыс өткен кезде есімі елге танылып үлгерген Түбек ақын отыз жас мөлшерінде болса, Сабырбай он бес-он алты жастар шамасында «бала ақын» атанған шағы. Екіншіден, Құнанбай жасы үлкен ағасы ретінде, әрі қара көк билер тұқымы мен ел жақсысы ретінде Сабырбайды ерекше құрмет тұтып «Сәбеке» деп ізет көрсетіп атаған. Екі игі жақсының ағалы-інілі қарым-қатынастары жайлы «Ақтайлақ би» жинағында (2003) ел аузындағы әңгімелерден оқып, көз жеткізуге болады. Сабырбайдың қызы Қуандықтың ақын

<sup>51</sup> Ақтайлақ би. А., 1991. 29-б.

<sup>52</sup> Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би. Алматы, 1999. 227-255-бб.

Көбдіков Төлеуден туған немересі Қаскен Есенқараевқа Жанак ақын жайлы айтқан әңгімесінде әкесінің Түбектен біршама жас кішілігін сөз арасында келтіргені мен шежіре, ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлының ел ішінен жазып алған деректері бойынша, Сабырбай – Ақтайлақ бидің елу жастан асқан кезде туған кенжесі екендігін есепке алсақ, Сабырбай ақын жуық мөлшермен 1793 жылы туған болады. Ал қайтыс болған жылын дәлме-дәл айта алмасақ та, ақынның әкесі мен арғы аталарының, өз ағалары мен жақын туыстарының көп жасағандықтарын тілге тиек етсек, Сабырбай 1880 жылы өмірден өткен. Бұған ел аузында сақталған әңгімелерде айтылғандай, ақынның сексеннің орта тұсына келіп көз жұмғандығы дәлел болады.

Сабырбайдың ақындыққа бой ұруы алғашқы өлеңдерінің бірі «Үш қызылдан» басталады. Өлеңнің шығу тарихы да қызық. Сабырбайдың әкесі Ақтайлақ сөзден мүдірткен Бопы төренің Солтабай деген бүркіт ұстайтын саятшы баласы болыпты. Мұнымен тұстас Ақтайлақ балалары оның бұл ісіне қызығып, әкесіне қолқа салады. Ақтайлақ өтінішін Бопы екі етпей, Солтабайдың қарсы болғанына көнбей, бүркітті бергізеді. Бүркіт біреу, бала болса төртеу. Ортада талас болатынын білген Ақтайлақ: «Бүркітті үш қызылдың не екенін шешкендеріңе беремін» депті. Сабырбайдан басқа балалары беталды жауап қайтарады. Сонда Сабырбай тапқырлық танытып, өлеңмен дәлме-дәл шешіп берген екен:

Жан тартып жақыныңмен аңға барма,  
Қызартар қызыл түлкі дауға қалма, –

деп бірінші қызыл туралы айтып, келесі бір шумақта:

Біреуі үш қызылдың қызыл қырман,  
Әр адам еңбек қылып егін салған, –

деп нағыз еңбек қазаны – қырманда қызыл тер төгілетін-дігін жырлай келіп:

Біреуі үш қызылдың қызыл желек,  
Білмеймін болса қызыл бұдан бөлек.

Үш қызыл білуімше осы үшеуі,  
Қызғанып бұл үшеуін неге керек<sup>53</sup>

деп үшінші қызылдың жауабын дұрыс айтып, өзінің ақындық талантын байқатады. Ақтайлақ кенже ұлының жауабына қатты разы болып, өлең жолдары арқылы сол бүркітті болашақ ақын баласына тарту еткен екен. Бұл сынның өзі Ақтайлақ бидің балаларының талант көзін ашып, ақындыққа баулудағы ұстаздық әдісі болса керек.

«Үш қызыл» өлеңінен кейінгі Сабырбай өмірі серілік құрып, өлең шығарумен, ақындар айтысына қатысумен өткен. Қай жерде думан-той, көңілді кеш, сол жерден бір қолында бүркіті, екінші қолында домбырасы бар, соңына тазысын ертіп, жақсы әсем ат мінген Сабырбай өзі сияқты өнерлі жора-жолдастарымен табылған. Бүкіл өмірін ән-жырмен өрнектеп, ел құрметіне бөленген Сабырбай ақынның есімі айтыс өнерімен атағы шыққан. Өз кезеңінің көптеген ақындарымен жыр бәйгесіне түсіп, талай рет жеңімпаз атанған. Сабырбайдың нағыз айтыскер ақындығы атақты Жанақпен айтыста бүкіл дүйім елге жайылған. Бұл жерде тағы да сол Сыбанның Түбек бастатқан он алты ақыны мен Жанақ арасындағы айтысқа қайта оралмасқа болмайды.

Кедейшілік зардабын көп тартқан Жанақ ақын Сабырбай ауылына жиі келеді екен. Халықты өлең-жырға қарқ қылып, сый-сияпат алып қайтып жүреді. Осы ауылдың он алты ақынымен айтысқан кезде Жанақтың қартаң тартқан шағы екен. Себебі, Түбекпен де, Сабырбаймен де айтысқанда «Найман балам», «бала Найман» деп кішірейте сөйлейді. Айтыс атақты бір байдың үлкен асында өтеді. Әрине, он жеті ақынның аттары түгелдей дерлік белгілі емес. Соңғы деректерге қарағанда, ол айтысқа қатысқандар:

Ақтайлақтың асыранды баласы атақты ақын Түбек Байқошқарұлы, Сабырбай Ақтайлақұлы және тағы басқа Байғара немерелері. Бұл жерде мына жайтты айтпасқа болмайды: он жеті ақынның түтелі дерлік нағыз жыр жүйріктері емес, белгілі бір аймаққа танымал ауыл ақындары.

<sup>53</sup> ҚР БҒМ ӘӨИ қолжазба қоры. № 1128-папка. «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би...» 77-78 -бб.

Ішіндегі аты шулы, айтыс өнерінің хас шебері Түбек те, одан кейінгісі, аз айтса да біліп айтатын, салмақтап айтатын ұтқыр сөз иесі Сабырбай. Бұл екеуінен басқасын жыр дүлдүлі Жанақтың бірер шумақ өлеңнен кейін-ақ ілезде жеңуі осыған саяды. Түбек пен Сабырбайдың Жанақпен айтысы ұнамаған жағдайда жоғарыда аталған өткен ғасыр жинақтарына еңбес те еді.

Бала ақын атанған Сабырбай Жанақты қалай жеңген? Шынтуайтқа келгенде, Сабырбай Жанақпен айтысайын деп айтыспаған, он алтыншы ақын Түбек сөз тізгінін беріп, жеңіле бастаған мезетте, ел қолқалап болмаған соң ғана айтысқа қызу кіріп кетеді. Бұл туралы жоғарыда «Абай жолы» романының үзіндісінде айтып өттік. Сабырбай атақты ақынды айтыс үстінде екі рет мүдіртеді. Жанақ – Түбекпен айтысында жерінің байлығын мақтан етеді. Түбек – Бексұлтан деген төренің «Сексен түйеге артқан жамбысы бар» деп ақын меселін қайтармақшы болғанда, Жанақ: «Кесер бас, жүрер аяқ жылқыңды айтшы, Ұрыдай не қылайын жатқан тасты» деп тойтарып тастайды да, біраз сөз кезегін жіберген соң: «Осы жолы сені жеңіп, Оспаннан тайтұяқ жамбы алып қайтарамын» дегенде, айтысты үнсіз қадағалап отырған Сабырбай килігеді. Айтыс қайта жалғасып, екі ақын өлең сөзден дес бермейді. Сабырбай өзіне келген бір кезегінде жамбы сұраған Жанақты өз сөзінен ұстап:

Күмістен жамбы деген тасым еді,  
Әр тасым бес жүз сомнан асып еді.  
Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,  
Ол тас емей атаңның басы ма еді?

деп бір мүдіртеді.

Үлкен дарын иесі Жанақ бұған да меселі қайтпай, өз жерін тағы да мақтай келіп:

Жалаулыдан шығып ем, Ертіс өрлеп,  
Үш жүздің баласына келсең-кел деп.  
Қашан келсем алдымнан бір кетпейді,  
Қарасұр осы неме көлденендеп, –

деп Түбекке қайта шүйлігеді. Сонда Сабырбай қайым айтыс түріне салып:

Жалаулыдан шығыпсың, Ертіс өрлеп,  
Үш жүздің баласына келсең-кел деп.  
Байғұс-ау, туу алыстан қалай жеттін,  
Шешеңе сексендегі қобыз теңдеп,<sup>54</sup> –

деп осал тұсынан тиіседі. Сабырбай жауабының соңғы жолдары Жанақтың осы айтысқа кәрі бие мініп келгенін мегзейді. Сондықтан да Жанақ: «Мына бие тақымыма ұнаған соң мініп келіп едім» деп сылтауратқанмен, еріксіз айтысты тоқтатып, жеңілгенін толық мойындаған.

Сабырбайдың Жанақпен кездесуі жалғыз осы ғана емес. Кейін де талай рет кездесіп, өлеңмен қақтығысып отырған. Жанақ әбден қартайып, кедейшілік зардабын тартып жүрген кезінде өз еліндегі арқа сүйер адамы – Доғал деген бай өледі де, басқалары ақынға қарайласпайды. Сонда Жанақ Ақтайлақ ауылында қонақта жатқанда Доғалды жоқтап, қайғырып өлең шығарыпты. Өзі ұстаз тұтқан ақынның еңсесі түсіп, байдың өлімін қайғырғаны көкейіне қонбаған Сабырбай:

Жәкең де сөйлейді екен жас баладай,  
Дарынын құдай берген басқара алмай.  
Сыбанда мыңды айдаған Жақаш та өлді,  
Доғал өлсе, қайт дейсің, жатсын солай,<sup>55</sup> –

деп суырыпсалып өлең айтып, жақтыртпаған сыңай білдіреді. Осы өлеңнен-ақ Сабырбайдың Жанақ талантына бас иіп, ұстаз тұтқандығын, ақынды байлықты мансап етпей, поэзияға қызмет етуге, сол табиғат берген талант арқылы күнелтуге болатындығын, іріп-шіріген байлардың өмірінің мәнсіздігін үндегенін толық байқаймыз.

Сабырбай өзінің қай шығармасында болсын, өмір шындығын осылай бүкпесіз айтқан. Ұнамаған жайттар ойына түсіп, шабыты келсе болғаны, кімнің болса да бет ажарына қарамай, тіпті ел билеген үлкен болыс-шонжар, төре болсын, өткір сын жырларымен өңменінен өткізе айтқан. Билік өкілдері халыққа жат қылықтар істегенін байқай қалса, әуелі астарлы қалжыңмен тиісіп, соңына келгенде

<sup>54</sup> ҚР БҒМ ӨӘИ қолжазба қоры. №1128-папка.

<sup>55</sup> Сонда



уытты өлең жолдарымен оларды асты-үстін қазып, ел алдында іске алғысыз қып әшкерелеген.

Сабырбай ұзақ ақындық өмірінде алдына жан салмаған жыр жүйрігі болса да, «Сүрінбейтін тұяқ жоқ» демекші, бір рет сүрініп жеңілген. Ол ақынның Байбала деген қызбен айтыста жеңілуі.

Байбала – оқушы қауымға әлі бейтаныс сол сыбан руынан шыққан талантты ақындардың бірі. Өлең-жырмен ерте айналысып, жас кезінен айтыс додасына түсіп атағы шығады. Ел қыдырып, өлең айтып жүрген талай ақын жігіттер Байбаланы арнайы іздеп келіп айтысқанда, жеңіліп қайтқан. Сабырбай да ақын қыз есіміне ынтық болып, айтысуға құмартады. Сабырбай бірде Байбала ауылына кенеттен келіп, қыз ұзатып жатқан тойға кез болады. Тойдың бір қызығы сол ауыл ақыны Байбала талантын тамашалаумен болса керек. Сабырбай думанды қызық үстіне қошеметсіз кіруді ыңғайсыз көріп, ат үстінен Байбалаға өлеңмен тиіседі:

Сұңқармын уыз түлек мен шаһибаз,  
Сөйлесем, сөзім бейне шыбынсыз жаз.  
Оралса талай сұлу тізгініме,  
Атымнан түсіре алмай ететін наз, –

дейді өзін бейне бір сұңқарға теңеп.

Тұлпармын, тұмарлаған, шоқтығыма  
Ұсынсаң жетпейтұғын қолың қысқа, –

деп келесі бір тұста өзін әсірелей түседі. Енді бірде Сабырбай шыққан ортасын көкке көтеріп орынды мақтан етеді:

Баласы Байғараның Ақтайлақ би,  
Ұлына Орта жүздің айтқан нұсқа.  
Кенжесі Ақтайлақтың мен – Сабырбай,  
Одан да жылдам шығып атымды ұста,<sup>56</sup>

деп қыз райын бірден қайтармақшы болады. Байбала да осал ақын емес, Сабырбайдың тұйғындай тұйіліп келіп

---

<sup>56</sup> Сонда, 235-236-бб.

тиіскен әр өлеңіне байсалды жауап қайырып, ілезде тойтарып тастап отырады.

Өнер жарысы әуелі кереге арқылы бір-бірін көрмей басталып, содан кейін қыз отырған үйде жалғасады. Айтыс ұзаққа созылып, көпке дейін таразы басы тең болғанымен Сабырбай – Байбала қыздан еріксіз жеңілуге мәжбүр болады.

Сабырбай – Байбаламен бұдан бұрын да айтысып, сөз қағыстырып жүрген. Соңғы кездесуде Сабырбай өзінің бір қарапайым сөзінен қапы қалып, жеңіліске ұшырайды. Байбала болса, қалжың сөзге өңменнен өткен өткір өлең шумақтарды қарсы қойып, ұтып кетеді.

Екі ақын айтысының ұзақ-сонар тартысына Мұхтар Әуезов «Айтыс өлеңдері» мақаласында толығырақ тоқтаған: «Сабырбай ақын – Байбала қызбен жігіт кезінде, тынымсыз айтысады. Бірінің-бірі қапысын аңдып, көш жөнекей де, мезгілсіз ертелі-кеш те, түнде де айтысып жүреді. Мал шетінде, түзде кездесе кетсе де, қағысып шарпыса түсіп, ұзақ жылдар жеңісе алмай жүреді. Аяғында Сабырбай өзінің айтқан бір тұрпайы қалжыңы үшін, бұны мұрттай ұшырған, мірдің оғындай ащы мысқыл жауапты Бойбаладан алады да, жеңіледі»<sup>57</sup>.

Сол кезде-ақ қазақ ақындары арасында жақсы да әділ дәстүр қалыптасқан. Екі ақын айтысып, олардың сөздерін кейін ретке салып, көпке таныту мақсатында дұрыстығымен анық жеткізу – жеңген ақын емес, жеңілген ақынға борыш болған. Сол себепті де аға ақындық салтын берік ұстаған Жанақ Сабырбайдан сөзден мүдіргенін, ал Сабырбай болса, Байбала қыздан жеңілгенін ашық мойындап, өз кезіндегі жұртшылыққа, кейінгі ұрпаққа бүкпесіз шындықты айтып отырған.

Бұл жерде суырыпсалма ақындық өнер өкілі Сабырбай табан астында өлең шығара алмағандықтан жеңілмесе керек. Сабырбай ақынның жеңілуі Байбала қыздың ұтымды, ойлы дәлелінен меселі қайтып, кеселді сөздің атқан оқпен тең болуында.

Сабырбай мен Байбала қыз айтысын шеберлік пен ұтқыр тапқырлыққа толы, өткір тіл мен терең толғауларға

---

<sup>57</sup> М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 322-6.

құрылған «Біржан мен Сара» айтысы сияқты ақындық өнердің озық үлгісі ретінде Семей өңірі қатты қадірлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жаттап жеткізген. Айтысты құймақұлақ қариялар, белгілі халық ақыны Шәкір Әбенұлы, жыршы Жұмақұлбай Базарбайұлы, ауыз әдебиетін жинаушы Ғабділахмет Шәкерұлы жатқа жақсы біліп, ел арасына таратқан.

Сабырбай бұқарашыл ақын. Қандай қиын уақытта болсын, халықпен бірге болып, қайғысын да, қуанышын да бірдей бөліскен, көмек қажет болған кезде қолдан келгенін аямай, табан астында өлең шығарып, жыр шумақтарымен жәрдем берген. Сондай бір өлеңі – «Барақ сұлтанға арнауы». Барақ – поляк революционері А.Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» кітабында есімі үлкен құрметпен аталатын Сыбан еліне билік еткен атақты төре. Бірде ағайындарына өкпелеп, Үржар деген жерге көшіп кетіпті. Барақ кеткен соң ауылдың берекесі қашады, ұры-қары көбейіп, барымташылық бітпеген ел мазасы әбден кеткенде, ақсақалдар Сабырбай ақынды Бараққа жұмсайды. Барақ ақынды қатты сыйлайды екен. Бара салысымен Сабырбай:

Алдияр, біздің ауыл Берікқарада,  
Жыландай белге соққан екі арада.  
Қырықбай қысқа күнде қырық шабады,  
Иесіз иен елде ерік бола ма?

деп сөзін бірден өлеңмен бастап, ауылының Қырықбай сияқты барымташыдан көрген қорлығынан хабардар етеді. Көлемді өлеңнің келесі бір шумағында:

Шұбарым, арғымағым, арыстаным,  
Сөзге бай, ауыздыға қарысқаным.  
Жасықты жанып-жанып тасқа салған,  
Болаттың суын тапқан дапышпаным,<sup>58</sup> –

деп Барақты ерекше әсірелеу тәсілдерімен суреттей келе ақылға шақырып, иесіз қалған ауылға қамқор көңіл болуын талап етеді. Сабырбайдың ақылға қонымды, өткір тілді

---

<sup>58</sup> М. Әуезов. Шығармаларының слу гомдық толық жинағы. 6-т., А, 2001, 284-6.

жырының екпінімен Барак ұялғаннан жауап айта алмай, еш бөгелместен қайта көшкен екен.

Сабырбайдың ақындық жолын сөз еткенде оның әкесі Ақтайлақты жеке алып қарауға болмас. Әкелі-балалы ақындар поэзиясы үндес, бір мазмұндас. Екеуі бір қоғамдық өмірде тіршілік етіп, екеуі де осы тарихи белдеудің қырсыз жақтарын, халық тұрмысы мен өмірін жырлаған. Ақтайлақ поэзиясына тоқталғанда, міндетті түрде оның баласы, әрі шәкірті Сабырбай есімі аталса, керісінше, Сабырбай туралы сөз болғанда Ақтайлақты аттап өтуге болмайды. Ақтайлақ Сабырбайға үлкен ақыл-өнеге көрсетіп, ақындық тәлім-тәрбие беріп отырған. Айтыс өнеріне алғаш баулушы да Ақтайлақ. Екеуі өзара бірнеше рет сөз қактығысына түсіп, кейде айтысып та қалған. Екі ақын айтыстың әр түрінен жыр сайысына шығады. Мәселен, Сабырбай:

Әй, әке, сан жүйрікті бөгелттің ғой,  
Алдыңнан талай топты жөнелттің ғой.  
«Атадан ұл озбас» деу бекер екен,  
Дәл сізден осы күні мен өттім ғой,<sup>59</sup> –

деп әкесін сөз қағыстыруға шақырып киліккен сәтте Ақтайлақ би:

Ол рас, сан жүйрікті бөгелттім ғой,  
Алдымнан талай топты жөнелттім ғой.  
Үйретіп өзінді де қартайғанша,  
Ақыры жүйріктерге теңестің ғой<sup>60</sup>, –

деп баласының өрекіген көңілін сап тыяды.

Осы шағын айтыста Сабырбай әке сөзінен жеңілгенін мойындайды. Бұл түре айтыстың, қайым айтыс түрі және айтысуға жеңіл түрі. Алғашқы екі жолы айтысушы ақындарға ортақ та, тек соңғы екі жолын өз ой-қиялынан қосу шарт. Сондықтан болар Сабырбайды бала кезінен айтыстың сан қырлы құпияларына үйрету үшін Ақтайлақ өз баласымен үнемі осы қайым айтыс түрімен өлең сайысына

<sup>59</sup> Ақтайлақ би: Өлеңдер толғаулар, шешендік және билік сөздер. Астан, Елорда, 2003, 70-б.

<sup>60</sup> ҚР БҒМ ӘОИ қолжазба қоры. №1128-папка.

түскен. Мұның өзі Сабырбайға қазақ поэзиясының көне үлгілерімен, жыраулық поэзияның жауһар жырларымен сусындауға, оның соңы – өзінің тың өлеңдерін шығаруға үлкен ықпал еткен.

Жалпы алғанда, Ақтайлақ пен Сабырбайдың ақындық зор таланттары кейінгі ұрпақтарына да үлкен ықпал еткен. Жыраулық пен ақындық поэзия сарайынан бастау алған ақындар әулетінен кейін Сабырбайдың өз қызы Қуандық өлең тілге шеберлігімен, от ауызды шешенділігімен аты шыққан. Қуандық үш ұлдың ортасындағы жалғыз қыз екен. Содан болар, Сабырбай еркек баласын көп еркелетпей, қызын ерекше шолжандатып өсірген. Қуандық бірдемеге ренжіп немесе өкпелеп қалған кезде тақпақ пен өлеңді көңіліне жұбатып, халық ауыз әдебиетінен жырлар айтып берген. Қуандық он үш жастан асқанда бой түзеп, өлең шығара бастаған, жиын-тойлардағы айтыстарға қатысып, ел аузына ілінген. «Тақпақтап сөз қатқан әкесіне тақпақтап жауап беріп, өлеңмен айтқанына өлеңмен жауап берген, қысқасы, Сәбекең Қуандықпен өлеңдетіп сөйлеседі» деген сөз бүкіл елге жайылады. Қуандық жиын-тойға барғанда, әнші-сері жігіттер оның алдында өнерлерін көрсете алмайды екен, себебі батылдау деген жігіттер ән немесе өлең айтса, ұнамағанын Қуандық өлеңмен тойтарып тастаған. Қуандыққа көптеген бай балалары сөз салғанда, оларды тең көрмей, менсінбепті немесе реті келген тұста бұлғақтап жүрген бай-балалары мен атақты мырзаларын сол жерде суырыпсалып өлеңге қосып, тәлкек еткен.

Қуандық ақынның өлеңдері мен айтыстары әлі дұрыс жинақталмаған. Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында Қуандықтың Абаймен, әкесі Сабырбаймен, өзінің балаларымен айтыстары және бірлі-жарым өлеңдері ғана сақтаулы.

Ақын өміріндегі елеулі кезең – оның Абаймен кездесуі. «Абай жолы» эпопеясындағы есте қаларлық және ұлы ақынның іштей өсуі мен қалыптасуының аңғарылар тұсы, ел қамын ойлаған ардагер азаматтың сахнаға шығуы – өткір тілді, ойлы жанарлы осы Қуандықпен кездесуі. Қуандық пен ұлы ақын арасындағы риясыз достық, іңкәр сезім туралы романның Сабырбай, Жанақ жайында айтылатын «Қияда» тарауында көркем де шынайы суреттелген.

Ақын қыз Абайға сүйіспеншілігін өле-өлгенше айтып өткен. Абай шығармаларын жаттап алып, әнге салып, ел арасына таратқан еңбегін М.Әуезов «Абай Құнанбайұлы» деген монографиясында ерекше атап өтеді. Қуандық та ақындар әулеті дәстүрін одан әрі дамытып, өз балаларына да дарытты. Олардың ішінде Қуандықтың сүйікті баласы, атақты халық ақыны Төлеу Көбдіков ХХ ғасырдағы жаңа сипаттағы халық поэзиясын биікке көтеріп, суырыпсалма айтыс өнерін өркендетуге үлкен үлес қосты.

Сабырбай шығармашылығы өзінен кейінгі ақындарға да игі ықпал етті. Атақты «Біржан-Сара» айтысындағы Сара ақынның жауап өлеңдері тақырыбы мен мазмұны жағынан да, ақындық, тіл шеберлігі жағынан да Сабырбай поэзиясымен үндес келеді. Себебі Сара да атақты он жеті ақын өңірге жақын өлкеде өмір сүріп, Сабырбайды бетпелі көрмесе де, оның Жанақпен айтысын білген, өнеге тұтқан.

Айтыс өнерінде суырыпсалма талантымен аты шыққан жыр жүйрігі Сабырбай өз туындыларында өзі өмір кешкен озбыр заманының әділетсіз жақтарын аяусыз сынап, қарапайым халық мүддесін қорғады, шаршы топтағы ақындар айтысында жыр шумақтарын орамды қолдана біліп, мерейі үстем болды. Сол себепті де, Сабырбай есімінің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында лайықты орны бар деп нық айтуға болады.

## АҚЫНДЫҚТЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Ақын Дулат Бабатайұлы өз шығармашылығында қазақ өлеңінің көркемдік табиғатын арттыруға көп ізденіп, халық көкейінен шыққан сұлу да сырлы туындыларды өмірге әкелді. Ақын ел билеген ақсүйектер әулетіне дәстүрлі түсініктен мүлдем бөлек көзқарас биігінен қарап, оған үлкен қоғамдық-саяси мән береді. Өз туысы Кеңесбай болысқа, Барақ төреге шығарған арнаулары нақты шындықты бүркемелемей, тура айтқан сыншылдығымен ерекшеленеді. «Кеңесбайға» атты арнауында басты кейіпкердің ел құрметіне бөленген аталарын мақтай отырып, Кеңесбайдың осындай асыл текке мүлдем кереғар бейнесін сомдайды, ташкенді билеген Нардауысты Нарынбай, қазақ туын көтерген Қудауысты Құттыбай, қара қылды қақ жарған әділ би Байқара сияқты арғы аталарымен және өз әкесі – атақты ділмар шешен, би Ақтайлақпен салыстыра суреттеу әдісімен оны аямай әжуалап мысқылдайды. «Сүлейменге» атты арнауында да өз құлқын қамын ойлап, төрелік міндетінен айныған ел билеушісіне өлтіре соққы береді.

Дулат поэзиясының осындай әшкерелеушілік қуатқа ұласуы нәтижесінде XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдебиетінің сыншылдық сипаты артып, нақтылы өмірге араласуы мен ықпалы күшейе түсті. М.Әуезовтің Дулатты ол тәрбиеленген орта – Сыбанның 17 ақыны тобына қоспай, бөлектеп алуының сыры да осында жатса керек. Түбек бастап, атақты Жанақ ақынмен айтысатын 17 ақын ауыз әдебиетінің суырыпсалмашылдық өнерін дамытса, Дулат отаршылдық езгіге қарсы әдебиеттің белді өкілі болып қалмай, ұлттық әдебиетте сыншылдық дәстүрді жаңа қырынан дамытқан талант қырымен ерекшеленді. Дулат өзінің аталас туыстары – атақты батыр, жыр жампозы Ақтам-

берді жырау мен қазақ даласына белгілі би, ақын Ақтайлақ поэзиясынан сусындап, тәлім алды.

Ел жағалай қонбаса,  
Бетегелі бел жетім.  
Ұлығы әділ болмаса,  
Болады байтақ ел жетім, –

деген Ақтайлақ бидің даналық сөздері Дулат поэзиясына темірқазық болып, өлеңдерін жаңа сипатта өрбітуіне себеп болады.

О, Барак жас, Барак жас!  
Жегенге тоқ, ішсең мас.  
Жақсы болса ұлығы,  
Өз елін жаудай таламас...  
Азған елдің бектері,  
Қан шықса, елін жұлмалар,  
Қасқырменен аралас, –

деген өлең жолдары Ақтайлақ бидің заман, өмір жайлы толғауымен тығыз үндесіп жатыр.

Ел билеушілердің сатиралық осы жинақы образы қазақ әдебиетінде алғаш рет Дулат өлеңдерінде өте шебер бейнеленгенін айтсақ, Дулаттан кейін ұлы Абай ел әкімдерінің жағымсыз бейнесін жасауда тіпті ілгері кеткені белгілі.

Ресей отаршылдық жүйесінің өкілдері мен жергілікті билеушілер тарапынан болған екі жақты қанау – Дулатты бұл көкейтесті саяси-әлеуметтік мәселеге қалың көпшілік көзімен қарауға дейінгі биікке көтеріп, бұқара халықтың арман-тілегіне ортақ етті. Дулаттың ақындық жаңа көзқарасы мен шыншыл суреткерлігі астасып, қазақ поэзиясында ел билеушілерінің жағымсыз образын жасаудың жаңа үлгісін қалыптастырады.

М.Әуезов өзінің бір еңбегінде: «Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса солардың сөзін бала күнінен естіп, танып өскенін сезуге болады» деп бекерге жазбаған болар. Абай заманында елді басқарудың жаңа тәртібі өмірге келді де, Дулат жырларындағы «хан-сұлтандар-



ды», «би-төре», «бек» атаулы билік басындағылар болыс кейпіндегі атқамінер көп ұсақ әкімге айналды. Осы әкім-сымақтар жоғары ұлықтарға жарамсақтанып, ел ішіне көп іріткі салды, халықтың берекесін кетірді. Абай өз кезінің осы ұсақ әкімдерінің жағымсыз қылықтарын әшкерелеуде жаңашылдық танытып, ел билеушілерінің халыққа жат әрекеттерін аяусыз сын тезіне алды. Ұлы ақын осы әкімсымақтардың Дулат жасап кеткен ұлттық поэзияда қалыпқа еніп үлгерген бейнесін де ескеріп, ақындық дәстүр үлгісін өзгеше тәсілмен қолданысқа енгізді.

Мәселен, Дулат ақын кейіпкері: «Бұзауы өлген сиырдай, Мөңіреп жұртқа ой қатты» десе, Абай кейіпкері: «Адасқан күшік секілді, Ұлып жұртқа қатқан ой» деп шиырады. Бір психологиялық үрдістің осы екі түрлі сипаттамасы бір үлгіде жасалған шеберлікті танытып, ақындық дәстүр сабақтастығын айқын аңғартады.

Мұндай шығармашылық сабақтастық пен үндестік мысалдарын екі ақынның басқа өлеңдерінен де кездестіреміз. Өз халқының алға жылжымай, кері кету себебін Дулат ақын:

Әуелгі қазақ деген ғаріп жұрт,  
Миығынды көрсетпей,  
Ұстарасыз өскен мұрт.  
Ұйқы басып сезбедік,  
Шырмағанын жаудың сырт, –

деп жырласа, Абай ұлт басына төнген қауіпті:

Қайран елім, қазағым, калың жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, –

деген жолдарға сыйдырып, жаңаша ой сабақтайды.

Қазақ әдебиеті тарихында мысал жанрына алғаш қалам тартқан ақын Дулат Бабатайұлы болатын. «Шымшық пен бөдене», «Сары шымшық», «Қара қарға мен сауысқан» атты мысал өлеңдерінде мансапқорлық, мақтаншақтық, опасыздық, қайырымсыздық сияқты жағымсыз қылықтар сыналып, еңбексүйгіштік, шыншылдық, кішіпейілділік сияқты жоғары адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Дулаттың мысал жанрындағы бұл тәжірибесі өзінен кейінгі

ақындарға үлгі-нұсқа болып, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов осы тұрғыда озық көркем дүниелер тудырды. Абай – Дулат ақынды жақсы біліп, өлеңдерінен сусындаған, рухани нәр алған. Дулат поэзиясы Абайдың ақындық талантына үлкен ықпал еткен де, жоғарыда атап өткеніміздей, ұлы ақын Дулаттың ақындық дәстүрін өзінше жаңғырта дамытып, ұлттық поэзияда жаңа үрдісті өрбітті. Өз кезегінде Дулат қазақ өлеңінің күдіретін мазмұн, құбылыс, бейнелік жағынан байытып, жаңаша мағына бергізген ақын ретінде ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында елеулі із қалдырды.

Ғасырдан-ғасыр оздырып, тұтас бір ұлттық рухани болмыстың алтын арқауына айналған ақ алмастай талантымен жарқ еткен ақынның ардақты есімін құрметтеп, асыл мұрасын үкілеп сақтау, дарын даралығын өзіміз танып қана қоймай, өзгеге таныту, қастерлеу – біздің баршамыздың елдік, әрқайсымымыздың – перзенттік парызымыз. Сондай қасиетті борышты өтеудің бір кәделі жолы ретінде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты халқымыздың мәдени-рухани орталығы – Семей қаласының әкімдігімен бірлесіп, 2002 жылы 20 шілдеде Дулат Бабатайұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізді. Семейде болып өткен бұл алқалы жиында Институт директоры, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі Сейіт Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметов, жазушы, ғалым Тұрсын Жұртбай, сол кездегі М.Әуезов атындағы Семей университетінің ректоры, әдебиеттанушы-ғалым Арап Еспембетов, Дулаттың әдеби мұрасы туралы алғаш рет толымды ғылыми-зерттеу жазып, кандидаттық диссертация қорғаған талантты жас ғалым Қайрат Раев және басқа зиялы қауым өкілдері ақын шығармашылығы туралы келелі сөз қозғап, мазмұнды баяндамалар жасаған болатын.

Осыған дейін Аякөз қаласында ғана болмаса, Шығыс Қазақстан облысы көлемінде ақын есімін мәңгі есте қалдыру шаралары қолға алынбаған екен. Конференцияға қатысушылар Семей қаласында орталық көшелердің бірін ақын есімімен атап, ескерткіш орнату, Аякөз ауданындағы Ақшатау ауылындағы орта мектепке Дулат есімін беру және ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты басқа да

игі шараларды іске асыру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне түсіру жөнінде қарар қабылдады. Дулат ақын шығармашылығы туралы Семейде өткізілген ғылыми мәслихат кезекті бір мерекелік шара үшін емес, алдағы ізгі істердің ізашары ретіндегі алқалы жиын ретінде есте қалды. Тарихсыз халық болмайды. Тарих өз бетімен жасалмайды, тарихты қазағым деп күңіреніп өткен, отаршылдық езгіге қарсы қаламын найза, тілін қылыш қылып күресіп өткен Дулат Бабатайұлы елден ерек туған дара тұлғалар мен тума таланттар жасайды. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демекші, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлы мұрасын танып білу, ақын есімін мәңгі есте қаларлықтай шаралармен ұрпақ санасына бекіту – ұлтжанды зиялы азаматтың парызы болуы керек.

# ТЫНЫСТЫ ТАМЫРЛАР

## ОҢҒАР ЖЫРАУ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮР

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыққан ауқымды еңбек – туған тіліміздің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің 5-ші томында «Дүр» сөзінің бірнеше мағынасына нақты сипаттама беріліпті. Солардың ішінде ең көне арабша мағынасы «Атақты даңқты, мықты, білімді» деп түсіндірілсе, қазақшасы «Мықты, күшті, шебер маман, шешен» мағынасын білдіреді екен. Арабша тағы бір мағынасы «Қымбат бағалы асылтас, інжу-маржан» деп сипатталыпты.

Атақты ақын, өлең сөздің жүйрігі, айтыс өнерінің ақиығы дүр Оңғар жырау есімі осы «Дүр» сөзінің қай мағынасына болсын теңеуге лайық. Бүкіл оңтүстік, батыс өңірі мен Сарыарқаға, Сыр өңірімен көршілес Қарақалпақстан, Өзбекстан аймағына **атақты**, от ауызды, орақ тілді ақындық талантымен **даңқты**, кез келген қарсыласына төтеп берер **мықты**, шығыс әдебиеті мен ислам мәдениетінен мол хабары бар **білімді**, суырыпсалма ақындық айтыста алдына жан салмаған **шебер маман**, жұмбақтап, астарлап айтуда қара сөзде дес бермеген **шешен**, Сыр елі – жыр елінің **інжу-маржаны** «Қаратамыр дүр Оңғар» атымен бүкіл халыққа мәһшүр болған ақын десе ақын, жырау десе жырау атамыз, ірі талант иесі осы кісі.

Дүр Оңғар жырау ретінде өз жанынан өлең жыр, толғаулар шығарып, батырлық, ғашықтық эпос туындыларын

жырлаған, ақын ретінде поэзиялық туындыларды, өлең, дастан-поэмаларды ауызша айтып та, жазып та шығарған. Дүр Оңғардың ақындық дарыны жырау, жыршы атақтарынан әлдеқайда биік. Себебі, ол ақын ретінде жыраулық, жыршылық өнерді бірдей меңгеріп, өлең, жыр-дастандарды шығарушы да, айтып таратушы да болған.

Көне заманнан жеткен жыраулық, жыршылық және ақындық дәстүр дүр Оңғардың бүкіл шығармашылығында бір-бірінен ажырамай, қатар жүреді. Ертеден қалыптасқан шығармашылық дәстүр бойынша Оңғар нағыз ақын ретінде өлеңді табан астында суырыпсалып шығарған. Мұндай ерекше талантымен бүкіл Сыр өңірін дүр сілкіндірген ол ақындық шабытты шағында өлең-жырларын домбыраға қосып орындаған. Ол туған халқының ауыз әдебиеті дәстүрін осылай сақтап дамытқан.

Бұрынғының жыраулары академик С.Қасқабасов айтқандай: «мемлекеттегі, әсіресе хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы, әрі дауылпаз ақын бола білді. Олар хан кеңесінің белсенді мүшесі болған, мемлекетті басқару ісіне тікелей қатынасып, саяси, әскери, қоғамдық мәселелерді шешуге араласып отырған. Соғыс кезінде жыраулар әскери кеңесте де, ханның жеке өзіне де өз ойын ашық айтып, ақыл беріп, болжау жасаған. Қиян-кескі ұрысқа түсер алдында жауынгерлерге арнап жыр толғаған, олардың намысын қайрап, рухын көтерген». Ал XIX ғасырда жыраулық поэзия өмір сүруін тоқтатқанмен, оңтүстік өңірде жыраулық дәстүр сақталып қалды да, тіпті ең соңы – осы XIX ғасырдың екінші жартысында ғұмыр кешкен дүр Оңғар шығармашылығында жалғасты. Неге? Жыраулық өнер көшпелі мемлекетте ғана болатынын ескерсек, жыраулық дәстүр сонау оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан кейінгі Шыңғыс хан заманындағы ұлық жыршы Кетбұға, Алтын Орда мемлекеті өркендеген дәуірдегі Сыпыра, қазақ хандығы тұсындағы Асанқайғы, Доспамбет, Қазтуғаннан бастап, XVIII ғасырдағы Тәтіқара ақынға дейінгі жыраулар легінен басталып, Дүр Оңғар өмір сүрген кезге дейін жетті.

Оңғар жырау да өзіне халқы берген атаққа сәйкес ежелгі жыраулық дәстүр мен ақындық өнерді қайта жаңғыртып,

жаңа сапалық деңгейге көтерді, өзінің алдындағы рухани ұстаздарының жыраулық дәстүрін толық сақтап дамытты, өз кезінің талап-талғамы мен тіршілік түйткілдеріне сәйкес өлең өресін тақырып пен мазмұн жағынан байытты. Әрине, Оңғар жырау бұрынғыдай хан кеңесшісі, ақылгөйі, әрі қолбасы, батыр болмағанымен жастайынан жетімдікті көріп, кедейшіліктен көз ашпауы себепті де бай-төрелерді жағалап күнелткен, көпшілік жағдайда солардың маңайында жүрген. Сол себепті де қажет кезінде бай-төрелердің кеңесшісі де болған, бұрынғының жыраулары сияқты Досқазы, Елкей төрелерге, Қалдан биге, Тобжан байға олардың халыққа жағымсыз қылықтарын беттеріне басып, аяусыз сынаған.

Жақсы жырау емеспін,  
Сөзін пұлдап, ақы алған.  
Жаман да жырау емеспін,  
Таусылып сөзі тақалған.  
Сарапта сөзім сыналса,  
Кем емес ат пен шапаннан.  
Ер көгерер деген бар,  
Көптен алғыс, бата алған,  
Сол айтқан ерің мен едім,  
Жасынан Оңғар атанған, –

деп тереңнен толғаған жырау дидактикалық сипаттағы «Ерлерім сөйле дегесін», «Ерлер қояр құлақты», «Әркім-дерге сөз айттым», «Үлкен – аға, кіші – іні» атты жыр-толғауларында өзінің заман, тіршілік туралы ой-тұжырымдарын, имандылық пен адамгершілік туралы қисындарын өлеңмен кестелеп, маңызды әлеуметтік-қоғамдық мәселелер көтереді. «Алқалап келген әлеумет» өлеңінде жыраулық дәстүрдің жігерлі үні, дауылпаз ақын Махамбеттің өршіл рухы бар.

Айтпасқа бізде хал бар ма,  
Аға-іні келіп алқалап,  
«Ал сөйле, дүрім» дегесін.  
Білгенінді аянбай,  
Қарышта, біздің қызыл тіл,  
Борбайлап қалды демесін, –

деп шабытына мінген Оңғар жырау қызыл тілге ерік беріп, сөз нөсерін төпелетеді. «Қиқулап ұшып қонатын» атты өлеңінде зар заман ақындарынша Ресей патша үкіметінің қазақ жеріндегі отаршылдық өктемдігін сын тезіне алып, ел басқару ісіндегі озбырлық пен азғындықты әшкерелейді, ата-қонысынан айрылған туған халқының аянышты халін суреттеп, өз қамын ойлаған әкім қараларды, мал санын көбейту қамындағы бәсекелес байларды аяусыз сынады. Осы шағын ғана өлеңінде сол кездегі қазақ қоғамының ащы шындығын жарқыратып көрсетуі арқылы Дулат, Шортанбай поэзиясымен үндеседі.

Ақындық дәстүр жалғастығы да дүр Оңғардың осы шығармасында және басқа өлеңдерінде айқын аңғарылады. «Кеңеске кемеңгерлер, салсаң құлақ», «Қонаққәде», «Қалдан мырзаға», «Заман туралы», «Арқадан жел аударар ақ киікті» атты өлеңдерінде нағыз ақын ретінде адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тап басып көрсетеді, өмірге көзқарасын білдіріп, өз басының мұңын, арман-тілегін, қуаныш сезімін жырға қосып, халықтың қилы тағдырын, қайғы-мұңын, қасіретін, қуанышты сәттерін ой елегінен өткізеді, көптің тағдырын, адамзат жайын сөз етеді. Ақын – қоғам, заман, адам туралы тереңнен толғанып, өзін «мен» деп бірінші жақтан айта отырып, сол өзі өмір сүрген кезеңнің, ортаның адамы, буынның өкілі ретінде авторлық ой-тұжырымын ащы даусымен айғайлап айтады.

Дүр Оңғар өлеңдерінде ой мен сезім бірлесіп, терең қабысқан. Мұның бәрі өмір, дүние, адам тағдыры, заман беталысы туралы үлкен толғаныстан туған жыр жолдары. Ақын өлеңдері мен толғаулары адам көңілін дөп басар әсерлілігімен, өзіне ұнамаған жайттарды аямай сынаған мірдің оғындай өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, қиыннан қиыстырған көркем қуаттылығымен ерекшеленеді.

«Заман туралы», «Қалдан мырзаға» өлеңдерінде заман, қоғам туралы тақырыпты жаңаша әдіспен, бірыңғай сынау әдісімен көркем тілге ерік беріп суреттеп, соны мәселеге батыл шешім тапты, осы жаңаша жырлау арқылы мүлдем жаңа шығармалар жазды. Жаңа заманның талап-тілегіне сай туындыларды өмірге әкелді. Бұрынғыдай әсіре мақтаудан арылып, терең ойлылыққа бет бұрды.

Дүр Оңғардың суреткерлік шеберлігі мен сыншылдық қасиетінен нәр алып, үлгі-өнеге көрген, ақындық дәстүрін дамытқан талантты шәкірттері де біршама. Атақты ақын Шораяқтың Омары:

Аш, бабын сөздің, дүр Омар,  
Жөн болса сөзің тыңдалар, –

деп дүр Оңғарша шабыттанып жыр шақырып, келесі бір сәтте:

Балқы Базар, дүр Оңғар –  
«Алқа!» деп атты қойғанда,  
Қаншама пырақ болса да,  
Қарасын көрмей қаңғалар, –

деп дүр Оңғардың ақындық талантына бас ұрады, бүкіл шығармаларында дерлік дүр Оңғар мен Балқы Базар жырларын үлгі етеді.

Сыр саңлағы, эпик ақын Тұрмағамбет те «Әр елдің бар бұлбұлы» атты толғауында:

Кем ойлыда – көп тындарлық,  
Сөз шықпайды үлгілі.  
Бәріміз де бисымақ,  
Отбасының білгірі.  
Іздеген зорға тапқандай,  
Шамшырақтай шығанда,  
Әр елдің бар бұлбұлы, –

деп Сырдың саңлақ он тоғыз шайыры қатарында:

Қаратамыр ол Оңғар,  
Ақмарал, бұғы һәм арқар  
Қоныстанған қысы-жаз,  
Асқар таудың үңгірі, –

деп биік шың басына шыққан асқақ үнді ақынға теңейді.

Дүр Оңғардың қазақ поэзиясына түр мен мазмұн жағынан енгізген жаңалықтары осы Шораяқтың Омары мен Тұрмағамбет Ізтілеуұлы өлеңдері мен дастандарында өз жалғасын тапты, олар да өз ұстаздарынан үлгі ала отырып,



мән-мағынасы бай, заман талабына жауап беретін жаңа үрдістегі шығармалар жазды, сөйтіп, ұлттық поэзияға жаңа леп, жаңа серпін әкелді.

Талант қашанда сирек құбылыс, халықтың алтын қоры. Оны баспақ болған жалған баламаның кемді күндік қана ғұмыры болады. Дүр Оңғар өлендерімен алғаш рет танысқан сәттен бастап ол менің бүкіл жан дүниемді баурап алды. Ол қандай әділет сүйгіш, шыншыл, сыншыл ақын еді. Жамандық атаулыға төзбейтін, ел сөзін сөйлейтін турашыл ақын қара басын қамын ойлаған билік өкілдеріне қасқиып қарсы тұрып, еш жалтақтамай, ақиқат сөзін айтып өтті.

Дүр Оңғар жырларында қарапайым халыққа деген қаншама ыстық сүйіспеншілік, сенім бар десеңізші. Ол өз талантын қараңғылыққа, зұлымдыққа, әділетсіздікке қарсы, әділетсіз бай-болыстар мен билердің халыққа жасаған озбырлығы мен өктемдігіне қарсы алмас қылыштай өткір қару ретінде жұмсады. Ақын жүрегінде шынайы отансүйгіштік, ұлтшылдық сезім буырқанады.

Жер қыртысындағы қара жартасты қақ жарып шыққан тұма бұлақтың көзіндей шымырлаған дүр Оңғар жырлары қай ғасырда болса да пәк сәбидей алдыңнан еркелеп шығады. Сол себепті де өз заманында туған елін ақындық талантымен дүр сілкіндіріп, маңайына дүр шашқан дүр Оңғар – халықтың жан дүниесінің, рухани әлемінің мәңгі тот баспайтын айнасы іспетті кейінгі ұрпақтар есінде ұзақ сақталатын болады.

## ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ІРІ ӨКІЛІ

Халықтың ұлттық болмысы, этностық тарихи тағылымы, мақсат-мүдделері мен ой-армандары, ізгі мұраттары мен дүниетанымдық қағидалары, рухани құндылықтары, ұлттық эстетикалық таным-түсінігі көрініс тапқан рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі фольклор десек, халық ауыз әдебиеті осы рухани бай қазынаның құрамдас бөлігі болғаны белгілі.

XX ғасырда дамудың биік сатысына көтерілген қазақ халық ауыз әдебиетінің ірі өкілі, ақын, жырау, жыршы Нұрпейіс Байғанин болатын. «Қазақ совет поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевпен ақындық дарындылығы жағынан болсын, жас жағынан болсын тетелес келетін ақын – Нұрпейіс Байғанин. Ол өзінің 85-тен аса жыл жасаған өмірінің 70-ке жақын уақытын халыққа қызмет етумен өткізді, халықтың мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырлады» деп ақын өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеген көрнекті фольклортанушы-ғалым Оразгүл Нұрмағамбетова атап өткендей жыр жампозы бүкіл саналы өмірін поэзияға арнады.

Шынында да Нұрпейіс Байғанин тұлғасы – ұлт әдебиеті тарихындағы ғажап құбылыс. Оның өмірі де, шығармашылығы да ерекше. Оның өмір қуаты жырларымен өрілген, жырларымен жалғасқан. Арнайы алған білімі болмаса да, ең бастысы, Ұлы даланың үлкен өмірлік мектебінен, жыршылық, жыраулық өнер мектебінен өткен ол туа біткен таланттымен елге танылып, ақын есімін бүкіл Кеңес Одағы білді.

Ақын өскен, өнген ортасынан қысқаша деректер келтіре кетсек. Нұрпейіс Байғанин атақты ақын-жыраулар мен батырлар өткен өлкеде, Ақтөбе облысының қазіргі Байғанин ауданының Байғанин кентінде өмірге келген. Жас-

тайынан ән, жырға құмар болып өсіп, ақындық өнерді алғаш рет сол өңірге әншілік, ақындық, домбырашылық талантымен белгілі болған өз анасы Үміттен үйренеді. Бозбала шағында-ақ ел аузындағы қисса-дастандарды жұртшылық алдында орындап көзге түсіп, бала жыршы атанады. Батыс Қазақстанның Орал, Атырау, Маңғыстау өңірлерінде жыршылық өнерімен танылып, Абыл, Нұрым, Шернияз, Қашаған сияқты атақты ақын-жыраулардан үлгі алады, олардан батырлық жырларды үйренеді. Тіпті «Егемен Қазақстан» газетінің алдыңғы күні, 20 мамырда жарияланған «Тәжік жерінде қалған Қалнияз жырау денесі туған жерге жерленді» деген мақалада айтылған жорық ақыны Қалнияз жырау да Нұрпейістің үлгі тұтып, тәлім алған ұстаздарының бірі болған.

Нұрпейіс Байғанин ең алдымен, «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Құбығұл», «Төрехан», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты халық сүйіп тыңдаған батырлық және ғашықтық жырларды жас кезінен жаттап алып, ел ішінде орындаған, кейбір жырларды бүгінге жеткізген атақты жыршы.

«Қобыланды батыр» жырының ел арасында кең тараған отызға жуық нұсқасы болса, солардың ішінде Нұрпейіс жырлаған «Қобыланды батыр» жыры – осы эпостың басқа ақын-жыршылар айтқан нұсқалардан көлемі үлкен, оқиғалы, мазмұнды жыр нұсқасы. Сол себепті Н.Байғанин жырлаған бұл нұсқа жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясының «Қобыланды батыр» жырының нұсқалары жарияланған 35–38-томдардың 36-томына мәтінтанушы Тоғжан Әкімованың дайындауымен енді.

Нұрпейіс Байғанинді өзі тұстас басқа ақын, жыршылардан оқшауландырып тұратын өзгеше қасиеті – ол әрі эпостық жырлар мен қисса-дастандарды шебер орындаған жыршы, әрі талантты суырыпсалма-эпик ақын болған. Осы ретте өз тарапынан суырыпсалып өлең-жырлар шығарғанда, бұрынғы ескі жыр үлгілерімен шектеліп қалмай, эпостық, лирикалық сюжеттерді қиюын қиыстырып пайдалана отырып, әлеуметтік мәселелерді қозғаған «Ақкенже», «Нарқыз» дастандарын шығарған, шынайы махаббат, адал достық, ерлік істер әспеттелген «Құбығұл» дастанын көркемдік үлгі-өрнекпен жаңа сипатта жырлаған.

Осы тұста көрнекті ақын, әдебиет зерттеуші Ә.Тәжібаевтың Нұрпейіс Байғаниннің дарын ерекшеліктері туралы сөздерін келтіре кеткен орынды. 1943 жылы Қазақстан Жазушылар Одағы мен Әдебиет және өнер институты Нұрпейісті сонау Ақтөбеден арнайы шақырып, Әбділда Тәжібаев үйіне қонақ қылғанда қарт ақынның сан қырлы талантына куә болып, таңғалады. Ақын, ғалым өзінің «Жылдар, ойлар» атты кітабында «Біз әдетте «Қырымның қырық батырын» Мұрын жырау айтты дейміз. Ол рас, бірақ бұл батырларды айтқанда Нұрпейісті де бір кезде ұмытпауымыз керек. Нұрекең өзінің «желісінде» осы батырларды жырлайтынын да айтты. Әрине, Мұрыннан Нұрпейістің айырмасы бар. Мұрын «Қырық батырды» жырлаудан аспай қалған (бұл азсынғанымыз емес, шындығын айту). Бұл жағына келгенде орыстың сказительдерін еске түсіреді. Ол үні жақсы, ұзақ дастандарды жадында берік сақтаған, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуге ұлы еңбек сіңірген ғажайып адам. Бірақ өзі көп білетін бай жырларға өз ақындығын сабақтастыруға онша құлшынбаған. Ал, Нұрпейіс тіпті басқаша жаратылған жан. Ол жастай үйренгендерін бүгінге жеткізудің үстіне, өзінің келелі ақындығына да кең жол ашқан. Халық аузындағы «Нарқыз», «Ақкенже» сияқты қызықты аңыз әңгімелерді өз тарапынан, өз атынан жырлап, оқиғаларын да ұзарта толықтырып, меншікті поэмаларына айналдырған. Сонда ол бұл поэмалардың қаһармандарына бүгінгі тұрғыдан қарап, бүгінгі рухтағы қуат беруді де ұмытпаған», – деп Нұрпейістің жыршылық, жыраулық, ақындық қасиеттеріне ерекше тоқталады.

Ақын шығармашылығы осылай сан қырлы. Ол заман шындығын көрсеткен «Кектің дауысы», «Қазақбаймен айтысы» көлемді жырлар мен өмірдің келеңсіз құбылыстарын сынаған сатиралық өткір де қысқа өлеңдер шығарған. Жыр дүлдүлі, әсіресе, халқымыздың кеңестік замандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктерін шабыттана жырлады. 1939 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің ашылу салтанатына қатысып, туған өлкесі Қазақстанға деген шексіз сүйіспеншілігін, оның әсем табиғаты мен кен байлығын, өркенді өндірісін жырға қосып, жаңа заманға ілесіп, жаңа

үрдіспен дамыған халқының жарқын бейнесін суреттейді. «Ғажайып көрмеде», «Өңімдегі жұмбақ», «Қазақстан», «Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар» және т.б. өлең-жырлары осындай тың шабыттан туған отансүйгіштік шығармалар болатын.

Нұрпейіс Байғанин, әсіресе, Отан қорғау туралы көп жырлаған ақын. Ол шығармашылық жағынан әбден толысып, елге кеңінен танылған кемел шағында Ұлы Отан соғысы басталды. Бүкіл жұртшылыққа үлкен сын болған ауыр кезеңде қарт ақын жасының ұлғайғанына қарамастан ортақ Отанға төнген қауіпті өзінің туған өлкесіне тиетін қатердей сезініп, жүрек түкпірінен шыққан жырларын жауға қарсы қару етті, заман ағымына сай отаншыл рухтағы өткір өлеңдерге өзгеше өң берді, өзгеше үн берді. Ақынның соғыс жылдарындағы өлең-жырлары мен эпикалық шығармаларының басты тақырыбы да Отан қорғау болды да, майдан даласындағы жауынгерлердің жанқиярлық ерлігі мен батырлығын шабыттана жырлауы соғыс кезіндегі бүкіл халықтың қаһармандық күресін шебер бейнелеу ерекшелігімен ұштасты. Отаншылдық, батырлық рухқа толы өткір де өрелі жырларында фашист басқыншыларына деген ыза-кек пен өшпенділік жалынын тұтатып, елін, жерін қорғауда ерлікке үндеген азамат ақынның нағыз талант шыңына көтерілген шағы осы тұс болатын.

Қарт ақын соғыс кезінде патриоттық рухтағы үмітке толы жігерлі өлеңдермен қатар жаппай ерлік көрсеткен атақты батырлар туралы көлемді эпикалық дастандар шығарумен де әйгіленді. «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» дастандары Кеңес Одағының батырлары, атақты 28 панфиловшының бірі Нарсұтбай Есболатов пен панфиловшы Төлеген Тоқтаров ерліктерін дәріптеуге арналса, «Капитан Гастелло» дастаны ерлікпен қаза тапқан қаһарман ұшқыш Гастеллоның батырлық әрекетін баяндайды. Ақын тарихта болған нағыз батырлар туралы бұл шығармаларында эпостық дәстүрлерді шебер пайдалана біліп, өзі суреттеген қаһармандарды жас ұрпаққа үлгі етіп жырлаған.

Ақын шығармаларының үлкен беделге ие болғаны соншалық, тіпті сұрапыл соғыс жүріп жатқан кездің өзінде Н.Байғаниннің «Қазақстан – майданға» жырының негізінде Алматы көркем және хроникалы фильмдер студиясы осы

атпен деректі фильм түсірген. Бұл фильмді халық майданда да, тылда да үлкен ризашылық сезіммен көріпті.

Нұрпейіс Байғанин жыр алыбы Жамбыл сияқты көп жасаған, көпті көріп, көп үйренген, көп жырлап, көп өлең-жыр шығарған абыз ақын. Шығармалары терең мағыналы, өткір тілді, ғибратты шешен сөздер мен нақылға бай, тәрбиелік маңызы зор туындылар.

1930 жылдар соңында үкімет тарапынан халық ақындары үлкен қамқорлыққа алынып, ерекше назарда болғаны белгілі. Бұл іске КСРО ҒА Қазақ филиалының Тіл және әдебиет секторы, яғни қазіргі біздің Әдебиет және өнер институты қызметкерлері де араласты, 1938 жылдан бастап Жамбыл сияқты Нұрпейіс Байғанинге де әдеби хатшылар белгіленді. Біздің институттың себепкер болуымен ақынмен алғашында Ахмет Ескендіров деген талантты ақын жұмыс істеген, ол соғысқа кеткен соң Мариям Хакімжанова, Қуандық Шаңғытбаев және т.б. ақындар Нұрпейіс шығарған шығармаларды бірден ұқыпты түрде қағазға түсіріп отырған. Ең үлкен өкініш – Нұрпейіс жырлаған «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» және т.б. көптеген жырлар жазып алынбаған. Ақынның өзі бұл жөнінде: «Суырыпсалма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ғой, өзеннің ағысын ұстап бола ма, біздің өлендеріміз де сол сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тақ еткізіп, жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды» деп ашығын айтқан екен.

Үнемі іздену, үйрену, өсу, өркендеу жолында халық поэзиясын үлкен биікке көтерген, өзі де сол талант шыңына шығып, өмір бойы туған елі мен халқын жырлап өткен арқалы ақын өршіл рухты, өткір тілді жыр жүйрігі ретінде ұрпақтар жадында сақталып, ұлт әдебиеті тарихында қала береді.

## ЖЫР ЖҮЙРІГІ ҚҰЛАН АҚЫН

Құлан Алдабергенұлы (1861–1934) – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ақын есімі еліміздің оңтүстік өңірлеріне кеңінен белгілі болғанмен көп уақытқа дейін ғылыми айналымға енбей келді. Артында мол мұрасы қалғанмен жүйелі түрде жиналмай, зерттеушілер назарына ілікпеді. 1980 жылдар ортасында қайта құру басталып, демократиялық өзгерістер келген шақта Құлан ақын халқына қайта оралды. Академиялық жинақтарға өлеңдері мен айтыстары еніп, энциклопедияларда өмірбаяндық деректері берілді. Ал еліміз тәуелсіздік алған тұста әдебиет зерттеушілері Құлан ақын поэзиясының қыр-сырына үңіліп, жан-жақты сараптау жұмыстарын жүргізді. Соны ғылыми ізденістер нәтижесінде, ақын есімі қазақ әдебиеті тарихынан өз орнын алып, шығармалары республикалық, облыстық газеттерде, арнайы жинақтарда жарияланды. Мұның өзі – ұмыт бола бастаған үлкен дарын иесіне деген халықтың шынайы ықыласы мен құрмет белгісі деп қарау керек. Құлан шын мәнінде бүкіл ел таныған арқалы ақын болды. Ол қарапайым халықтың мұрат-мүддесін көздеп, арман-мұңдарын жырға қосты, надан байлар мен жұртшылық есебінен күн көрген молдаларды мінеп, атқамінерлердің оғаш қылықтары мен елге жасаған қиянаттарын ащы мысқылмен аямай сынады. Халықты оқу-білімге үндеп, түрлі кәсіп түрлерін меңгеруге шақырды, жоғары адамгершілік пен әділдікті ту етіп көтерді.

Бала жасынан жетімдік зардабын шегіп, жоқшылық пен жетіспеушілікті бастан кешкен өр рухты ақын туған халқының мүшкіл халін жүрегімен сезіп, феодалдық ескі салт-сана мен дәстүрлердің зиянын көріп өсті. Қоғамға қарсылығын өлең жолдарымен айқын білдірген ақын

тығырықтан шығу жолдарын дала кезіп, ел аралап жүріп үлкен қиналыста іздестіреді, осы жолда барлық кедергілерден сүрінбей өтіп, тағдырына қарсы шығады. Халқын қараңғы қапастан шығарып, ескілік шырмауынан құтқару жолын ағартушылықтан табады. Осылайша Құлан қалпе өзінің бүкіл ақындық өнерін, шығармашылық болмысын, туа біткен талантын жердегі тіршілікке және қарапайым жер иесіне тұтастай және толық арнайды.

Ақын жарқын болашаққа қарай алға жылжу жолын оқу-білімнен, халықтың күнделікті күйбең тіршілігіне қажетті кәсіп түрлерін меңгеруден көріп, осы мұраттар негізінде адамдар бойында ар тазалығы мен адалдықты, жоғары имандылық қасиеттерін тәрбиелеуді заманның өте маңызды міндеті ретінде қарастырады. Құлан өз өлең-жырларында ел ішінде халық есебінен күнелткен тойымсыз бай-болыстарды аяусыз сынап, надан молдаларды ащы мысқылмен шенейді.

Іші арам, сырты сопы, бәз молданың,  
Олардың талайына кез болғанмын,

деп дін атын жамылып, қарапайым жұртшылықты алдаған ынсапсыз молдаларды үнемі сынайды.

Құлан өз шығармашылығында халық өміріне, қарапайым адамдардың тыныс-тіршілігіне етене жақын болды. Ол үнемі ел аралап, еңбек адамдарының жоқшысы, қамқоршысы ретінде қалың жұртшылыққа белгілі болды. Мірдің оғындай ащы тілді, сөзге шешен ақын, өр рухты ел перзенті халықпен бірге уақыт тауқыметін бірге арқалап, өмір түйткілдері мен қиындықтарын, өз кезінің әділетсіз жақтарын шығармаларына өзек етті. Сол себепті ақиқатты ашық айтатын оның поэзиясы, қанаушы қоғамға қарсылық үні болып естілді. Сол кезде белең алған жүгенсіздіктерді сынаумен бірге ақынның элеуметтік жаңару мен халық өміріндегі өзгерістерді аңсаған арман-тілектерін нақ байқаймыз. Құлан көкसेген ой-қиялы Кеңес өкіметі орнаған тұста жүзеге аса бастап, қалың бұқара өміріндегі оңды өзгерістерге ақын бірден үн қатып, бірнеше өлең де арнаған еді.

Қазақ поэзиясында сатира жанрын дамытуға ерекше атсалысқан Құлан ақын айтыс өнеріне де лайықты үлес



косты. Оның атақты Құлыншақ ақынмен сөз қағысуы, Шегір деген келіншекпен, Перне қызбен айтыстары суырыпсалма ақындық өнердің жарқын бір белгісіндей үлкен із қалдырды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында Құланның ақындық талантына бірінші болып әділ бағасын берген көрнекті фольклортанушы-ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Есмағамбет Ысмайылов екендігін әрдайым естен шығармаған жөн. 1965 жылдың бас кезінде Қызылорда педагогикалық институтында оқып жүрген студент Тынымбай Нұрмағамбетов М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына Құлан Алдабергенұлының бір топ өлеңдерін жолдағанда, осы қолжазба материалмен мұқият танысып шыққан білікті ғалым жас жігітке былай деп хат жазған екен: «Т.Нұрмағамбетов жолдасқа! Қазақ ССР ғылым академиясының әдебиет институтына Сіз жіберген Құлан қалпенің өлең-термелерімен таныстық. Құлан сөзге жүйрік, ойға тапқыр ақын екендігі байқалады. Осы уақытқа дейін Қызылорда облысынан жиналып біздің қолымызға жеткен атақты ақындар қатарында бұл кісінің есімі де, шығармалары да кездескен емес. Сондықтан Сізден өтінеміз, осы Құлан ақынның өмір тарихын және басқа да өлең-жырларын жинап жіберсеңіз екен?» деп үлкен өтініш жасапты (Осы институттың Қолжазба бөлімінің қоры. 1033-бума, 3-дәптер).

Құлан Алдабергенұлының артында мол мұра қалған. Қайтыс боларының алдында сол Жаңақорған өңірінде басшы қызметтерде болған зиялы азамат Байболат Қыдыровқа бес жүз бет көлемінде араб әрпімен жазылған шығармаларының қолжазбасын аманат етіп тапсырған. Ел басына күн туған ашаршылық жылдары әркім өз қайғысымен зур-сарсаңға түсіп жүрген кезде бұл құнды қолжазба мұра жоғалып, қолды болады да, ақын туындылары бірден-бірге өтіп, кейінгі ұрпаққа там-тұмдап жетеді. Атақты халық ақыны Манап Көкенов, белгілі ақын Қайыпназар Әйтпенев, мәдениет қызметкері, ақын-термеші Есіркеп Қоңқабаев сияқты құймақұлақ қариялар ұмытылып бара жатқан жыр жүйрігі өлеңдерін ел аузынан жинауда көп еңбек сіңірді.

Ақын шығармаларын жинақтап насихаттау ісіне, ғылыми тұрғыда зерттеуге көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Ханғали Сүйін-

шәлиев, белгілі жазушы, журналист, әдебиет зерттеуші, филология ғылымының кандидаты Жолтай Әлмашұлы, жазушы, журналист, ақын Файзулла Сахиев, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы Жұмабай Әбілев сүбелі үлес қосты.

Құлан шығармаларын ғылыми қауымға алғаш таныстырған көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағамбетов екендігін ерекше атап айту қажет. Қызылорда педагогикалық институтының бірінші курсына оқып жүрген жаңақорғандық талапты жас Құлан ақынның бір топ өлеңдерін ел аузынан жазып алып, Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жібереді. Студент Тынымбай институтқа жолдаған хатында «Құлан-халпенің өлеңдері» деп тақырып қойып, Құлан ақын туралы өз білгенін қысқаша ғана былай деп жазыпты: «Халпе жалған аты. Құлан қазіргі Қызылорда облысы, Жаңақорған маңында туып-өскен. 1933 жылы 70-тен аса жас жасап, қайтыс болған. Ақынның мұралары тек жеке адамдардың аузында қалған. Сол ауызекі сақталған өлеңдерінің бір тобын жазып алып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмын». Соңын: «Тынымбай Нұрмағамбетов, Қызылорда пединститутының 1-курс студенті» деп аяқтапты.

Ақынның көлемді термесі, Босымбек байға айтқан арнауы, «Хат» деген ұзақ өлең-хаты бар бұл материалдарды сол жылдары осы институттың фольклор бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған фольклортанушы-ғалым Есмағамбет Ысмайылов мұқият қарап шығып, Құлан поэзиясына жоғары баға береді, Тынымбайға жазған жауап хатында ақынның өмірі туралы деректер мен басқа өлең-жырларын жинауды өтінеді.

Тынымбай Нұрмағамбетов жинап тапсырған Құлан ақынның бұл өлеңдері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімі қорындағы № 1023 бумадағы 3-ші дәптерде сақтаулы тұр.

Құлан мұрасын зерттеуші Файзулла Сахиев «Қос үйеңкінің қос бәйтерегі» кітабындағы (2003) «Құлан ақын» зерттеуінде Манап ақынның: «Ұмытпасам, сонау 1965 жылдың жазы болар, академик жазушы Сәбит Мұқанов Құлан өлеңдерін менен тыңдағаннан кейін ғалымдар Рақманқұл Бердібаев, Мардан Байділдаев, Нысанбек Төреқұлов, Ханғали

Сүйіншәлиевтерді шақырып алып, Құлан ақын шығармаларын шұғыл зерттеу қажет деп тапсырма берді» деп Манап Көкеновтің он бес жылдай Құлан ақын шығармаларын жинап, осы институт қорына үш мың жолдай өлеңін тапсырғанын жазыпты (21-б.). Бәрі дұрыс. Осыған дейін институт қорына түскен Т.Нұрмағамбетов материалын Е.Ысмайылов оқып шығып, қызығушылық танытқанмен ауру мендеген ғалымның мұршасы болмаса керек. Бір жылдан кейін, 1966 жылы ол кісі ауыр сырқаттан қайтыс болғаны белгілі. Тынымбай жіберген материалдың соңына: «Жинаған Н.Төреқұлов» деп қарындашпен жазылыпты. Мүмкін Құлан өлеңдерімен алғаш танысқан сол кездегі фольклор бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Н.Төреқұлов болса керек. Аталған қолжазбаға жауапты осы қызметкер болғандықтан соңына жоғарыдағыдай аты-жөні жазылып кеткен. Ал жас талап Тынымбайдың Құлан ақын өлеңдерін өз бетімен жинап, институтқа жібергенінен, Манап ақын мүлдем хабарсыз болуы әбден мүмкін.

Бұл жерде Құлан Алдабергеноұлының мұрасын жинауда ақиық ақын Манап Көкеновтің еңбегі өлшеусіз. Бірақ та сол Манап жинап тапсырған үш мың жол Құлан өлеңдері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімі қорында ұшты-күйлі жоқ. Бұрынғы Қазақстан Ғылым академиясының, қазіргі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорының каталогын да қарастырдық. Онда да жоқ. Кеңестік кезде аталған институт пен кітапханада белгілі әдебиет зерттеуші ғалымдарға қолжазбалар көңілжықпастық ниетпен үйлерінде жұмыс істеуге берілген. Сондай мезеттерде әлгі қолжазбалар ұмыт қалып, қолды болып кетуі әбден мүмкін. Не болмаса, жастары ұлғайған зерттеуші мамандар бақилық болғаннан кейін олардың соңында қалған қолжазбаларды қорларға қайтарып алуға ешкімнің батылы жетпеген сыңайлы. Осындай себептермен Манап ақын тірнектеп жинаған Құлан шығармалары әлі де бір ғалымның жеке мұрағатында немесе ұрпақтарының қолында сақталуы мүмкін. Ал біз болсақ, осы кітапты құрастыра отырып, қолымызда бар Құлан ақын туындыларын мүмкіндігінше пайдаландық. Осыған дейін ақынның Перне қызбен айты-

сы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының айтысқа арналған 1-томында (1988), Құланның «Туған жер», «Молда», «Достық» атты өлеңдері алғаш рет осы институт дайындаған екі томдық «Бес ғасыр жырлайды» жинағының 2-томында (1989) жарияланды. Одан кейін кейбір өлеңдері Жаңақорған аудандық «Коммунизм жолы», облыстық «Сыр өңірі», республикалық «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінде жарық көрді. Ақын мұрасын жинап зерттеуші Файзулла Сахиев өзінің «Қос үйеңкінің қос бәйтерегі» кітабында Құланның 17 өлеңі мен бір термесін және Перне қызбен айтысын жариялады.

Құлан Алдабергеноұлының алғаш рет құрастырылып, 2011 жылы жарық көрген «Алмастай сөзім өткір...» жинағына ақынның академиялық басылымдарда, Ф.Сахиев кітабында жарияланған шығармалары мен Т.Нұрмағамбетов жазып алған өлеңдері мен термесі, ол туралы зерттеулер мен мақалалар, ақын рухына арналған жырлар енді.

Жинақ төрт бөлімнен тұрады. «Өлеңдері» бөлімінде ақынның әр жылдары шығарған жыр-толғаулары мен арнау өлеңдері, термесі қамтылса, Құланның Перне қызбен айтысы мен Құлыншақ ақынмен сөз қағысуы «Құлан ақынның айтыс өнері» атты жеке бөлімді құрады. Ал ақын өмірі мен шығармашылығы туралы «Құлан ақын туралы зерттеулер» атты арнайы бөлім арналды да, соңғы бөлімге ақын рухына бағышталып жазылған арнаулар енді.

Өткір сөз наркескендей қынаптағы,  
Айтпауға ішті кернеп шыдатпады.  
Ішіме біткен қайнап өнерім бар,  
Таусылмас аққан судай бұлақтағы, –

деп бүкіл өмірін поэзия әлеміне арнаған Құлан – Есмағамбет Ысмайылов айтқандай: «сөзге жүйрік, ойға тапқыр ақын» болып, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ақын есімі мен өлең-жырлары халық есінде мәңгілік сақталады. Халық зердесінде жатталып, оның жадында өмірін жалғастыру сөз зергері үшін бұдан асқан үлкен бақыт бар ма?

## ШАШУБАЙ ФЕНОМЕНІ

Қазақ даласы туа біткен дарындарға кенде емес. Сондай ғажайып өнер иесінің бірі, сан қырлы тума талант, әрі ақын, әрі композитор, әнші, сырнайшы, цирк ойындарының тамаша орындаушысы Шашубай Қошқарбайұлы болатын. XX ғасырда оның даңқы бүкіл сахараға тарады: оның әндерін барша алаш жұрты орындап, сүйсініп тыңдады. Тек қазақтар ғана емес, өзі талай рет дүбірлі ойын-сауықтарға қатысқан Сібір жұрты да дала қазағының орыс циркі майталмандарынан кем түспейтін ерекше қабілетіне таң-тамаша болса, көрші қырғыз елі де Алатау алқабын талай аралап, ақындық, әншілік өнерімен тамсандырған Шашубайды ерекше құрмет тұтты. Кейінгі ұрпақ ақын есімін көп білмегенімен, айтыс өнері туралы әңгіме қозғалған кезде жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептер курстарында жыр жүйрігінің ақындық суырыпсалма өнеріне міндетті түрде арнайы тоқталып өтеді.

Сөйте тұра біз бір өзі көшпелі театр, дала циркі болған Шашубайды толық ашқан жоқпыз. Шынында да ол тек қазақ мәдениетіндегі ғана емес, әлемдік мәдениеттегі сирек құбылыс, яғни феномен деп айтуға тұрарлық ерекше тұлға. Қазақы қалыптағы әнші, ақындығымен қатар жатжұрттық сырнай аспабын домбыра сияқты жетік меңгеріп, ұлттық әуендерді құйқылжыта орындаған, бет-аузын құбылтып, түрлі қимылдармен аң-құс кейпіне енген, әртүрлі жастағы адамдар бейнесін сомдап, сиқыр әдістерін жасаған, ат үстінде акробаттық қимылдармен күрделі жаттығулар жасаған мұндай бесаспап шебер өнер иесін, қай қырынан зерттесе, көптеген тақырыптарды молынан қамтыр еді. 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті

тарихының» кеңестік кезеңдегі халық ауыз әдебиетіне арналған бөліміне Шашубаймен қатар шыққан замандас жыр жүйріктері Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Төлеу Көбдіков, Қайып Айнабеков, Үмбетәлі Кәрібаев, тіпті одан кейінгі буын өкілдері: Омар Шипин, Нартай Бекежанов, Қалқа Жапсарбаев, Ілияс Манкин, Нұрқан Ахметбеков, Иса Байзақов туралы тараулар енеді де, ақынның қалыс қалып, сөз арасында ғана айтылуын түсінсек бұйырмасын. Ал дәп сол кеңестік кезеңде шырқау биікке көтерілген халық поэзиясының өркендеп дамуына өлшеусіз үлес қосқан Шашубай есімінің дәуірлеп тұрған кезі еді. Шығармашылық шыңға шыққан ақиық ақынның өнеріне ұлт мәдениетін дамытуға қосқан үлкен үлесі үшін Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері атанып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталуы сол жылдардағы үкімет тарапынан талант иесіне көрсетілген үлкен құрмет десек, осындай абырой биігінен көрінген дара дарынның әдебиет тарихынан лайықты орын берілмеуіне таңданыс білдірдік. Шынында да өз кезінде осындай сан қырлы таланттың замандасы, атақты халық ақыны Доскей Әлімбаев айтқандай «халыққа әнмен өріп, сөз таратқан Шашубай» феноменінің елең еткізер ерекшеліктерін тереңнен ашып көрсету қажет. Бұл қызыл сөз емес. Ақын, әнші, композитор Шашубайдың талант қырлары көпшілік қауымға әлі де кеңінен таныс емес. Тыңдарман қауым бірнеше әні мен кейбір өлеңдерін білер. Оның өзінде ақын туып өскен Орталық Қазақстан өңірінде ғана кеңінен насихатталып келеді. Ал барша алаш жұрты ақын атына қанық болғанымен, шығармашылық мұрасын көп білмейді.

Соғыс алдындағы кезеңде жыр алыбы Жамбылдың атақ-даңқы бүкіл Кеңес Одағына жайылып, үкімет тарапынан халық ақындарына ерекше көңіл бөлінді. Сонау қияндағы Балқашта тұратын Шашубай ақын да:

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,  
Ақынмын атым шыққан жасырмаймын.  
Жетпістің жетеуіне жетсем дағы,  
Қалтырап, кәрілікке бас ұрмаймын, –

деп жаңа заманның өнер бәйгесіне қосылды. 1939 жылы жазда жоғары билік басында болған Қазақстан Компартиясы

Орталық Комитетінің арнайы қаулысы бойынша Алматыда халық ақындарының слеті өтіп, бұл келелі жиынға Жамбыл жырау бастап, қазақ даласының түкпір-түкпіріндегі атақты жыр жүйріктерінің түгелі дерлік қатысты. «Халық ақындарын көріп, олардың айтыстарын тыңдағысы келген жұрт театрдың есігін бұзып, терезелерін сындырып кірді», – деп еске алады осы оқиғаның қызу ортасында болған көрнекті ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаев өзінің «Жылдар, ойлар» атты кітабында (Алматы, 1976, 160 б.). Бұл да ашаршылық нәубеті мен қуғын-сүргін зобалаңынан әбден тарығып қалжыраған халықтың төл өнерімен сағынып көріскендігінің айқын белгісі еді.

Алматыдағы осы алқалы жиында қартаң тартқан Шашубай да өз өнерін көпшілікке көрсетіп, барын салды. Сахнада өлеңді іп-ілезде суырыпсалып шығарып, әнін де әуендетіп айтқан, елге таңсық басқа өнерімен де жұртшылықтың зор ілтипатына бөленіп, алғысын алған Шашекеңнің сол ерекше таланты туралы Әбділда ақын: «Арқалы, бет-аузын бақсыша ойнататын Шашубай ақын қыза келе домбырасын лақтырып жіберіп, тепсініп жүріп айтады екен. Оның термелеп төккен жырына оң аяғының тап-тап қосылғаны әлдеқандай айбарлы ырғақ береді» деп асқандарын иесінің сирек кездесетін талант қырларын дәлмедәл шығарып, одан кейін басқа бір ырғаққа түсіп, қара өлең әуенімен әндетіп кететін қасиетін айтып өтеді. Осыдан кейін іле-шала өзі шығарған «Ақ қайың» әнін сырнайға қосылып шырқағаны туралы сыр бөліседі. Міне, Әбділда ақын тамаша сипаттап берген бұл суреттеме Шашубай өнерпаздың қысқа да нұсқа айтылған шынайы да сан қырлы тұлғасы.

«Шашубай ақынды бұрын мен сырттай білетінмін. Көзінің тірісінде-ақ осыншалық аңызға айналған ақынды көрген емеспін» деп танданыс білдіреді Әбділда ақын сол естелігінде. Иә, сол жиында көзге оза түскендердің бірі, аңызға бергісіз ақын араға екі жыл салып Қазақстан Жазушылар Одағының жеке тапсырмасы бойынша 1941 жылы мамырда Алматыға шақырылады да, арнайы бөлінген адамдар, олардың ішінде жас ақын Сағынғали Сейітов те бар, бір ай бойы Шашубайдың өлеңдерін өз аузынан жазып алып, жинағын баспадан шығаруға әзірлейді.

Шашубайды бүкіл халыққа алғаш танытқан да осын-

дай ілтипаттың арқасында дайындалған «Сөйле, Шашеке!» жинағы. Сұрапыл соғыстың қызған шағы – 1942 жылы белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым Сағынғали Сейітовтің құрастыруымен жарық көрген бұл құнды кітап Шашубай есімін республика жұртшылығына кеңінен танытты. Жинаққа енген өлеңдердің барлығын дерлік Сағынғали ақын Шашубайдың өз аузынан естіп, хатқа түсірді. Сондықтан Шашубай шығармаларының дер кезінде жиналып, елге танылуында Сағынғали Сейітовтің сіңірген еңбегі өлшеусіз екенін атап өткен жөн. Бұл Шашубайдың сол жылдары жеке кітап болып шыққан бірден-бір жалғыз жинағы еді.

Шашубай қатарлы халық ақындарының жыр жинақтары 1940–60 жылдары бірнеше рет жарық көріп, олардың шығармашылығы туралы жоғарыда атап өтілген. «Қазақ әдебиетінің тарихында» арнайы портреттік мақалалар берілді де, «Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы» атанған атақты жыр дүлдүлі есімі көпке дейін ескерусіз қалғандай болып еді.

Шашубай есімін екінші рет тірілтіп, қайтадан даңққа бөлеген белгілі әдебиеттанушы-ғалым, халық ақындары мұрасын тынбай зерттеп келе жатқан филология ғылымының докторы, профессор Серік Негимов 1982 жылы «Жұлдыз» журналының №10 санында «Қошқарбайдың баласы Шашубай» атты мақала жариялады, арада екі жыл өткенде 1984 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан ақынның «Ақ қайың» атты жинағын құрастырып шығарды. Халық поэзиясы туралы көптеген ғылыми-танымдық мақалалар жазған ғалым бұл жинаққа кезінде С.Сейітовтің Шашубайдың өз аузынан жазып алып, «Сөйле, Шашеке!» кітабында жарияланған өлеңдерін, басқа толғаулары мен айтыстарын енгізді, ақын өмірі мен шығармашылығынан көп мағлұмат беретін алғысөз жазып, шығармаларына ғылыми түсініктемелер берді. Халық поэзиясының білгірі осы жинақпен ғана шектеліп қалған жоқ. Одан кейін де, еліміз тәуелсіздік алған жылдары да республикалық баспасөз беттерінде Шашубай шығармашылығын көпшілікке кеңінен танытқан бірнеше зерттеу мақалалар жариялады. Мұның өзі ғалымның Шашубай талантына адалдығын білдіріп, ақын мұрасына деген шынайы қамқорлығын айғақтаса керек.



Шашасына шаң жұкпаған, қартайғанша қолынан домбырасы түспей, ән шығарған Шашаң сері осылай халқымен қайта қауышып, өзінің ақындық бар болмысымен айшықталды. Шашубай, біріншіден, шынайы халық ақыны. Қарапайым халықтың қалың ортасынан шыққан тума талант жырлары сахара далада туып, осы сәттен бастап ықылым заманнан қалыптасқан дағдылы дәстүр бойынша ел арқылы тарады, ел ішінде өмір сүрді. Халық арасында туған, халық сүйген арқалы ақын өзінің тұмадай тұнық туындыларында қарапайым еңбек адамдарын жырға қосты, еңбекті дәріптеп, оқу-білімге шақырды. Оның шығармаларының тақырыбы да әртүрлі: ертеден келе жатқан имандылық құндылықтармен бірге елінің ерен ерлік істерін дүйім жұртқа паш ету, туған халқының толағай табыстарын өзінің жетістіктеріндей қабылдап, қуанышқа бөлену, алдағы болашаққа үмітпен қарап, өскелең ұрпақтың қамын ойлау сияқты ақынның ой түкпіріндегі терең толғаныстар қартайған шағында да бейжай қалдырмаған.

Осыдан-ақ Шашубай шабытының қайнар көзі – ұлттық бай фольклор мен халық ауыз әдебиетінде жатқанын айқын сеземіз. Ақын бүкіл дарын даралығымен халық шығармашылығынан сусындаған, әсіресе, эпостық жырларға құлай берілген. Оның саналы түрде батырлық, ғашықтық жырларға еліктеп, бұрынғының ақын-жырауларындай заман ағысын, уақыт кеңістігін төгілте жырлауы, әр шығармасынан айқын аңғарылады. Халықтық ойлау жүйесінен, қарапайым жұртшылықтың дүниетанымынан ол халық поэзиясына тән әлемді қабылдау тұтастығын бойына сіңірді. Шынайы халықтық осы ерекшелік, қымқуыт өмір ырғақтығы мен реттілігі ақын поэзиясымен тығыз қабаттасқан да, оның өлеңдерінің эпикалық сарынын күшейткен. Ақын бүкілхалықтық ой-түйсікті өз болмысымен терең сезініп, халық поэзиясы рухында жыр тиектерін толғанысты сезімдермен ағытады.

Ғасырға жуық ғұмырында әлеуметтік дүмпулерге толы екі дәуірдің куәсі болып, кедейлік тақсіретін көп тартса да, өнерімен өмір кешкен, өлең сөзінің құдіретімен поэзия шыңына шыққан жыр тарланының ақындық жолы қалай басталып, талантының қайнар көзі қандай сыр бүгіп жатқанын, өнген, өскен ортасы оның шығармашылығына

қаншалықты күш-қуат беріп, шабыт шалқарына шығарғандығын білудің өзі ерекше қызық. Ақын өмірбаянының тылсым құпиялары оның жырларында. Алайда Шашубай шығармашылығына қызығушылық танытқан жұртшылық оның өмір сүру қағидалары ақындық ұстанымдарымен қаншалықты қабысып, тебіреністі жырлары оның бүкіл талант, бітімінің бет-пердесін қаншалықты айқындағанын білуге үнемі құштар. Ақынның талант табиғатын жақсырақ ұғыну үшін оның шыққан тегіне, туып өскен өңіріне, өскен ортасына үңілу қажет. Бұл адамзат тарихындағы белгілі тұлғаны танудың бірден-бір негізгі шарты.

Шашубайдың кіндік қаны тамып, туып өскен, балалық, жастық, азаматтық, ақсақалдық шақтары өткен жері – Арқа аймағының Ақтоғай – Балқаш өңірі. Қазақтың тектік жағынан тартқанда арғы ата-бабалары Дадан тобықты ұрпақтары үш ғасырдан бері қоныс етіп келе жатқан бұл өлке алаш жұртының құт мекені. Ежелден елге ырыс пен қасиет болып қонған Тоқырауын өзені Сарыарқаның белінен бастау алып, шығысқа қарай бағыт алады да, жол-жөнекей шағын өзендермен суын молайтып, біршама күншілік жерге ағып барып, Балқаш көліне құяды. Қазіргі кеншілер қаласы – Балқаш халқы тұщы суды осы Тоқырауыннан ішеді. Ал Ақтоғай өңірінің орта тұсы Балқаш көліне қарай еңістеп аласара беретін ұсақ шоқылы, қырқалы жазықпен көз тартса, солтүстігін аласа таулар тізбегі алып жатыр. Осы тізбектегі Қызыларай тауы теңіз деңгейінен 1565 метрде орналасқан Орталық Қазақстандағы ең биік тау ретінде өңірдің ажар-көркін беріп тұрған туристік маңызы зор мекен.

Міне, Шашубай ақын жері де бай, елі де бай осындай киелі өлкеде – Балқаш көлінің батыс бөлігіндегі Сарышыған шығанағындағы ауылда өмірге келген. Қазір бұл жерді Сарышаған деп атап кеткен. Ал дұрыс аты – Сарышыған деген қолайлы, балыққа бай деген ұғымды білдіреді. Шашубайдың балалық, жастық шақтары талай аң жортып, құс қалықтаған кең жазира далада өткен. Ақтоғай өңірінің тылсым табиғаты мен көшпелі түркі тайпаларының Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын көне ескерткіштері саяхатшылар мен ғалымдары назарына ерте іліккен.

Бала Шашубайға шежірелі туған өлкенің тылсым құ-

пиялары ерекше әсер етіп, шабытына шабыт қосқан, өлеңдерінің негізгі өзегі – өзі туып өскен қасиетті мекеннің әсем табиғаты болса, кейін қартамыс шағында Балқаш жеріндегі мыс, молибден, вольфрам, қорғасын, мырыш және тағы басқа кен байлықтарын үлкен мақтаныш сезіммен жырлады, кеншілер өмірін мадақтап, өндіріс тақырыбын ерекше шабытпен жырға қосқан бірден-бір ақын ретінде танылды. Арқаның айдай ақиқаты мен жан-жүрегі болды.

Ақынның жан дүниесінде осынау суы мол, шөбі шүйгін, шетсіз, шексіз Сарыарқа даласы, үйір-үйір болып жүрген құландар, көктемде көгі жайқалған адыр-төбелер мәңгі есінде сақталып қалды. Кең жазира сахараның әр түкпірінде қаншама ықылым заман сырлары бар екенін ежелгі ертегілер мен жырларды жаттап өсіп, өзі де суырыпсалып жырға қосқан албырт ақын қасиетті дала рухынан күш алып, туған жер, қасиетті атамекен туралы, отбасы, ошақ қасы туралы, туған халқы туралы, жалпы адам туралы алғашқы түсініктері осы құт мекенде қалыптасып, қиялына ерік берді.

Өзінің өскен ортасын айтқанда, Шашубайдың аталас туыстары – жоңғар шапқыншылығында қалың тобықты «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманына тап болған нәубетшілікте Арқаға үдере көшкен елді бастап, Тоқырауын өңіріне әкелген баба атанған аруақты, тарихи тұлға, кемеңгер Қараменде би мен сөзге шешен, әділ де адал Сана би артына қалдырған даналық үлгісімен, асыл сөздерімен Шашубайға да игі әсер еткен. «Үш жүзге өрнек үлгі айтқан» Қараменде бидің: «Малың кетсе де, береке-бірлігің кетпесін, бәрі айналып қайтып келеді», «Жақсы боламын десең, әділ бол да халыққа жақ» деген өсиет сөздерін жадында тұмар етіп сақтаған Шашубай жасында кедейлікпен күн кешсе де, барға қанағат етті. Қараменде бабасындай жалғандық пен өтіріктің құнын жақсы біліп, алмастай айбарлы сөзімен халқына қамқор болды, әділдікті ту етіп, ел-жұртына жақты. Осынау табиғаты бай өлкеде өмір кешкен жыр алыптары, зар заман поэзиясының белді өкілі Шортанбай мен айтыстың ақтаңгерлері Шөже мен Кемпірбай ақындар өлең өлкесіне өрлеуіне қанат бітірді, даланың кең жазира кеңістігі мен көк зеңгірі поэзия арқылы туған халқына қызмет етіп, адамдарға жаңалық жасауға

құштарлық сезімін тудырды. Бала жасынан шетсіз, шексіз даласын, буырқанған бұлақтар шуылын, жан жадыратар халық әндерін сүйіп өспесе, атақты би-шешендер нақылдары мен ақын-жыраулар толғауларын құлағына құйып өспесе, әсте еліне мәшһүр осындай ақын шығар ма еді? Бәрі де тұлғаның шыққан текті жері мен асыл текті ортасына байланысты екендігі бесенеден белгілі.

Ел-жұртқа құт болған қасиетті Тоқырауын өзенінің құдіреті Шашубай ақынды талант нәріне қандырды. Жаратылыстың құдай берген кең жазығының әр көгалы өлеңмен тыныстаған, әр шөбі әнмен жайқалған. Туған жері ақынды сарқылмас рухани қуатпен қоректендірді. Туған өлкенің сол ерен рухы оның бүкіл күнделікті қам-қарекеті мен ақындық жолына толығымен жетті. Шашубайдың шығармашылық тағдыры – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ұрпақтың өнегелі тағдыры. Ол өзі тұстас ақындар сияқты өзін өмірге әкеліп әлпештеген, өнер, өлең жолдарына қанат бітіріп, биіктерге жетелеген ауылын үлкен мақтаныш сезіммен әрқашан жырға қосты.

Сахараның өнер жұлдыздары бас қосып, жас таланттардың бағын ашқан атақты Қоянды жәрменкесінде құдай берген дарынымен көзге түсіп, даңқы бүкіл елге жайылған Біржан салдан бата алуы оның тағдырындағы жаңа кезең болды. Осыдан былай зерделі жас ән-жырға құлай беріліп, өнер өріне өрлей берді. Бұл жолда үнемі шығармашылық ізденісте жүріп, аға буын ақындар мен сал-серілерден талмай үйренуі, ел аузындағы жыр-дастандарды жаттап алып, жұртшылық алдында орындауы сөз қадіріне терең бойлатты, шартты-көркем тіл қағидалары қандай да бір жасқаншақ сезімді жеңуге көмектесті. Жас талант тек үйреніп қана қоймай, өлең мазмұнымен тығыз қиысатын шеберлік қырларын тынымсыз іздеп шарқ ұрды. Бұл ізденістер оның туындыларының тілін жаңартып қана қоймай, көкжиегін кеңейтті, заман тынысын айқын сезіндірген жыр жолдарын түйдек-түйдек ағытты.

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,  
Болсам да баста жарлы басылмаймын.  
Көрсем де кедейліктің тақсыретін,  
Жалынып малы барға бас ұрмаймын, –

деп «Ақ қайың» деп аталатын атакты бағдарламалық ән-өлеңімен бүкіл қазақ даласының бұйрат-қырлары мен тауларынан асып өтіп, өр дауысы Алатау асуларына жеткен жыр жампозы осылай ән әлеміне, поэзия патшалығына батыл еніп, өзіндік талант табиғатын танытты.

Суырыпсалып табан астында өлең шығаратын арқалы ақын поэзия әлемінде өзі өмір сүрген дәуір шындығын, тарих тынысын сезінбей уақытты сезіну мүмкін еместігін ойша ұғынып, ешқандай сауаттылық та, кітапты судыратып оқыған білімдарлық та ақынның ақиқатты өзі көріп тануымен алмастыра алмайтындығын айқын аңғарды. Арабша алғашқы сауаты болғанмен, негізгі білімі даланың рухани мектебі болған Шашубай қазақ даласын аттылы, жаяу-жалпылы аралап, бағзының сал-серілері сияқты апталап, айлап ел ішінде сан түрлі өнерін көрсетіп, жұртты риза етті. Сахараның көшпелі театры болған сегіз қырлы, бір сырлы өнерпазға көпшілік бауыр басып, жақын туысындай жақсы көрді, өздерінің мұң-шерлерімен бөлісіп, арман-тілектерін айтты, ақынды жанашыр жанға балап, көріпкел, әулие, бақсы іспетті ерекше құрмет тұтты. Ол бұл қасиетінен кеңестік заманда қартайған шағында да айрылған емес. Өнерпаз ақын жастайынан бүкіл Арқа жерін, Жетісу өлкесін аралап, көрші қырғыз елінде де болды, алыс, жақын аймақтардан жаңа достар тапты. Мұның бәрі де оның әншілігі мен айтыскер ақындығының, түрлі өнерді бойына сіңірген ерекше дарынының арқасы еді.

Ол қазақ жерінің ұлылығын, әдемілігін жырлап өтті. Қай өлкеде болып, қай аймақта жүрсе де жүрегінің бір түкпірінде туған жері үнемі сағыныш тудырды. Алыс жерлерде қаншама құрмет көрсетілсе де, шетсіз, шексіз даласына келіп еркін тыныстады, ашық аспан, кең жазира самалында малшының қара қосында, кеншінің үңгір жертөлесінде емін-еркін әңгіме-дүкен құру оны жаңа шығармашылық ойларға жетеледі, қиялына қанат бітірді, шабытына тың серпін берді.

Жақын араласқан кезде өзінді жаңаша ойлауға итермелейтін, соған сәйкес жарқын іс тындыруға себепкер болатын ақындар бар. Бұл таныстық, әлде бір-бірімен араласу тікелей және жеке дара болуы да міндетті емес. Өлеңдерін өзін ерекше ұнатқан ақынмен кездесіп танысу да, тіпті

оның өмір жолын да білу шарт емес. Осы ақын нені жақсы көріп, нені ұнатпағандығын оның өлеңдерінің өзі-ақ айтып береді. Шашекең де солай. Бүкіл өмірі, тіршілігі, заман туралы ойлары, еңбек адамдары туралы толғаныстары өлең, жырларында, айтыстарында өрнектелген.

Шеберлік ақынның болмыс-бітімінде тұрақтаған. Шеберлік атаулы талантпен, оның өмірбаянымен, қым-қуыт тіршілік-тынысымен, ақындық және өмірлік тәжірибесімен тығыз қабысқан, бүкіл жан дүниесімен бітiскен. Шеберліксіз таланттың да болуы мүмкін емес.

Шашубай талантын да оның шеберлігі арқылы айқындаймыз. Шашубайдың ақындық таланты сәтті шығарылған ұйқасты өлең шумағынан, дауыс ырғағынан, толып жатқан әдемі теңеулер мен бейнелі сөздерден сезіледі.

Тұңғиық ақыл, терең ой  
Өрісі кең Жайықтай.  
Қиялы ұшқыр самғаған  
Көктің төсін шарықтай.  
Сүнгіп терең түбіне,  
Су серісі балықтай.  
Қырымнан болжап қиынды  
Шалдығып шаршап талықпай.  
Шолпан болып ұлтына,  
Нұр сепкен түнгі жарықтай.

Ақын өзіне ұстаз тұтқан ұлы Абайды осылай жырлайды, осылай даңққа бөлеп, шырқау биікке көтереді, данышпан сөз зергерінің ұлтына сіңірген өлшеусіз еңбегін Шолпан жұлдызына теңеп, «кестелі сөздің шебері» деген бейнелі сөзбен даналық кейпін сомдайды. Өлең соңын:

Әлемге атың жайылып,  
Тарихтың шықтың төріне, –

деп аяқтары адамзаттың ақынына айналған ғұламалық орнын айшықтап береді.

Шашубай ақын өз өлеңдерінде осылай сөзге үлкен мағына беріп, асқан жауапкершілікпен қараған. Бүкіл бастаманың қайнар көзі – сөз. Сөзді сүймеген, сезінбеген, ұғынбаған, оның үндесуін тындап, оның әркілі реңктеріне сүйсінбеген

ақын – ақын еместігін, Шашубай жырлары дәлелдей түседі. Ақиық ақынның өз «мені» – қайталанбас сөз мәйегі болған. Оның поэзиясының құндылығын арттырып отырған да осы кәусар жыр-толғаулары. Сахара ақынының суырыпсалып айтылған өлең-жырлары күні бойғы жұмыстан қалжыраған еңбекші халықты сергітіп, жаңа жетістіктерге жетелеген, еңбек адамына тың серпін, сарқылмас күш-жігер берген. Шашкеңнің еңбекті еселеуге жігерлендірген жалынды жырлары – сол кездегі ауыл еңбеккерлері мен кеншілердің тұтас бір жұмыс бағдарламасы іспетті.

Ана тілінен нәр алған жыр жампозы туған тілінің қадір-қасиетін биікке көтеріп, оның құдіретін бойына дарытты, халықтық мол тіл қорының сөз байлығын жаңаша түрлендіріп, көркем тіл жасаудың шебері ретінде көрінді.

Саржадай керілген қас, кірпік оқтай,  
Ғашықтық ішке түсті қызыл шоқтай.  
Құмарым ат басындай кеудемде алтын,  
Тарқарма-ай, домаланып жатыр доптай, –

деген жыр шумағының екі жолына қыздың сұлулығын сыйдырып, кейінгі екі жолын ғашықтық сезімге арнаған ақынның махаббат дертіне шалдыққан кейпін дәл суреттеп, әрлі сөздермен сомдаған. Бұл жерде ақын фольклор жауһарларынан керегін алып қана қоймайды, халық ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан дәп осы мезетте өзіне қажетті, өзінің жан дүниесіне жақын дүниені іздейді. Шашубай байда берік дәстүрмен суғарылған жанды халық тілінің әдемі сөзбен қосылған ғажап құймасын жасай алды. Абайдың:

Сөз мәнісін білсеңіз,  
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.  
Егер қисық көрінсе,  
Мейлің таста, мейлің күл.  
Егер түзу көрінсе,  
Ойлап-ойлап құлаққа іл, –

деген ойлы тағылымын жіті назарда ұстап, әншейінде халықтық қолданыста бар сөздер мен сирек нақылдардың жетегінде кетпей, еліктеуден аулақ ұстайды. Ақын халық

поэзиясының рухани бай қазынасынан шын көңілден айтылған сөздерді ғана қолданды. Бұған оның барлық өлең-жырлары дәлел бола алады. Қай өлеңін оқысаңыз да, ақынның өзіне тән сөздік қорын, өлең өрнектері мен көркемдік өзгешеліктерін аңғарамыз.

Сөз құдіретін Шашубай ақындық жолға түскен балаң шағынан терең сезінген: ол сөзді көреді, тындайды және сезінеді, сөздің бұл қадірі, сөздің бұл алтын желісі оған ата-бабаларынан, Тоқырауын мен Балқаш тарихының терең қойнауынан сыр шерткен кең-байтақ даласынан мирас болып жеткен. «Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ» деп жырдан мүсін құйған сөз зергерінің сексеннің сегізінше шыққан шағында да ел алдындағы жауапкершілікті сезінген толғаныстары қызығарлық та үлкен тағылым аларлық.

Құздан құйған бұлақтай,  
Шапшытып жырды көмейден.  
Толқытып күйді сынаптай,  
Маржандай сұлу өлеңмен.  
Елімді жырға бөлейін,  
Теріп алып тағы да,  
Сөз асылын тереңнен.  
... Гармоным құлаштап,  
Жыр маржанын төгем мен, –

деп ел басына күн туған қаһарлы соғыс жылдары бұрынғының жырауларындай тереңнен толғап, қартайғандығына мойымай, өзін майдандағы жауынгерлермен бір сапта сезінеді, сын сәттегі ақынның жоғары жауапкершілігін ішкі толғанысы мен жан тебіренісі арқылы білдіреді.

Шашубайдың ақындық талантының нағыз өрлеген тұсы осы соғыс кезі болды. Ашаршылық тауқыметі мен одан кейінгі саяси қуғын-сүргін қасіреті салдарынан тоқтап қалған айтыс өнері қысылтаяң шақта қайта жанданып, халықтың патриоттық рухын көтеруге көмектесті, қалың көпшілікті ел қорғауға жұмылдырған қуатты өнер құралына айналды. Айтыс дәстүрін бірінші болып 1943 жылы Шашубай бастаған Қарағанды ақындары жаңғыртып, жыр сайысын ұйымдастырды. Бұл айтыстар арасынан Балқаш кеншілері атынан шыққан Шашубай мен Қарағанды қаласының намысын қорғаған Көшен Елеуовтің айтысы



құлашын кеңге сермеген, көркемдігі қуатты, жаңаша мазмұндағы сөз сайысы ретінде есте қалды. Ұлы жазушы, академик Мұхтар Әуезов өзінің «Айтыс» атты зерттеуінде осы айтысқа арнайы тоқталып, оның тақырыптық-көркемдік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. «Бұл айтыста – «тынысы тарылмаған өрен жүйрік, үш жүзге мәшһүр болып даңқы шыққан» қарт Шашубай Балқашын оның «көз жеткісіз кең шалқыған жерін», «көпіртіп көк теңіздің көбігіндей» мың-мың тоннадан қорытылып жатқан мысын, қажырлы еңбекпен жеңіп алған қызыл туын мақтан ете жырға қосып, ақындар алдына үлкен қоғамдық маңызы бар міндет, мақсат қойды» деп (Әуезов М. Айтыс. – Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1964. –Т.1. Екінші кітап. 202-б.) Шашубайдың айтыскерлік қырын қарастыра келіп: «Қарағанды ақындарының айтысы ішіндегі күрделісі де, көркемі де осы «Шашубай мен Көшеннің айтысы» деп жоғары баға береді (Әуезов М. Айтыс... 204-б.).

Соғыс жылдары қайта дамып өркендеген айтыста Шашубай ақынның екінші тынысы ашылды. Айтыс жанрының қайта түлеп, жаңа мазмұн мен сапада дамуына белсене қатысты. М.Әуезов мақтаған Көшенмен жыр сайысынан кейін 1944 жылы 17 тамызда белгілі ақын Болман Қожабаевпен айтысқа түсіп, халықты жанқиярлық еңбекке ұйымдастыру, майданға қажетті қару-жарақ, азық-түлік, киім-кешек даярлау ісін жақсарту мәселелерін жырға қосты, осылайша жеңіс күнін жақындатудағы айтыс құдіретін айқын байқатты. Балқашта иін тірескен халық жиналған осы айтысты орыс ақыны Николай Титов бірден орысшаға аударып, жұртшылыққа оқып берген екен. Айтыстың көпшілікке әсер еткені соншалық, оның толық мәтіні сол жылы тамызда Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» және Балқаш аудандық «Балқаш жұмысшысы» газеттерінде жарияланыпты.

Шашубай осылай қартаң тартқан шағында да өзі бала жасынан құлай сүйген айтысқа тың шабытпен қатысып, өзінен кейінгі жас ақынға үлкен үлгі-өнеге көрсетті. Бұрын көптің бірі сияқты болып көрінген Көшен сол айтыста Шашубайға да төтеп беріп, құлашын кеңінен сермей алатынын танытты. Осындай өрісті өнегесімен айтыстың майталман жүйрігі Шашубай байырғы айтыс дәстүрін кеңес-

тік заман ыңғайына қарай бейімдей біліп, осы ақындық игі дәстүрді өзінен кейін шаршы топта сынға түсіп, көзге түскен Көшен сияқты өрен жүйріктерге дарытты.

Үлкен ақын осылайша қашанда үлкен ұстаз болып қала береді. Осы ретте Шашубай феноменінің үлкен бір қыры – оның ақындық және әншілік мектебі, шығармашылық талантты жастарды тәрбиелеуі. Қазіргі ұғым бойынша белгілі бір тұлғаның мектебі деп арнайы салынған ғимараты бар, белгілі бір кісіден арнайы дәріс алып, қандай да бір шығармашылық мамандыққа үйренетін оқу топтары бар мекеме деп түсіндірілуі мүмкін. Ал Шашубай заманында дәп осындай жеке үйі бар шығармашылық мектептер болған жоқ. Шын мәнінде Шашубай сияқты ерекше дарын иесіне еліктеп, соның жолын қуу, содан үйреніп, талантын ұштау, ақындық, әншілік дәстүрін жалғастыру – міне, нағыз тәлімгерлік мектеп осы.

Шашубай нағыз жанашыр ұстаздар сияқты жас талантты ақындар мен әншілердің аяқ алысын үнемі қадағалап отырған, қарапайым халық арасынан шыққан жас дарындардың әдебиетте, өнерде өз жолын табуына көмектесіп, ақыл-кеңесін берген. Ол өз шәкірттерін ешқашан уақытша мақтау сөздермен қошаметтеп дабыра қылмаған. Оған үйренуге, батасын алуға келген тәлімгер өз бойындағы талантын шын пейілмен танытып, ақиқатты соңына дейін білуге дайын болуы тиіс болған. Шашубай сабағы, Шашубай тағылымы жеңіл соқпаған. Ол өзінің өмірлік бай тәжірибесінен ақындыққа бой ұрған кез келген жас талап өз ақылымен, өз күш-жігерімен, өз қабілетімен және өзінің қажырлы еңбегімен оның таланты неде екенін және талантты қалай дұрыс пайдаланып, қайда дұрыс жұмсау қажеттілігін ұғынуы тиіс екендігін құлақтарына құйды.

Шашубайдың ақындық мектебінің белді бір өкілі – атақты халық ақыны, әнші, композитор Кенішбай Жұбандықұлы. Шашубайдың қарындасынан туған жиені. Тікелей тәрбиесін көріп, ақындық, әншілік талантынан тәлім алған белгілі суырыпсалма айтыс ақыны, Бақтыбай, Тазабек сияқты ақындармен, Мақпал, Ажар, Нақбала, Ғайша сияқты ақын қыздармен айтысқан. Шашубай нағашысы сияқты уытты ащы тілімен өмірдің келеңсіздіктерін аяусыз

сынаған. Шашубайдың ақындық, әншілік, сатиралық дәстүрлерін жалғастырушы ретінде Арқадағы өзіндік шығармашылық мектептің негізін салған сан қырлы өнер иесі. Ел ішіндегі түрлі той-жиында нағашылы-жиенді екі ақынды әдейі айтыстырмақшы болып еліктіргендерге Шашубай: «Ол жиен ғой. Оның бер жағында екпіні қатты кара дауыл сияқты, ұшырып әкетер. Онан да сырнайымды тартып, таяғымды ойнатып жай жүргенім жөн шығар» деп сылтауратады екен. Мұнысы да жөн шығар. Бір жағынан шәкіртінің талантын бағалап, екінші жағынан, айтысқа бармау себебі – туыстықты жоғары қоюынан болса керек. Бұл да ақынның білгендігі, үлкен парасаттылығы деп ұққан жөн.

Шашубайдың әншілік мектебі де өз алдына жеке бір әңгіме. Ақын шыққан сол Ақтоғай өңірінде өмірге келген атақты әншілер Манарбек Ержанов та, қазақ әнін бүкіл әлемге танытқан Кеңес Одағының халық әртісі Күләш Байсейітова да Шашубайдан тәлім-тәрбие алған өнер майталмандары. Тіпті осы қасиетті өлкенің тумасы, атақты биші Шара Жиенқұлова да Шашубай атасының бишілік талантынан тағылым алып, өзіне ұстаз тұтқан.

Қазақстанның халық әртісі Манарбек Ержанов тек қана әншілігімен ғана емес, өзі ұстаз тұтып, талантына бас иген Шашубай сияқты әрі композитор, әрі күйші, актер ретінде белгілі болған. Жас әншіні алғаш өнерге баулыған ұстазы, жергілікті әнші, күйші Күсенбай екен. Ал әншілік шеберлігін ұштауда Шашубай көп еңбек сіңіріпті. Манарбек те Біржан сал, Ақан сері, Естай әндерімен қатар ұстазы Шашубай шығармаларын жиын-тойларда айтып, талантымен ерте танылады. Кейін Қазақ филармониясында жек дауыстағы әнші болып еңбек еткен кезінде ел ішіне кең тараған әндермен қатар Шашубайдың атақты кең тынысты «Ақ қайын» әнін де нақышына келтіре орындап, халық ризашылығына бөленген. Шашубайдың әншілік мектебінен түлеп ұшқан өнер тарланы ұлттық өнердегі Арқа әні дәстүріндегі өз мектебін қалыптастырып кетті.

Шығыс бұлбұлы атанған ұлы әнші Күләш Жасынқызы Байсейітова да Шашубайдың әншілік мектебінің жалғасы іспетті. Күләш та Шашубай атасының құтмекені – Ақтоғай ауданының Нарманбет ауылында туған екен. Ал Манарбек

екеуі жақын туыстар. Қазақ тарихында өзіндік орны бар Абайдың талантты ақын шәкірті Нарманбет те, Шашубай да, белгілі әнші Мағауия Хамзин де, атақты математик-ғалым, академик Орынбай Жәутіков те осы Ақтоғай өңірінде өмірге келген аталас туыстар. Мұның өзі ерекше бір құбылыс десек, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың және оның жақын серіктері, ұлтымыздың біртуар перзенттері Жақып Ақбаев пен Әлімхан Ерменовтің кіндік қандары тамған да осы қасиетті топырақ екенін айтсақ, тіпті таңғалармыз.

Шашубай ақын Күләшті туған қызындай жақсы көріп, әр қадамына, әр жетістігіне қуанып отырған. Соғыс кезінде ұйымдастырылған ақындар айтысында Шашекеңнің сөз сайысын тыңдап мәз болып отырған Күләш әншінің фотосуреті талай жинақтарда жарияланған болатын. Өз кезегінде ұлы әнші де өзі бала кезінен әндеріне елтіп өскен, өзі де әндерін беріле орындаған Шашекең өмірден өткенде отбасы мен туыстарына көңіл айтып, жеделхат жолдаған екен. Ол хат мәтіні сол тұста жергілікті газет бетінде жарияланыпты.

Ал би патшасы атанған Шара Жиенқұлованың Шашекең өміріне қатыстылығына тоқталсақ, бұл мүлдем бөлек әңгіме. Атақты биші Алматыда дүниеге келгенімен, өзінің арғы шыққан түбі Ақтоғай өңірі екенін аталас туысы Шашубай білдіріп кетсе керек. Бір жылы Шашубай ағайындарына өкпелеп, Жетісуға келеді де, Алатау өңірінде өнерін көрсетеді. Туысшыл, бауырмал Шашубай Алматыда тұрған ағайыны, сол кездің белгілі бай саудагері Байбұланды іздеп табады. Ал Байбұланның туған інісі Баймолданың қызы Шара осы жылдары өмірге келсе керек. Міне, сол Шара да кішкентайынан өнерге бейім болып, жұртшылық алдында бишілік талантымен көзге түседі. Атақты бишінің мың бұралған бишілік дарынының бір ұшқыны атақты өнерпаз туысы Шашубайдың түрлі аң, құс кейпін көрсетіп, көрерменді таңғалдырып шебер орындаған бишілік талантынан шығуы әбден мүмкін.

Ұлттық сахна өнерінде жарқырап көрінген қос жұлдыз: бірі – ән өнерінде Күләш, бірі – би өнерінде Шара болып, туған халқын бүкіл әлемге паш етті. Бұл қайталанбас құбылыс та Шашубайдың үлгі-өнегесі, келісті өрнегі, Шашубай шарапаты деп білу керек.

Жыр алыбы Жамбылдың талантты шәкірттерінің бірі, атакты әнші, ақын Кенен Әзірбаев та Шашубай талантына сүйсініп, өзінің ұстазы санаған. Ақындық жолда Жамбылдан ғана үлгі алып қоймай, Шашубаймен талай бірге жүріп, ән мен жырдың дүкенін қыздырған, ақындығы мен әншілігін үйреніп, өнер биігіне шыққан. «Қырғыздың үлкен бір асында бала кезімде атқа шаптым. Сонда көргем Шашекенді, сонда ауырғам Шашубай боламын деп», – әңгіме тізгінін ағытыпты Кенен ақын Әбділда Тәжібаевпен кездескен бір сәтінде.

Шашубайдың Манарбектен басталып, Күләштармен жалғасқан әншілік мектебінің бүгінгі үзілмес желілері Арқаның әншілік дәстүрімен тығыз сабақтасып жатыр. Соның жарқын бір белгісі Шашубайдың әншілік өнерін белсенді түрде насихаттап келе жатқан талантты әнші, Ж. Елебеков атындағы республикалық халық әндері байқауының бас жүлдегері, басқа көптеген ән байқауларының жеңімпазы Жақсыкелді Майсаров екенін үлкен мақтаныш сезіммен айтуға болады. Сол Шашубай шыққан өңірде туып өскен әнші: – Баяғының өнер адамдары нағыз сегіз қырлы, бір сырлы болған ғой, – деп әріден бастап – Сондай мықтылардың бірі Шашубай Қошқарбайұлы еді. Ақындығы, неше түрлі аспапта ойнап ән салатындығы былай тұрсын, ол цирк өнерін де тамаша меңгеріп, ат құлағында ойнаған екен. Оның әндерін де әр қазақ тамсана тыңдайды. Бұл – қазіргінің емес, баяғының «Ақ қайыңы» – деп Шашубайдың ерекше дарындылығын көпке үлгі етіп әңгіме қылса, енді бірде өзінің репертуарынан ойып тұрып орын алған Шашубайдың «Ақ қайың» әні туралы: «Шашубай Қошқарбайұлының «Ақ қайың» деген әнін сезініп, жүрекпен айта білу керек» деп ән ерекшелігі туралы ой иірімдерін қозғайды.

Осылайша Шашубайдың ақындығы да, әншілігі де өнердің жас буын өкілдерінің шығармашылығында әдемі жалғасып, атакты композитор ақынның сезім сергітетін әсерлі әндері мен қайталанбас талант қырлары мейлінше жарқырап көрінуде. Бұл да жыр дүлдүлінің туған халқына қалтқысыз қызмет етуінің жарқын бір үлгісі, мәңгі өшпес қолтаңбасы.

Шашубай феноменінің үлкен бір қыры – оның сал-серілік өнерді қатар алып жүруі. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы

ерекше өнерпаздық саласы – сал-серілік талантымен де аты шыққан Шашубай қазіргі цирк өнерінің нышандары бар жонглерлік, сиқыршылық қасиеттерді Кемпірбай мен Балуан Шолақтан үйренген екен. Сері ретінде лирикалық әндер, мадақ өлеңдер шығарып, айтыстарға түссе, сал ретінде сайқымазақ, қу-әзілкештер секілді елді күлдіріп, думандатып жүрген, тақиясын шапшаң қимылмен маңдайына секіртіп не болмаса желкесіне әкеліп ойнатады екен, келесі бір сәтте төбесімен жерде жүргенде, аяқтының өзі әрең ілеседі екен. Аттың үстінде төбесімен шаншылып тұрып шапқанда тамашалаған жұрт демдерін ішіне тартқан. Ал кәдімгі құрықты бес саусағына кезек қондырып, қарынына дейін жеткізгенде алдындағы ыдыс-аяқ, тағамдардың ешқайсысына қол-аяғын мүлдем тигізбей, дастарқан бетінде қоянша жорғалағандығын көріп, жұртшылық қайран қалса, келесі кезекте ұшып бара жатқан аттың үстінде түрегеп тұрып сырнаймен ән шырқағанын көргенде: «Мынау өзі адам ба, жын ба?» деп қызыға қарайды екен. Атақты композитор, өнертанушы-ғалым, академик Ахмет Жұбановтың, Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде ол туралы «ат үстінде тұрып сырнаймен ән салғанда бет-аузын адам танымастай өзгертіп, бас терісін жүгіртіп ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкітін, таяғын сиқыршыдай ойнататын» деп ерекше қабілетін атап өтуі сөзімізді бекіте түседі.

Осы айтқанымыздың өзі Шашубайдың ақын, композитор, әнші болуымен қатар нағыз әртістік, актерлік, әншілік, акробаттық, сиқыршылық және тағы басқа цирк ойыншыларының қасиеттерін бойына жинақтаған асқан әмбебап өнерпаз, синкреттік өнер түрлерін қатар алып жүрген ерекше өнер иесі болғандығын айқын дәлелдейді. Біз сондықтан оны қазақтың төл топырағында қалыптасқан цирк секілді таңғажайып өнер саласының, акробатика, гимнастика сияқты спорт түрлерінің бастауында тұрған өнер санлақтарының бірі ретінде қарағанымыз орынды деп ойлаймыз. Бұл өнер, спорт салаларын зерттеуші мамандардың жіті назарында болуы тиісті жайт.

Өзінің сан қырлы сал-серілік, ақындық, әншілік өнерімен елді күлдіріп, көңілін сергіткен, адам бойындағы жағымсыз қылықтарды сынап, сайқымазақ етіп ойнаған, бет-

бейнесін өзгертіп, дауысын құбылтып, сан алуан кейіпке түскен Шашубай әр ауылдың көптен күткен сыйлы қонағы ретінде ерекше құрметтелген. Ән-жырға, ойын-сауыққа құмар қауым мұндай өнер иесін қолдан-қолға түсірмей әлпештеп аялаған. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын талапкер жастар Шашубай сияқты асқан дарынның қасына еріп, шеберлік сабақтарынан өткен. Әрі әнші, әрі ақын, композитор ретінде танылған Сыр сүлейі Нартай да, жырдың кені атанған Кенен де өздерін Шашубай шәкірті ретінде сезініп, мақтан еткен.

Әрі суырыпсалма ақын, әрі әнін өзі шығарып, өзі айтушы, әрі түрлі күрделі цирк және спорт жаттығуларын шебер орындаушы ретінде Шашубай елдің тұрмыс-тіршілігіне сән берген, рухани өміріне үлкен мән-мағына берген. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы өнер майталманы театры жоқ көшпелі халықтың рухани сұранысын өтеп, дала тұрғындарын жан рақаты мен ләззатына бөлген. Сол себепті де жұртшылықтың әмбебап өнерпазға «Жүйрік Шашубай», «Жорға Шашубай», «Алмас тілді Шашубай», «Жыр-думанның дию-перісі» деп әр қырынан атауы халқының оған көрсеткен ерекше ілтипаты мен құрметі болар. Шынайы талантқа берілген бұдан асқан жоғары баға да, атақ та жоқ шығар. Бұл Шашубай өнеріне деген халық қошаметі деп білу керек.

Аңызға бергісіз мағыналы да жарқын шығармашылық өмір сүрген сөз өнерінің, ән өнерінің өрен жүйрігі ұлт мәдениетінде өшпес із қалдырды. Ақын және адам деген екі ұлы ұғым оның бүкіл болмысына тұтас бірікті де, ол өле-өлгенше адамгершілік асыл қасиетінен айныған жоқ. Шашубайдың сан қырлы таланты туған халқының тыныс-тіршілігімен, тағдырымен тығыз байланысты болған, сонымен бірге ғасырдың ауыр жүгін арқалап, еліне елеулі қызмет еткен осы бір таңғажайып тұлғаның ізгі мұраттары мен ой түкпіріндегі асыл армандарының нақты көрінісі болды.

Алмас тілді ақынның туындылары халық есінде жоғары парасаттың, жоғары адамгершілік ойлар мен сезімдердің, дүниеге деген ашық-жарқын көзқарастың шұғыласы болып қалды. Шашубай шығармашылығы 1960 жылдары жарық көрген үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да, еліміз

тәуелсіздік алғаннан кейін дайындалып жарыққа шыққан он томдық «Қазақ әдебиеті тарихына» да жеке портреттік тарау болып енген жоқ. Тіпті көптомдық «Қазақ музыкасы антологиясының» ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы кәсіби халық композиторларының шығармалары енген 4-томында (2006 жыл) осыған дейін «Ақ қайың», «Сырлы қайың», «Бес балқан» әндері халық арасында кеңінен орындалып жүрген Шашубайдың композиторлық еңбегі ескерусіз қалды. Өкінбеске шара жоқ.

Соған қарамастан Шашубай шығармашылығына соншалықты деңгейде жеткілікті көңіл бөлінбегенмен, ең бастысы, заманымыздың ұлы суреткері Мұхтар Әуезовтің «Совет ақындарының айтысы» атты мақаласында Шашубайдың суырыпсалма ақындық талантына қайта-қайта назар аударып, бір тұсында ақынның қасқырмен айтысын жеке талдайды да, «Советтік мазмұн кірген айтыстың түр жағындағы орны, ерекше бір мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады» деп жыр жүйрігінің ежелден бар айтыс түрін жаңа заманға ыңғайлау әдісін көркем шеберлік қыры ретінде таниды (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы, 2009. – Т. 41. 55-б.). Осы зерттеудің келесі бір тұстарында Шашубайдың сол 1943 жылы соғыс кезінде ұйымдастырылған Қарағанды ақындары айтысындағы орнын айқындап, оның Көшенмен айтысын көркемдігі жағынан шоқтығы биік жыр сайысы ретінде жоғары бағалайды. Бүгінге дейін ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында Шашубай шығармашылығына осылай жоғары пікір білдірген құрмет белгісі жоқ шығар.

Халқымыздың біртуар перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев та Шашубай талантын қатты қадірлеген. Жезқазғанда Қоңырат кенішінің бастығы болып тұрған тұста қарайласып, қол ұшын беріп жүріпті.

Біз қазақ мәдениетінің халықтық негіздері, оның халық қайнарынан туындаған мәңгілік жаңаруы туралы үнемі сөз етеміз. Ал сол «халықтық» деген ұғымның мағынасы қандай терең екенін сирек ойлаймыз. Міне, Шашубай шығармашылығының бастау негізін халықтық негіз құрайды. Оның феноменінің қайнар бұлағы да осы халықтық негізде жатыр. Ақын поэзиясы бізге осы халық-



тық тума қайнары жағынан бай мағлұмат береді. Оның сирек талант ерекшеліктерін қазіргі тәуелсіз ел жағдайында қайта бағалау қиын. Жырдың өрен жүйрігінің өз шығармаларында нағыз халықшыл ақын болғандығында еш күмән жоқ. Өзі біте қайнасып өскен халық өмірін шынайы бейнелей отырып, түрлі фольклорлық қайнар бұлақтарды тұрақты түрде және шығармашылық тұрғыда пайдалану негізінде халық рухын көрсету арқылы оның тұрмыс-тіршілігі мен бітім-болмысын жырмен, әнмен кестелеген Шашубай шүбәсіз халықтық деңгейге көтерілді.

Сонау ежелгі заманда отты сақтаушы деген ұғым болған. Қарт абыз күндіз де, түнде де қақаған қыстағы сақылдаған сары аяз бен жаздың аптап ыстығында да адамдарды суық пен ыстықтан қорғап, тамақ дайындау тәсілі болған, сайып келгенде, бүкіл тіршілік атаулының қайнар көзі болған отты үнемі сақтай білген. Соған сай халық та өзінің басты құндылықтарының, соның ішінде көркемсөз бен өнер алауының, ғасырлар тереңінен бүгінге дейін жеткен өшпес дәстүрлер алауын сақтаушы тұлғаға әркез құрмет көрсетеді. Осындай ұлттық құндылықтар мен игіліктер алауын берік сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізушілер қатарында өнердің өрен жүйрігі Шашубай да болды. Қазір ақын атында туған жерінде үлкен кент те, орта мектеп те, көшелер де бар. Сөйтсе де оның жарқын тұлғасы қазақ халық поэзиясының абыройы, даңқы және мақтанышы деп айтуға толық хақымыз бар.

Келсем де дәл сексеннің сегізіне,  
Бақыттың жүрмін жүзіп теңізде.  
Жігіттей жиырма бесте құлпырамын,  
Советтік алтын заңның негізінде, –

деп, абыз ақын кәрілігіне мойымай, өзін жас қалпында сезінеді.

Мен жігіт көңілім шат, өмірім бақ,  
Сөзім бал, тілім майда, жырым бұлақ, –

деп, шабыт тұғырына қонған ақиық қырандай жыр нөсерін төгіп, ақындық шабысынан жаңылмауы оның талант құдіретін білдірсе керек.

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Шашубай өмірінің соңына дейін «сыртын шалдырса да, ішін алдырмайтын», ақындық бойын кернеп, жырлап, ән салып өтті, туған халқымен бірге оның қайғысын да, қуанышын да бөлісті, шабыт шалқарына шығарған кең жазира даласының түкпір-түкпірін аралап, елді ән мен жырға бөледі, сан қырлы өнерімен разы қылды. Кез келген адамға өз дәуірінің нышаны болып, халқының құрметіне бөлену бақыты бұйыра бермеген. Шашубай өзінің қайталанбас, жарқын да мәнді өмірінің жанды бейнесі болды және ұрпақ есінде осылай сақталады. Оның бүкіл шығармашылығының халықтық мәні, оны халық ақыны, халық өнерпазы етті, қазақ халық поэзиясының классигі дәрежесіне көтерді. Шашубай феноменінің құдіреті де оның осы халықтық негізінде жатса керек.

## АҚЫЫҚ АҚЫН

Тарихи сананы өшіруге болмайды. Тарихтың түрлі қатпарлы өткелдері мен шым-шытырыққа толы кезеңдері бар. Кеңестік дәуір қазақ елі тарихында күрделі жақтарымен, келеңсіз көріністерімен қалғанымен әдебиет пен өнер әлеміндегі өзіндік елеулі өзгерістерімен, қуантарлық тың жаңалықтарымен де халық жадында сақталды.

Кеңестік кезеңде қазақ халық поэзиясы қарыштап дамығанын естен шығармау керек. Қазақ даласында Кеңес өкіметі орнағаннан кейін халық поэзиясының жаңа дәуірі басталды. Қалың бұқараның арман-мұңын, ой-тілегін, көңіл күйін білдіретін халық поэзиясы жаңа кезеңге бейімделіп, уақыт ұранына үн қосты. Халық поэзиясы туындыларын шығарушы ақындар жаңа өмірді шабыттана жырға қосып, ел, қоғам дамуындағы жаңалықтарды шығармаларына өзек етті. Бұрын жиын-тойларда өлең-жыр айтып, патшалық жүйені әшкерелеген ақындар енді қалың жұртшылық арасынан табылып, заман көшіне ілескен халықтың ой-мүддесін, уақыт алға қойған мақсат-міндеттерді жырлады.

Туған елі мен жерінің өткені мен жаңа тұрмысын салыстыра жырға қосып, жаңа заман жыршысы атанған сондай жарқын талант иелерінің бірі, халық поэзиясының ірі өкілі Төлеу Көбдіков болатын. Тағдыр жүгін талай рет көріп, зұлмат жылдар зобалаңын өткерген, бүкіл өмірін өлең өрінде өткізген тума талант Төлеу Көпжерұлы төкпе ақын, ақпа шешен, дарынды композитор еді. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығаратын ол қуа төгетін, жазған хаттай ағызатын, іркіліп мүдірмейтін, керіктей жүйрік жыр жүйрігі болатын. Нағашы атасы Сабырбайдың қиыннан қиыстырар тапқырлығы, анасы Қуандықтың ақындығы жас талап талантын ұштап, ұлы Абаймен кездесуі шабытына шабыт қосты.

Ақын жаңа заманды шын жүрекпен тебірене қарсы алып, жаңа өмір салтанатын шабыттана жырлады.

Коммунист советский власымыз,  
Айтпайды ақын жалған-расымыз.  
Аш тойып, кем жетілген заман болды,  
Жайылған төрт тарапқа құлашымыз, –

деп Кеңес өкіметіне шексіз сенгендігін білдірген, жаңа заманды жақтап мақамы әуезді, ұйқасымды өлеңдер шығарған арқалы ақын өмір керуенінің алуан шиырын кешіп, шамырқана ой толғағанымен тура сөйлейтін тік мінезімен қоғам әділетсіздіктеріне қарсылық білдіреді. 1930 жылдардағы жаппай ұжымдастыру науқанының асыра сілтеу саясаты Төлеу ақынның тағдырына ащы зардабын тигізеді. 1931 жылы ақынның туған жері – Шұбартау өңіріне сол кездегі Қазақ АССР Өлкелік Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Елтай Ерناзаров келгенде қолдан жасалған ашаршылық шындығын баяндаған «Ассалаумағалейкүм, ханымызға» атты өлеңімен сәлем береді.

Ассалаумағалейкүм, ханымызға,  
Көтерген қазақ жүгін нарымызға,  
Еңбекші ел, бүгін сенің арманың жоқ,  
Қарайтын ағаң келді халқымызға.  
Егін ор, қар үстінен бидай тап деп,  
Айрықша қысым болды басымызға.  
Болған соң басқа қиын малың құрсын,  
Бір қайран болар ма екен жанымызға.  
Үй басы бірді-екілі қара қалды,  
Бейкүнә талай момын жазаланды.  
Киер киім, қолында дәні болмай,  
Әйел мен аш-жалаңаш бала қалды.  
Мұбарак ұстаған соң қолыңызды,  
Көнерсіз қайнап жатқан сорымызды.  
Қаталдық, қараңғылық, надандықпен,  
Сыпырды белсенділер жонымызды.  
Атқан таң, шыққан күнім, туған айым,  
Тауыстық сізге қарап көздің майын, –

деп ел басына келген тауқыметті ашып айтып, ащы ақиқатты әңгіме етеді.

Сізді де хан тағына қойған халық,  
Күн көрмес, су түбінде болған балық.  
Қайрандап жағада жан тапсырып,  
Қайран ел, бүгін міне, болған ғарип, –

деп халықтың аянышты қалына назар аударуды өтінеді. Мұны ұққан, халық мұңын жоқтаған әпербақан басшы бар ма? Осы өлеңі үшін де ақын бес жыл еркінен айырылып, темір торда қапаста өткізеді. Аштықтан қырылып жатқан халқына арашашы болып, қоғам қайраткері дәрежесінде батыл үн қатқан жыр дүлдүлі осылайша шындықты тіке айтқан турашылдығымен танылды. Артынан Сібірге жер аударылды. 1936 жылы Алматыда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің жиырма жылдығына байланысты «1916 жыл» атты жинақта ақынның осы аттас өлеңі жарияланғанда, шығарма авторына іздеу салынады. Баласы Қаскен сол жылы қазанда Барнаул түбіндегі Топчиха селосында тұрып жатқан әкесін көшіріп әкеледі. Бір жылдан кейін баласы Құлжанбек жазықсыздан-жазықсыз ұсталып, Мақұлбек деген баласы жұмыстан шығарылады да, ақын қайтадан Сібірдегі Топчиха селосына кетуге мәжбүр болады. Ақырында, абыр-сабыр басылған кезде М.Әуезовтің жеке өтінішімен Абайдың шөбере інісі Әрхам Ысқақов бұл іске арнайы кірісіп, 1940 жылы Төлеу Көбдіковті Барнаул түбінен іздеп табады да, елге біржолата көшіріп әкеледі. Ақын шығармашылығындағы үзіліс осы ауыр жағдаймен түсіндіріледі.

Сібірден көшіп келіп, шау тартқан шағында мекен еткен Шар жері қарт ақынға құтты қоныс болды. Ауыл еңбеккерлерінің жарқын өмірі, қарқынды жұмысы мен ізгі істері жыр жүйрігінің өрнекті өлеңдерінің тың тақырыбы мен шалқар шабытының өзегіне айналды. Ел сенімі мен билік органдарының қолдауы – ақын поэзиясының бағытын тың арнаға бұрумен бірге мазмұнын да байыта түсті. Халықтардың мызғымас достығы, бейбітшілік мәселесі, еңбекші халықтың жасампаз тірлігі – ақын поэзиясының бай арнасы, басты тақырыбы болды.

Ақын таланты әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдары жарқырап көрінді. Жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындары қатарында «Басшымыз айқын тудай алып Жамбыл, Өлеңмен

көп ақын жүр Отан қорғап» деп асқақтата сөз нөсерін төккен Төлеу Көбдіков те ұран, үндеу, толғау іспетті өлеңдерімен елді Отан қорғауға шақырып, жалынды жырларымен жауды жеңуге қызмет етті. Жасының ұлғайғанына қарамастан ауыл-ауылды аралап, табан астында өлең шығарып, үгіт-жыр айтты. Ақынның патриоттық рухтағы өлең-жырлары Семей облыстық «Екпінді», Жарма аудандық «Социалды еңбек» газеттерінде үнемі жарияланып, еңбекшілер жиналыстарында оқылды, сахнада орындалды.

Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі халық поэзиясының ерекше атап өтер жағы – осы уақытта халықтың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатқан ең көне де дәстүрлі жанрының бірі – айтыстың жаңа сатыға көтеріліп дамығанын айтсақ, бұл ретте Төлеу ақын – Семей облысында айтыс өнерін ұйымдастыру ісінің басы-қасында болып, халық ақындарының көшбасшысы, абыз ақсақалы ретінде де танылды, өзі де облыстық, республикалық деңгейде өткізілген ақындар айтысына қатысып, суырыпсалма талантымен жұршылық ілтипатына бөленді.

Соғыс кезі халық поэзиясының ерлікті, қаһармандықты, батырлық үлгісін көрсеткен, отаншылдықты көркем бейнелеудің биік белесіне көтерген нағыз шығармашылық өрлеу жылдары болса, соның бел ортасында шабыт шыңында шалқыған тарлан талант Төлеу ақын болды.

Бейбіт өмір орнағаннан кейін де Төлеу шығармашылығы толастап қалған жоқ. Еңбек көрігін қыздырған абзал адамдарды жырға қосты. Ұлы Абайдың 100 жылдық мерейтойына арналған «Абай тойы» поэмасы мен «Қазақстан» атты ұзақ толғауы ауыз әдебиетінің озық үлгісінде жазылған көркем құнды шығармалар ретінде халық поэзиясының биік төрінен орын алды.

Төлеу ақын шығармалары көзі тірісінде үш рет басылып, кейін 1975 жылы «Жырларым» атты жинағы жарық көріпті. Содан бері әлі бірде-бір кітабы шықпаған екен. Оның үстіне жарияланбаған, ел ішінде айтылып жүрген шығармалары қаншама. Сондықтан ақын туындыларын жинақтап, жаңсақ кеткен өмірбаян беттерін бір ретке келтіріп, толық шығармалар жинағын дайындаған жөн болар. Сонда ғана ақын мұрасы толығымен халық игілігіне айналатын болады.

Атыңмен мақтанатын халқым менің,  
Жырлайын той-төрінде даңқыңды, елім.  
Ежелден ел шаттығын жырлап жүрген  
Қаумала шабытты ақын, қартыңды, елім.

Ел үшін туған соң, мен елім деймін,  
Еліме еңбек етсем ерінбеймін.  
Жырласам бүгінгіні, бұрынғыны,  
Не қалды айтылмаған дегізбеймін, –

деп бүкіл өмірін, қалам қайратын туған еліне арнаған,  
ұлттық рухани мәдениеттің бөлінбейтін бұтағы, ажырамас  
саласы – халық поэзиясының дамып өркендеуіне өлшеу-  
сіз үлес қосқан ақиық ақын есімі ұрпақтар есінде мәңгі  
қалады.

## ЗЕЙНЕП АҚЫН

Өткен ғасырлардағы соқпағы көп, тар заман тартысында ерлермен қатар қанаттанып, еліне белгілі болған талай ақын әйелдер өмір кешті. Олар әдеби-қоғамдық өмірден толықтай хабары жоқ, қарапайым тұрмыс тіршілігімен ғана шектелген қазақ әйелінің қоғамдағы ауыр жағдайына қарамастан әдебиетіміздің тарихында үлкен із қалдырды. Сондай үлкен талант иесінің бірі, Абайдың ақындық мектебінің белді өкілі, Зейнеп Қошқарбергенқызы еді.

Алысты болжап, кеңінен толғаған, өмірдің бар қасиетін оймен ұға біліп, әділетсіз заманды жасындай оқ боп тиген жырларымен әшкерелеген өрен сөз жүйрігі қазіргі Семей облысының Абыралы ауданындағы Кент тауы баурайындағы Бөрілі аулында 1881 жылы дүниеге келген Зейнептің елі Жалықпастан талай айтулы ақындар мен өнердің өрен жүйріктері шыққан. Әкесі Қошқарберген момын шаруа болғанымен он саусағынан өнер тамған, ағаштан түйін түйген шебер екен, оның қолынан шыққан затын алмайтын кісі болмаған. Үш жасар кезінде Бөрлі елінде ойда жоқ жерден пайда болған шешек ауруы кішкентай Зейнепке жұғып, екі бірдей көзі суалма соқыр болып қалады.

Сол мезеттен бастап күні де, түні де түн болған Зейнеп бітпес қайғыға душар болғанымен өзінің бұл ауыр тағдырына мойын ұсынбай, дүниенің жарық сәулесін алмаған мұң-шерін шілдехана, жиын-тойларда өлеңмен айтты жүреді, он төрт жасында гармонға әуес болады да, ел аузынан жаттап алған жырларын әнге қосумен бірге өз басының қасіреті туралы өлеңдер шығара бастайды.

Сөйлеп қал, шамаң келсе тіл мен жағым,  
Ит дүние бұлдырлаған өтер сағым.



Сайратып бір қалыпта қоймас сені  
Саңқылдап шамаң келсе сөйлер шағын, –

деп, өмірдің мәнін терең ұққан ол жалынға толы өршіл өлеңдерін жан тебіренісімен зерделеген. Зейнептің нағыз ақындығы 1898 жылы атақты Қоянды жәрменкесінде елге кеңінен танылады. Осы алқалы жиында өз басының мұнын елдің ауыр тағдырымен байланыстырып, алғаш рет көпшілік алдында өз өлеңдері мен әндерін айтады. Замандастарының айтулары бойынша бұл елеулі оқиға туралы Зейнеп: «Өмірдің есігін алғаш рет өлеңмен ашып, төріне ұмтылғаным, Қоянды жәрменкесінде еді», – деп тебірене еске алған екен.

Осы оқиғадан кейін ақын, әнші Зейнептің ел аралаған ұзақ-сонар сапары басталады. Оның асыл да өнегелі сөздері, зар заманды сынаған ащы шындыққа толы өлеңдері Арқадан өтіп, қиырдағы Қандығытай мен алыстағы Алтай, Алатау атыраптарына жетіп, гармонға қосылып айтқан мұңлы әні талай жанды тәнті еткен. Ақын өле-өлгенше шерлі даланы әнге бөлеп, торыққан ел-жұртты жырмен тербеп, сапар шегіп өткен. Зейнептің қайсыбір ауылға барған әр сапары үлкен той-думан ретінде өтіп, оған көршілес ауылдардан әдейі келген халық та көп болған.

Зейнеп ақынды өз көзімен көріп, сырлас досы болған белгілі халық ақыны Қайып Айнабеков оның әншілік, жыршылық өнері туралы: «Оң жағында тұрған гармонды алып тізесіне қойды да, құлашын жазып кеп жіберді. Гармонмен таласа асқақтаған дауысы шаңырақтан шарыққа бір-ақ шықты. Айтқан өлеңдері бірден-бір асып түсіп, салған әндері көк әлеміне шарықтай берді, «пәленшекеңе, түгеншекеңе арнап айт» деген кейбір жеңіл ауыздылардың ұсынысын ескермеді. Жүрегіндегі терең сырдың тиегін ағытып, ел басындағы мұң-зарды әніне қосып, сілтей берді», – деп еске алады.

Ризамын жоқтан гөрі бар қылғанға,  
Сөз беріп жұрт сүйсінер жан қылғанға.  
Басымда қара түнек қайғым ауыр.  
Өлшеусіз кең дүниені тар қылған ба?

Жек көрдің не себептен мен ғаріпті  
Біреуді бай, біреуді хан қылғанда.  
Мал мен бас, бақ пен дәулет дәрежесін,  
Мақсұтын көңіліне алған дәл қылғанда.

Жеткізіп ғашықтарды тілегіне  
Қуаныш, көрген күнін сән қылғанда?  
Бар болсаң, әділ Құдай қайда жүрсін,  
Не таптың тең құрбымнан сәл қылғанда?

Жайнаған көк өрімдей өмірімнің,  
Қайғысын көп, қуанышын аз қылғанда?  
Құм қылып жігерімді жігіт жаста,  
Далбаса ақылымды дал қылғанда? –

деп жеке басының қасіретін көптеген өлеңдеріне өзек еткенмен, өз өмірі арқылы жастық шақтың қайталанбас мүмкіндіктерін, сарқылмас қайнар күші мен талантын адамгершіліктің ең ізгі қасиеттеріне, оқу-білімге арнаулы философиялық ақыл-ой тұрғысынан қарастырып, жастарды өнер-ғылым жолына түсуге батыл үгіттейді, туған елі мен халқы үшін ерінбей еңбек қылуды талап етіп, биік мұраттар үшін қызмет жасауға шақырады.

Зейнеп ақын парақор билер мен пасық байларға қарсылығын уытты мысқыл мен ащы шындыққа толы сатиралық өлеңдерінде айқын білдіреді.

Билері бұл заманның алмаң-жалмаң,  
Көбісі көк тиынға көзін салған.  
Бір кедей бір байменен даулы болса,  
Аямас шыбын жанын малы бардан, –

деп билердің арын, жанын малға сатқан парақорлығын, әділетсіз істерін беттеріне басады.

Сол кездегі халқының білімсіз қара көңіл екенін іштей ұғып қынжылған ақын ел арасына іріткі салуды ғана мақсат еткен, дау қуудан басқа шаруасы жоқ билердің білімге талпынбай, пайда түсетін даулы істі іздеген әрекеттерін аяусыз әшкерелейді:

Билері бұл заманның арамтамақ,  
Көзі ала, көкірегі болады олақ.  
Білімнен көк есектей шегінеді,  
Дау десе, жауыр атын кетер сабап.

Зейнептің көптеген өлендері өнер-білімді насихаттауға,  
өнегелі тәрбие ісіне арналған.

Жігіттер, өнер ізде, тұрма жайға,  
Қаратпас ер талабы жарлы, байға.  
Әртүрлі мақсаты бар бұл дүниенің  
Хабарсыз қапы қалма, келсе ыңғайға –

деп жастарды білім алуға шақырса, екінші бір өлеңінде  
ерінбей еңбек еткен тірлікті өнеге қылып, өнерлі жасты  
көкке көтереді:

Өнер – көл, ақыл – дария, шын зерекке,  
Нұр жауар талапты ерге, қалмас текке.  
...Қайырлы адам, білімді, ғалым болса,  
Ақылы данышпанның олжа көпке.  
...Жүйрік ат, қыран бүркіт, өнерпаз жан,  
Көңілді алып ұшар көтермекке.

Зейнеп айтыс өнерінде де атағы шыққан суырыпсалма  
ақын болған. Ақмола, Қызылжар қалаларына барған кезінде  
атақты Доскей ақынды жеңіп, Қылыш деген ақынды бірауыз  
жұмбақ сөзбен ұтқан. Ал көршілес тобықты ақыны Елеусіз  
өзі іздеп келіп айтысады. Зейнеп айтыс басталғаннан елі  
мен жерін жер-көкке сыйғызбай жөн-жосықсыз мақтаған  
елеусізді кезегі келген сайын әр сөзінен ұстап жаңылдырып,  
ұтымды жауаптарымен еріксіз жеңілуге мәжбүр қылады.

Сен түгел, өр найман құлаш өріп,  
Арқада аралаған сыр мен сыртты.  
Алдыма ақын түсіп тоқтатқан жоқ,  
Шындасам, бірақ басам, сендей қыртты, –

деп бастырмалата жыр нөсерін төге келіп:

Арамнан жиған малың жоқ пайдасы,  
Момынның малын жемей, малыңды күт, —

деп Елеусіз ауылының барымташылдығын, ел арасына іріткі салушылығын бетіне басып, Оразбай, Ырғызбай сияқты байлар мен атқамінер шонжарлардың елге қарсы іс-әрекеттерін әшкерелейді, кісі ақысын жемей, ел қатарлы әділ жолмен күнелтуге үндейді.

Зейнеп ұлы ұстазы Абайдан көп өнеге алған және ақын өлеңдерін ел арасына көп таратқан. Мұның да өзіндік себебі бар. Зейнеп Абай аулында жиі болып, өз өнерімен елді тәнті еткен. Ұлы ақын өлеңдері мен ұлағатты сөздерін өз аузынан естіген. Абайға еліктеп, ел аузындағы Кінәр мен Гүлзағира айтысын өзінше қайта өңдеп, өзгертіп шығарған. Екі ақынның өлеңдерінің біршамасын алып тастап, өз жанынан қосқан. Айтыста керісінше қыз жеңеді де, жігіт жеңіледі.

Зейнеп өлеңмен бірге қарасөзге де жүйрік, шешен болған. Талай от ауызды, орақ тілді шешен жігіттерді сөз таласта сүріндірген. Кейбір дүмше молдалар: «әділ – құдай» деп безектегенде «Құдайда қандай әділдік бар, әділдікті ойлаған құдай болса, ең құрымағанда бір көзімді қалдырар еді ғой!» – деп қалжың қылады екен.

Небір ауыр халге душар болса да, тағдырына мойын ұсынбай өмірін әнмен, жырмен өрнектеп өткен Зейнеп ақын 1913 жылы көкірек ауруына шалынып, жастай қайтыс болады.

Өз заманының белгілі ақыны, елінің көңіл ашар көшпелі театры, көркем жырдың тасқынды бұлағы, дін асқар биігі Мұхтар Әуезов Абай мұраларын халық арасында таратушы ретінде жоғары баға берген, «Абай» трагедиясына кейіпкер етіп сомдаған, «Абай әндері» көркем фильмінде Зейнеп рөлін атақты актриса, әнші, Қазақстанның халық әртісі Рахия Қойшыбаева шебер ойнап шыққаны да белгілі.

Құрбылар, жақсылыққа көп талаптан,  
Талаппен атың шықса сонда мақтан,  
Не жетсін бармақтай бақ қонған жанға,  
Жасынан өрге ұмтылып өнер тапқан, —

деген ғибратты, жарқын жырларымен артына өшпестей із қалдырған арқалы ақын, үлкен дарын иесі Зейнеп ақын – Абайдың талантты шәкірттерінің бірі ретінде халық зердесінде жатталып қала береді.

Зейнеп шығармашылығы оның қайратты тағдыры мен жоқшылықта өткен зардапқа толы өміріне қарамастан қазақ әдебиеті тарихында халық мұңын жоқтап, қараңғы діни нанымға қарсы күрескен, жастарды оқу-білімге шақырып, болашақтан мол үміт күткен жігерлілігімен, жоғары азаматтылық мәнділігімен мазмұнды.

## АЛАШ АРДАҒЫ

Туған халқы үшін қызмет етуді басты парызы санап, елім деп еңіреп өткен асқақ арманды өршіл ақын, алаш ардағы Сұлтанмахмұт Торайғыров небәрі жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешті. Аз болса да, мағыналы өмір сүріп, бар білгені мен талантын халқына арнады, қалам қуатын ұлт болашағына жұмсап, қазақ әдебиетіне үлкен үлес болып қосылған мәңгілік туындылар қалдырды.

Бүкіл поэзиясының бағдарламалық шығармасы болған «Оқудағы мақсат не?» атты өлеңінен бастап оқу-білімге ұмтылуды, өнері асқан халықтардан үлгі алып, алдыңғы қатарлы елге айналуды мақсат еткен ақын арманы биік мұраттарға толы еді. «Қараңғы қазақ кегіне, Өрмелеп шығып күн болам» деген – ол қарапайым халықтың ғана мұң-зарын, ой-тілегін күйттеген жоқшысы, жоқтаушысы емес, бүкіл ұлттың рухани әлеміндегі ой қазынасының шамшырағы, ұлт бірлігі мен тұтастығының жалынды жаршысы болды. Арманшыл ақынның мәңгілік өлмес мұрасы, сан қырлы айшықты таланты халқымыздың өзін-өзі тану үрдісіндегі ұлтжандығын өсіру әспетіндегі үлкен бір орны бөлек тағылымды да тәрбиелік мектеп десек те қонымды.

Сұлтанмахмұттың тұғыры биік классикалық шығармасы – «Қамар сұлу» романы қазақ әйелінің аянышты тағдырын суреттей отырып, сол кездегі өмір шындығын, қоғамның әлеуметтік сыр-сипатын тереңдей ашқан көркем туынды ретінде қазақ әдебиетінің төрінен ойып орын алса, «Кім жазықты?» – ақынның қоғамдық өмірді жан-жақты ашып көрсеткен ең күрделі шығармасы, ұлт әдебиетінде өлеңмен өріліп жазылған бірінші роман. Аты айғайлап айтып тұрғандай, өмірдің әділетсіз жақтары мсп кеселдері-

не жазықтыларды іздеп шарқ ұрады, астарына үңіледі. «Адасқан өмір» поэмасы туралы әңгіме қозғасақ, бұл – Сұлтанмахмұт поэзиясының биік шыңы. Негізгі өзекті ойы адам өмірді өз мақсат-тілектеріне орайластырып бағындыра алады және соған әрдайым ұмтылуға тиіс екендігіне нық сеніммен қорытынды жасаған шығармада автордың қысқа ғұмырында өзі бастан кешкен өмір сабағынан тәлім алған тағылым негізінде надандық пен теңсіздікті аяусыз сынай отырып, жоғары адамгершілік мұраттарды асқақ ақындық үнмен жырға қосады. Ақын жүрегін жарып шыққан шындық оның «Кедей» иоэмасының басты тақырыбына айналды. Бүкіл өмірі мен тұрмыс-тіршілігі қанауда өткен кедейдің бойынан адамдық ізгі қасиеттерді тани біліп, аянышты хал-жағдайына мойымай, кісілігін жоғалтпаған асыл белгілерін шебер суреттеген көркем құндылығымен ерекшеленген, ащы шындықты ашына жырлаған өрелі туынды болып қалды.

Ақынның поэзиясы әлеміндегі қай туындысы болсын, әңгіме, мақала, очерктері болсын, тақырыбы жағынан сан қырлы болып, қоғамдық өмірдің толғағы жеткен көкейкесті мәселелерін кеңінен қамтыды. Оның осыған дейін оқуға тыйым салынған туындылары ішінде «Ай-тыс» дастаны – ұлттық идеяны жырлау тақырыбындағы ең шоқтығы биік шығарма. Қым-қуыт қилы кезең, алаш ұраны асқақтап тұрған 1919 жылы жазылып, аяқталмай қалған бұл шығарманың ақын мұрасындағы орны бөлек, ұлттық идеясы басым қуатты да құнды туынды. Қала мен дала ақынын айтыстыра отырып, туған халқының мүшкіл халін – жыр жолдарына сыйдырған, ұлт болу мәселесін батыл көтеріп, осы тұрғыдағы даму бағдарламасы дерліктей публицистикалық-философиялық ой толғаған дастан ғибраты мол, мазмұн мен кестелі тілге бай шығарма ретінде қазақ поэзиясынан өз орнын енді тауып отыр.

Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің алашты  
Қорлығына бермейміз! –

деп отаншылдыққа, ұлтжандылыққа шақырған «Алаш ұраны» атты өлеңі Алаш қозғалысының әнұраны дерлік

дәрежеге көтеріліп, жұртшылықты дүр сілкіндірді, ұлттық рухты азаттық туындай биікке аспандатты.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – ақындық шеберліктің, туған жерге, Отанға шексіз берілген ұлтжандылықтың, биік парасаттылық пен азаматтықтың жарқын мектебі.

Алаш ұранды ақынның екінші өмірі енді басталды. Қайталанбас тұлғаның бұған дейін айтылмай келген өмір белестерінің белгісіз беттері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. Сұлтанмахмұттануда жаңаша бетбұрыс басталды. Біртуар талант иесін терең тани түсуде, игі істер жалғаса береді деп нық сенеміз.



## «ҒАЛИЯ» ШӘКІРТІ

1985 жыл. Демократияландыру мен жариялылықтың соққан жылы лебі Ғылым академиясына да келіп, ол біздің М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында үлкен серпіліс туғызды. «Ақтаңдақтарды» ашудың алғашқы нышандары байқала бастады. Осыған байланысты жиілеп кеткен жиындардың бірінде қазақ әдебиеті тарихы бөлімінің меңгерушісі Әнуар Дербісәлин XX ғасыр басында Қазан, Уфа қалаларында қазақ қаламгерлерінің кітаптары көп шыққанын айта келіп, енді сол авторларды анықтаудың сәті туғандығын сөз етті. Маған 1910 жылы Қазанда «Кітапхана жұрнағы» деген еңбегі жарық көрген Бекмұхамед Серкебаев туралы мәліметтер жинау тапсырылды. Қапелімде не істерімді білмей қалдым. Көпшілік бұл есімді білмейді екен. Институттың байырғы қызметкері, ақын, ғалым Бүркіт Ысқақов сұңғыла адам еді. Сол кісіге жөнімді айттым. «Пәлі, мына қадамың дұрыс болған екен. Бекен деген ғажап адам ғой. Ермек Серкебаевтың әкесі. Қазақтың алғашқы оқығандарының бірі. Алаш қозғалысының белді мүшесі. Мұрат деген дирижер баласының қолында қайтыс болған. Әйелі әлі тірі болу керек», деп ризашылығын білдірді.

Бүркіт ағаның жөн сілтеуімен арада екі-үш күн өткеннен кейін Мұрат Серкебаевты іздестіріп, үй-ішімен таныстым. Бекмұхамед атамыздың зайыбы Зылиха апа сексеннің үстінде, әлі тың екен. Жас күнінен өнерімен елге танылып, қазақ, татар әндерін сырнаймен сүйемелдеп шырқап айтқандықтан «әнші Зылиха, гармоншы Зылиха» атанған. Мағжан ақыннан дәріс алып, оның зайыбы Зылиханың қадірлес, сыйлас құрбысы болыпты. Бекмұхамед ақсақалды іздеп келгеніме бүкіл отбасы қуанды. «Әкеміз қазақ

әдебиетіне үлкен еңбегі сіңген кісі еді. Артында қалған мұрасы да көп. Оны да іздейді екен ғой», – деп Мұрат аға қуанышын жасыра алмады.

Бекмұхамед ағаның әдеби мұрасы біршама болып шықты. Жиырма шақты әңгімесі, бес пьесасы, бірнеше өлеңі, көптеген әдеби-публицистикалық мақалалары мен естелік жазбалары, ел аузынан жинап жазып алған фольклор туындылары бар екен. Бұлардың өзі қолда бары ғана. Оның талантты аудармашы болғаны да белгілі. Ол орыс тілінен қазақ тіліне бірнеше кітаптар тәржімалаған. Олардың арасында көркем әдебиет те, саяси-бұқаралық және әскери әдебиет те бар. Солай бола тұрғанмен де жазушының негізгі әдеби қызметі 1910–1935 жылдар аралығына жатады. Осыдан кейін Бекмұхамед аға өмірінде шығармашылық үзіліс болғанға ұқсайды.

Қалай? Неге? 1933 жылы ұлт зиялылары үшін саяси қуғын-сүргін зобалаңы басталып, оның соңы ұзақ жылдарға созылған үлкен нәубетке айналғаны белгілі. Бала күнінен айнымас досы, ақылшысы болған Мағжандай алаш ардақтысы мен «Ғалия» медресесінде бірге оқыған сабақтасы Бейімбеттей әдебиет классигі, сталиндік зұлмат құрбандығына шалынғаннан кейінгі үрейлі кезең салдары ма, әлде көреген Мағжан ақылы ма, немесе үкімет билігінде болған Жұмабай Шаяхметов сияқты шәкіртінің көмегі тиді ме, әйтеуір ар жақ, бер жағын ойлап, таразыға салып екшеген зерделі азамат жазушылық қызметін дереу доғарып, қалған өмірін тұтастай ұстаздыққа арнаған.

Бекмұхамед отбасы өміріндегі осы сын кезең туралы Ермек Серкебаев: «Алматыға 1937 жылы көшіп келдік. Сол кездегі үрей, қиын ахуалды бала болсам да сезетінмін. Күн сайын бір азамат «халық жауы» атанып, ұсталып жатты. Біз бір кісінің үйінде тұратын едік. Көрші үйге Сәкен Сейфуллин қонаққа келгенін көрдім. Қолында таяғы, басында тақиясы, қара мұртты, сұлу кісі екен. Қонаққа машинамен келді. Көп ұзамай ол кісі де ұсталды. Біздің үй де әбігер болып, түні бойы ұйықтамады. Әкем партия мүшесі емес еді, мүмкін, содан кейін де сол бір зобалаңнан аман қалған шығар», деп еске алады.

Бекмұхамедтің әкесі Құсайын орта шаруа болса керек.

Жағдайы оңалмауы себепті қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданындағы атақонысынан Омбы қаласынан 25 шақырым жердегі Обь өзені бойындағы Полобинко деревнясына көшіп келеді. Міне осы жерде 1896 жылы 15 шілдеде Бекмұхамед дүние есігін ашады. Арада бес-алты жыл өткенде шаруашылығы нығайған Құсайын атақонысына қайтып оралады да, бес жасар баласын ауыл молдасына оқуға береді. Зеректігінің арқасында Құран сүрелерін зердесіне тоқып, ескі қисса-дастандарды ауыл қариялары алдында жатқа айтады. 1906 жылы Қызылжардағы «Шалақазақ» медресесіне Мағжан Жұмабаевпен бірге оқуға түседі.

Медресені бітірген соң Бекмұхамедтің негізгі мақсаты халық ағарту ісіне етене араласып, жаңа үлгіде мектеп ашу болады. Осы ойын іске асыру жолында оқыту ісімен де, қаламмен де халқына қызмет етуді парыз санайды. Ақниет жолында ел ішіне барып, кедей балаларына сабақ береді.

Жас ұстаз ауылда бала оқытуға шыққан өзі сияқты мұғалімдермен тығыз байланыс жасай жүріп, оларды маңайына топтастырады. Көзі ашық жандармен бас қосқан алқалы жиындарда халық ағарту, әдебиет, мәдениет мәселелері туралы пікір алысып, осы мақсатта қолжазба журнал ұйымдастырады. Ол ел арасында қызығушылық туғызады. Сөйтіп басылым қолдан-қолға көшіп, жұртшылықтың іздеп оқитын, тыңдайтын «кітабына» айналады.

Қолжазба журнал шығару тәжірибесі Бекмұхамедтің қолына қалам ұстап, өлең өлкесіне шындап бет бұруына зор ықпал етеді. Жас ақынның алғашқы балауса жырлары топтастырылған шағын жинағы 1910 жылы «Кітапхана жұрнағы» деген атпен Қазанда жеке кітапша болып басылып шығады. Жинақтың негізгі мазмұны оқу-ағарту, білімге шақыру еді.

Ақыры ол 1911 жылы жерлес досы, сол кезде-ақ поэзия әлемінде жұлдызы жарқыраған Мағжан Жұмабаевпен бірге Уфа қаласындағы атақты «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бұл туралы Бекмұхамед аға 1973 жылы жазған өмірбаянында: «Қай жағынан алсақ та Қызылжардағы «Шалақазақ» медресесі Уфадағы «Ғалия» медресесінен әлдеқайда төмен еді. Мұнда, Қызылжарда біржақтылық,

гуманитарлық пәндерге басымдылық байқалды. Сол себепті Мағжан Жұмабаев екеуміз Уфаға баруға шешім қабылдадық», деп атап өтеді.

«Ғалия» шығыс халықтарына жоғары білім берген бірден бір іргелі оқу орны болатын. Бекмұхамед осы медреседе Мағжаннан басқа көрнекті ұлт зиялыларымен, башқұрттың талантты ақын-жазушылары Шайықзада Бабич және Сайфи Құдашпен бірге оқиды. Әсіресе, Шайықзадамен етене жақын дос болады. Қазақ, татар, башқұрт, шәкірттерін оқу-ағарту, әдебиет, мәдениет істеріне тарту мақсатында «Шымытыр» атты қолжазба журнал шығарып, өзі оның редакторы болады. Журналдың бұлай аталу мағынасын «шаншып, шымшып сұғатын» деп түсіндіреді. «Шымытыр» деп атаған Шайықзада медреседегі үздік оқушылардың бірі ретінде журналда жариялаған өлеңдерінде ескі діни қараңғылықты сын тезіне алып, халықты оқу-білімге шақырады, әйел теңдігін, махаббатты жырға қосады.

«Ғалияда» бірге оқыған сабақтастары туралы: «Шайықзада мен Мағжан екеуі біздің медресе мақтаныштары болды. Біздің ең озық ұстазымыз, ұлы Ғалымжан Ибрагимовтің өзі онымен есептесе білді. «Қазақ қызы» романының бірінші бетінде өз шәкірті Мағжан өлеңінің бір шумағын эпиграф ретінде алды. Шын мәнінде бұл уақытта Шығыстың барлық білімін меңгерген жас Мағжан өз замандастарын таңғалдырды. Ол араб-парсы және түркі текті тілдерді жетік білді, тіпті орта ғасырлық ұлы парсы ақындарының өлеңдерін аударды. «Ғалия» медресесінің дарынды жастары арасында қазақ ақыны, әрі прозашы, талантты да қарапайым, достарына қайырымды Бейімбет Майлин болды. Оның атақты «Шұғаның белгісі» повесі алғаш рет осында, «Ғалия» медресесінде, «Садақ» қолжазба журналы беттерінде жарық көрді» деп өмірбаяндық жазбасында мақтаныш сезіммен еске алады.

Сол 1911 жылы Бекмұхамед Серкебаев «Ғалияда» оқып жүрген қазақ жастары оқушылар ұйымының белсенді мүшесі ретінде бір топ сабақтасымен бірге Уфа генерал-губернаторының атына қазақ тілінде газет шығару туралы өтініш білдірген хат жолдайды. Қазақ шәкірттері бастамасының игі әсері болар, 1911 жылдан бастап атақты

«Қазақ» газеті шыға бастағаны белгілі. Бұған газеттің негізін салған алғашқы редакторы Алашорда басшыларының бірі Ахмет Байтұрсыновтың 1915 жыл шамасында Уфа қаласына барғанда «Ғалия» медресесі шәкірттерімен бірге түскен фотосуреті айқын куә бола алады. 1989-1990 жылдары «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінде жарияланған осы тарихи суретте ғалиялықтармен ортада отырған Ахаңның тура алдында малдас құрып отырған еңгезердей, қараторы жігіт Бекмұхамед Серкебаев болатын. Оның Алашорда ұйымына қатысы да осы кезден бастау алады.

«Ғалия» медресесінде өткізген жылдар Бекмұхамед үшін ұмытылмас саяси, әдеби, мәдени жағынан толысу, өсу кезеңі болды. Ол мұнда шәкірттермен бірге түрлі мазмұндағы спектакльдер мен концерттер қойды, бұл қойылымдарда Бейімбет пен Шайықзада түрлі әзіл әңгімелерімен жұртшылықты күлкіге қарық қылса, Мағжан махаббат, табиғат лирикасынан өлеңдер оқыды, ал Бекмұхамед қазақ және башқұрт әндерін тамылжыта салады. «Біз бәріміз үш тілде – қазақ, башқұрт, татар тілдерінде бірдей орындадық. Әрине, біз бұл тілдерді жеңіл де еркін меңгердік. Тағы бір қызық жайт, жас кезінде Шайықзада өлеңдерін, негізінен, қазақ тілінде, ал Мағжан – татар тілінде жазуды ұнатты», деп сыр шертеді өз өмірбаянында Бекмұхамед.

Медреседе оқыған кез Бекмұхамед үшін шығармашылық ерекше жемісті кезең болды. 1912 жылы татар драматургтеріне еліктеп, қазақ даласында туындаған проблемаға байланысты «Жер дауы» пьесасын жазады. Бұл қазақ драматургиясы тарихындағы алғашқы сахналық туынды болды. Одан кейінгі жылдары отырықшылық, әйел теңдігі, кедейлердің ауыр тұрмысы туралы «Қызыл бұзау» (1913), «Бақсы» (1914), «Әйел теңдігі», «Ғазиза» (1915) пьесаларын, «Жылқышы күні», «Дәметкен» (1915) әңгімелерін жазады. Қазақ ауылының жазғытұрымғы сәті мен жаз жайлаудағы тіршілігі мен әсем табиғат көріністерін тамаша суреттеген «Жазғытұры», «Жайлауға» өлеңдері «Қазақ» газетінде жарияланады.

1915 жылы медресені бітіріп, ауылына қайтады, ел арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізеді, бірақ бұл ісі атқамі-

нер бай-шонжарлардан қарсылық тауып, өрге баспайды. Павлодар қаласына келіп, Қасымқожа медресесінде сабақ береді. Осында орысша жоғары білім алған дәрігер, ғалым Хабиболла Барлыбаевпен танысуы бұдан былай орысша оқып, Еуропа мәдениетіне бой түзеуге итермелейді. Мұның соңы Алашорданың көрнекті қайраткерлерінің бірі, академик Қаныш Сәтбаевтың ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаевпен жақын танысуға ұласып, өміріндегі ерекше бір ұмытылмас оқиғаға айналады. «Әбікей Сәтбаев менің орыс тілінен білімімді тексере келіп: «Орыс тілін өте нашар білесің. Енді менен орыс тілін үйренесің!» деді. Солай болды да», деп еске алады ұстаз-жазушы.

1916 жылы күзде ол Омбы қаласына келіп, орыс гимназиясына оқуға түседі. Қазақтың болашақ тұңғыш кәсіби режиссері Жұмат Шанинмен бірге бір пәтерде тұрып оқиды. 1917 жылы күзде Мағжан Жұмабаев, Қошке Кеменгеров, Мұхтар Саматов және тағы басқа ұлт зиялыларымен бірге Алаш партиясына кіріп, Омбы облыстық «Алаш» партиясы комитетінің мүшесі болып сайланады. Бұл туралы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 18 желтоқсанда шыққан 254-нөмірінде жазылған. 1918 жылы гимназияны үздік бітіргеннен кейін Омбы облысының қазақ мектептерінде сабақ беріп, оқу-ағарту ісімен айналысады, өлең сөздің жүйрігі, суырыпсалма ақын Иса Байзақов осы тұста Бекмұхамедтен оқып, хат таниды.

Одан кейінгі жылдары кенестік органдарда әкімшілік, сот қызметтерін атқарады. Ара-арасында Омбыда қазақ тілінде шыққан «Кедей сөзі», одан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық «Бостандық туы» газетінде қызмет етеді. Бекмұхамед ағаның «Қоңырдың биігі» (1923), «Ат дауы» (1924), «Құлатай» (1927), «Соңғы соққы», «Жаңарған ауыл» (1932), «Таң атқанда» (1928), «Тұяқ» (1932) әңгімелерін жазатын кезі міне осы уақыт. Олар «Шолпан», «Қызыл Қазақстан», «Әдебиет майданы» журналдарында жарияланады. Ал 1927 жылдан бастап отыз жылға жуық уақытын жас ұрпаққа білім беру ісіне арнайды. Жасы ұлғайған шағында 1942 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын сырттай оқып бітіреді. Ақмола, Көкшетау, Алматы, Жаркент қалаларындағы педагоги-

калық училищелер мен техникумдарда, Талғардағы ауылшаруашылығы техникумында, мектептерде мұғалім болып, ҚазПИ-де, Алматы шет тілдері институтында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс береді. Қажырлы еңбегі «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен атап өтіледі. 1958 жылы қарт ұстаз «Қазақ ССР-інің халық мұғалімі» атағына ұсынылғанымен, бұл мәселе соңы сол бетінде белгісіз қалады. Мұндай жоғары атақ берілмеуінің басты себебі де Алаш қозғалысына қатысып, Мағжанмен достығына сайса керек.

Бекмұхамед Серкебаевтың Қазақстан Жазушылар одағын алғаш құрушылардың бірі ретіндегі еңбегін ерекше атаған жөн. 1932 жылы 26–31 желтоқсанда Алматыда республикадағы Кеңес жазушыларының ұйымдастыру комитетінің I-ші пленумы болды. Онда ұйымдастыру комитеті пленумының жаңа құрылымы қарастырылып, 23 мүшесі сайланды. Олардың арасында ұйымдастыру комитеті төралқасының ағасы Илияс Жансүгіров бастап С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ф.Мүсіреповтермен бірге Бекмұхамед Серкебаев есімі де тізімнің бел ортасында жазылыпты. Бұл туралы «Әдебиет майданы» журналының 1933 жылғы № 1 санында жарияланған тізімде нақты көрсетілген.

Бекмұхамед аға негізінен проза, драматургия саласында қалам тербеп, жемісті еңбек етті. Оның алғашқы пьесалары мен әңгімелері 1912–1915 жылдары жазылды. Соның бірі – «Жер дауы» пьесасы. Оның негізгі сюжеттік желісі – кедей жатақтарының патшалық үкіметтен бір жағынан, екіншіден, қазақтың өз ішіндегі Жұман сияқты байларынан қысым көруі.

«Жер дауы» пьесасы жұртшылық арасында кең қолдау тауып, сол 1912 жылы Петропавл уезінің Бабасан деген жерінде жазғы жайлау кезінде бала оқытып жүрген мұғалімдер күшімен қойылады. Пьесаның түпнұсқасы жоғалған, мазмұны драматургтің естелік жазбасынан алынды. Басты рөлдерде Сәбит Дөнентаев, Иса Байзақов ойнаған.

Драматургтің екінші бір үлкен сүбелі шығармасы – үш перделі күлдіргі «Бақсы» пьесасы. Бұл туындының негізгі тақырыбы – ескілік, надандық шырмауындағы салт-санаға қарсы аяусыз күрес, халықты алдап күнелтіп жүрген жалған бақсы-балгерлердің сұрқия іс-әрекетін әшкерелеу.

Пьеса алғаш рет 1919 жылы «Балгер» деген атпен Омбыдан 30–40 шақырым жердегі Сарықазак және Қырыққұдық ауылдарында қойылды. Бақсы релін Иса Байзақов сомдап, ел ризашылығына бөленеді. Пьеса қойылымын құттықтап Смағұл Садуақасов ел ішінде алғаш қойылған пьеса ретінде атап, Омбыда шығып тұрған «Советская Сибирь» газетіне мақала жазады. Кейін бұл шығарма Павлодар облысының бірнеше ауылында қойылып, бақсы бейнесін тағы да Иса Байзақов пен Сәбит Дөнентаев шебер ойнап шығады. Ал бірге алып, беске сататын жылмаң саудагердің озбыр қылықтарын әшкерелеуге арналған «Қызыл бұзау» пьесасы 1920 жылы Қызылжар қаласында сахналанады.

«Ғазиза», «Әйел тендігі» пьесаларының негізгі тақырыптары – қазақ әйелінің бас бостандығы, жастар махаббатын қорғау, әйелдің қоғамдағы орнын айқындау. 3 актілі «Ғазиза» пьесасы Көкшетау облысының Қызылту ауданында Бекең аудандық халық соты болып жүргенде, 1922 жылы жергілікті өнерпаз жастардың күшімен жұртшылықтың мәдени-рухани тұрмысын көтеру мақсатында қойылады. Ал екі перделі «Әйел тендігі» пьесасы 1915 жылы Павлодар қаласында орыс мектебінде оқып жүрген жастар күшімен сол қаладағы жатақта қойылады. Пьесаның желісін тартқан Сәбит Дөнентаев та, қоюға Сәбит пен алаш қайраткері Хабиболла Барлыбаев күш жұмсап, ат салысады. Екі пьеса да үлкен табыспен өтеді.

Бекмұхамед Серкебаевтың драмалық шығармалары шындыққа толы, сюжеті нақтылы өмірден, қарапайым халық тұрмысынан алынған, әділетсіз заманның келеңсіз көріністерін сынап, көкейкесті мәселелерін тілге тиек етеді. Жоғарыдағы туындылар пьесалар туралы көрнекті драматург Шахмет Құсайынов пен әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ысқақ Дүйсенбаев бірлесіп жазған «Қазақ театр көркемөнері тууының алғашқы қадамдары» атты зерттеуінде: «Бекмұхамед Серкебаевтың бұл пьесаларының құндылығы мәдениетіміздің жоққа тән кезінде, жыртық үйден түскен сәуле тәрізді қараңғы халықты ағарту деген үмітке жетелеуінде» деп жазса, өнертану ғылымының докторы, профессор Бағыбек Құндақбайұлы «Бақсы»,



«Ғазиза», «Жер дауы» пьесалары туралы айта келіп: «Б.Серкебаевтың бұл үш пьесасының үшеуі де баспа көрмей, қолжазба күйінде оқушы жастардың күшімен Омбы, Петропавл маңында қойылды. Пьесалар өзінің көркемдік сапасының төмендігіне қарамастан, орыс мәдениетінің әсерімен революциядан бұрын жазылған қазақ пьесаларының тырнақалдысы. Бұдан бұрын ақындар айтысын жасап, ән салу, домбыра тартумен шектеліп келген алғашқы қазақ сауыққойлары енді, өз әлдерінше, пьеса жазып, оны сахнаға шығаруы – жаңа өнердің төл басы іспетті» деп ерекше атап өтеді.

Бекмұхамед Серкебаев сегіз қырлы, бір сырлы жан, әр білім саласынан хабары бар энциклопедист адам болған. Жазушылығына қоса ауыз әдебиетінің жанашыры, қазақ әдебиеті мен тарихының, мәдениетінің шынайы зерттеушісі ретінде ел аузынан жазып алған «Ермек батыр» жыры, «Арыстанбай» мен «Орынбай айтысы» сияқты көптеген бағалы мұра қалдырды. Сондай-ақ, әдебиет зерттеушісі ретінде де біршама тер төкті. Атап айтқанда Ақан Сері, Жамбыл, Сәбит Дөнентаев, Мағжан Жұмабаев шығармашылығы туралы зерттеу мақалалар жазды, қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып әдебиеттер байланысына қалам тербеді. Бұл ретте оның өзіне дәріс берген татар әдебиетінің классигі Ғалымжан Ибрагимов туралы және қазақ, татар, башқұрт халықтарына ортақ ақын Ақмолла туралы салиқалы ой түйген мақалалары аталған ақындар мұрасына жан-жақты баға беріп, қазақ әдебиетімен байланысына терең барлау жасайды.

Ол әдебиеттің барлық жанрына дерлік қалам тербеп, талантын ұштай түсті. Қазақ әдебиетіндегі естелік-әңгімені алғаш жазушылардың бірі Бекмұхамед Серкебаев деуге болады. Оның «Менің жолым», «Медресе «Ғалияның» тарихынан», «Шәймерден Әлжанов туралы әсерім», жыр жүйрігі Иса Байзақов пен күш атасы, атақты балуан Қажымұқан туралы естеліктері ұлт әдебиеті мен өнері, мәдениеті тарихынан құнды мағлұматтар береді. Аударма ісіне де жете назар аударып, А.Неверовтің «Ташкент – тоқ қала», В.Катаевтың «Жалтылдаған жалғыз желкен» повесін тамаша тәржімеледі.

Ұстаз-жазушы өз еңбектерінде тіл мәселесі мен бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945 жылғы 22 шілдедегі санында жарияланған «Бала тәрбиелеу – ата-ананың ардақты борышы» атты мақаласының бүгінде маңызы зор. Мұнда Бекең бала туралы көңіл аударарлық мәселенің бірі ретінде ана тілі туралы айшықты ой айтады: «Естеріңізде болсын, ана тілін білуден бала қор болмайды. Орыс мектептерінде оқып жүрген қазақ балаларының көбі қазақ тілін білмейді. Әке, шеше, іні-қарындастарымен орысша сөйлеседі. Әрине орыс тілін баланың үйренгені жақсы. Сонымен бірге ол өзінің ана тілін де білуі керек. Баланың ана тілінде сөйлеп, жазуы, оның жақсы, жаман сөздерді айыра білуі баланың өсуіне, келешегіне зор әсер етеді», деп туған тілінің қадір-қасиеті туралы толымды тұжырым жасайды. Сол сияқты Бекмұхамедтің өз баласы, болашақ опера әншісі Ермектің өнер жолындағы алғашқы қадамдары мен музыкалық қарым-қабілетін дамытуға әсер еткен тәрбиелік шаралар туралы ой-толғаныстары пайымдалған «Ұшқын» атты көлемді мақаласында да тіл мәселесін сөз етіп: «Ермек орысша сөйлеуді қазақшамен қатар үйренді. Бұл бір жай. Алдымен қазақша дұрыс, мүлтіксіз сөйлеуге дағдылану үшін семьяда қазақша сөйлетуді әдетке айналдырдық», деп ана тілінің бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталады да, Ермектің әнші болып қалыптасып, үлкен биікке көтерілуіндегі ана тілінің қасиеті туралы айта келіп: «Өнер алды қызыл тіл», деп халық бекерге айтпаған. Балаға алдымен ана тілін білуді парыз санаймыз. Ана тілінде дұрыс сөйлей білу семьяда басталмақ. Қазақ баласы үй ішінде ата-ана, туыстарымен орысша сөйлесіп отыруы ерсі. Балалардың жастайынан қазақша сөйлеуіне басым қарадық. Тіпті орысша дұрыс сөйлей білмейтін аналар да баланың ықпалымен бәлдір-батпақ кетіп жүр. Сөйтіп, балалар туған тілін ұмытады», деп ана тілін аялай білуге шақырып, Ермектің 17 жасынан республикалық радиода диктор болып істеуін қазақшада еркін сөйлеуінің айғағы ретінде мысал етеді. Шынында да Ермек ағамыздың отандық және әлемдік сахналарда ана тілінде ән салып, ана тілінде еркін сөйлейтінін көріп жүрміз. Сол себепті де үлкен Серкебаевтың туған тіл

туралы ой-толғамдары өзі аңсаған тәуелсіздікке жеткен елінің бүгінгі қарышты қадамдарымен тұспа-тұс келіп, мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген қазақ тілін өркендету ісінде үлкен мән-маңызға ие болуда.

Ағартушы-педагог ретінде Бекмұхамед Серкебаев еліміздің көптеген ардақты ұл-қыздарын тәрбиелеп оқытты. Олардың қатарында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, республикамыздың қазақтан шыққан тұңғыш бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметов, атақты ақын Иса Байзақов, орыс тіліндегі көптеген сөздердің қазақша тамаша баламасын жасаған жазушы-аудармашы Ісләм Жарылғапов, жазушы-драматург Шахмет Құсайынов, ақын Қайнекей Жармағамбетов, академик-ғалымдар Патшайым Тәжібаева мен Ақай Нүсіпбеков есімдерін мақтанышпен атауға болады. Шәкірттері де ұстаздарына адалдық танытқан. Соғыс жылдары Бекмұхамедтің үлкен отбасы қиыншылыққа тап болып, аштыққа ұшырау қаупі төнгенде Жұмабай Шаяхметовтің киім-кешек пен отынға талон бергізіп, Зылиха шешейді ет комбинатының асханасына жұмысқа орналасуына көмектескендігі әулеттің аман қалуына зор септігін тигізгендігін Ермек Серкебаев ерекше еске алады.

Көпті көрген, көп жасаған Бекмұхамед қарт артына өшпестей із қалдырып 1976 жылы дүние салды. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың жесірі Зылиха 1989 жылы «Қазақстан әйелдері» журналына берген сұхбатында: «Мағжаным он жеті жасында Қызылжардағы медресені бітірген. Сонда бірге оқыған Бекмұхамед Серкебаевты аузынан тастамай айтып отыратын. Екеуі көңілдес дос еді. Бекмұхамедтің арманы жоқ, артына ұрпақ қалдырып, халқына Ермектей өнерлі ұл сыйлады», деп еді. Сол кісі айтқандай, елін, халқын өнер-білімге, ғылымға жетелеген Бекмұхамед өз балаларына өнегелі тәрбие беріп қана қоймай, талантына бүкіл әлем табынып, сүйсіне қол соққан опера королі Ермектей атақты әншіні өнерге қанат қақтырды. Оның ізін өкшелей қуған Мұраты да елге кең танымал өнер қайраткері, Алматы қаласы әкімі симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының халық әртісі, композитор.

Бекмұхамедті аға тұтып, ерекше сыйлаған Мұхтар Әуезов өзінің «Абай» операсындағы басты арияны орындаған Ермек талантына тәнті болып: «Әкенді танымын. Қазақ зиялыларының бір бетке ұстары. Жібi түзу киіміміз болмай жүрген кездің өзінде Бекмұхамед аса білімді де мәдениетті, қадірлі адам болды. Әкенді күт, сыйла, қадірін біл», деген екен. Ұлы жазушы айтқандай, «аса білімді де мәдениетті», халқына беделді болған жазушы, драматург, аудармашы, әдебиет зерттеуші, педагог-ұстаз Бекмұхамед Серкебаев ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында алаш зиялыларымен бір қатарда тұруға лайық тұлға деп білу керек.

## СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АЙТЫС ӨНЕРІ

Соғыс жылдары жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындарының шығармаларының негізгі мақсат-мүддесі де, тақырып мазмұны да ортақ Отан – Кеңес Одағын фашист басқыншыларынан қорғап, жауды тез жеңуге бағытталды. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі халық ақындары соғыс басталған алғашқы күннен бастап жалынды жырларымен, тебіреніске толы толғауларымен және арнау өлеңдерімен республика тұрғындарын Отанды қорғауға шақырып, ұран, үндеу тастады. Республика басшылығында болған Қазақстан Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті халық ақындарының бұл ізгі патриоттық бастамасын халықты жеңіске жігерлендіру жолындағы сенімді насихат құралы ретінде пайдалана білді.

Соғыс басталғанына үш күн ғана өткенде Қарағандыда Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарының, 25 маусымда сол кездегі Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Гурьев және Батыс Қазақстан облыстарының, 26–28 маусымда Қызылордада Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының халық ақындары қатысқан мәслихат өтті. Ал 30 маусымда Семейде Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының халық ақындары кездесу жиынын өткізді. Бұл мәслихаттарда халық ақындарының ел басына туған қиын-қыстау кезеңдегі шығармашылық міндеттері талқыланып, Мәскеудегі Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясы Орталық Комитетіне халық ақындарының жалынды жырларымен жауды жеңуге қызмет ететіндерін білдірген өлең түріндегі үндеу-хаттары қабылданды.

Облысаралық осы мәслихаттарға қатысқан халық ақын-

дары өздері тұратын облыстардағы аудандар мен ауылдарды аралап, тың шабытпен үгіт-жырлар айтуға кірісіп кетті. Төлеу Көбдіков, Нұрлыбек Баймұратов, Сапарғали Әлімбетов, Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, қарт ақындар мен әнші-композиторлар Естай Беркімбайұлы, Шашубай Қошқарбайұлы және т.б. жыр жүйріктері үгіт-концерт бригадалары құрамында ұжымшарлар мен кеңшарларда, өндіріс орындарында, кеніштерде болып, ауыл еңбеккерлеріне, кеншілер мен жұмысшыларға жырларымен мәдени қызмет көрсетті. Майдан даласындағы жауынгерлер ерлігі мен тылдағы қажырлы еңбек халық ақындарының шығармашылығында кеңінен қамтылды.

Соғыс кезінде халық поэзиясының осыған дейін тоқырап қалғандай сипат танытып, жеткілікті мән берілмей келген халық поэзиясының өрелі саласы – айтыс өнеріне де ереше көңіл бөлінді. 1943 жылдың бас кезінде Семейде өткен кезекті бір кездесуде осы өңірден шыққан халық ақындары айтыс ұйымдастыру туралы бастама көтерген болатын. Нұрлыбек, Төлеу, Сапарғали бастаған халық ақындары өздерінің толқынды жырларын жауға қарсы күрес құралы ретінде жұмсап, халықты жеңіске жігерлендірді.

Ақын Жамбыл бастаған үлкен полк,  
Түп-түгел қаруланып, алды толып.  
Қан іздеген жауызға қан жаудырып,  
Сөзбен өртеп сазайын бермек болып, –

деп Сапарғали ақын өр дауысын білдірсе, қарт ақын Төлеу:

Екі жүз миллион сан көп елменен,  
Өр тасқын өрге жүзген өнерменен.  
Майданға аттанады ақындар да,  
Әр сөзі бір-бір бомба өлеңменен, –

деген жыр жолдарымен өзін саптағы жауынгер ретінде сезінгенде, өрен жүйрік халық ақыны Нұрлыбек:

Халқымның, мен – ақыны, қайтпас жүрек,  
Жау отын өшіруге қостым тілек.  
Тілім – алмас, қаламым – болат найза,  
Қолқана қос, өкпеңнен салсам керек!

деп жауға қарсы жыр нөсерін төккен семейлік жыр дүлдүлдерінің халыққа жар салған үндеу хатына бірінші болып Қарағанды ақындары үн қосты. Осылайша соғыс кезіндегі алғашқы ақындар айтысы 1943 жылы 13 маусымда Қарағанды қаласында өтті. Бұл айтыста 18 көмір кенішінің атынан Қайып Айнабеков пен 20 көмір кенішінің атынан Илияс Манкин, Балқаш қаласының өкілі болып Шашубай Қошқарбайұлы және Қарағанды қаласының намысын қорғап Көшен Елеуов сөз сайысына түсті. Сол жылы күзде Қарағанды облысы бойынша 16 айтыс өткізілген екен. Бұл айтыстарда, аттары аталған ақындардан басқа Мясар Жапақов, Болман Қожабаев сияқты қарт ақындар жыр жарысына қатысқан.

Қарағандылық ақындар бастамасы аз уақыт ішінде барлық облыстарға жайылды. Республиканың барлық дерлік облыстарындағы халық ақындары соғыс жылдарындағы жаңа мазмұндағы айтысты бастап берді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1943 жылы наурызда өткен Пленумы халық ақындарының соғыс кезіндегі жұртшылықты жеңіске жігерлендірген патриоттық шығармашылығына жоғары баға бере келіп, олардың бұл қызметін одан әрі дамытуға қолдау көрсету қажеттігін ерекше атап көрсетті. Соның игі әсерімен соғыс қызу жүріп жатқан 1943 жылдың 4–9 желтоқсан күндері Қазақстан Үкіметінің арнайы қаулысымен Алматыда халық ақындарының тұңғыш республикалық айтысы өткізілді.

Қазіргі Абай атындағы опера және балет театрында бір аптаға созылған бұл жыр жарысында еліміздің түкпір-түкпірінен 88 ақын қатысты. Бұл шараға мемлекеттік деңгейде жете көңіл бөлінгені соншалық, айтысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасынов, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының төрағасы, кейін Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті болған халқымыздың біртуар перзенті, академик Қаныш Сәтбаев, қазақ әдебиетінің классиктері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, өнер жұлдыздары, атақты әнші Күләш Байсейітова, биші Шара Жиенқұлова сияқты көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлері та-

машалаған. Тіпті айтысқа құрметті қонақ ретінде атақты әскери қолбасшы, Кеңес Одағының маршалы С.Буденный да қатысқан екен.

Айтыс шымылдығын 97 жастағы жыр алыбы Жамбыл:

Алатаудан, Арқадан  
Ақындарым келіпсің,  
Тілдерінен бал тамған,  
Жақындарым, келіпсің.  
Ертіс, Есіл, Іле, Сыр,  
Бас қосқалы келіпсің.  
Жүрген жері думан-жыр,  
Сендер елге көріксің, –

деп арнау жырмен ашқан.

Уа, Орынбай, Шашубай,  
Сендер өзен басындай.  
Ағытыңдар өлеңді  
Жазғытұрғы тасқындай, –

деп кәрі тарлан ақындарға салмақ салып өткен Жамбыл жырау:

Нартай, Кенен, Нұрлыбек,  
Өлең, жырды дүрілдет –  
Жарқылдатып жасындай.  
Сөздеріңнің күшінен,  
Жау жүрегі түршіксің.  
Жырларыңды естіген,  
Дос құмардан бір шықсын! –

деп осы айтыс көрігін қыздырған соңғы буын, жыр жүйріктерінен үміт етіп, жөн сілтеген.

Алғаш рет осындай кең ауқымда өткен жыр сайысында Алматы мен Жамбыл, Семей мен Қарағанды, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының ақындары айтысты. Осы айтыс халықтың рухани азығы ғана емес, қажет кезде патриоттық тәрбие мен идеологиялық үгіт-насихаттың өткір құралы екендігін де айқын байқатты. Әр ақын кезегі келгенде өз облысының тарихынан сыр шертіп, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларындағы, мәдениеттегі жетістіктерді



жыр жолдарымен айшықтады, қалың көпшіліктің жауды жеңу күресіне қосып жатқан еселі үлесін көркем кестелеп, майдан мен тылдағы ерлерін мадақтады.

Классик жазушы, академик Ғ.Мүсірепов осы айтыстың таңдаулы үлгілері жарияланып, 1944 жылы «Ақындар айтысы» деген атпен жарық көрген жинаққа жазған алғысөзінде: «Алматыда өткен ақындар айтысы Қазақстанның саяси-мәдени өміріне тағы бір үлкен оқиға болып кірді: халықтық шығарманың ең күшті саласы – айтыс – қайтадан қатарға қосылып, біржола іргесін бекітті. Қара алтын мен түрлі түсті асыл металдардың қордасы – Қарағандыдан, алтынды Алтай мен алма бағы Алатаудан, суы ырыс, жері құт – Сыр мен Ертістен, жайылған малдан белі қайысып жатқан қазақ даласынан топ-тобымен келген ақындар, мынау алып соғыс тұсында ел алдындағы азаматтық борыштарын қалай өтеп жүргендерін айтып, бүкіл отанымызға өлеңмен, жырмен рапорт берді. Майданнан сырт отырған елдің еңбек майданындағы ерліктерін жырлады. Сұм жауымыз Гитлер басқыншыларынан артына қаратпай айдап бара жатқан ер ұлдарының қан майдандағы ерліктерін жырлады» деп тамсана жазды.

1943 жылғы алғашқы республикалық ақындар айтысы осыған дейін ұмыт бола жаздап, өшуге айналған суырыпсалмашылдық өнердің қайта жандануына себепкер болды. Жаңа заман ағымына сәйкес айтыстың жанрлық табиғаты да қайта түлеп жаңғырды. Айтыс бұрынғыдай рушылдық мән-маңызынан айрылып, жаңа мазмұнға ие болды, тақырыптық кенересі кеңейді, жеке бастың жайкүйі емес, тұтас ауыл, аудан, облыс, бүкіл ел өмірін бейнелеу деңгейіне көтерілді, Отан қорғау, жауды жеңу сияқты қоғамдық-саяси мәні бар, мемлекеттік маңызы зор мәселелер бірінші кезекке қойылды. Жетістік те, кем-кетік те айтыс ақындарының назарынан тыс қалған жоқ. Осылайша айтыс өнерінің соғыс кезіндегі саяси, әлеуметтік, идеологиялық және тәрбиелік мән-маңызы айқын байқалды.

Осы үлкен айтыс додасы бұл өнердің республика көлемінде кеңінен қанат жайып өркендеуіне үлкен ықпал етті. Осыдан кейін жыл сайын жарысушы ұжымшарлардың, аудандардың, облыстардың арасында ақындар айтысы өткізіліп тұрды.

Елді елең еткізіп, есін жидырған, ерлікке, еңбекке үндеп, ерекше серпін берген 1943 жылғы республикалық деңгейдегі алғашқы ақындар айтысын сол кездегі КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет секторы, яғни қазіргі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитетіне қарасты М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өткізсе, 1961 жылы халық ақындарының алғашқы слетінде, одан кейін 1970 жылдан бастап 1990 жылдардың бас кезіндегі айтыстарды да осы институт ұйымдастырған болатын және қазылар алқасына да осы институттың ұлттық фольклор мен халық ауыз әдебиетін зерттейтін жетекші ғалымдары мен білікті мамандары мүше болып, төрелік еткен еді. Еліміз тәуелсіздік алған кезден бері бұл дәстүр жалғаспай, халық ақындарының талант көздерін ашып, олардың шығармашыларын жинап насихаттау ісінде өлшеусіз еңбек сіңірген, қазақ әдебиетінің тарихын зерттейтін республикадағы бірден-бір жалғыз ғылыми мекеме болып табылатын институт айтысты ұйымдастыру жұмысынан мүлдем аластатылды. Бірен-саран айтыстарда ғана институттың кейбір бір-екі ғалымы ғана қазылар алқасына кірді. Алдағы уақытта бұрынғы дәстүрді қалпына келтіріп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдарына сенім білдіру керек. Тіпті бауырлас әзірбайжан еліндегі біздің халық ақындары сияқты ашугтардың сайыстары мен осыған байланысты түрлі ғылыми, мәдени шаралар Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясы Фольклортану және Низами атындағы Әдебиет институттарының тікелей басшылығымен өтіп, бұл жұмыстарға фольклортанушы, әдебиеттанушы-ғалымдар белсене қатысады. Біздің елімізде де осы үрдісті қалпына келтіру керек. Сонда ғана 1943 жылы өткізілген алғашқы республикалық ақындар айтысындағы сияқты бұл ежелгі қасиетті өнердің құндылығы артып, бедел, абыройы биіктейді, айтысты зерттейтін институттың білікті мамандары қатысқан жыр сайысының жауапкершілігі де артады.

Қорыта айтқанда, осыған дейін ашаршылық, саяси қуғын-сүргін сияқты нәубет кезеңдер салдарынан тоқырап қалған айтыс өнері Ұлы Отан соғысы жылдары шарықтау

кезеңінде болды. Академик-жазушы М.Әуезов өзінің «Айтыс» атты зерттеуінде: «Айтыс жанрының ең мол өріс алып дамыған кезеңі – Ұлы Отан соғысы кезеңі... Айтыстың дәл осы сын-сағатта, халық басына қысылтаяң, қиын күн туып тұрған кезеңде жандана кетуі, ел ақындарының айтыс өнері арқылы жедел көмекке шығуы кездейсоқ емес еді. Бұл – айтыс жанрының ежелден халыққа қызмет етуге жарарлық әсерлі қасиеті бар, халық қолына қару ғып ұстауға жарар жауынгер жанр екенін көрсетті. Айтыс бұл кезде көпшілік арасындағы пәрменді үгіттің, сын мен өзара сынның ең батыл, ең өткір құралына айналды. Айтыс, алдымен, қажырлы еңбекке, жеңісті шыңдауға шақырса, екінші жағынан, – осы игілікті ісіміз бен жанқиярлық еңбекке салқынын тигізетін мін-мүлтіктерді, кеселін келтіретін теріс мінездерді ащы ажуамен қатал сынап, әшкерелеп отыруға көмектесті» деп соғыс жылдарындағы айтыс табиғатын терең ашып көрсетті. Шынында да Ұлы Отан соғысы кезіндегі айтыс – бұл өз алдына жеке көркем құбылыс деп айтуға тұрарлық, ерекше оқиға болып, ұлттық мәдениет пен әдебиет тарихында қала бермек.

## ҰЛЫ ӘУЕЗОВ ҰЛМАТЫ

Ұлы жазушы ғалым, қоғам қайраткері М.О.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Прозашы, драматург, ғалым, сценаршы, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынының толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

Ұлы суреткер шығармашылығы қазақ халқының әлем мәдениетінде ғаламат рухани самғауының, шарықтап биікке көтерілуінің айғағы болды. Оның жазушы ретінде қалыптасуы туған халқының бостандығы мен елінің тәуелсіздігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды. Бұл күресте ол жай ғана бақылаушы болмай, рухани ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, қаламдас әріптестері Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сәбит, Ғабиттермен бірге Отанының жаңа сипаттағы рухани мәдениетінің негізін қалап, қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосты.

«Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарында жариялаған алғашқы әңгімелері мен зерттеу мақалаларынан, повестері мен драмалық шығармаларынан-ақ өзін қалыптасқан қаламгерлік жазу өрнегі, белсенді азаматтық бет-бедері мен пікір-талғамы бар сөз зергері ретінде бар дауысымен мәлімдеді.

Дүниежүзі оқырмандарын қазақ халқы өмірімен бірінші болып таныстырып, бірінші болып осындай халық бар екендігін әлемге мәшһүр етті. Дүниежүзілік классика қорына еніп, ұлы ақын, ойшыл Абайдың өлмес бейнесін талант қуатымен ашып берген бұл «Абай жолы»

тетралогиясы жазушы шығармашылығының ел таныған асқар шыңы болып табылады. Қазақ халқының қоғамдық-саяси, адамгершілік және эстетикалық өмірінің энциклопедиясы деп әділетті түрде бағаланған бұл роман-эпопеяда өзінің кемеңгерлік тұлғасына халқының дана қасиеттерін, данышпандық ойларын ғана сіңіріп қоймай, алдыңғы қатарлы Батыс Еуропа елдері ықпалымен ұлттық мінезде қалыптасқан үздік атаулының бәрін жинақтаған ұлы ойшыл ақынның заңғар келбеті бар құдіретімен асқақтай түсті.

Халық өміріне терең бойлаған ұлы эпопея халқымыздың тұрмыс-салтын, тіршілігін, әртүрлі әдет-ғұрыптарымен суреттеу ерекшіліктерімен қазір де таңғалдырады. Жазушының бай мұрасының қай-қайсысында болмасын жомарт талант, нағыз шалқар шабыт қолтаңбасының іздері сайрап жатыр. Ұлы суреткер өзінің ізденімпаздық жолында өзі тіршілік еткен замандастарының жасампаздық өмірімен тығыз байланыста болды, өмір шындығының жаңа құбылыстарын сергек қадағалап, оған өз үлесін қосуға тырысты. Сол кездегі заман шындығын – социалистік құрылыстың республикадағы көркем шежіресінің алғашқы беттерін өзінің көзі тірісінде аяқтап үлгерген сан салалы, кең тынысты «Өскен өркен» романының бірінші кітабында жасап берді. Жазушы дүние салғаннан кейін жарық көрген бұл романда жаңа қоғамға жат көзбояушылық, тамыртаныстық, бюрократизм сияқты келеңсіз жайлардың табиғи түп-тамыры көркем де дәл бейнеленіп, құнды нәрселердің бәрін, барлық ізгі және болашағы бар істерді жұмылдыратын тағылым көрініс тапты.

Мұхтар Әуезов – халқымыздың қайта өрлеу ауқымындағы жаңашылдық тұлға. Ол өзінің энциклопедиялық құлашты білімімен, асқар талантымен рухани өмірдің көптеген салаларында жарқырап көрініп, бүкіл қазақ мәдениетіне ықпал жасады. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамы қойған талаптар оны сол кезеңдегі басқа да аса көрнекті қазақ зиялылары сияқты әрі жазушы, әрі ғалым, әрі қоғам қайраткері болуға ұмтылдырды. Бұл қайта өрлеу дәуірінің міндеттері еді. Сол себепті де М.О.Әуезовтің сан қырлы таланты оның өнердің қазақтар үшін бұрын белгісіз болып келген түрлері мен жанрларын тұңғыш қа-

лыптастырушылардың қатарынан көрінуіне айқын жол ашты. Әуезов – тұңғыш кәсіби драматург, ұлттық театрдың тұңғыш режиссері әрі ұйымдастырушысы, тіпті тұңғыш кәсіби әдебиеттанушы да. Семей мұғалімдер семинариясында оқып жүріп оқушы-студент кезінің өзінде ұлы Абай туған өлкеде, атақты Ойқұдық жайлауында екі киіз үйді жалғастыра тігіп, оның «Еңлік-Кебек» атты тұңғыш пьесасы бойынша спектакль қойылды, ал кейін бұл пьеса ұлттық драматургияның інжу-маржанына айналды, жазушы есіміндегі қазіргі академиялық драма театры 1926 жылы өз шымылдығын осы спектакльмен ашты. М.Әуезов сонымен бірге тұңғыш әдеби киносценарийлер мен опера либереттолдарының алғашқы авторы болды.

Мұхтар дарынының кең ауқымында ұлы жазушы таланты мен ірі ғалым-ойшылдың таланты табиғи ұштасып жатыр. Оның жазушылық лабораториясында бір ғана көркемдік идея – ұлы Абай тағдыры асқақ міндет ретінде оның бүкіл өмірінде құлшынысына қанат бітірді де, өзінің өзекті тақырыбы да Абай болды, шығармашылық өмір жолының бастауында Абай тұрса, ғылыми қызметінде де Абай тұлғасы басты зерттеу нысаны болды. Бала кезінен Абай өлеңдерінен сусындап, ақын әлемінің құдіретті қуатын бойына сіңіріп өсті, барлық баянды өмірін тұтас дерлік ұлы ақын өмірбаяны мен әдеби мұрасын зерттеуге, насихаттауға, тоталитарлық жүйенің шабуылынан қорғауға арнады, қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа саласы – Абайтану ғылымының негізін қалап дамытты, өзінің ұлы Абай туралы баға жетпес зерттеу еңбектерімен ғұлама ақын рухын көтерді, қайта тірілтті, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы екендігін толық дәлелдеп берді де, оны жеке дара тұлға ретінде емес, бүкіл түп-тамырымен халық мәдениетінің қалың қойнауына бойлаған алып тұлға ретінде бейнелей, зерттей отырып, туған ұлтының сана-сезімін жаңа сатыға көтерді, сөйтіп, қазақ әдебиетін дүниежүзілік аренаға көтеріп, әлемдік әдеби үрдіске қосты.

Ғылыми еңбектеріне Абайды ғана зерттеп қоймай, қазақ фольклоры мен әдебиетінің түрлі жанрларын, ақын-жазушылар шығармашылығын жан-жақты зерттеп, өзімен үзентілес әріптес қаламгерлер туралы сүбелі пікірлер қалдырды. Ол сонымен бірге туысқан халықтар тарихы мен

мәдениетінің асқан білгірі болды, олардың әдебиеттерінің теориялық аспектілерін нақтылауға өлшеусіз үлес қосты.

Мұхтар Әуезов – өз бойында жаңашылдық негізді жинақтаған, өз талантының сан қырлы байлығымен туған халқының рухани қуатын неғұрлым толық бейнелеген қайталанбас тұлға. Бұл тұста жазушы, ғалым, драматург, аудармашы, қоғам қайраткері, ойшыл Әуезовтің асқан зор күш-жігері біртұтас арнаға құйылып жатыр. Оның ұлылығы да осында.

## ӘДЕБИЕТТАНУШЫ-ҒАЛЫМ СӘБИТ МҰҚАНОВ

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Сәбит Мұқанов өнімді де өндіріп жазған сан қырлы қаламгер ғана емес, талантты әдебиеттанушы-ғалым да болатын. Ол сын, әдебиеттану саласында жемісті еңбек етті. Бес жүзден астам әдеби-сын мақалалар жазды. Қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті туындыларын, батырлық және ғашықтық жырларды, айтыстарды жинап бастырып, арнайы зерттеді, ХҮІІІ–ХХ ғасырлардағы ұлт әдебиетінің тарихы мен ағартушы-демократ ақын-жазушылар шығармашылығы туралы монографиялар мен зерттеу еңбектер жарық көрді.

С.Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты көлемді монографиялық зерттеу еңбегі Қазақстанда тап күресі күшейіп, қазақ қоғамы бірнеше бөлінген шым-шытырық заманда, жалған ұранмен дүниеге келген «Кіші Қазан» саясаты жүзеге асып, қолдан жасалған аштық салдарынан қазақ халқының жартысынан астамы қырылған үлкен нәубет кезінде, әдебиеттің тұтастығы бұзылып, саясат мәселелері белең алған, ұлтшылдықпен күрес науқаны қолға алынып, ұлт зиялылары қуғын-сүргінге ұшырай бастаған 1932 жылы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. I-бөлім (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі)» деген атпен Алматыда жарық көрген болатын.

Дәп осы отызыншы жылдары жиырмамыншы жылдармен салыстырғанда ұлттық әдебиеттану ғылымының маманданған кадрлары қалыптасты. Аға буынға айнала бастаған ақын-жазушылардың бірі С.Мұқанов та әдебиеттануға араласты. «Олай болатын себебі – отызыншы жылдар – әдебиеттегі тап күресінің, таптық жіктелістің



әбден күшейген кезі, отызыншы жылдар – түрлі әдеби ағым, әдіс төңірегінде топтасқан қауымның, тіпті, буын-буынның өзара есеп айырысқан, жаға жыртысқан, жаманатқа барған жылдары. Бұл жылдары саясат салқыны тимеген, идеология шарпуы шалмаған жан қалмаған еді»<sup>61</sup>.

Әдеби сын мен әдебиеттануға байланысты зерттеулерде көркемдік мәселелерді жазудан гөрі саясат мәселелерінің белең алуына, таптық көзқарасқа жете көңіл бөлініп, жалпыхалықтық түсініктің мансұқ етілуіне РКБ(б) Орталық комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы», ВК(б) П Орталық комитетінің 1932 жылғы 23 сәуірдегі «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулылары әсер етіп, әдебиетті саясаттың қолшоқпарына айналдырудың бағдарламалары болды. Мәскеуде Пролетариат жазушыларының бүкілодақтық ассоциациясы (ВАПП) құрылғаннан кейін 1926 жылы Қазақстанда осы тектес ұйым – ҚазАПП-тың өмірге келуі қазақ қаламгерлерінің жік-жікке бөлініп, бір-бірімен топ-топ болып айтысуына себеп болды.

Жоғарыдағы үкіметтік деңгейдегі қаулылар шешімдері мен ҚазАПП міндеттерін жүзеге асыру мақсатында қазақ әдебиеттануында үлкен бір тенденция – оқулықтар көптеп жазыла бастады. 1930 жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми еңбек міндетін қатар атқарды. Осы деңгейде көрінген алғашқы іргелі ғылыми еңбек С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиясы болды. Бұл еңбек әдебиеттанушылық ойлардың әдебиет тарихын зерттеу ісінде тереңдей түсіне ықпал етіп, ұлттық әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденістерді әрі қарай жемісті жалғастырған, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісін дұрыс жолға қою қажеттілігін айқындап берген, жоғары оқу орындары мен мектептерде әдебиетті жеке пән ретінде оқытылуына қозғау салған еңбек болды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихында еліміз тәуелсіздік алғанға дейін ұрпақ санасынан өшіріліп,

---

<sup>61</sup> 20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті: 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. 160-б.

ұлт жадынан ұмытыла бастаған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Омар Қарашұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты аса көрнекті ақын-жазушылардың, өмірден ерте кеткен талантты ақын Бернияз Күлеев пен классик ақын-жазушылар Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхтар Әуезовтердің шығармашылық портреттерін алғаш рет оқулыққа енгізіп, ғылыми-зерттеу нысанына айналдырған әдебиеттанушы-ғалым Сәбит Мұқанов еді. Оның бұл еңбегінде таптық көзқарас тұрғысынан аталған ақын-жазушыларды байшыл-ұлтшыл әдебиеттің өкілдері деп онды-солды сынап, Кеңес өкіметінің жаулары ретінде де көрсеткені шындық. Мұндай қитұрқы тәсілді пайдаланбаса, бұл кітаптың шығуы да екіталай еді. Себебі, монографияда жеке портреттік талдаулар берілген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев кітап шыққан кезде «халық жаулары» ретінде ұсталып, абақтыда отырса, Ж.Аймауытов осындай айыппен атылып кеткен болатын, ал М.Әуезовке алашшыл қайраткер ретінде қылмыстық іс ашылып, басына қауіп бұлты төнген кез еді. Алашорда қайраткерлерін жазғаны үшін де зерттеу авторы жазаға тартылуы әбден мүмкін болатын.

Қалай болғанда да С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабы XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің шындығы мен даму үдерісі туралы жазылған бірден-бір сүбелі еңбек болды. Монографияда Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғұмар Қараш, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов шығармалары 1930 жылдардағы саяси ахуал талабына сай сыншылдық көзқарас тұрғысынан талданғанымен, олардың көркемдік тұрғыдағы озық туындылары дұрыс бағасын алды. Ұлтшыл-байшыл ақындар деп сыналғанымен Ахмет Байтұрсынұлы туралы: «Қырық мысалдағы» ішін сыртқа шығармай ғана патшаға ішінен қарсы қарсылығын Ахмет «Масада» ашық қып сыртына шығарады. «Маса» тұсында Ахметтің істейтін ісінің программасы ашылды. Ол қазақ елін орыс отаршылдарына қарсы көтерту. Бұл үшін Ахмет қазақты оятуға тырысты. Оятуға құрал қылған нәрсесі – қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған өмірдегі кемшілігін көрсету, оятып ел қылу, ел қылу үшін мәдениеттендіру»

деп Ахмет поэзиясының негізгі арнасын ашып көрсетті, ал Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» атты прозалық туындысын қазақ тілінде шыққан бірінші роман деп танып, тарихи маңызы бар шығарма ретінде бағалады, «Азамат» жинағына ерекше тоқталып, «Мұнда Міржақып өскендігін, ақындық сипатының бойында толық барын көрсетіп отыр» деп Міржақыптың ақындық талантын жаңа қырынан айқындап берді.

С.Мұқанов Мағжан Жұмабаевтың поэзиясына ерекше мағына беріп қарастырады. Байшылдығын, ұлтшылдығын сынай келіп, Мағжан ақындығы туралы қорытынды пікірінде: «Ақындық жағынан келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетке жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп» деп жоғары баға береді, бұл ретте Мағжанның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектерін нақты атап көрсетеді: қазақ оқушыларының Еуропа әдебиетімен Мағжан таланты арқылы толық танысқанын айтып, көлемді поэмалар жазудың жемісін әкелген ақындардың бірі екендігіне назар аударады, «Сыршылдық жағынан Мағжан көп ақынға бәйге бермейді» деп оның сыршылдығын ашып береді. «Мағжанның әдебиет майданындағы істерін түгел жазу үшін өз алдына бір үлкен кітап керек» деп салиқалы ой тастап, мұның келешектің ісі екендігін үлкен көрегендікпен айтады.

Сұлтанмахмұтты «Төңкерістен бұрынғы ауыл тұрмысының айнасы» деп қарастырып, «қазақтың бұқарашыл әдебиетінің басын бастады» деп тұжырымдайды, «Жалпы алғанда, Сұлтанмахмұт күшті ақын, қазақ әдебиетінде ірі орын алатын ақын. Зерттелетін және зерттеуді керек қылатын ақын» деген қорытынды жасайды.

Сәбит Дөнентайұлы туралы пікірі де айқын болып шыққан. «Дөнентайұлы ұлт бірлігін айтумен қатар, ұлтшыл көсемдерді дәріптеумен қатар ұлтшылдардың арасындағы кемшілікті, ауыл жастарының кемшіліктерін жасырмай айтып отырады» деп салмақты ой түйіндейді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында Мұхтар Әуезовтің жазушылық таланты туралы алғашқы оң пікір С.Мұқановтың осы зерттеуінде айтылғандығын қаперге алу қажет. Кітаптағы М.Әуезов туралы тарауда автор жазушы шығармаларынан қандай мін тауып, таптық тұрғыдан қанша-

ма жала жапқанымен: «Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне, Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады... Байшыл жазушылардың ішінде байлар табының таптық кескінін оның кейіпкері арқылы көрсету ретінде Мұхтардан асқаны жоқ... Жазуға шеберлік жағынан пролетариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп» деп жоғары баға береді, үлгі-өнеге етеді.

Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері туралы жазған осы кітабы және басқа көркем туындылары үшін Сәбит Мұқанов абақтыға қамалып сотталмаса да, саяси қуғын-сүргінге ұшырап, көп қиямет көрді. 1937 жылдың 16 қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде «Выкорчевать национал-фашистскую мразь из Союза писателей Казахстана» деген редакциялық мақала жарияланып, онда С.Сейфуллин, Ғ.Мүсіреповтермен бірге Сәбит те буржуазиялық ұлтшылдықтың жаршысы ретінде айыпталды, іле-шала «Қазақ әдебиеті» газетінің сол жылғы 8 қазандағы санында С.Мұқановтың шығармалары бастан аяғына дейін ұлтшылдық, партияға қарсы үгіт деп жала жабылды. Сол жылы жазушы Қазақстан Жазушылар одағы төрағасы қызметінен босатылып, партия қатарынан шығарылды. Басты тағылған кінәлары: «Адасқандар», «Теміртас», «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» сияқты ұлтшыл шығармалар жазуы, халық жауларымен жақын дос болуы, алашордашыл Мағжан Жұмабаевқа көмектесуі.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегінің ұлттық әдебиеттану ғылымында орны ерекше екендігін өмір дәлелдеп берді. Бұл іргелі зерттеу туралы белгілі қоғам қайраткері, жазушы, сыншы Е.Бекенов 1935 жылы шыққан «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» атты сын кітапшасында: «Сәбиттің тарихы сол қазақ тарихының бір саласы. Белгілі дәуірдегі әдебиет тарихы. Бұл қазақ өмірінде тұңғыш шыққан (қазіргі дәуірде) ең бағалы еңбек. Мұндай еңбектің керектігіне, бағалығына ешбір сөз жоқ»<sup>62</sup> деп алғаш рет келелі пікір айтты. Көрнекті

---

<sup>62</sup> Кәкішев Т., Ахмет К.С. Сәбит Мұқанов: Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Алматы: «Арда», 2005. 121–122-б.

әдебиеттанушы-ғалым, академик Қ.Жұмалиев: «Күні бүгінге шейін Сәбит Мұқановты зерттеушілер оған ақын, жазушы ретінде тоқталды да, сын, әдебиеттану, ғылыми еңбектері жайлы мықтаса атүсті тоқтайды, не мүлде ештеңе айтпайды. Әрбір жазушы, әрбір ғалым өз замандастарынан мақтау тілемесе де, еңбегін бағалауды күтеді, өйткені олар өз жазғандарын халықтың керегі үшін жазады, кетігіне бітеу, жыртығына жамау болуын арман етеді»<sup>63</sup> деп жазған еді. Шынында да Сәбиттің бұл кітабы халықтың керегіне жарады, қазіргі ұрпақ үшін еш құндылығын жоймаған еңбек.

С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық әрі зерттеу жазған бастамасы сол 1930 жылдары-ақ жалғасып, әдебиет тарихына арналған көптеген оқулықтар жазылып, жарыққа шықты. 1930 жылы М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев бірлесіп жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқу құралы, 1934 жылы М.Жолдыбаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясы», 1936–1938 жылдары III–X кластарға арналған әдебиет хрестоматиялары басылып шықты.

Академик-жазушы шығармашылығын көптен бері тыңғылықты зерттеп келе жатқан көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Т.Кәкішев К.Ахметпен бірігіп жазған «Сәбит Мұқанов» атты әдеби-ғылыми ғұмырнамалық кітабының «Жаңа өріс» тарауын «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегіне арнап, зерттеуге жан-жақты салиқалы тарихи-әдеби ғылыми талдау жасаған, С.Мұқановтың осы зерттеуі туралы: «Пайдалы, керекті жағы мол, сондықтан бұл зерттеуді тарихи тұрғыдан айрықша қажетті деректерді жеткізгені үшін қадірлеу шарт»<sup>64</sup> деп сындарлы баға берген.

2012 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарлама-

<sup>63</sup> С.Мұқанов тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1990. 22-б.

<sup>64</sup> Кәкішев Т., Ахмет К. С. Сәбит Мұқанов: Әдеби-ғылыми ғұмырнама. – Алматы: «Арда», 2005. 122-б.

сы аясында «Классикалық зерттеулер» сериясының 7-ші томы Сәбит Мұқановтың 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты монографиялық еңбегіне арналды. Отандық әдебиеттану ғылымы тарихында ерекше орны бар бұл іргелі еңбек сол түпнұсқа күйінде еш өзгертпестен дайындалып, ғылыми басылым ретінде толық жарияланды.

Сайып келгенде, С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде «алашорда» әдебиетін идеялық жағынан сынағанымен, жекелеген жазушылардың шығармаларын көркемдік тұрғыдан талдағанда бағалы пікірлер де айта білген»<sup>65</sup>, алаш ақындары мен жазушыларының ұлт әдебиеті тарихындағы орнын айқындай алған. Бұл зерттеу кезең әдебиетін нақты талдап, салиқалы ой-тұжырымдар жасаған құндылығымен әрдайым қолданыста қала береді.

---

<sup>65</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы, ҚазАқпарат, 2004. 178-б.

## ЖҮРЕГІ ЖЫРМЕН ТЕРБЕЛГЕН

«Қара көк шыққан жері қалың нудан» деп дана халқымыз аталары текті адамды айтқан. Қарапайым ғана ғұмыр кешкен, «ақырын жүріп анық басып» туа біткен қасиетіне тән жазушылық кәсібін тындырған көрнекті ақын, журналист, аудармашы Сәду Машақовтың туғанына жүз жыл толған мерейтойы қарсаңында ғана осынау жайсаң жанның атақты Шаншарлар әулетінен шыққанын біліп таңғалдық та, жыр жампозының тектілігіне тәнті болдық. Талай тума таланттар шыққан Қаракесек ішіндегі Шаншардың Айбикесінен Келдібек, одан атақты Қаздауысты Қазыбек би туса, Шаншардың Нұрбикесінен Сәду ақынның жетінші атасы Тұрлыбек туады. Айбикеден тараған Қазыбек данадан бес-алты ұрпағына дейін билік-шешендік үзілмей, алты алашқа белгілі болса, Нұрбике ұрпағы да өлең сөзге дес бермеген ақындығымен, қара қылды қақ жарған әділ билік-шешендігімен дүйім елге танылған. Қазақ тарихының кемеңгер білгірі Мәшһүр Жүсіп атамыз: «Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон» деген сөз бар екенін бекерге айтпаса керек. Міне, сол бақ қонып, Қыдыр ұялаған әулеттің бір ұрпағы, Сәду ақын, өз ата-бабасына тартып туған асылдың сынығы еді.

Осыдан бір ғасыр уақыт бұрын Семей облысының Жаңа-семей ауданындағы Воскресеновка селосы маңындағы Ақсақал деген ауылда дүние есігін ашқан болашақ ақын бала жасынан зерек, өлең-жырға құмар болып өседі. Отбасы Семейдің Алаш бөлігіне көшіп келгеннен кейін әкесі жеті жасар Сәдуді татар мұғаліміне оқуға береді. Екі жыл ішінде алғыр жас жай ғана сауатын ашып қоймай, татардың ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың өлең кітабын

оқып, татар әдебиетіне тәнті болады. Одан кейін №11 орыс мектебінде оқуын жалғастырып, жеті сыныпты ойдағыдай бітіріп шығады.

Жүрекке арман тулап тасқан,  
Жапырақ жарып көктеп еді.  
Кең дүниеге көзімді ашқан,  
Сүйікті орыс мектебі еді

деп ақын бір өлеңінде тебірене еске алып жырлағандай, орысша білім алу жас таланттың болашағына даңғыл жол ашады. Ол үздіксіз іздену жолы, білім жолы, жыр жолы еді. Жас Сәдудің халқымыздың рухани-мәдени орталығы Семей қаласында, оның ішінде Алашорданың бесігі болған Алаш бөлігінде тұрып оқуы, қызмет етуі болашағына даңғыл жол ашады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып сияқты ұлт зиялыларын көріп білуі, Сәбит Дөнентаев, Мұхтар Әуезовтермен жақын араласып, ақыл-кеңес алуы үлкен әсер етеді. 1924 жылы кітап сататын дүкенге сатушы болып орналасуы әдебиетке деген ынта-жігерін тіпті арттырады. Өз жанынан өлең шығарып, мақала жазып, қабырға газетінде жариялайды. «Комсомолға» деген алғашқы тырнақалды өлеңін қазақтың аса көрнекті классик ақыны Сәбит Дөнентаев 1925 жылы Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетіне бастырып, поэзияға келуіне зор ықпал етеді.

Қараңғы елдің шырт ұйқысын ашындар,  
Басты қосып, жастар, ұйымдасындар!  
Қалмай жүрген жолсыздықты жоғалтып,  
Коммунизм жолына аяқ басындар

деген өлең жолдарында жас ақынның қараңғы халқын өнер-білімге шақырған жігерлі үні айқын сезіледі. «Етікші» атты өлеңі де Сәбит ұстаздың талғамынан шығып, 1926 жылы тағы да сол «Қазақ тілі» газетінде жарияланады. Бойына қуат берген шабытты өлеңмен жігерленген ақын 1927 жылы Лещенко деген орыс жазушысының «Дедушка труд» әңгімесін оқып шығып, қазақ тіліне аударды да, «Еңбек ата» деген атпен «Лениншіл жас» журналына жолдайды.



Көлемі жарты баспа табақтай тұңғыш аударма журналдың сол жылғы маусым-шілде айындағы біріккен санында тұтас жарияланады.

1928 жылы талантты жас «Қазақ тілі» газетіне қызметке қабылданады. Бес жыл бойына Сәбит Дөнентаевпен бірге қызмет етеді, атақты ақын оның қаламының ұшталып, ақындық шеберлікке үйренуіне көп көмек етеді. Дәп осы отызыншы жылдары екі жылдай Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысындағы өкілі болған кезді Сәду карт өмірінің бір ұмытылмас, ғанибет сәттері ретінде еске алыпты. Себебі, осы жылдары қазақ әдебиетінің класиктері Илияс, Бейімбет, Ғабиттер Семейге жиі келіп, жас әдебиетшілерге бағыт-бағдар, ақыл-кеңес береді, олардың жазғандарынан ұнағандарын республикалық газеттерге жариялатады. Ағалардың аялы алақанының жылуын көрген жанның бірі де Сәду ақын болатын. 1933 жылы ақынның «Балға жыры», 1934 жылы «Жартас» атты өлеңдер жинақтарының бірінен соң бірі басылуы Бейімбет пен Илиястың шынайы қамқорлығының арқасы еді. Оның үстіне осы екі кітапқа да қазақ поэзиясының тағы бір ірі өкілі Тайыр Жароковтың редактор болуы ақын өмірінде үлкен із қалдырды. 1938 жылы шыққан «Отан үшін» атты жыр жинағына өлең сөздің шебері Жұмағали Саин редакторлық етіп, өлең жазу өнегесін көрсетеді.

Соқ балғаны – жыр төгілсін,  
Жыр дүниеге шаттық берсін.  
Екпінділер үдеп өсіп,  
Майдан қызып, жұмыс өнсін

деп «Балға жырында» үздіксіз соғылған балға даусынан жаңа заманның дүбірлі сипаты елес беріп, дауылпаз ақын Сәкеннің болашаққа қарай зырлап бара жатқан жүйрік экспресі сияқты дамылсыз балға жыры бір сәт толастамай, уақыт керуеніне ілесуге шақырады. Өзі де заман ағысынан қалыспай, «Ақын болу білімді керек қылады» деген ұстазы Сәбит Дөнентаев сөзін есте ұстап, Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының тіл-әдебиеті факультетіне оқуға түседі, бұл іргелі оқу орнында 1935

жылға дейін оқып, Семейге қайта оралған соң облыстық газетте қызмет істей жүріп, Семей педагогика институтын сырттай оқып бітіреді.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында дала қыраны бірінші және екінші Прибалтика майданында «Жауға қарсы аттан!» газетінің редакторы, 1944–1946 жылдары Мәскеуде Кеңес Армиясы Жоғарғы саяси басқармасының баспасөз бөлімінің аға нұсқаушысы болып, елге майор шенінде оралады. Содан 1961 жылға дейін өзі еңбек жолын бастаған «Семей таңы» газетінде (ол жылдары «Екпінді», «Семей правдасы» атанған) жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерін атқарады. 1961 жылы Алматыға ауысып, 1968 жылға дейін Қазақ телеграф агенттігінде аудармашылар бөлімінің редакторы болып істейді. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше жауынгерлік медальмен, жемісті журналистік қызметі үшін үш рет «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

1932 жылы Семейде басылған «Колхоз жыры» атты тұңғыш кітабынан бастап жиырмаға тарта жинағы жарық көрген майдангер ақын өлең-жырлары мен поэмаларында өзі өмір сүрген қоғам келбетін, Кеңес адамдарының теңдесі жоқ патриоттық рухын, ұлттар достығын шебер көрсете білді, жаңа қоғамды өзі бірге құрған замандастарының өмірге деген құлшынысын, рухани сұлулығы мен қаһармандық үлгі-өнегесін үлкен шабытпен, ыстық сезіммен жырлады. Қазақстанның халық жазушысы Дихан Әбілев бірге өскен замандас досы Сәду ақынның 85 жасқа толуына орай жазған «Тарлан талант» деген мақаласында айтқандай: «Сол жырларының бәрінде де Сәду алып ұшпайды, лапырып, сапырып әлем тапырық боп көпіріп, көбік ауызданбайды. Жыр тізгінін тежеп ұстап, бапты, жайлы жол жорғасымен-ақ сүйсіндіреді. Байсалды, айшықтары ажарлы, өрімдері өрнекті, көңілге қонымды келеді. Сәду поэзиясындағы осы стиль оның ақындық дарынын да, даралығын да ерекшелендіреді.» Атақты ақын Сырбай Мәуленов сөзімен үн қатсақ: «Сәду – көпті көрген, қазақ совет поэзиясына елеулі үлес қосқан, бұл күнде кемеліне келген ақын. Оның жазбаған тақырыбы аз... Көпті көрген, бірақ көнермеген, қаламы мұқалмаған қаламгер» дейді.

Ескі дүние мен жаңа дүниенің сендей ағылысқан тарихи кезеңінде өмір сүрген қарт ақын соңғы демі біткенше, өлеңді жолдас етті. Сәкен, Ілияс, Бейімбет поэзиясынан алған шабыт алауын шау тартқан шағына дейін қолынан түсірмей, алаш рухын кеудесінде сөндірмей ұстады.

Жас жетпіске жуықтап,  
Тұрса да бой құрыстап.  
Еңбектен әлі талғам жоқ,  
Кеудемде әлі арман көп,  
Жата алмаймын тыныстап.  
Қалмай құрбы-құрдастан,  
Жүгіремін тынбастан.  
Үңіліп соны өмірге,  
Нақыштап, ойып, өруге  
Жаңа өлең, жыр дастан.  
Тау-тасты кезем, талмаймын,  
Жыр жазып, елге арнаймын.  
Қаламым қолдан түскенше,  
Ақтық демім біткенше,  
Сапарда жүрем қалмаймын.

деген жыр жолдары ақынның өмірлік қағидасын айқындап, оптимистік рухын байқатады.

Сәду Машақов қазақ поэзиясында өз үнін білдіріп, өз ақындық қолтаңбасын қалдырды. Тынымсыз шығармашылық ізденіс жолында кемелдікке қарай құлаш ұрды. Қай тақырыпқа қалам тартса да талғампаздықтың таразысын темірқазық еткен ақын ойының салмағы сезіледі. Өмірден көргенін, көңіліне түйгенін сезім толғаныстарына тізіп, өлең жолдарына сыйғызады. Экология тақырыбына жазған лирикалық толғаныстары арасында ақынның «Ядролық қаруға қарсы» өлеңі оқшау тұрады. Ғасыр індеті болған қанатты ракеталарға азамат ақын өр даусымен қарсылық білдіріп, атом ажалын ауыздықтауға өз үнін қосады.

Ойран етіп дүние төрін,  
Тірі адамға жайып торын.  
Қойма қылып жердің бетін,  
Өндіруде ажал отын.  
От жарқылдап, оқтар ақса,

Адам қанын судай шашса,  
Қала, дала өртке түсіп,  
Мекенінен аң, құс қашса.  
Қарасы өшіп сан таулардың,  
Күлі қалса мол баулардың.  
Арманы осы соғысқұмар,  
Қару жиғыш қорқаулардың.

деген ақынның ащы даусынан бүкіл әлемдегі ядролық қару атаулыға қарсылық қана емес, атақоныстары қырық жыл бойы Семей ядролық полигоны астында қалған Абыралы қасіреті – күлге айналған тау-тас пен аң, құсынан айрылған орман-даланың аянышты көрінісі көз алдыңызға келеді. Атамекенінің атом аждаһасы табанында қалған ауыр тағдырына араша түсе алмаған орны толмас өкініші болар, сол олқылықтың орнын толтырған осы арнау памфлетінде патриот ақын:

Жаландатпа ракетанды,  
Үркітпе елді, әкет әрі...  
Дейді түгел үн көтеріп,  
Жердің есті адамдары

деп соғыс өртін тұтатушыларға жыр найзасын аяусыз түйреп, бейбітшілік туын көтереді. Кеңестік қырағы көз тыңшылар бұл өлең астарынан ақынның толғаған жеке мұңын байқамай қалса керек.

Қазақ өлең өнерінің тағы бір жарық жұлдызы Әбділде Тәжібаев Сәду Машақовтың «Кешкі самал» атты таңдамалы шығармалар жинағына жазған «Ақын туралы бірер сөз» атты кіріспе мақаласында: «Сәду Машақовтың жырлары да өзі сияқты адал, әділ. Жалған айқайсыз, ішкі жылылығымен жылытып отырады. Ол жарты ғасыр бойында әлі жеткенше ілгері қимылдап, дәуірімен бірге болып келген ақын. Ұлы Отанның қуаныш, қайғыларын басынан бірге кешіріп, жүрегімен қабылдап келген ақын. Сондықтан Сәду жырлары Отан шежірелерінің бір саласы сияқты қабылданады» деп әділ бағасын береді.

Шынында да Сәду ақын шығармалары еліміздің шежіресі іспетті. Ақынның эпикалық туындылары ішіндегі

«Әміре» поэмасын алайық. Ән атасы Әміре туралы Жүсіпбек Аймауытов қана «Әнші» деген әңгіме жазып, оның өзі талай жылдар бойы жұрттан жасырылып келіп, енді ғана қайта қауышып отырғанда Сәду Машақовтың «Әміре» поэмасы атақты әнші туралы поэзия саласында жырланған бірден-бір жалғыз көркем туынды. Поэмада Әміренің әншілік бейнесі көңілге қонымды, жүрекке жайлы сипатталып, талант құдіреті барынша айшықталған. Үлкен ақындық шабыт үстінде жазылған, оқырман сүйсініп оқитын, өміршең туынды. Әлі күнге дейін ұлы әншінің 90, 100 жылдық мерейтойлары мемлекеттік деңгейде аталмай, талант рухына лайықты құрмет көрсетілмей жатқан кезде, тіпті Алматыда Әміре Қашаубаев атындағы жалғыз саз мектебі қаржы алпауыттарының құрбандығына шалынған тұста Сәду ақынның ән атасына жырдан тамаша ескерткіш тұрғызып кеткенін үлкен мақтаныш сезіммен айтып, ерлікке балаймыз.

Журналистика мен поэзия Сәду ақын талантының қос қанаты болды. Көптеген көркем очерк-көсемсөз мақалаларымен ұлттық баспасөздің дамып өркендеуіне зор үлес қосты. Аударма саласында да біраз тер төкті. 1930 жылдары А.С.Пушкин жырларын қазақ тіліне аударуға қатысса, одан кейінгі жылдары М.Ю.Лермонтов, М.Кольцов, Тютчев, Уткин, М.Кәрім, Қ.Құлиевтерді ана тілінде сөйлетті. Өзі көрген, білген, аралас-құралас болған Әміре, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит Мұқанов, Ғабит сияқты абзал ағалары мен Қасым Аманжолов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Серке Қожамқұлов, Жүсіпбек Елебеков сияқты замандас ақын-жазушы, ғалымдар мен өнер майталмандары туралы жазған тебіреніске толы естен кетпес естеліктері ешқашан ескірмейді.

Талант қашанда сирек құбылыс, халықтың рухани қоры. Сәду Машақов та өзінің туа біткен дарынымен поэзия әлеміне танылды. Оны поэзияға жетелеп ешкім әкелген жоқ. Ешкімнің көмегімен танымал ақын болған жоқ. Өз талантымен жарқырап көрінді. Поэзияға жан-тәнімен берілді. Тарлан ақын өмір бойы ғасыр сырына қанығып, жалынды жырлары мен кесек поэмаларында дәуір келбетін шебер сомдай білді. Уақыт керуеніне ілесіп, уақыт сөзін

айтып, халық игілігіне тараған шығармалар тудырған жыр жампозы рухына сол талант құдіреті үшін де басымызды иеміз. Поэзия әлеміне бірге келген ақынның жақын досы Дихан Әбілевтің: «Бірақ өзі мәңгіге көз жұмғанымен, өлмейтін-өшпейтін өміршең поэзиясы жүрегімізде. Пәк мінез, нұрлы жүрек, сырлы ақын, аяулы Сәду атымен оның қазақ оқырманына қалдырған мұрасы жарық күнмен бірге тыныстай бермек» деген жүрекжарды сөзі жүрегі жырмен тербелген тума талант тағылымын танытады.

## ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІМЕН ЖЫРАЛҒАН...

Поэзия әлеміне келген балғын шағынан бастап жарты ғасырдан астам уақыт бойы Ұлы даланы, соның ішінде Шөл даласын ерекше сүйіспеншілікпен талмай жырлап келе жатқан бір ақын бар. Ол осы Шөл даланың перзенті, қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі, бүкіл қазағы жақсы білетін, ерекше құрметтейтін арқалы ақын Шөмішбай Сариев. Ана бір жылы ғалым бір ағамыз «шөлді де мақтайтын ақын болады екен» деп таңғалғаны бар.

Шөл даланың бірге жасар жырымын,  
Шөл далада қымбат бұлақ тұнығым.  
Ойға шомған терең дана құмдары  
Ұлы Дала – Шөл даланың ұлымын, –

деп өлең тиегін ағытқан ақын кіндік қаны тамған, балалық бал дәурен шағы мен бозбала кезі өткен шөл даласын үнемі сағынып, шөлдеген ой тылсымдарын буырқанған жыр жолдарына сыйдырып келе жатқан, шөл даласының шөлін ұлт болашағымен сабақтастырып, қиялына қанат бітірген Шөл даланың шайыры.

Ақынның «Поэзия падишасы – лирика» атты жыр жинағы – Ұлы даласын, туған елін сүю, ұлтжандылық, биік адамгершілік, ар тазалығы, мөлдір махаббат, жаңа заман келбеті шынайы сыршылдықпен жырланған терең лирикалық ой сезімдеріне толы кітап. Шөл далада судан емес, бостандықты аңсап аңқасы кеуіп, шөліркеп жүретін Шөмішбай шайыр бұл жинағында да жұмбақ әлем – шөл даланы өлеңдерінің негізгі арқауы етіп алып, кіндік қаны тамған шөл даласын жер жұмағы ретінде қабылдайды,

туған жерінің суын да, нуын да, шөлін де, ауасын да сағына жырға қосады. Автордың туған жерге арналған өлеңдер циклі туралы көрнекті ақын Сағи Жиенбаевтың: «Шөмішбай ақынның қазақ жырының жасыл жайлауына тіккен өз отауы бар. Ол отауда көрген адамның көкірек көзін ашатын, көңіліне сәуле түсіретін көркем кесте, нақыш-өрнектер бар... Мен Шөмішбайдың туған топырағы – Арал өңірі жайлы сыр толғауларын әрдайым сүйсініп оқимын. Бұлар адамға аяныш туғызады, пенде екендігінді еске салады» деген бағалы пікірі осы ойымызды өрбіте түседі.

Ұлы Дала – Шөл даланың ұлымын,  
Сол бір далам аман болса тірімін.  
Шөл даламды мәңгі сүйген бұл жүрек,  
Сол далада алар мәңгі тынымын, –

деп жер тағдырын жүрек қабырғасы қайыса отырып толғаған ыстық сезімге толы жыр жолдары оның туған жерге деген нағыз ұлтжандылық рухын танытады.

Ғаламданған заманауи әлемдегі нақты адам, атап айтқанда лирикалық кейіпкердің жүрек толғанысы, оның тағдыры, бақыты, сәтсіздігі, арман-қиялы жыр жинағының негізгі өзегін құраған да, жеке тұлға, қоғам, ел мен жер, мемлекет, уақыт мәселелері бір-бірімен тығыз ұштастырылып, тәуелсіздік талаптарымен бірлікте қарастырылады.

Шөмішбай шайыр лирикасында ұлтты толғандырған мәселелер күн тәртібіне қойылып, тарихи белесті оқиғалар, ел өміріндегі елеулі өзгерістер, ұрпақтар арасындағы байланыс, дәстүрлер сабақтастығы, ұлт тағдыры, жер тағдыры сияқты маңызды міндеттер қамтылады. Ақын өз замандастарын ізденісті даму жолында, тарихи оқиғалар тізбегінде, өзіне жақын қазіргі ортада бейнелейді.

Ақын поэзиясы жеке тұлға мен қоғамның қарым-қатынастарын мейлінше толық қамтуға бағытталған. Ол егемен елі, халқы, ұлты, діні мен тілі туралы, Жер-ана, өзі туып өскен Арал өңірі – Дария Ана туралы терең толғанып, сыр шертеді. Оның кейіпкері адамзатты айтып келмес апаттардан сақтандырып, рухани өзгерістер арқылы қоғамдық өмірді жақсы жағына өзгертуге тырысады.



Осыған сай Шөмішбай кейіпкерінің жаңа дәуірге көзқарасы да өзгеше, ақын өзі өмір сүріп отырған заманның өкілі ғана емес, өткенді болашақпен байланыстырған өз үні, өз дауысы бар дәуір жыршысы екенін айқын білдіреді.

Шөмішбай ақын еліміздің қай даму кезеңінде болсын, жаңаның жаршысы болып жарқырап көрініп келеді. «Поэзия падишасы – лирика» жинағында да жаңа лирикалық жырлары арқылы ақындық қалам қуатымен өз дәуірінің нақты сипатын ашып көрсетіп, осыған орай әр дәуірдің өз кейіпкері болатындығын жаңа даму кезеңінің кейіпкерін сомдау арқылы дәлелдей алған.

Ақынның алғаш поэзия әлеміне келген кез – өткен ғасырдың 60–70 жылдары төл әдебиетіміз әкімшіл-әміршіл жүйенің партиялық саясаты шектеген, социалистік өмір салты дәріптеліп, осы қоғамдық құрылыс жетістіктері мадақталған уақыт болса, жаңа дәуірде – еліміз тәуелсіздік алған шақта шабыт шалқарына шыққан шайыр жаңа заманға жаңаша үн қосып, жаңа жүрек дүрсілімен өз дауысын білдірді. Оның осы жыр жинағында сомдаған лирикалық кейіпкері егемен елі мен туған халқымен рухани бірлікте, табиғатпен тығыз үндестікте тәуелсіздікті баянды ету жолында ғұмыр кешіп жатқан, күшті мінезімен, сезімтал жүрегімен ерекшеленген тың лирикалық қаһарман. Ол қазіргі ұрпақтың табиғи болмысынан алшақтап, адами қасиеттерін, ұлттық салт-дәстүрлерді жоғалта бастағанына қынжылады. Ақынның өлең-жырларында лирикалық кейіпкерді қоршаған шынайы өмір, осы ақиқатты тудырған тарихи жағдай көрініс тапқан. Кері кеткен кереғарлыққа сұлулық, ар-ұят, сүйіспеншілік, парасаттылық идеалдарын қоя отырып, лирик ақын адами болмыстың нақты заңдылықтарын сақтап өмір сүруге үндейді.

Өзеннің ағысындай өмір ағыс,  
Адамның шолатындай көңілі алыс.  
Ұяты, көз жанары сөнбесе егер,  
Билейді ар-ожданмен, тегі намыс, –

деп өмір ағысымен жаңа ғасыр көгінде тың ой орамдарын айшықтаған ақын шығармашылығында ұлт поэзиясына ежелден тән азаматтық, мейірімділік, адамға, табиғат-

қа деген сүйіспеншілік сияқты ізгі қасиеттерді тәуелсіздік талаптары биігінен ашып көрсетуге ұмтылыс барынша байқалады.

Шөмішбайдың лирикалық кейіпкері тәуелсіздік көгінде еркін ойлайды, жауынгер жыраудай көсіле жырлайды. Осы ретте «Хандық дәуір аяқталып, жаңа дәуір басталды...» ұзақ лирикалық толғауы – жыр жинағының негізгі өзекті шығармасы іспетті. Қазақ хандығынан басталған тұңғыш ұлттық мемлекеттен бастап қазіргі тәуелсіз Қазақ еліне дейінгі тарих кезең жылнамасын ұрпақ санасына терең жететіндей етіп көркем кестелеген толымды толғауда халқымыздың өткені әспеттеліп, оның қазіргі салтанатты шағына шаттаныс сезім білдіріледі:

Кеудемізге қуаныштан жас тамды,  
Тәуелсіздік ашты көкті, аспанды.  
Хандық дәуір аяқталып елімде,  
Жаңа дәуір, жаңа дәуір басталды!... –

деп жар салады, елінің бүгініне қуанып, болашағына үміт артады, Мәңгілік ел болатынына кәміл сенеді.

Шөл даланың ұлы Шөмішбай – өзінің дархан даласы мен туған елінің сұлу табиғатын, адам жанын нәзік түсіне білетін лирик ақын. Оның кейіпкері жаны таза, жүрегі кең, сезімге бай, елін, жұртын қалтқысыз сүйеді, адалдықты сақтай алады. Ол махаббаттың ұлылығын дәріптеп, оған табынады. Бұл биік сезім тазалығын сақтау – әркімнің парызы деп біледі.

Заман келбетін сомдаған ақын ақиқатқа адал. Адамгершілік асыл қасиеттерден басқа еліміз бастан кешкен табиғат апаттары, рухани жағынан сағы сынбаған, болашаққа зор үміт артқан халық жігері, адамзаттан бір елі ажырағысыз тылсым табиғат, ауыл тағдыры оның шығармашылығының басты нысандары болып табылады.

Ақынның лирикалық «мені» жүйткіген заман ағысымен байланысын сақтай отырып, оған өз көзқарасын үнемі білдіреді, орнықты ой-тұжырымдарын жасайды. Ел өміріндегі оңды өзгерістерді, халықтың рухани көңіл-күйін, елдік мәселелерді тарихи көзқарас тұрғысында електен өткізіп, өз бағасын береді. Ол оқиғалар тізбегін бір-бірімен

жоғары талдамалық деңгейде шебер байланыстыра біледі. Оның лирикалық кейіпкері өз ой түйсігінде, қиял қанатында шексіз, халқының өткенімен, бүгінімен және болашағымен ұштасқан ой-толғамдар ортасында жүреді. Оны бір ғана қазақ халқының өкілі деп тану мүмкін емес, себебі оның мұраттары жеке бір халықтың ой-толғаныстарын, арман-мұңын қамтымайды, оны бүкіл адамзатты ойландыратын түбегейлі мәселелер толғандырады, жанын ауыртады.

«Поэзия падишасы – лирика» жинағының лирикалық кейіпкері оқырманын жалықтырмайды, тәуелсіздік тұғырындағы толымды толғаныстар ел, халық, ұлт тағдыры туралы жаңа өрісті ойларға жетелейді.

Ақынның лирикалық «мені» ел тағдырын, жер тағдырын, дәуір тынысын бүкіл ұлттың мәйегі, туған атамекеннің, ұлттың, ана тілінің, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтардың бесігі – ауыл тағдырымен берік байланыстырады. Өзі де ауылда туып өскен, дала өмірін терең түйсініп, жан жүрегімен сезетін ақын қазіргі жаһандану заманында адамның табиғаттан алыстап, оған өз қажеттігін ғана қанағаттандырушылық тұрғысынан қарауына, бүгінмен ғана өмір сүруіне аландаушылығын білдіріп, соның кесірінен ауылдың күйзеліске ұшырайтынына жаны ауырады. Ол халықтың өткеннен сабақ алмай, рухани бастаулардан айырылуына дабыл қағады. Дегбірсіздік сипатындағы мұндай өлеңдерінде ақын өзінің лирикалық «менімен» етене қабысып, онымен тұтас бір сезім құрайды.

Осылайша қазіргі қоғамда болып жатқан елеулі оқиғаларға, ел өміріндегі тың өзгерістер мен тарихи бетбұрыстарға байланысты Шөмішбай шайыр поэзиясында азаматтық сарын айшықтала түсті. Бұл әсіресе, еліміз егемендік алып, тәуелсіздік нығая түскен тұста айқын сезілгені белгілі. Осының өзінен-ақ, ұлт тағдырына, рухани құндылықтарды, туған тіл мен салт-дәстүрді, дінді сақтап дамытуға, ел бірлігін нығайтуға арналған өлеңдер мен толғаулар тұтас бір циклді құрағанын байқатады.

Алғаш өлең жолына түскен кезден бастап адамгершілік, имандылық асыл қасиеттерді жыр өзегі еткен ақын өз кейіпкерін болмысынан рухани бай, жауапкершілігі мол қарапайым етіп бейнелейді, лирикалық кейіпкерінің көңіл-күйіне тереңдеп барады. Соған сәйкес ақын кейіпкері бо-

лашаққа үлкен сеніммен қарайды, өмірді өзгертуге күш-қабілеті мығым, шындықтың бетіне тура қарап, тура сөйлейді, оның өмір туралы толғаныстары, адами болмыс туралы ой түйіндері оқырманына ой салады, тиісті қорытынды жасауға итермелейді.

Ақын поэзиясының өзіндік ерекшелігі – қазіргі заманның тынымсыз тірлігі, өз туындыларында мақсат еткен мәселелердің өміршендігі. Бұл мәселелердің адамдар тағдырына әсер ететіндігі соншама, өлең болып өрілген өрісті ойлар түрлі ортада өз жалғасын тауып жатады. Егерде оның өлең-жырларын мерзімдік ретке салса, ақынның лирикалық тәубесі қазіргі қоғамдық даму беталысына, ел тәуелсіздігінің есею шақтары мен рухани құндылықтарына тән кейбір маңызды өзгешеліктерді қамтитындығына көз жеткізуге болады.

Тұтастай алғанда, Шөмішбай Сариев шығармашылығында еліміздегі өзгерістер мен қат-қабат оқиғалар ортасында жүрген, осының бәріне өзінің сыни көзқарасын білдіріп, ұлттық рухпен суарылған, өз халқының үмітін арқалаған лирикалық қаһарман тұтас бір дәуір кейіпкерінің тұжырымдамалық өзегін құрайды. Ол ұлтымыздың өткенін, бүгінімен болашағын ортақ үрдіс ретінде тұтас бір бірлікке ұйыстырып, тиянақты талдау жасайды. Дәуірдің түрлі бетбұрыстарына, ел, жер, ұлт тағдырына, адамның рухани болмысы мен табиғатқа байланысты өзгерістерге жалпыадамзаттық мұраттар биігінен өз бағасын береді.

Жаңа ғасыр басындағы жаңару үрдістері ақынның лирикалық өлеңдерінде ел тәуелсіздігін баянды ету, ұлтқа, Отанға қалтқысыз қызмет ету, ар тазалығы, парасаттылық түрінде көрініс тапқан. Қазіргі қазақ поэзиясының ажырамас бір бөлігі болып табылатын Шөмішбай поэзиясының жаңа бір белесті биігі – «Поэзия падишасы – лирика» жинағы деп білеміз.

Ақынның ән өлеңдерінің өзі алты жүзден астам екен. Олардың көпшілігі әнге қосып айтылатындықтан да, көпке кеңінен танымал және ғұмырлы. Оның өлеңіне жазылған «Айналдым сенен, Атамекен-ай!» әні кешегі Кеңес заманында шетел қазақтарының әнұранына айналып кеткенін айтсақ та жеткілікті.

Ұлы даласын мақтан еткен ақын жеткен жетістігінің бәрін:

Келеді менің таңым атып бүгін,  
Көтерген ата-бабам Уақыт жүгін.  
Тәңірім, Жаратушым жар бол өзің,  
Мен – қазақ болған үшін Бақыттымын ! –

деп туған халқымен тұтастықта бейнелейді.

Кез келген кітап – автордың жан күйзелісі мен ой-толғанысының жемісі, демек, бұл туындының оқырман үшін шынайы өмірде құндылығы болуы тиіс. Ал «Поэзия падишасы – лирика» жинағы осындай мағыналы, құнды кітап, тамаша оқылады, әр өлең шумағы зерделі оқырман үшін уағыз, өсиет ретінде қабылданады. Жақында ғана Шөмішбай ағамыз бірге істейтін М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөліміне бір жігіт ағасы кіріп келді де: – О, Шөке ! Мен Сізді көптен бері іздеп жүр едім. Мына кітабыңызды оқып шықтым, қолтаңбаңызды алайын деп келдім, – деп қолдорбасынан жасыл мұқабалы «Поэзия падишасы – лирика» кітабын ұсынды. Міне біздің институтта үнемі осылай Шөмішбай шайырмен сәлемдесуге келіп тұрады. Әдебиет зерттеуші ғалымдарды біреу білсе, біреу білмес. Ал Шөмішбай Сариевті бәрі таниды, қошамет көрсетеді. Халқы ақынын іздеген қандай бақыт !

Ұлы өзендей бір аялдап тұрмадым,  
Толқын болып ала сұрып тұнғаным.  
Мен халқымның тілегімен санасып,  
Мен халқымның жүрегімен жырладым, –

деп халқының тілегімен санасып, халқының жүрегімен жырлаған, ұлттық поэзия төрінен өз орнын алған ақын осындай үлкен шығармашылық ізденіс үстінде еліне қызмет етіп келеді.

## ӨР РУХТЫ АҚЫН

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлт поэзиясында өзіндік орны бар, өр рухты, талантты ақын Серік Ақсұңқарұлы 1950 жылы 29 наурызда Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған. Мектеп бітірісімен туған ауылында жеті жылдай шопан болып еңбек етіп, тылсым табиғат құпияларына қанығып өседі. 1974–1978 жж. Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1978–1987жж. Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» газетінде ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1987–1990 жж. еркін шығармашылықпен айналысады. 1990 жылдан бері Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының әдебиет жөніндегі кеңесшісі, «Көктем тынысы» (1975), «Қарлығаш» (1981) атты жинақтарда алғашқы өлеңдері жарық көреді. «Жиырманшы ғасырдың жиырма сәті» (1984), «Ғасырлар кардиограммасы» (1992), «Жез толқын» (1988), «Қызыл арай» (1990), «Адамата-Хауаана» (2000), «Төбемнен жауһар жауып тұр» (2008) жыр жинақтарының авторы.

Көшпелілер бейнесі, көне түркінің өр рухы – Серік поэзиясының басты арқауы. Біздің болмысымыздағы немқұрайдылықты бұзып, соның өзінде өткеніңнің түбірін білу арқылы, бұл өмірде өзіңнің кездейсоқ емес екенінді терең ұғыну арқылы ғана осы селқостықтың түп-тамырын жоюға мүмкін болған жаһандану заманында бұрынғы көшпелілер бейнесінің қазіргі жаңа дәуір көшпелісінің бейнесімен үндесетіндігін ақын жырлары дәлелдей түседі. Сонда ғана адамзатты бүкілдүниежүзілік көшпелілер бейнесі ретінде қабылдауға болатындығын айқындайды.

«Арғымақтар», «Қасқырдың монологі», «Бөрілі – ұлттық байрағым» өлеңдерінде көне түркінің киелі рухы, бабалар аманаты айқын сезіледі.

«Байлаудағы ит» өлеңінде ақын қиянаттың қиямет қайымын жасамақ болғандарға қасиетті көк бөрінің рух-киесімен қаруланып, құйын болып қарсы тұрады, қасқыр – бабалар рухын қайтпас қайсарлықпен қорғай отырып, тексіздерді қуаты күшті жыр жолдарымен тезге салады. «Мен – Ұлыған көк бөрісі даланың...» деп ұлтының қамын ойлап, жоғын жоқтаған ақын қай өлең, поэмасында болсын, халықтың мұңын мұндап, мүддесін қорғаушы бейнесінде көрінеді, заман болмысына тереңдеп барып, ақиқатты ашық айтады.

Ақсұңқарұлының еліміз тәуелсіздік алған жылдары жазған өлең-жырлары мен поэмаларының негізгі желісі де, басты өзегі де – туған халқының ұлттық рухына қызмет ету, Алаш ұранын көтеріп, ұлттық жаңғыруға ұлттық мүдде тұрғысынан бажайлау. Ақын шығармалары – қазақ ұлтының азаттық үшін күресінің тарихы мен табиғатын ғылыми талдауға негіз боларлық құндылықтар, «Қызыларай колхозы. 40 әйел... 4 еркек» поэмасы кешегі сұрапыл соғысты ой елегінен өткізген, соғыс тауқыметін терең толғамдармен ашып берген жантебіренерлік туынды. Кішкентай ғана оқиға желісіне құрылған шағын ғана поэмада ақын күйеулері қан майданда қаза болып, сорлап қалған отыз алты жесірдің айғайына арман-мұңы бір тілектес жесір-жетім атаулының жан ашуын, ар-ожданын, мақсат-тілегін сыйдыра алған, соғыстың ащы ақиқатын бар ауыртпалық өз бастарына түскен жесірлер мен жетімдер бейнелері арқылы ашып, сорлылар мен арлылардың, мұңлықтар мен шолжындардың, кектілер мен кесірлердің, ездік пен ерліктің күресін бір кеңістік ауқымында бейнелеген, отаншылдық рухты, адалдық пен имандылықты паш еткен.

Сезім тазалығы, ой айқындығы, өткен өмір белестері мен қазіргі жаһандану заманындағы қоғамдық, әлеуметтік, саналық өзгерістер туралы терең тынысты толғамдарға толы жырларымен ұлтымыздың ұлылығын жан дауысымен әйдіктеп келе жатқан ақынның «Төбемнен жауһар жауып тұр» атты жинағы да ой тереңдігімен, тіл құнарлығы-

мен, тақырып күрделілігімен ерекшеленеді. Жинақтың аты айтып тұрғандай, бұл кітапқа енген өлеңдер мен поэмалар қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ақжарылқап заманға арналған мадақ жырлар емес, түп негізімізге, төл тарихымыз бен мәдениетіміздің қайтып оралған шуақты сәтін төбемізден жауһар жауған жақсылыққа жорыған ақын үміті, ақын арманы. Тәңірге ғана бас иген ақынның ұлттық рухты биіктеткен, ұлттық мақсат-міндетке қызмет етуге шақырған үндеуі іспетті.

Серіктің еліміз тәуелсіздік алған кезден бері қалам тербеп келе жатқан басты тақырыптары – туған халқының азаттық жолындағы тарихын безбендеп, қазаққа тән дәстүрлі өмір сүру салты, ақын, азамат ретіндегі басты ұраны да осы – ұлттық рухқа қызмет ету.

«Қазақ деген – Кенесары, денесі – бар, басы – жоқ» деп бұрынғының жырауларындай күніреген арқалы ақын атақты Аңырақайды айтып аңырайды, атом аждаһасының апаны астындағы Абыралы апатын еске алып, зар илейді, киелі Ұлытаудағы ер Едігені ұлықтап, қайтпас қайсар хан Кенесарыны, ел еркесі Мәди мен ержүрек Кейкі батырды жоқтайды. Алаштың марқасқалары атанған бұл ұлы тұлғаларды жыр арқауы ету себебін зерделі оқырман сөзсіз ұғады.

«Төбемнен жауһар жауып тұр» жырлар топтамасы тұтасымен ұлттық жаңғыруға ұлттық жаңару мүддесі биігінен қараған ойлары терең, мағынасы мәнді өлеңдермен өрілген.

Түркіге түбі тексіз жүйе қасты,  
Бетіме қай сұм келіп күйе басты?!  
Қалайша Көк тәңірі көк түркіден,  
Көз жазып,  
Көк бөріден кие қашты?!

деп кешегі әлемді таңғалдырған түркілер салтанатының, түркілер беделінің төмендеу себебіне риторикалық сұрау салады, тәңірлік тотемдік қасиеттерден айрылу сырына терең үңіледі. Осы ойын үзбей жалғастырып:

Қайда әлгі ұлттық табыс?

Не деп барам?!  
Бір кило ұлттық ұят,



Бір кило ұлттық намыс  
Керек маған!

деп қазіргі жаһандану заманында дел-сал күй кешкен ұлтынан бұрынғы тектілік белгілерін іздегенін жыр түйіні етеді.

«Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» атты кітабын үлкен қызығушылықпен оқып шығып, жоғары бағалаған атақ жыр жүйрігі, халық жазушысы Ғафу Қайырбеков:

«Бұл өзі бір кітапты құрайтын поэма-панорама. Серік Ақсұңқарұлы осы поэма-панорамасымен өзінің мүлде талант мінезі басқаша, ешкімге ұқсамастығымен, ойшаң, бойшаңдығымен аққұла ақын екендігін танытады. Оның кейбіреуімізді әрі таңырқатып, әрі жатырқайтындай кесек сілтестері түптеп келгенде, біздің поэзиямыздың шаңырағын биіктететін, мәдениеттендіретін және өзге халық поэзиясымен еркін жарысқа түсетін құбылыс екенін айтпасқа лаж жоқ. Ол өзінің терең ойымен, жан-жақты білімімен жаңа поэзияның мінезін ала келген ақын деп басып айта аламын. Ақынның өте білімдарлығы, әсіресе әдебиет құпияларын, өлең сиқырларын толық меңгеруі таңырқатады. Қозғаған мәселелердің ірілігіне ақындық ірілік қосылғанда, тамаша өлең күшін туғызған. Біз Серік Ақсұңқарұлындай жас болса да, ерте жетілген, жан жүрек шабытымен, жалын-отымен дүниені құшақтайтын ақынды сирек көреміз. Сондықтан оның талантын туған жердің Ақсұңқарын сақтағандай сақтау керек, баулу керек», – деп оймақтай ой түйіп, сол кезде-ақ Серіктің болашағынан мол үміт күткен. Ол үміт алдамады. Жас ақын сенім үдесінен шығып қана қоймай, бүкіл алаш жұртының жыр алдаспанына айналды.

С.Ақсұңқарұлы бүкіл алаш жұрты жылы қабылдаған «Төбемнен жауһар жауып тұр» жыр жинағы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда ұлт зиялылары жапатармағай құптап қолдау көрсеткен мақалалар, пікірлер жазып жарияласа да ақын таланты мәреге жеткен кезде ескерілмей қалды. Ақын сағы сынған жоқ. Оқырманы бар ақын таланты еш уақытта көмескірмейді. Талай жыр бәйгесінде заманның көкейтесті мәселелерін айқайлап айтқан ақын өлеңдері жеңіс биігінен көрінеді. 2010 жылы

Өскеменде өткен «Шығыс шынары» атты дүбірлі жыр додасында Серік ақын бас жүлдені жеңіп алып, шын мәнінде поэзиядағы шығыс шынары екендігін айқын дәлелдеді.

Қазақ елі – қаз үнің,  
Жазығы – не?  
Менің қандай жазығым?!  
Көнбе ешкімге, көк бөрі,  
Сөнбе, Темірқазығым –

деп ұлтының ұлы арманын көксеген ақын елінің жарқын болашағына үлкен сеніммен қарап, киелі көк бөріні қазағының Темірқазығына балайды.

Көк Тәңірі Көктен жерге сауып Нұр,  
Еділ Патша елге келді шауып бір!  
Қайда жөнep барасындар ауып бұл?!  
...Қазақтың қайырып түркіге,  
Төбемнен жауһар жауып тұр...

деп қашан да халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтаған, мүддесін қорғаған ақын қазақ рухының қайта оянып, қайта жаңғыруына кәміл сенеді.

Асқақ рухты өршіл халқының терең тарих қойнауындағы қилы кезеңін жырмен айшықтап, ұлтының бағзылы қасиетті болмысымен қайта қауышуын аңсаған ақын Серік тебіренісі осындай оптимистік сарындарға толы. «Ұлттық рух дегеніміз – Ұлттық Төңкеріс деген сөз!.. Ұлттық өнердегі ұлттық төңкеріс дүниеге гүл төгеді! Нұр төгеді. Жыр төгеді!» деп «Бекболаттың қобызы» атты қарасөзбен жазылған өлеңінде терең тебіренген сыршыл ақын айшықты философиялық толғамдар биігіне жеткен суреткер талантына лайықты, өлең өресі сыятын ерекше мәнді құндылықтарды таба білді.

Ол шын мәнінде жоғары әділдікке, көк бөрі киесіне құлай сенетін бірден бір талант иесі. Арғы түркілік түпқазығымызға, төл тарихымыз бен мәдениетімізге қайтып оралуымызды төбемізден жауһар жауған жақсылыққа бағалаған Серік Ақсұңқарұлы жай ғана ақын емес, ол философиялық ой тереңдігінің, ұлттық рухтың ақыны.

Қазақтың ұлттық рухына қызмет ету – Серік Ақсұңқарұлы

поэзиясының басты Темірқазығы. Асқақ рухты өршіл халықтың тарих қойнауындағы дүбірлі кезеңін қазіргі тәуелсіздік талаптары биіктерінен жырмен айшықтаған табиғатынан табанды тума таланттың ерекшелігі сонда, Серік ақын оқырманды елең еткізген ең өткір тақырыптарды жай ғана жазбайды, ешкімге ұқсамайтын қисынмен, айтпақ ойының мән-мағынасы мен тақырыбына өлең формасын иірген жаңа әдіспен жазады.

Қарапайым халықтың тағдыр-тауқыметімен, қуаныш-үмітімен үндес Серік поэзиясы аз уақыт аралығында ұлттық өре биігінен оңай асып түсіп, бүкіладамзаттық мәнге ие болды. Ол өлең, жырларында туған халқы атынан үн қатады, бірақ ол – бүкіл түркі әлемінің ақыны. Оның өлеңдерінің негізгі өзегі де осы түркі мұңы, түркі арман-мүддесі, түркілік рух мәртебесі мен абыройы, қасиетті көк бөрі киесінің қайтып оралуы. Сондықтан да Серік Ақсұңқарұлы жаңа ғасыр көгінде, қазақ поэзиясын ғана емес, бүкіл түркі поэзиясын жаңа биікке көтерген ақын деп тану керек.

# ТЕКТІ ТАМЫРЛАР

## Абайтану арналары

### АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МЕКТЕБІ

Қазақ әдебиеттануы тарихында Абай шығармашылығына байланысты «әдебиет мектебі», «ақындық мектеп» ұғымдарын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген М.Әуезов болатын. 1933 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген ұлы ақынның тұңғыш толық шығармалар жинағының соңында берілген «Абайдың туысы мен өмірі» атты ғылыми зерттеуінде ғалым: «Ақын болмақ болып, талаптанып өлең шығарып көруге Абайдың іні, балалары барлығы да ұмтылған. Бұл жағына келгенде Абайдың алды: бір жағынан «әдебиет мектебі» сияқты да болады» деп алғаш рет «әдебиет мектебі» туралы сөз қозғап, Абайдың ақын шәкірттері қатарында Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия есімдерін атайды, олардың шығармашылық жазу тәсілдерін атап көрсетеді<sup>66</sup>. 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» мақаласында Абайдың тұсында еңбек еткен ақындар туралы: «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері... Бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған. Абайды зерттеуге осы төрт ақынның атын қыстыратын бір үлкен себеп, бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі істемесе де, бой ұрған

---

<sup>66</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 8-т. Алматы: Ғылым, 2002. 105-б.

бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады»<sup>67</sup>, – деп Абай қалыптастырған әдеби мектептің мән-мағынасын, жөнін, бағыт-бағдарын түсіндіріп өтеді, аталған ақындардың Абай салған қалыппен жазған романтикалық, реалистік сарындағы шығармашылық қырларына тоқталады, ұлы ақыннан алған ақындық дәстүр ерекшеліктеріне үңіледі.

Абай шығармаларының екі томдық жинағында (1940) жарияланған ақын өмірбаянының екінші толықтырылған нұсқасында М.Әуезов Абай шәкірттерінің тізімінен «халық жауы» атанған Шәкәрімді еріксіз алып тастайды да, әдеби мектептің белді өкілдері қатарына Әріп, Кәкітай, Тұрағұл есімдерін кіргізеді. «Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді»<sup>68</sup>, – деп Абайдың әдебиет мектебі өкілдерінің ақындық талант қырларын ашып, ұлы ақынның талапты жастарға көрсеткен тәлімгерлік, ұстаздық қасиеттеріне тоқталады. Осының алдында ғана Абайдың 95 жылдығына байланысты орыс тілінде жазған «Қазақтың ұлы ақыны – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбаев туралы өмірбаяндық тезис жоспарында» «Абайдың классикалық ақындық мектебі» деген жаңа атау енгізіп, оның көрнекті өкілдері ретінде: «... атақты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, ақын-жазушылар Көкбай, Әубәкір, Әріп, Тұрағұл» есімдерін атайды<sup>69</sup>. Ал ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойына дайындыққа байланысты ҚазПИ-де 1943 жылы 8 маусымда өткізілген кеңесте мәлім етілген «Абайдың ақындық мектебі туралы» баяндама тезисінде Абайдың кең ауқымдағы әдебиет классигі болып

---

<sup>67</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10-т. Алматы: Ғылым, 2003. 19-б.

<sup>68</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. Алматы: Жібек жолы, 2004. 116-б.

<sup>69</sup> Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы: Ғылым, 1988. 88-б.

қана қоймай, өзінің ақындық мектебін құрып, талантты жастар шоғырын тәрбиелегендігін жүйелі түрде талдап айтады. «Мағауия, Көкбай, Әріп, Бейсембай, Әубәкір және басқа шәкірттерінің шығармашылық мұрасы Абайдың өз шығармашылығынан поэзиядағы үлкен жанрларды, атап айтқанда, халықтық-тұрмыстық, тарихи-әлеуметтік, тарихи-тұрмыстық, тарихи және пушкиндік, лермонтовтық оңтүстік поэмалар стиліндегі таза романтикалық сюжеттік поэмаларды дамытумен ерекшеленді»<sup>70</sup>, – деп Абайдың ақындық мектебінің шығармашылық ізденістерін айқындап береді.

Абайдың ақындық мектебі ғылыми әдебиетте осылай айқындала бастаған тұста 1940 жылдардың соңына қарай бұл мәселе үлкен пікір-таласқа айналып, ірі айтысқа себеп болғаны белгілі. Абайдың әдебиет мектебі де, оның талантты шәкірттері де болғаны айдан анық. Соған қарамастан қазақ зиялыларына қарсы қасақана ұйымдастырылған саяси қуғынның екінші толқыны тұсында Абайдың ақындық мектебі туралы даусыз шындық өтірікке шығарылып, өрескел қиянат жасалды.

М.Әуезовке пәле-жала жауып, саяси айып тағу мен Абайдың ақындық мектебін жоққа шығарудың басы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы «Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысы болды. Осыған дейін Москвадағы БК(б)П Орталық Комитетінің «Татар партия ұйымындағы көпшілік-саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Башқұрт партия ұйымындағы үгіт-пропаганда жұмысының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» және т.б. ұлтшылдық желеу еткен қаулыларына міндетті түрде жауап беруге ұмтылған республика партия ұйымы осылайша кезекті саяси науқанға сылтау тапты. Аталған қаулыда Тіл және әдебиет институтының саяси өрескел қателерге, ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға жол бергендігі әдебиет тарихына байланысты шыққан еңбектер мысалында сынға алынды. Қаулыда: «Тіл және әдебиет институтының ғылыми еңбектерінде, орта мектептерге арналған әдебиет оқу кітаптарында қазақтың ХІХ және ХХ ғасырлардағы көп

<sup>70</sup> Сонда, 89-б.

ақындары мен жазушыларының творчестволық қызметіне біржақтылықпен, тек жақсы жағынан баға берілген. Өткендегі әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетіледі, ал олардың творчасы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс тексеріледі, сөйтіп олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарынды қағажу, бүркеуде қалдырылды»<sup>71</sup>, – деп көпе-көрінеу еш себепсіз айып тағылып, М.Әуезовтің жалпы редакциясымен дайындалған «Қазақ әдебиеті тарихы» бірінші томының қолжазбасынан ұлтшылдық мін тапты.

1951 жылы 15 маусымда Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Совет Жазушылар одағы бірлесіп өткізген «Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс» өткізіліп, үш күнге созылды. Бұл мәслихат нағыз ғылыми айтыс мағынасында болмай, Абайдың әдебиет мектебін басты сын нысанасына алды. Осының алдында ғана М.Әуезовтің талантты шәкірті Қайым Мұхамедханов «Абайдың әдебиет мектебі» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертация осы айтысты өрбітуге сылтау болды. Ұлы жазушы-академиктің бірнеше жыл бойғы ғылыми ізденістері мен нақты дәлел-тұжырымдары негізінде пайда болған Абайдың ақындық мектебі туралы идеясына күмән келтіріліп, Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан Совет жазушылары одағының төралқалары «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчасының ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы» қаулы қабылдады. «Соңғы уақытқа дейін Қазақстанның жеке әдебиет зерттеушілері «Абайдың ақындық мектебі» дейтін, ғылымға қарсы, буржуазиялық-объективтік концепцияны уағыздап, өрескел саяси қате жіберіп келді»<sup>72</sup>, – деп атап көрсетілді қаулыда.

---

<sup>71</sup> Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы // Әдебиет және искусство. 1947. № 2. 2-б.

<sup>72</sup> Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумы мен Қазақстан Совет жазушылары одағының президиумында. Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчасының ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы // Әдебиет және искусство. 1951. № 9. 79-б.

Шәкәрім мен Тұрағұл буржуазияшыл ұлтшылдар тобына жатқызылып, Абай мектебі тарихи шындыққа қайшы келетін, ойдан шығарылған жалған, зиянды концепция ретінде жоққа шығарылды, оның авторы М.Әуезов, осы тұжырымды жақтаушылар С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Жиреншин саяси қателікке ұшырады деп жазды. Қ.Мұхамедхановтың Абайдың әдебиет мектебі туралы диссертациясы саяси зиянды еңбек ретінде танылып, «бұл диссертацияда совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның қас жауларына айналған буржуазияшыл-ұлтшылдар да Абайдың «шәкірттері» деп мадақталды»<sup>73</sup>, – деген айып тағылды. Соның негізінде «Абай мектебі»дейтін концепция тарихи шындыққа ешбір қатысы жоқ және буржуазиялық-объективистік жалған концепция болып айыпталды» деген қорытынды жасалды. Соның салдарынан М.Әуезов қудалауға ұшырап, республикадан тыс жерге кетуге мәжбүр болса, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедханов және т.б. ғалымдар ұзақ мерзімге сотталды. 1950 жылдардың ортасында басталған жылымық кезеңнен кейін жазықсыз жапа шеккен ғалымдар толығымен ақталды.

1980 жылдардың соңында еліміздегі қайта құру, жариялылық және қоғамды демократиялық жаңғырту жағдайында сталиндік жеке басқа табыну кезеңіндегі халықтың мәдени мұрасына, көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығына баға берудегі өрескел қателіктер мен бұрмалаушылықтар әшкереленіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Комиссиясы әдебиет және өнер мәселелері бойынша 1930-40 және 1950 жылдары қабылданған қаулылардың күшін жойды. Соған сәйкес комиссия Абайдың ақындық мектебіне байланысты айыптың бос сандырақ, далбаса екенін анықтады. «Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы, әсіресе, М.Әуезовтің зерттеулері, Абайдың ақындық мектебі болғанын дәлелдеп, оның өзінен кейінгі қазақ поэзиясына жемісті ықпал жасағанын көрсетіп берді»<sup>74</sup>, – деп нақты айтып, осы мектептің үздік

---

<sup>73</sup> Сонда, 89-б.

<sup>74</sup> Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы. // Алматы ақшамы. 1989. 11 декабрь.



өкілдерінің бірі ретінде Шәкәрім Құдайбердиев есімін атады.

Абайдың ақындық мектебі туралы жан-жақты зерттеу жұмысы қолға алынып, бұл игі іс еліміз тәуелсіздік алған жылдары заңды жалғасын тапты. М.Әуезовтің абайтануға байланысты және Абайдың әдебиет мектебі туралы тың деректер мен жаңалықтарға толы қолжазбалары 1988 ж. «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген жинағында жарияланды. Абайдың ақындық мектебін ұстазымен бірге көтерісіп, бұл жолда көп қиямет көрген Қайым Мұхамедханов еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап 1951 жылы өзі құрастырып, М.Әуезов кіріспе мақаласын жазған Абайдың ақын шәкірттерінің басылып жатқан тұста тоқтатылып, жарық көрмей қалған жинағын қайта қолға алды. Ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижесінде 1993–1997 жылдары «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ жарық көрді. Бұл басылымға Абай мектебінің талантты шәкірттері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйіс, Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір, Иманбазар және т.б. бұрын-соңды белгілі-белгісіз болып келген шығармалары еніп, осы ақындар туралы Қ.Мұхамедхановтың көлемді зерттеулері жарияланды<sup>75</sup>. Бұдан бөлек Шәкәрімнің шығармалар жинағы бірнеше рет жарық көріп, Көкбай, Әсет ақындардың кітаптары басылып шықты. Шәкәрімнің ақындық талантын әр қырынан танытқан және Көкбай, Әріп, Әсет ақындардың шығармашылық мұрасын арнайы зерттеген ғылыми диссертациялар қорғалды.

Абайдың әдебиет мектебі – қазақ әдебиеті тарихындағы тұтас бір шығармашылық-эстетикалық құбылыс. Абайдың өз тәрбиесінде, тікелей ықпалында болған шәкірттері ұлы ақынның ақыл-кеңесі бойынша тақырыптар таңдап, әлем әдебиеті үлгісімен және қазақ өмірінен шығармалар жазды, олар өз ұстазына бірі тақырып жағынан, екіншісі сюжет, мазмұн жағынан, үшіншісі тіл, стиль жағынан еліктеп, қазақ әдебиетіне тың көркем жаңалықтар енгізді.

М.Әуезов бастап, Қ.Мұхамедханов жалғастырған Абайдың ақын шәкірттері туралы зерттеулер негізінде Абайдың

<sup>75</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-4-ші кітап. Алматы, 1993–1997.

әдебиет мектебін төрт шығармашылық топта қарастырған жөн:

1. Абайдың балалары Ақылбай және Мағауия Құнанбаевтар Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат пен өршіл рухты романтикалық дастандар жазу бағытында болды.
2. Абай тікелей баулыған шәкірттері Көкбай, Әріп, Мұқа, Шәкәрім, Әсет, Иманбазар, Уәйіс суырыпсалма ақындық өнер – айтыс дәстүрін ұстай отырып, ұстаз кеңесімен қазақ өмірінен түрлі тақырыпта өлеңдер мен тарихи дастандар, шығыстық желіде поэмалар жазды.
3. Абайдың өз тәрбиесінде болған немере інісі Кәкітай мен өз баласы Тұрағұл прозалық шығармалар, көңіл күйге байланысты қысқа өлеңдер жазып, көркем аудармамен айналысты.
4. Абайдың немересі Әубәкір ұлы ақынның сатиралық дәстүрін, яғни қазақ өмірінің келеңсіз жақтарын сынаған ащы тілді әжуа өлең жазу жолын ұстанды.

Абай тікелей баулыған шәкірттер деуіміздің себебі, бұл ақындар ұстаз алдында ақыл-кеңес алып, үлгі-өнеге үйренген, Көкбай, Шәкәрім, Мұқа, Абай қолында жақын серіктері ретінде сенімді көмекшілері болса, Әріп, Әсет, Иманбазар алыстан арнайы келіп, Абай аулында ұзақ уақыт тоқтаған, жаңа жазған шығармаларын Абайға тыңдатып, сынын естіген, жөн сілтеген нұсқауларын қабылдап, ақындық шеберлікке үйреніп қайтқан.

Абайдың әдеби мектебінің өкілдері ұлы ақынды өздеріне ұстаз тұтып, талант құдіретіне бастарын иген, өлең, дастандарына дұрыс баға беретін әділ сыншы, қиыннан қиыстырып жөн сілтейтін абыз санаған.

М.Әуезов айтқандай: «Абайдың өз тәрбиесінде болған және Абайдың ақылы мен сыны бойынша тақырыптар таңдап, арнаулы шығармалар жазған анық шәкірт ақындары туралы»<sup>76</sup> сөз бастағанда олардың арасында Ақылбай мен Мағауия ерекше орын алады. Екеуі де ұстаз әкенің тапсырмасымен осыған дейін Абай ғана қалам тартып, қа-

---

<sup>76</sup> Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы: Ғылым, 1988. 93-б.

зақтың басқа ақындары шығармашылығында кездеспеген романтизм бағытын одан әрі шебер дамыта білді.

**Ақылбай Абайұлы Құнанбаев** (1861–1904) – Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған тұңғыш баласы. Кішкентайынан Құнанбайдың кіші тоқалы Нұрғанымның бауырында аса шолжың, ерке болып өседі. Ауыл молдасы Ғабитханнан сауатын ашады. Жас күнінен талантты домбырашы, өлеңші болған Ақылбай өмірін ойын-сауықпен өткізеді. Шаруаға ебі жоқ, еш арам ойы жоқ аңқылдаған ақкөңіл Ақылбайды ел ішіндегі басбұзар әкім-қаралар өз мақсаттарына пайдаланбақшы да болады. Жастайынан әке тәрбиесін көрмей, ағайындас туысы сияқты саяқ өскен баласының оғаш қылықтарын байқаған Абай қатты кейіп, «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңін осы тұста жазады. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...» атты белгілі өлеңімен үндестігі бірден сезілетін бұл өлеңінде ұлы ақын ерке болып өскен, ересек жасқа келсе де, ештеңенің парқын ойламай, ел ісіне араласуды білмеген, артық өнерге ұмтылмаған баласына тағылымды ой тастап, үміт артарлық сенім ұялатады.

Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйінерге жарар ол.  
Сүйкімі жоқ құр масыл би  
Сүйретіліп өтер сол»<sup>77</sup>, –

деген үлкен мағынаға толы өлең жолдары «талпынбай жүрген талантты Ақылбайға үлкен ой салып, қатты толғантады»<sup>78</sup>. Жігіт ағасы шағына жақындап қалған Ақылбай әке өлеңінен сабақ алып, өзін тұтастай поэзияға арнайды. Абай негізін қалаған ақындық мектептің сегіз қырлы, бір сырлы шәкірттерінің біріне айналады. Өлең шығарумен қоса аса шебер домбырашы, сырнайшы болып, скрипкада ойнайды, бірнеше ән де жазады.

«Дағыстан» поэмасы – Ақылбайдың басты туындысы және толық сақталған жалғыз шығармасы. Поэманың тақырыбын Абай бастапқыда өзінің бір топ шәкіртіне ұсын-

---

<sup>77</sup> *Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы*. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 1995. 1-т. 163-б.

<sup>78</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Құрастырып, алғы сөзі мен өмірбаяндарын жазған Қайым Мұхамедханұлы. Алматы: Дәуір, 1993. 15-б.

ғанда Ақылбай шығарма мазмұнын терең ұғынып, бәрінен бұрын ілезде жазып шығады. Ақылбай жазған «Дағыстан» поэмасы Абай көңілінен шығып, шәкірттерге де ұнайды.

«Дағыстан» немесе «Кәрі Жүсіп» поэмасының тақырыбы – орыстың ұлы ақындарына шабыт берген өршіл рухты Кавказдың тамаша тарихы, оны мекендеген қайсар мінезді тау халықтарының өжет ұл-қыздарының бас бостандығы мен шынайы махаббат жолындағы күресі, әділеттілік пен зұлымдық күресі. Шығарма Абайдың өзі нәр алып, сусындаған А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтардың романтикалық поэмалары рухында жазылған. Бұл дәстүр ерекшелігі әсіресе Кавказдың тамаша табиғат көріністерін шебер суреттеп, поэма кейіпкерлерінің бейнелерін сомдағанда айқын білінеді.

Өзі туып өскен Шыңғыстаудан алысқа ұзап бармай, Кавказ тауында өмірінде болмаған, тақырып етіп ұсынған Абай әңгімесі мен өз аулында тұрған кавказдықтар арқылы ғана естіп-білген Ақылбайдың таулы өлкенің әсем табиғаты мен өр де жауынгер черкес халқының мінез-құлқын айнытпай салып, өлең жолдарына үйлестіруі үлкен ақындық шеберлікті байқатады.

Қазақтың «Қап» дегені Кавказ серек,  
Тәңірім сұлу биік еткен ерек.  
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,  
Тауды бұзып, тас жарған долы Терек<sup>79</sup>.

Ақын тәкаппар қарт Кавказдың тамаша тұлғасын ерекше шабытпен, екпіндетіп жырға қосып, Теректей толқынды өзеннің ағысынан да тау мінезді халықтың буырқанған, қайтпас қайсар, кекшіл, өр де өзімшіл қасиетін іздейді.

Сөйлейін сол таудағы Дағыстаннан,  
Жауменен жалығу жоқ шабысканнан.  
Күні бүгін іркіліп көрген емес,  
Бір сөзге қанжар алып қағысқаннан<sup>80</sup>

деген өлең жолдары черкес халқының өжет, батыр мінез ерекшеліктерін дәл сипаттайды. Ақылбайдың ғасырдан ас-

<sup>79</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: Дәуір, 1993. 55-б.

<sup>80</sup> Сонда

там уақыт бұрын сомдаған тау халқының психологиялық өзгешелігі қазір де сол баяғы қалпынша нағыз ұлтжандылықтың, ерен ерліктің рухын көз алдымызға әкеледі.

Ақ жиек, көкшіл сұрғылт сәуле берген,  
Мұнартқан Кавказ буы көтерілген.  
Алтын шатыр сәулесі тау басында,  
Атырабы мәлім болды талай жерден<sup>81</sup>.

Ақын суреттеген Кавказдың сұлу табиғатының бұл экзотикалық көріністерінің ар жағында шежірелі қарт тау бүккен үлкен сыр жатыр. Бұл Ақылбайдың ақындық «мені», яғни поэма сюжетін ашудың өзіндік романтикалық көркем тәсілі. Пейзаж поэмада көңіл-күй реңін білдіреді, одан әрі шарықтау шегіне жетіп, сюжеттік баяндаумен тығыз қабысады. Тамаша сұлу табиғат көрінісі поэманың сюжеттік жағынан мықты да шешуші тұстарында оқиға шиелінісін қолдап күшейте түседі.

Поэманың сюжеттік бас кейіпкерлер желісі Жәбрәһил мен Зәһира арасындағы шексіз махаббаттың қайғылы тағдырына құрылған. Зәһираның қатал да жауыз, кекшіл, қызғаншақ әкесі – Жүсіп қарт бейнесі зұлымдық символы, бақыт атаулыны тұншықтырушы, қанішер ретінде суреттеліп, махаббат бостандығы мен адамгершілікті ту еткен қос ғашыққа қарама-қарсы қойылады.

Ақылбай романтикалық поэманың барлық дәстүрлерін меңгере отырып, өз кейіпкерлерін өр жігерлілік пен қайсарлықтың, терең тебіреністің, қызу қанды мінез адамдары етіп сомдайды.

Шығармадағы оқиға құрылымы мен мазмұндық, көркемдік-идеялық ерекшеліктер Пушкин мен Лермонтовтан желі болып тартылған, Абай жалғастырған романтизм стилінің үрдістерін нақ байқатады. Абайға бұл поэма қатты ұнаған. Оның жарқын мысалы – Зәһираның сұлулығын сипаттаған:

Толқынды қара шашы жібек талдай,  
Көрген адам қарайды көзін алмай.

---

<sup>81</sup> Сонда., 55-56-б.б.

Аласы аз, нұрлы қара, ұялы көз,  
Жаралған бір денесі қапы қалмай<sup>82</sup>, –

деген шумақты Абай естіген шақта: «Үш ауыз өлеңді бір-ақ ауыз өлеңге сыйғызған екенсің!», – деп разы болыпты. Ал жауыз Жүсіптің жалғыз қалған аянышты халін суреттеген:

Екі көзден жас ыршып, ытып кеткен,  
Тоқтамай сорғалатып әжім беттен.  
Жуан, қалың білектей бурыл мұртқа,  
Домалап улы жасы барып жеткен<sup>83</sup>, –

деген шумаққа байланысты Абай: «Беті қайғыдан әжімделген, бурыл мұртты шал көз алдыма елестей қалды ғой»<sup>84</sup>, – деп ризашылығын білдіріпті. М.Әуезов те Ақылбайдың бұл шығармасы туралы: «Көркемдігі өте күшті поэма... Поэманың мақсаты әр жауыздықтың арты жаманшылық болады дейді», – деп жоғары баға береді.

Ақылбай романтикалық сарындағы «Зұлыс», «Жаррақ» поэмаларын да жазған. «Жаррақ» поэмасы сақталмаған. Ал «Зұлыс» поэмасы ағылшын жазушысы Генри Хаггардтың «Сүлеймен патшаның кеніші» атты атақты романының желісі негізінде жазылған. Толық сақталмаған, үзінді күйінде жеткен. Африкадағы зұлыстар өмірінен сыр шертетін роман сюжетін Ақылбай өзінше жырлап, әңгімені бас кейіпкер аузынан емес, өз атынан баян етеді. Поэмада өр мінезді, қиындыққа мойымайтын, жігерлі адамдардың ерлік істері үлгі-өнеге болады, зұлыстардың адамгершілігі мен адалдығы сүйіспеншілік сезіммен жырланады. Ақылбай романды өзі толық оқып ұғып алғаннан кейін шығарма сюжетін тұтастай өлеңмен жырлап шығып, қазақ әдебиетіне жаңа үрдіс әкелген.

**Мағауия Абайұлы Құнанбаев** (1870–1904) – Абайдың Ділдәдан туған кенже баласы. Абайдың үлкен үміт күткен талантты шәкірті. Жастайынан әкенің сүйікті баласы болып өсіп, ақындық өнерге тәрбиеленеді. Ауыл молдасы-

<sup>82</sup> Сонда. 60-б.

<sup>83</sup> Сонда. 56-б.

<sup>84</sup> Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайының қоры. КП-988.

нан мұсылманша сауатын ашқаннан кейін бар дүниенің кілті орыс білімінде екенін жете түсінген Абай 1884 жылы дарынды жасты Семейдегі ерлердің қазақ мектебіне оқуға береді. Сабаққа бар ынтасымен кірісіп, мектептегі шәкірттер арасында үздік оқушы атанып жүрген кезінде өкпе ауруына шалдығады да, одан әрі оқуға денсаулығы жарамаған соң дәрігерлердің кеңесі бойынша үш жылдан кейін аулына қайтады.

Орыс мектебінің тәрбиесін көріп, көп тағылым алған Мағауия осы уақыттан бастап ел басқару ісінде жүрген Абайдың қолында болып, әке тәрбиесін көреді. Маңайына талантты жастар топтасып, үлкен мәдениет ошағына айналған Абайдың ақындық мектебінің белсенді өкілі, талантты шәкірті атанады. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, Семейде алған азды-көпті білімін тереңдету мақсатында орыс, шығыс тілдеріндегі кітаптарды алдырып оқиды, зеректілігімен, білімділігімен ауылдағы өзі қатарлы талантты жастарды тәнті етіп, үлкен құрметке бөленеді. Әкесімен бірге ел басқару жұмысына да араласып, старшындық, болыстық лауазымдарды атқарады, бұл жауапты қызметтерде адамгершілік, парасаттылық танытып, халық арасында әділетті басшы ретінде ауызға ілінеді.

Мағауия Семейде шәкірт болып жүрген кезден бастап, поэзияға ден қойып, өлең жаза бастайды. Бала күнінен әкесінің ақындық талантын аса қадірлеп, үлгі тұтып өскен талантты жас Абай шығармаларын жатқа айтып, ел арасына таратады. Абай поэзиясын терең ұғынған Мағауия өлең сөзге құлай беріліп, біржолата ақындық жолға түседі.

«Ай жарық, жаздың күні ат терлетіп» деп басталатын алғашқы өлеңінде жазғы жайлаудың ай жарық бір түнінде оңаша кездескен екі жастың ғашық сезімдерін, көңіл-күй тебіреністерін аса әсерлі де нанымды етіп суреттейді.

Ай жарық, жаздың күні ат терлетіп,  
Бір сайға уағдаласқан келсең жетіп.  
Жалғаннан жардан басқа түк тілемей,  
Жолыққан қандай қызық еңбек етіп<sup>85</sup>, –

---

<sup>85</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: Дәуір, 1993. 131-б.

деген ерекше толғаныс үстінде жазылған шабытты жыр жолдарынан Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің әсері анық сезіледі.

Баласының орысша, еуропаша білімділігінің үстіне осындай ақындық талант қырын байқаған Абай оны үнемі өз қолында ұстап, тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі, өлең патшалығындағы өз бағытын таңдай білуіне ықпал етеді. Мағауия да ақын поэзиясынан үлгі алып, Абайдың ақыл-кеңесі бойынша Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат, өршіл сарынды оқиғалы дастан-поэмалар жазу жолына түседі.

Ұстаз әке ұсынысымен сюжеті мен образдар сомдау жағынан романтизм стиліндегі шығыстық сарындағы «Медғат-Қасым», негізгі идеялық мазмұны адал махаббат, бас бостандығы жолында құрбан болған екі жастың қайғылы тағдырын жырға қосқан «Еңлік-Кебек», қазақ халқының сыртқы жауға қарсы азаттық күресін паш етуге арналған «Абылай» поэмалары Мағауия қаламынан туады.

Қазақ әдебиеті тарихында тақырыбы, құрылымы, стилі мен сюжеттік, образдық өрнектері, жаңа көркемдік қасиеті жағынан ерекшеленетін «Медғат-Қасым» поэмасы шығыс үлгісіндегі романтизм сарынындағы эпикалық туынды болғанымен «идеялық мазмұны терең, таптық бағыты айқын, әлеуметтік мәні зор»<sup>86</sup> нағыз көркем шығарма. Поэманың шынайы өмірге жанасымды тартыстары, кейіпкерлер мінездері айқын және дәлелді көркемдікке негізделген.

Мағауия поэмасында үлкен ізденгіштік, ағартушылық және озық идеялар сыр береді. Шығарманың негізгі желісі әлеуметтік қайшылық пен теңсіздіктен туған озбырлық пен әділеттілік, опасыздық пен адалдық күресін және адамдар арасындағы шынайы сүйіспеншілікті жырлауға құрылған. Шектен шыққан жауыздық әлеміне бас бостандығы жолында өз мақсаттарына жету үшін барлық тауқыметке көнген екі ғашық Ғазиза мен Сәлім арасындағы махаббат қарсы қойылып, адал достықты ардақтап, шын сүйіспеншілік білдіру үлкен ерлікке баланады. Ақын биік адамгершілік

---

<sup>86</sup> Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Алаш, 2005. 131-б.



мұраттарды өз туындысының басты принципі етіп алып, достық пен махаббатқа берік, жауыздық атаулыға бел шешіп қаймықпай қарсылық көрсеткен ержүрек жандарды үлкен ақындық шабытпен жырлайды.

Ақын Мағауия – Абай нұсқаған бағыт бойынша қалам тербеп қана қоймай, Абай бұрын жазбаған нағыз сюжетті поэма тудырып, ол бұрын айтпаған әлеуметтік мәселелерді шығарманың түп қазығы етеді, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне идеясы мен көркемдік ерекшеліктері жағынан жаңалығы мол, биік тұғырлы кесек туынды әкеледі. Кеңестік кезеңде де бұл шығармадан еш кінәрат табылмай, әлеуметтік мәселелерді қозғау жағынан көркемдік қуаты мен тәрбиелік мәні күшті болуы себепті жалпы білім беретін орта мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарына арнайы тарау ретінде енгізіліп оқытылуы бекер емес.

Мағауияның екінші бір кең тынысты эпикалық туындысы – «Еңлік–Кебек» поэмасы шамамен 1890 жылдары жазылған. Ақынның осы жанрға қалам тербеген алғашқы шығармасы ретінде саналады. Поэманың Мағауия қолымен жазылған түпнұсқасы сақталмаған, қолжазба көшірмесі ғана жеткен. Абай ескі әдет-ғұрыптың, рулық-феодалдық кертартпа салт-сананың құрбаны болған жазықсыз қос мұңлық – Еңлік пен Кебектің қайғылы жайы туралы шығарма жазуды шәкірттеріне тапсырғанда Мағауия XVIII ғасырдың орта тұсында болған бұл тарихи оқиғаны поэма түрінде жазып шығады.

«Еңлік–Кебек» – таза қазақ өмірінен алып жазылған реалистік туынды. Мағауия поэманың алғашқы шумақтарында-ақ:

Заманның ғәділетсіз надандығын,  
Қозғадың жүрек, тілім, сөйле мығым.  
Баяғыны көксейді білімсіздер,  
Мінеки көрсетейін жамандығын<sup>87</sup>, –

деп өткен заманда болған тарихи шындық астарын ашып, құлқын қамын ойлаған ескі билер мен рубасыларының қатігез іс-әрекеттерін әшкерелеуді мақсат етіп қояды.

---

<sup>87</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: Дәуір, 1993. 162-б.

Ақын екі ғашықтың махаббат сезімдерін, жан дүниесін, толғаныстары мен тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл қазақ қоғамының шындығын, поэмадағы тарихи оқиғаның бет-бедерін дұрыс ашып көрсетеді, халқымыздың тұрмыс тіршілігінің көріністерін дәл сипаттайды.

М.Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904)» атты монографиясының соңғы бөлігіндегі «Мағауияның (1870–1904) шығармалары» деген тараушасында ақынның осы туындысы туралы: «... идея жағынан қарағанда бұл поэманың да өзінше өз тұсындағы ақындардың шығармаларынан оқшау тұрған, озған жайлары бар»<sup>88</sup>, – деп поэманың көркемдік ерекшеліктері мен соны ізденістеріне, жаңалығына тоқтала келіп: «Осылайша образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамгершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда Мағауияның бұл поэмасы да өз уақытындағы бағалы еңбек болатын»<sup>89</sup>, – деп жоғары баға береді. Жеке басының азаттығы үшін ескі өмірдің қатал заңына, салт-дәстүріне қарсы шығып, махаббат құрбаны болған, ар тазалығы жолында жандарын пидә еткен мұңлықтардың ел арасынан қолдау таппай, жалғыздық тауқыметін тартқан ауыр да аянышты халін көркем сипаттаған, қатыгез заманның әділетсіздігін аямай әшкерелеген, сөйтіп, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсеткен алғашқы реалистік көркем туынды ретінде қазақ әдебиетінде берік орын алады.

Мағауия бұл шығармаларынан басқа Ресей империясының отаршылдық езгісіне қарсы Кавказ халықтарының ұлт-азаттық күресін басқарған атақты жаужүрек батыр Шәмил имамның ерлік істерін баяндайтын «Шәмил» атты поэма жазып, осы арқылы туған халқының тәуелсіздікке қол жеткізген күнін аңсаған. Өкінішке орай бұл шығарма қолжазба күйінде жоғалып кеткен.

Ақын ірі шығармаларымен қатар махаббат, көңіл-күй тақырыбына бірнеше лирикалық өлеңдер, өзінің білімді болуына көп ықпал етіп, көмегін көрсеткен сүйікті ағасы

---

<sup>88</sup> Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1985. т. 20. 244-б.

<sup>89</sup> Сонда. 245-б.

Әбдірахманға арнап сәлем хат түріндегі, көңіл сұрау, жоқтау өлеңдерін жазған. 1903–1904 жылдар аралығында Мағауияның бұрынғы ауруы қайта мендеп (оның үстіне мұның алдында Әбдірахман қазасы Абай әулетін қатты күйзелткен), әлсіреген күйі төсек тартып жатып қалады. Ұзаққа созылған ауру салдарынан 1904 жылы жазғытұрым қайтыс болады. Абай ұғымынша және ақын замандастарының естеліктерінде айтылғандай Мағауия оның балаларының ең жақсысы, ең таланттысы саналған. Мағауия өлімі бұрын да өмірден, қоғамнан қажып, жаттан да, жақыннан да күдерін үзген, жалғыздық дертіне ұшырап, жапа шеккен Абайға қатты әсер етіп, көп ұзамай қырық күннен кейін өмірден өтеді. Ендігі бар салмақ әулеттің үлкені Ақылбайға түседі. Сол жылы жазда әкесінің қырқын Семейде бермекші болып, басшылық жасап жүргенде Ақылбай да кенеттен қайтыс болады.

Ақылбай да, Мағауия да Абай нұсқаған бағыт бойынша XIX ғасырдың соңындағы қазақ әдебиетіне жана көркем ізденістер енгізді, Абайдың ақындық мектебін ілгері дамытып, «Ақылбай мен екеуі де, романтикалық поэманың стилін қазақ әдебиетіне әкеліп кіргізгенде, анық соны, жаңа, жақсы ағым әкеп қосты деу керек»<sup>90</sup>.

**Кәкітай (шын есімі Ғабдұлхакім) Ысқақұлы Құнанбаев** (1869–1915) – Абайдың туған інісі Ысқақтың тұңғыш баласы. Ата-анасы еркелетіп «Кәкітай» деп атап кеткен. Кәкітай сегіз жасынан бастап ауыл молдасынан төрт жылдай сауатын ашып, арабша, түрікше хат танитын халге жетеді. Әкесінің баласын одан әрі оқытуға қаражат мүмкіндігі келмейді. Жас туысының бойынан ерекше зеректік пен қабілет ұшқындарын байқаған Абай он үш жастағы Кәкітайды өз үйіне алдырып, Мағауиямен бірге тәрбиелейді, Семейге бірге ертіп барып, орыс тіліне үйретеді. Бір-екі жыл шамасында Кәкітай орыс тілін жетік меңгеріп қана қоймай, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларын, Еуропа мәдениеті қайраткерлерінің еңбектерін оқып, өз кезінің білімді азаматы атанады.

Кәкітай да шығармашылық жолда Абайдың ақындық мектебінен үлгі алып, оның талантты да іскер шәкірттерінің

<sup>90</sup> Сонда. 143-б.

бірі болады, Абай ақылымен Тұрағұл екеуі қарасөз, көңіл күйі тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазып, аудармамен айналысады. «Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым», – деп ол ұстазы туралы ілтипатпен еске алады. «Сондықтан мен Абай ағама зор қарыздармын, ендігі мақсатым шамам келгенінше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп кетемін», – деп уәде береді. 1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия, артынан іле-шала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қазаға душар болғанда, барлық ауыртпалықты Кәкітай көтеріп, өзін тәрбиелеген ұстазына адалдығын көрсетеді.

Абайдың артында қалған мұрасын көздің қарашығындай сақтап, халыққа жеткізуді мақсат еткен Кәкітай Жидебайдағы ақын аулында бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікіұлына өз қалтасынан ақша беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіріп жазғызады. «Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, қазақ халқына істеген еңбегін баспаға бастырып, көпке таратуды міндетіме алдым», – деп Кәкітай Тұрағұлмен бірге Абай мұрасын ыждағатты түрде жинастырып баспаға әзірлейді. Осы жұмыстардың басықасында болып, басшылық етеді. Абай қайтыс болғанда қазақтың аса көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, публицист Әлихан Бөкейханов ақынның тұңғыш өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұрған «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы жариялаған кезде ол Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты барлық деректерді Кәкітай бергенін ерекше атап өтеді, 1915 жылы Кәкітай өліміне байланысты «Қазақ» газетіне азнама-мақала жариялайды<sup>91</sup>.

Осы мақалада айтылғандай 1905 жылдан бастап Әлиханның кеңесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскен Кәкітай сол жылы жазда Семейге, одан Омбыға келіп, бастыру жөні болмағаннан кейін Қазан қаласына сапар шегеді. Осы қалада Петербургтегі Ілияс Бораганский

<sup>91</sup> Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 418-419-б.б.

баспаханасының өкілімен келісім шарт жасасып, болашақ кітаптың корректорлық қызметін өз мойнына алады, ақысын дереу төлейді. Ілияс Бораганский баспасы қолжазбаның әр табақ қағазын басып болған соң почта арқылы Шыңғыстаудағы Кәкітайға жібереді, өз тарапынан Кәкітай қателерін түзеп, қайта қайырып отырады. Қолдан көшірілген жинақты бастыруға екі жылдай уақыт кетіп, Кәкітай Абайдың тұңғыш кітабын шығару үшін жиған-терген дүниесін аямай, қыруар еңбек сіңіреді.

1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағы «Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбай ұғылының өлеңі. Бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары» деген атпен Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге Кәкітай атына жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазақ даласына тарайды. Абай мұрасын алғаш рет баспа жүзінде жариялап, жеке кітап етіп шығаруда Кәкітай мен Тұрағұл еңбегі ерекше болса, Кәкітай жазып, осы жинақта жариялаған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі» атты қазақ тіліндегі тұңғыш өмірбаяндық мақаласын, жалпы Кәкітай еңбегін М.Әуезов жоғары бағалаған, ұлы ақынның өмірбаянын жазу кезінде Кәкітай мақаласының көп көмегі тигенін айтады.

Абайдың тұңғыш жинағын дайындаған кезде Кәкітай ақын өлеңдерін мазмұны мен тақырыбына қарай өзінше жүйелеп, 17 бөлікке жіктеген. Бұл ретте «Халық туралы» деп аталатын бірінші бөлікке – 34, одан әрі қарай рет бойынша: «Өлең туралы» – 5, «Өзі туралы» – 17, «Ғашықтық туралы» – 10, «Ой туралы» – 8, «Жазғұтұры» – 1, «Жаз» – 1, «Күз» – 2, «Қыс» – 1, «Аңшылық туралы» – 1 өлеңнен енгізілген де, «Переводтар» деп аталған он бесінші бөлікке А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крыловтан 41 аударма өлең, соңғы он жетінші бөлікке «Әңгіме Масғұт», «Ескендір әңгімесі» поэмалары кірген. Жалпы алғанда, жинақта Абайдың 145 өлеңі мен 2 поэмасы жарық көрген. Кітап соңына Кәкітай жазған Абай өмірбаяны мен ақынның фотосуреті берілген.

Осы жинақтағы Кәкітай жазған Абай өмірбаяны көлемі шағын болғанымен, ақын өмірінің көп қырын қамти алды. Кәкітай осы қарасөз түріндегі шығармасында: «Абай бір кезі келіп тұрған самород еді, бірақ халықтың надан уақытында шығып есіл өнерінің пайдасын кәміл көрсете алмай, қызықты өмірінің бәрі елдің шуылдақ партиясымен

әурелікте өтті»<sup>92</sup>, – деп Абайдың ақындық талантының қор болған кезінен нақ айтып, келесі кезекте: «Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған»<sup>93</sup>, – деп поэзияның халыққа тигізер пайдасын ұққан ақын көңілін «Бұрынғы ескі биді қарап тұрсам барлап» деген өлеңін келтіру арқылы білдіреді. Абайдың аудармашылық қызметін, орыс мәдениеті мен ғылымына құштарлығының себебін, тереңнен жазған өлеңдерінің ерекшеліктерін аша келіп: «Қанша халық надан болса да, Абайдың насихатын көп тыңдап, қасында болған жігіттер өзгелерден бір түрлі, медреседен оқыған ғылым жолындағы кісі сықылды, әр нәрсенің жөнін біліп, жаман-жақсыны көп айырып, надандықтан шығып қалушы еді»<sup>94</sup>, – деп Абай тағылымын айтады, Абай маңына топтала бастаған тәрбие мектебінен сыр шертеді.

М.Әуезов Кәкітайдың абайтанудағы қызметіне байланысты: «Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған – Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек»<sup>95</sup>, – деп оның Абайды баспа жүзінде танытқан еңбегін жоғары бағалайды.

**Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев (1875–1934)** – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы. Әкесінің қолында тәрбиеленіп, мұсылманша, орысша сауатын ашқан. Бала жасынан зерек, өлең сөзге жүйрік, орыс тіліне жетік болып өседі. Абайдың ең талапты, әрі талантты, ізденгіш баласы болады. Ұлы ақынның әдебиеттегі дәстүрін берік ұстап, өнердің сан түрін меңгереді. Домбыра, скрипкада шебер ойнап, әншілігімен де танылады. Баласының бойынан ақындық қуатты байқап қалған әкесі сынамақ мақсатта

<sup>92</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап. Алматы: Дәуір, 1994. 30-б.

<sup>93</sup> Сонда, 31-б.

<sup>94</sup> Сонда, 37-б.

<sup>95</sup> Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20-т. 16-17-б.б.

өлең жазуды тапсырады. Сонда Тұрағұл адамның оңаша сәттегі мұнайған қалпындағы нәзік сезімін үш ауыз өлеңмен шабыттана жазып береді:

Алладан мен қапа боп тілеген күн,  
Жым-жырт болып салбырап кетеді түн.  
Жұлдыздар жыпылықтап, ай сұп-сұр боп,  
Бәрі де тыңдап қапты шығармай үн.

Мұңымды айтып едім сөзбен сындап,  
Дүние жым-жырт болып тұрды тыңдап.  
Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,  
Шөптер басын изейді шын-шын, шындап.

Қалғандар желден сұрар сөзімді ұқпай,  
Бұлт қасын түйеді жылай-сықтай.  
Тік қарауға мені аяп шыдай алмай,  
Күн бұлтқа кеп тығылды қайта шықпай<sup>96</sup>.

Жас ақын Абайдың ақындық дәстүрін қазақ поэзиясында болмаған жаңа үрдіспен дамытып, табиғатқа тіл бітіреді, аспан әлемімен, тылсым тіршілік көріністерімен ой бөліседі. Тұрағұлдың ақындық талантын танытқан терең мағыналы, философиялық мәнді өлең. Осыдан кейін ақын кейбір арнау өлеңдерінен басқа жырлар жазбаған сияқты. Әке ақылымен қарасөз жанрына ауысып, орыс тіліне жүйрік болуы себепті аудармамен айналысқан. Максим Горкийдің «Челкаш» атты әңгімесін қазақ тіліне аударады. Бұл алғашқы аудармасы 1925 жылы «Таң» журналында жарияланады. Жазушы А.С.Неверовтың «Мен өмірге жерікпін», «Ортақшыл Мария» әңгімелерін аударып, 1927 жылы Москвадағы Кеңес Одағының кіндік баспасынан жеке кітап етіп шығарады. 1928 жылы осы баспадан Тұрағұл қазақ тіліне аударған әйгілі американ жазушысы Джек Лондонның «Эскимос Киш» деген әңгімесі «Баланың ерлігі» деген атпен және белгілі поляк жазушысы Болеслав Прустің «Антеқ қыран» әңгімесі жеке кітап болып жарық көреді. «Баланың ерлігі» (Эскимос елінің тұрмысынан алынып жазылған әңгіме)» деп аталған бұл жинақ Тұрағұлдың «Беташар» мақаласымен ашылған.

---

<sup>96</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: Дәуір, 1993. 181-б.

Тұрағұл Абай кеңесімен айналысқан аударма саласында жемісті еңбек етті. А.С.Неверовтың «Я хочу жить» әңгімесін «Мен өмір сүргім келеді» деп емес, «Мен өмірге жерікпін» деп, ал «Мария – большевичка» әңгімесін «Ортақшыл Мария» деп қазақ ұғымына түсінікті етіп аударған. Ол «А.С.Неверов шығармаларының ішкі рухын, сыртқы болмысын терең түсініп, әңгіменің фабуласын сақтауға тырысқан»<sup>97</sup>. Басқа аудармалары да көркемдік жағынан сәтті шығып, ұлттық әдебиетке қосылған қомақты үлес болды.

Абай шығармаларының тұңғыш жинағын Кәкітаймен бірге бастыруға сіңірген еңбегін жоғарыда атап өттік. Ал Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» естелігінің ғылыми, тарихи маңызы зор. Абай қайтыс болғаннан кейін ұлы ақын туралы алғаш рет естелік жазып қалдырған Тұрағұл болатын. Бұл баға жетпес естелікті М.Әуезов үзінді күйінде 1933, 1940 жылдары жарық көрген толық жинақтарында жариялап, Абайдың ғылыми өмірбаянын 1927–1950 жылдары төрт рет қайта жаңғыртып жазу барысында пайдаланған.

Қазақ әдебиетінде естелік жанрының бастауында тұрған Тұрағұлдың бұл еңбегінің басты ерекшелігі – естеліктің Абай қасында үнемі болып, тәрбиесін, тағылымын көрген-білген жайларға құрылып, ұлы ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты әдеби, тарихи және шежірелік деректердің мол қамтылуы. «Таңертеңнен кешке шейін, көбінесе кітабын оқиды да ара-тұра жастықты бауырына басып, алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып өлең жазып тастайды, сол өлең жазардағы түрі: Бір құсаға мінген кісідей өңі қашыңқырап, азырақ еңтіккен кісідей танауы кебіңкіреп, көзі жасаураңқырайды, естір-естілместей қып күңіренгеннің ішінде күбірлеңкіреп кеп жазып кеп кеткенде көп тоқталып ойлана бермейді де, қайта сызып түзетпейді де, өлеңнің тығыны суырылып кеткенге ұқсайды»<sup>98</sup>, – деп Абайдың өлең жазу машығынан сыр шертсе, келесі кезекте әкесі жазған өлеңдерді жаттап,

---

<sup>97</sup> *Атығай Б.Қ.* Абайдың ақындық мектебіндегі аудармашылық дәстүрінің қалыптасуы. Филология ғыл. кандидаты ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2001. 17–18-б.б.

<sup>98</sup> *Құнанбаев Т.* Әкем Абай туралы. Алматы: Ана тілі, 1993. 14-б.



айтқан сөздеріне ықылас танытқанын байқаған Абайдың мақтау сөзін келтіріп: «Мен әкемнің аузынан шыққан сөзді пайғамбардың аузынан естігендей сеніп, адам болады екенмін деп, сол жылғы бастығымыз Шаһкерім қажы болып хақиқаты олай емес, былай деп таласып жататын санды шәкірттің қатарында болдым» деген естелік жолдарынан Абайдың ақындық мектебі болғандығы елес береді.

Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасын Кавказда болып қайтқан кісідей шебер жазу себебіне Тұрағұл естелігі арқылы әбден көз жеткізуге болады: «Жыл сайын бірден, екіден Үркіттен қашқан Кавказдың адамдары келіп, кейде қыстап, кейде бір-екі ай жатып, кісі басы ат мініп кетеді, көбінесе оларды менің әкем Қояндыға барушыларға қосып береді»<sup>99</sup>, – деп көп мағлұмат келтіреді.

«Осы сайлау 1884 жылы болғанда, содан кейін достан, елден түңіліп, соққы жегендіктен, осы өлеңдерді айтқан секілді»<sup>100</sup>, – деп бірнеше өлеңінің тізімін келтіру арқылы Абайдың біржола поэзияға бұрылу себебін ашып көрсетіп, көптеген өлеңдерінің жазылу тарихына назар аударады, азды-көпті түсініктер береді. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп қысты өлең қылғаны сол 84-жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар сәуірдің бесінде кеткен, сонда айтыпты»<sup>101</sup>, «Мәз болады болысың» деген өлеңді 90-шы жылы Семейге барып Тауба деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстар, билерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған»<sup>102</sup>, – деген сияқты құнды деректер Абайдың академиялық шығармалар жинағының басылымдарын дайындауға негіз болды. Осы ретте М.Әуезов Тұрағұлдың абайтануға қосқан еңбегі туралы: «Тұраш 1889 жылдан бастап үнемі әкесінің қолында тәрбиеленгендіктен ақынның әрбір өлеңі қай кезде, кімге арнап жазылғаны, не себептен туғаны туралы, онан соң өзі ес білгеннен бері қарай, әкесінің басынан қандай халдер өтіп қандай мінез, қандай әдет дағдылары болғандығы туралы, өзге жұрттың

---

<sup>99</sup> Сонда, 26-б.

<sup>100</sup> Сонда, 33-б.

<sup>101</sup> Сонда, 38-б.

<sup>102</sup> Сонда, 43-б.

бәрінен артық, бәрінен толық мағлұмат берді»<sup>103</sup>, – деп ерекше атап өтеді.

Абайдың әдебиет мектебінің келесі бір талантты шоғыры – **Шәкәрім Құдайбердіұлы** (1858–1931), **Әріп Тәңірбергенұлы** (1856–1924), **Әсет Найманбайұлы** (1867–1923) ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті тарихында үлкен із қалдырды. Шәкәрім поэзияда, прозада, аудармада, трактат жазуда дәуірлік туындылар жазып, қазақ әдебиетін тақырыптық, жанрлық тұрғыда байытуға үлкен үлес қосты, қазақ лирикасын жаңа деңгейге көтеріп, поэзия мәдениетін дамытты. Әріп пен Әсет махаббат, адамгершілік тақырыбына арналған шығыстық үлгідегі дастандар жазып, өлеңдерінде әділдік, әйел теңдігі, білім мәселелерін қамтыды. Бұл ақындар туралы молынан зерттеліп, жаңадан жазылған он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихында» жеке портреттік тараулар берілді.

Абай алыс-жақын ауылдардан өлеңге әуестігі бар, болашағынан үміт күттірген жас ақындарды өз қасына алдырып, соларға ұстаздық еткен. Ақынның тікелей тәрбиесінде болып, әдеби мектебінен үлкен тәлім алған талантты шәкірттерінің бірі **Көкбай Жанатайұлы** (1861–1925) болатын. Шыңғыстаудың етегіндегі Тақыр өзенінің бойында туған ол жастайынан зерек, өлең-жырға әуес болып өседі. Алғаш сауатын ауыл молдасынан ашқаннан кейін Семейдегі Қамали хазірет медресесінде оқуын жалғастырып, осындағы уездік училищені бітіреді. Ауылына қайтып оралып, өз қаржысына медресе ашады, өмірінің соңына дейін бала оқытып, ағартушылық іспен айналысады. 1913 жылы Меккеге барып, қажылық парызын өтеп қайтады.

Көкбай өз жанынан суырыпсалып өлең шығарған айтыс ақыны да, шығыстық үлгідегі дастандар мен қазақ тарихына арналған поэмалар тудырған жазба ақын да болған. Өлеңді де, эпикалық туындыны да өндіріп жазған. Оның поэзияға құлай берілуі Семейдегі оқуларын бітіріп, Абайға келіп қосылғаннан басталады. Ел ішіндегі бір дүбірлі сайлау

---

<sup>103</sup> Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997. 159-б.

науқанында Семейдің сол кездегі оязы Көкбайдың үстінен түскен арыз бойынша оны жазаламақ болғанда «Сонда өнерлі, оқуы бар жігітті Абай аяп кепілдікке алады. Осыдан соң Көкбай өмір бойы Абай өлгенше оның іні-досы, шәкірті болып кетеді»<sup>104</sup>.

Абай «Жаз», «Күлембайға» деген өлеңдерін 1888–1889 жылдары «Дала уалаятының газетінде» жақын досы, шәкірті Көкбай атынан жариялағаны белгілі. Бұл туралы Көкбай өзінің естелігінде: «1880 жылдан бастап 1886 жылдарға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақытта сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда «Дала уалаяты» мен «Серке» кәзеті шыққанда, бірер өлеңін тағы да менің атыммен жіберді»<sup>105</sup>, – деп құнды дерек береді.

Көкбай ақын Абайдың әдебиет мектебінің әрі оқушысы, әрі оқытушысы бола білді. Оқушы ретінде Абайдың әр айтқан сөзін, ақыл-кеңесін зердесіне тоқып, ақындық талантына үйренді, оқытушы ретінде кейінгі ұрпаққа Абай шығармаларын насихаттап жеткізуде, Тұрағұлмен қатар ұлы ақын туралы баға жетпес естелік жазуда үлкен еңбек сіңірді. М.Әуезов «Көкбайдың ақындығы» атты мақаласында: «1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек көрсеткен еді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі – Көкбай... 1909 жылы Кәкітай бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіртіп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты»<sup>106</sup>, – деп Көкбайдың абайтануға сіңірген еңбегіне жоғары баға береді.

Көкбайдың артында қалған мұрасы да біршама. «Мұсажанға», «Төрөбайға», «Сараң байға», «Зағипаға» атты

<sup>104</sup> Абай. Энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, Атамұра баспасы, 1995. 282-б.

<sup>105</sup> Жүрегімнің түбіне терең бойла: (Абай туралы естеліктер). – Алматы: Жазушы, 1995. 200-201-б.

<sup>106</sup> Әуезов М. Абайтану дәрістері. Алматы: Рауан, 1994. 13-б.

табан астында шығарылған бірқакпай арнау өлеңдерінде адам бойындағы оспадар қылықтар мен кемшіліктерді мінесе, «Дүтбайға», «Ағыбайға» атты өлеңдері Абай өнегесімен жазылған. Бұл арнау өлеңдерінде ұстазының сатиралық дәстүрін берік ұстап, ел ұйтқысын бұзған шенқұмар болыс-билерді сын тезіне алып, арам пиғылдарын әшкерелейді. «Дүтбайға» деген белгілі сатиралық өлеңінде Абай сынаған өз ағайыны Дүтбай болысты оның сыбайлас, парақор тоғыз биімен бірге аяусыз мінейді.

Тоғыз би сөз айтпайды, бөз айтады,  
Дүтбайдың тоғыз бисіз өзі айтады.  
Талтандап көп қарғалар жемге тойған,  
Қызылды көрген сағат кез айтады<sup>107</sup>, –

деген жолдарда араны ашылған ел билеушілерінің келеңсіз қылықтарын әшкерелеген ащы мысқыл, кекесін бар. Бұл ретте Көкбай Абайдың би-болыстарды сынаудағы шенеу әдісін өте шебер қолданған.

Жезі не? Мойнындағы қарғысы ма?!  
Әлде бұл көптің берген алғысы ма?  
Сұм билер бұл қылығын қоймағанда,  
Сөзсіз-ақ ұшырар ер қарғысына  
Би деген кешегі өткен дәуірдегі,  
Ел сүйіп би қойған соң дәуірледі.  
Сөкетсіз бас жарса да, пара алса да,  
Заманы сондайға да тәуелді еді.  
Ендігі шолақ етік, шолтиған би,  
Знак, шенге сатып монтиған би.  
Ұрлыққа түнде аттанып, күндіз сөйлеп,  
Пара жеп, қарны шығып томпиған би<sup>108</sup>, –

деп мейлінше өткір, ызалы, келекеге толы түйреу әдісімен парақор би-болыстың әлеуметтік-психологиялық портретін сомдайды. Абайдың «Болыс болдым мінеки...» өлеңіне ұқсап құлқын қамын ойлаған би-болыстардың ел басқаруға

---

<sup>107</sup> *Көкбай Жанатайұлы*. Шығармалары: өлеңдер, айтыс-қағыстар, кисса-дастандар (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктерін жазған Ж.Әубәкір). – Алматы: Информ-Арна, 2001. 16-б.

<sup>108</sup> Сонда, 17-б.

лайық емес міндерін бетке басып, әділетсіз іс-әрекеттерін шенейді. «Ағыбайға» атты өлеңінде де Ағыбай сияқты қара басының қамын күйттеген, екіжүзді, арам пиғылды ел билеушісін ащы әжуамен өлтіре сынап, паракорлығын мазақ қылады.

Ақын басқа өлеңдерінде де адалдықты, әділдікті ту етіп көтеріп, елдің береке-бірлігін жырға қосады, жатып ішер жалқаулықтың, еңбексіз күнелткен қыдырымпаздықтың зиянкестігін әшкерелеп, тура биліктің құны кеткен замандағы зорлық пен өктемдікті сынайды, жастарды ескілік көлеңкесінде қалмай, жаңалыққа ұмтылуға, өнер-білім алуға шақырады.

Абай үнемі қасында болған ұғымтал да зерек Көкбай шәкіртіне арнайы тақырыпта шығарма жазуға тапсырма беріп, оны өзі сынап баға беріп, түзу жолға бағыттап отырған. Осы ретте Көкбайға: «Сен біреуді дәріптеп, мақтап, мадақтауға ынталысың. Сондықтан Абылайхан, Кенесары, Наурызбайлардың істеген жорықтарын жаз»<sup>109</sup>, – дейді. Көкбай осылай Абай кеңесімен эпикалық ірі туындылар жазуға барған. Оның қаламынан туған «Сабалақ», «Төрт төре», «Қандыжап», «Наурызбай-Фатима», «Ғаділ патша», «Арон Рашид» дастандары – Көкбай шығармашылығындағы үлкен ақындық белестер. Алғашқы үш дастан Абылай хан мен оның батыр ұрпақтары Кенесары, Наурызбай ерліктерін баяндаған тарихи тақырыпқа құрылса, «Наурызбай-Фатима» – негізгі кейіпкерлері тарихи тұлғалар болғанмен ғашықтық дастан, ал соңғы екі дастан «Мың бір түн» ертегісі негізінде қисса жанрында жазылған шығармалар. Осылайша өзінің тақырыптық ауқымы мен сюжеттік желісі жағынан Көкбайдың эпикалық туындылары дербес үш циклді құрайды: біріншісі – қазақ өмірінен жазылған тарихи дастандар да, екіншісі – тарихи тұлғамен байланыстырылған ғашықтық элементтері кездесетін хикаялық дастан болса, үшіншісі – шығыстық желідегі дастандар.

Бірінші циклді құрайтын «Сабалақ», «Қандыжап» және «Төрт төре» дастандары қазақ халқы өміріндегі тарихи оқиғаларды көркем тілмен айшықты баяндайды. Қазақ

<sup>109</sup> Жүрегімнің түбіне терең бойла... Алматы: Жазушы, 1995. 140-б.

тарихында айрықша орны бар, көрнекті мемлекет қайраткері атақты хан Абылай туралы, оның ел қорғау жолындағы ерліктерін халыққа өлеңмен жеткізу Абай санасында орнығып үлкен тілекке ұласса, ұстазының осы арманын Көкбай жүзеге асырған сияқты. Осы шығармаларының ішінде көлемдісі – «Сабалақ» дастаны жас күнінде жетім қалып, Сабалақ атанған кезінен өрлігімен, ептілігімен, батырлығымен көзге түскен Абылайдың ерлік істерін көркем кестелеп, хандық дәуірлеген шағына дейінгі өмірін шынайы суреттейді, қазақ халқының сыртқы жауға қарсы күресте ел болып бірігуінің символдық белгісі ретінде Сабалақтың (Абылайдың) қаһармандық бейнесін жасайды, осы тарихи тұлға образы арқылы халықты ел болуға үндейді.

«Төрт төре» атты тарихи дастаны «Сабалақ» дастанының заңды жалғасы іспетті. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басталу себебі осы шығармада айқын аңғарылады. Дастанның негізгі сюжеттік желісі Абылай хан ұрпақтарының мемлекеттілікті қалпына келтіріп, туған халқының бостандығы жолындағы ерлік күресін баяндауға құрылған.

Шығармада отаршылдық өктемдік салқынына наразылық белгілері сыр беріп, халық мұңы мен арман-тілегі тарихи тұлғалар арқылы айшықты көрсетіледі. Ал «Қандыжап» дастаны көлемі жағынан шағын шығарма болғанымен заман шындығын дәл бере алған көркемдігі қуатты туынды. Дастанда қазақ-қалмақ соғысының шешуші сәттері негізгі кейіпкер Абылай хан бейнесі арқылы айқындалып, тарихи оқиғаның Қандыжап бітімімен сәтті аяқталуын көркем баяндайды. Сюжеттік оқиғасы ширақ жетілген, кейіпкерлерінің іс-әрекеті нақты бейнеленген бұл шығармада Көкбайдың шығармашылық ойлауының тарихи факторы нақтыланып, реалистік сапасы артқан.

Өлең мен қарасөз араласып жазылған «Наурызбай-Фатима» дастанында Кенесары ханның өмір қызығына тоймаған, жастық арыны басылмаған ерке інісі Наурызбайдың барымташылықтан басталған жорығының махаббатқа ұласқан сүйіспеншілік сезімдері мен ел арасындағы татулық пен жарастық жырланса, шығыстық сарындағы «Ғаділ патша» мен «Арон Рашид» дастан-

дарының басты тақырыбы – шынайы махаббат пен адал достық, мейірбандық пен әділеттілік сияқты ізгі қасиеттерге үндеу.

Көкбайдың қазақ әдебиеті тарихына келтірген үлкен пайдасы – оның Абай туралы естелігі. Бұл естелікті М.Әуезов алғаш рет 1924 жылы хатқа түсіріп, Абайдың 1933 жылы шыққан толық жинағында жариялады. Содан бері ұлы ақынның жарық көрген барлық академиялық басылымдарында жарияланып келеді. Естелік-әңгіме Абайдың мінез ерекшеліктерін, ақындық ұстанымы мен парасатын, өлең жазу машықтарын, адамгершілік қасиеттерін толық ашып көрсетеді. «Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қыстыгүні мен жазғы салым болатын. Кейін 89–90-жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарады»<sup>110</sup>, – деп өлең жазу ерекшелігінен сыр шертсе, «Әрқашан Абай ақындық туралы сөйлегенде: «Ол қуат, табиғат сыйы, құдай сыйы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді»<sup>111</sup>, – деп Абайдың ақындық өнерге көзқарасы туралы тың мағлұмат береді. Естеліктің келесі бір тұсында: «Өлең айтқыш жігіттердің сөздеріне нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп ырза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін. Кей біреулеріне өлең қыларлық теманы да беретін сияқты еді»<sup>112</sup>, – деп Абайдың ұстаздық қасиеттеріне тоқталып, осы ретте ұлы ақынның тапсырмасымен Абылай мен Кенесары ерліктерін қалай өлең қылғаны туралы әңгімелейді. Абайдың өмірге, дінге көзқарасы, аңшылық, тоғызқұмалақ, дойбы сияқты ермек түрлерімен айналысуы мен басқа да түрлі қырларын осы естеліктен оқып білуге болады.

«Тегінде Көкбайдың анық айтқыш, талантты ақын екенін Абай өзі де өз шығармаларында бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен-ді. Ұстаз ақын Абайдың шығармаларына аты кірген шәкірт ақынның өзі де жалғыз ғана Көкбай болатын»<sup>113</sup>, – деп М.Әуезов айтқандай, Көкбай Абай мек-

---

<sup>110</sup> Жүрегімнің түбіне терең бойла. 201-202-б.

<sup>111</sup> Сонда, 202-б.

<sup>112</sup> Сонда, 204-б.

<sup>113</sup> Әуезов М. Абайтану дәрістері. Алматы: Рауан, 1994. 14-б.

тебінің ақыны деген атақты анық ақтаған, ұстазына өле-өлгенше адалдығын білдіріп кеткен талантты ақын болды.

Көкбайдың өзі де:

Жаннатта жаның болғыр, Абай құтып,  
Қасында бос жүріппіз шатып-бұтып.  
Осындай ен дарияны жайлағанда,  
Тым болмаса қалмаппын қана жұтып<sup>114</sup>, –

деп Абай талантына бас ұрып, даналығын дәріптейді.

Абайдан алдым сабақ бала жастан,  
Тең бар ма ойға терең онан асқан.  
Алды бейіш, артына ырыс болсын,  
Мен дағы бір жұртымын ізін басқан<sup>115</sup>, –

деп өзінің ұстазына деген шәкірттік сүйіспеншілігін білдіріп, адалдығын танытады.

Көкбайдың маңыздылығы Абайдың тікелей шәкірті болуымен ғана өлшенбесе керек. Қазақ өмірінен әлеуметтік мәселелерді қамтыған өлеңдері мен тарихи тақырыпқа жазған дастандарының өзіндік эстетикалық мәні бар. Жаңашыл үрдістегі көркемсөз шебері ретінде ол ағартушылық бағыттағы поэзияның терең мағыналы үлгілерін өмірге әкелді. Халықтық әдебиет пен жазба әдебиет дәстүрін қатар дамыта білген ақын есімі әдебиет төрінен өзінің лайықты орнын алды.

Абайдың тікелей тәрбиесінде болған талантты ақындардың бірі **Уәйіс Шондыбайұлы (1873–1925)** әрі әнші, домбырашы, гармоншы болған. Өлеңдеріне ән де шығарған. Жас таланттың болашағынан мол үміт күткен Абай Уәйісті арнайы шақыртып алып, өлең айтқызып, ән салдырған, тақырыптар беріп, үлкен туындылар жаздырған. 1893–1898 жылдары Абай қолында болып, ұлы ұстазынан ақындық өнердің қыр-сырына қанығады, Абайдың ақыл-кеңесіне зейін салып, көп үлгі-өнеге алады, оның ақындық дәстүрін

---

<sup>114</sup> Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Екі томдық. Құраст.: М.Байділдаев, М.Мағауин. Алматы: Жазушы, 1989. т. 2. 308-б.

<sup>115</sup> *Көкбай Жанатайұлы*. Шығармалары. Алматы, 2001. 23-б.



берік ұстап, шығармаларында халқының мұң-мұқтажын, арман-тілегін жырға қосады.

«Қайғылы хал» деген алғашқы өлеңінде-ақ әділетсіз замандағы халықтың ауыр жағдайына наразылығын білдіріп, жұртшылыққа зорлық-зомбылық көрсеткен ел билеушілерінің зұлымдық әрекеттерінің әшкерелейді.

Кеңшілік кедейлерге заман бар ма,  
Қайғымен көп қамыққан адамдарға.  
Әлсізді әлі жеткен аңдып жеп жүр,  
Болған соң уақыт осы амал бар ма<sup>116</sup>, –

деп заман шындығын дөп басып, халықтың қайғылы хал-ахуалын ашық көрсетеді. «Ойлаған көз жіберіп кісі бар ма, Заманды халық үшін жақындаған» – деп заманның осы қалыпта тұра бермейтіндігіне көз жүгіртеді. «Аз мәселе сөйлейін» өлеңінде адалдық, әділдікті ту етіп көтеріп, ардан безген ел қанаушыларын қатты сынға алады, халық қанын сорған жемқорларды екі жүзді сатқын – «мунафикке» теңеп:

Адалдық жолын жасырған,  
Хайуан ба бұл, адам ба?!  
Ардан безген айуандар,  
Жолығарсың аранға!<sup>117</sup>–

деп Абайша сөйлеп, ар атынан үкім шығарады.

«Жүреді жұрттың көбі қарасынға», «Адамға нәпсі – қасқыр, ақыл – қапқан», «Кедейді обалсынбай байлар талап», «Адам бар ма аңғарсаң», «Іші – у, сырты – ду», «Тексеріп мұның бәрін көрді көзім» және басқа да өлеңдерінде ақын Абайдан алған тағылымнан айнымай, сыншылдық әдісті берік ұстанады, ел басқарған, шен алып, шекпен кигеніне масаттанып жүрген әкім-қаралардың қарапайым халыққа жасаған жауыздығын әшкерелеп, қараңғы қапастағы еңбекші халықтың сана-сезімін оятып, үстемдікке қарсы күреске шақырады.

<sup>116</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 2-кітап. Алматы: Дәуір, 1994. 210-б.

<sup>117</sup> Сонда, 212-б.

Уәйіс 1916 жылғы оқиғаларға да үн қатып, байлардың қара бастарының қамын ойлау мақсатында кедей балаларын майданның қара жұмысына алуға тізіп берген қиянаттарын ашына айтып, патшаның жергілікті жердегі қолшоқпарларының зұлым қылықтарын аяусыз шенейді, халықты әділетсіздікке бірлесіп қарсы тұрып, ашық күреске шығуға шақырады. Осы ретте «Бастаушы әділ болмаса» өлеңі Абай үлгісімен жазылған.

Бастаушы әділ болмаса,  
Бүтіндік болмас халқыңда.  
Қола жиып, мыс құйып,  
Саудалайды алтынға.  
... Бас сайлауда,  
Көнбе айдауға,  
Дүние тұрмас қалпында.  
Айдыны азсын,  
Күл боп тозсын,  
Найзағай боп жарқылда.  
Дүние өтер,  
Сұмдар кетер,  
Сен қаларсың артыңда<sup>118</sup>

деген жалынды күреске шақырған жігерлі өлең жолдары Абайдың «Елде жақсы қалмады...» өлеңін еске түсіреді.

«Адам бар ма аңғарсаң» өлеңі де елді қанаған, мансапқор ұлықтардың адамдықтан безген қылықтарын әшкерелеуге арналған.

Ұлық болса осы күн  
Жақының саған қарамас.  
Өзін сақтап, сені жеп  
Сатуға жауға аямас, –

деп тағы да Абай үлгісімен қолына билік тиген әкімдердің екіжүзділігін айқын сипаттап, опасыздығын бетке басады. Абайдың И.А.Крыловтан аударған «Емен мен шілік» өлеңінің сюжетін еске алып:

---

<sup>118</sup> Сонда, 214-215-б.б.

Келеке қылып шілікті,  
Мерт болған жоқ па терек те.  
Осы да мәлім емес пе,  
Зиына бар зерекке<sup>119</sup>

деп Абай дәстүрінше, авторлық тың қорытынды жасайды.

Уәйіс өз шығармашылығында ұлы ұстазы Абайды темірқазық етіп ұстап, әркез мақтан еткен, шәкірттік пәк көңілмен жырға қосып, мақтан тұтқан. «Дүние байқағанға бір кең сарай» деп басталатын өлеңінде қорлықта өткен халқының қамын ойлап, талапты жастарды елінің азаттығы жолындағы күреске шақырады, оларға зор сеніммен қарап, Абайды үлгі етеді:

Жан құрбан халық үшін қылайық та,  
Бұл істен не боламыз қашқанымыз.  
Ақылын айтып-айтып Абай кеткен,  
Қазақта сол емес пе асқанымыз.  
Халықтың анасындай қамын жеген,  
Қайраты Үрістемдей дастанымыз<sup>120</sup>, –

деп ұлы ақынның ел қамын жеген қамқорлығын, тығырықтан жол іздеген даналығын айтып, жастарды жігерлендіреді.

Ақын «Тартыстың табысы», «Бір қыздың уақиғасы», «Жошы – Алаша хан», «Иванушка – дурачок», «Тәуке – Жікібай» оқиғалы дастандары мен поэмаларын жазған. «Тартыстың табысы» поэмасында бірінші дүниежүзілік соғыс, азамат соғысы, шетел басқыншылығы сияқты тарихи оқиғалар ақындық тілмен нанымды суреттеледі. Уәйіс соғыстың халыққа әкелер ауыр зардабын жете түсініп, тарихтан сабақ алуға шақырады, соғыс апатын дәлме-дәл баяндап, тарихи шындықтан алшақ кетпейді.

«Бір қыздың уақиғасы» поэмасы атақты «Қырық уәзір» хикаясынан алынған сюжет негізінде жазылған. Махабатқа адалдықтың қыр-сыры пендешілік пен рақымшылық, төзімділік пен кеңшілік қасиеттер арқылы тізбектеліп,

<sup>119</sup> Сонда, 216-б.

<sup>120</sup> Сонда, 220-221-б.б.

поэма соңы оқырманға сұраумен аяқталады. Ақын айтқан жұмбақтың шешімі де қиын: патша қызына ғашық болған жігіт төзімділігі, қыздың атастырылған жігітпен арадағы уағдаластығы, болашақ жарының қыздың өзіне ғашық болған жігітпен кездесуіне рұқсат етуі, қыздың жолшыбай екі ұрыдан ақылдылығының арқасында аман қалып, өзіне ғашық жігіттен бата алуы сияқты уақиғалар тізбегі оқырманды ойлау қабілетінен адастырады. Сондықтан да ақын соңғы шешімді оқырманның өзіне қалдырады.

«Жошы – Алаша хан» дастанының оқиғасы «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызымен тығыз байланысты. Аңызда Жошының өлімі мен Шыңғыс ханның қайғы-қасіреті баян етілсе, Уәйіс дастанында оқиға желісі сол бетінде қайталанғанымен хан Алаша есімімен суреттелген. Ақын өз шығармасының кейіпкерлерін ұстазы Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде айтылатын Алаша хан бейнесінен алса керек. Дастанның басты тақырыбы да, сюжеттік желісі де ақындық талант пен күйшілік өнердің зұлымдық пен қатігездікті жеңген құдіретті күшін дәріптеу болса, Уәйіс көркем тілмен, шебер өлең орамдарымен бұл мақсатына жеткен.

«Иванушка – дурачок» дастаны орыс жазушысы П.П.Ершовтың «Конек-горбунок» өлең-ертегісі желісімен жазылған. Абай осы ертегіні өте ұнатып, ақын шәкірттеріне тақырып етіп ұсынғанда Уәйістің үлесіне тиген.

Өз кезегінде Уәйіс ақын Ершовтың атакты дастанының уақиғасын қазақ ұғым-түсінігіне бейімдеп, ұлттық ауыз әдебиетінің ертегі үлгісімен жырлап шыққан. Дастанда орыс ертегісіндегі кейіпкерлердің барлығы аталмай, бас кейіпкер Иван ғана айтылып, оның өзі қазақ ертегісіндегі тазша бала бейнесінде суреттеледі. Уәйіс Иванның патша қызының жүзігін іздеп шығып, жер-жаһанды шарлаған сапарын толық баяндамай, ертегі уақиғасын мүлдем қысқартады, дастанның басты сюжеті ретінде жүзікті ғана алып, ұтымды пайдаланады, оқиға желісін шарықтау шегіне жеткізіп, бас кейіпкердің бақытқа қол жеткізген шағын:

Той қылды қызын беріп он күн ұдай,  
Тәж, такыт – бәрін беріп, болды жұрдай.

Жалқаулар көп ұйқыдан түк тапқан жоқ,  
Еңбектің нәтижесі міне осындай.  
Патша боп үкім шашып тұрды дейді,  
Ертектің рас болса айтқанындай<sup>121</sup>, –

деп шабытты жыр жолдарымен аяқтап, Ивандай өнерпаз, еңбекқор жігітті үлгі етеді. Сайып келгенде, «Иванушка» поэмасы – ХХ ғасыр басындағы Абай қалыптастырған аудармашылық мектеп өкілдерінің үлкен талпыныс, таудай талабын көрсеткен елеулі дүниелердің бірі. Оның авторы Уәйіс Шондыбайұлы да өмір бойы Абай өсиет еткен жолдан айнымай, сол жолда ұлттың әдебиеті мен мәдениетіне рухани құндылықтар бере алған үлкен дарын иесі еді»<sup>122</sup>.

Ал Уәйістің «Тәуке–Жікібай» поэмасы – таза қазақ өмірінен алып жазылған шығарма. Поэмада көршілес отырған керей мен тобықты руларының арасындағы кезекті бір барымта оқиғасы суреттеледі. Автор оқиғаны шығарманың бас кейіпкері Тәуке атынан Бықия деген келіншекпен арадағы айтыс түрінде баяндайды. Шығармада ел арасындағы ру тартысы, барымта сияқты келеңсіздіктердің бейбіт халыққа тигізер зардабы Бықия атынан сыналып, татулыққа, береке-бірлікке шақырған ақын үні айқын білінеді.

**Мұқа Әділханұлы (1857–1927)** – Абай мектебінен тәрбие алған талантты шәкірттерінің бірі, асқан домбырашы, скрипкашы, әнші, ақын болған. Ауыл молдасынан сауатын ашқан Мұқа жас күнінен ән-күй, өлең-жырға көңілі ауып, домбыра шертеді, күй тартып, ән салады, скрипкада ойнады үйренеді. Әкесі Әділханның туған інісі Қараханның Әлімхан деген баласының Исахан атты ұлы қайтыс болып, әйелі Фатиха жесір қалады. Исаханның жылы жақындаған кезде жас сұлу Фатиханы Әлімханның екінші баласы Мұсаханның әйелінің үстіне қоспақшы болады. Бірін-бірі ұнатқан Мұқа мен Фатиха жасырын қашып, Абай аулына келеді. Абай барлық жағдайды білген соң Әлімханға хат

<sup>121</sup> Сонда, 283-б.

<sup>122</sup> *Атығай Б.Қ.* Абайдың ақындық мектебіндегі аудармашылық дәстүрінің қалыптасуы. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2001. 14-б.

жазып, дауды тоқтатады. Осылайша Мұқа Абай аулында қалып, ұлы ақынның жақын досы мен сүйікті шәкірттерінің біріне айналады.

Мұқа негізінен, шебер домбырашы, әнші, скрипкашы ретінде белгілі. Ақындыққа құлай берілмесе де, Абай дәстүрінен тағылым алып жазған өлеңдері де аз емес. Жас күнінен өз жанынан суырыпсалып өлең шығарып, әндеріне қосып айтып жүрген. Абай поэзиясынан сусындап, ұлы ақыннан тәлім-тәрбие алғаннан кейін өлең сөзге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Абай дәстүрімен өлеңді терең толғанып, жазу жолына түседі. Скрипкада өте ұнатып тартқан шығармасы – «Дунай толқыны» күйінен алған әсерін төрт шумақ өлеңге сыйғызып, өнердің адам жанын баураған құдіретін жыр етеді. Туған жері – Көкен тауын көркем кестелеген «Көкен» атты лирикалық толғанысқа толы өлеңі Мұқа поэзиясындағы орны бөлек шығарма. Абай ұстазын өзі туып өскен Көкен тауына қонаққа шақырғанда шалқар шабыт үстінде жазған бұл өлеңінде әсем табиғаттан алған әсері, көңіл-күйі, сезімі ақындық оймен терең қабысады.

Тау Көкен күңгірттенген көкшіл мұнар,  
Көтеріп көкке таман мойын сұнар.  
Қиялап адам жүрмес қиын жартас,  
Ойласаң пенделікпен дейсің құлар<sup>123</sup>, –

деп Көкен тауының сұлу көрінісін шебер суреттейді.

Әртүрлі миуалар бар шыққан тегін,  
Ақылмен болжап болмас артық-кемін.  
Безеніп, қонақ келсе, тұралық деп,  
Жамылды түрлі ағаштар көк желегін.

Тал көктен, қайың ақтан, киім киіп,  
Керіліп, кербезденіп, басын иіп.  
Басына шырмауықтан үкі тағып,  
Шолпысы сылдырлайды жерге тиіп<sup>124</sup>, –

<sup>123</sup> Абайдың ақын шәкірттері. 3-кітап. Алматы: Дәуір, 1995. 286-б.

<sup>124</sup> Сонда, 286-287-б.

деген өлең шумақтары ақынның ішкі жан дүниесін табиғат құбылыстарымен сезініп көркем бейнелегенін білдіреді. Мұқаның тау тылсымын суреттеудегі төгіліп түскен тамаша жыр тіркестері Абайдың табиғат лирикасын, соның ішінде жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерін еске түсіреді.

Негізгі тақырыптық желісі сақталған, бірақ соңғы жағы жоғалған «Нүрке өлгенде» өлеңі Абайдың осы іспетті Әбдірахманға, Оспанға арналған өлеңдері ізімен жазылғанға ұқсайды. Өлең Абайдың замандасы, әрі жақын досы, өз кезінің белгілі де беделді адамы Нүрке Шынқожаұлының арғы аталарының халыққа сіңірген еңбегін атай отырып, «Қайырлы, жомарт, шын мырза, Шапағатты шешенім, Артында халқың бек риза» деп мақтауын асырған Нүркенің адамгершілік, адалдық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерін елге үлгі етеді, өзі теңдес қазақтан артық туған, әділдікті ту етіп көтеріп, халқына қамқорлық жасаған ел билеушісінің кісілік келбетін шебер суреттеп көрсетеді. Осы өлеңі арқылы Абайдың ақындық дәстүрін берік ұстанғандығын тағы да байқатады.

М.Әуезов Мұқа талантына тәнті болып, «Абай жолы» эпопеясында оның атын еш өзгертпей, негізгі кейіпкердің бірі ретінде алып, әнші ақынның бейнесін Абай тұлғасымен тұтастыра көркем суреттеп берді.

Абай туып өскен Шыңғыстау өңірімен көршілес Қызылмола болысының (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы Белтерек ауылдық округы) қазағы **Иманбазар Қазанқапұлы да (1868–1943)** ұлы ақыннан тікелей тәлім-тәрбие алған талантты ақындардың бірі. Әкесі Қазанғап Қынашұлы мұсылманша, орысша сауатты, көзі ашық, еліне сыйлы адам болған. Меккеге үш рет қажылық сапарға барып қайтып, туған аулында медресе ашқан, жылқы тұқымын асылдандырумен айналысып, үйінің маңына бау-бақша отырғызған. Иманбазар осындай үлгілі әкенің тағылымды тәрбиесін көріп, алғашында ауыл молдасынан хат таниды, одан кейін Семейдегі бес кластық медресені оқып бітіреді, сонда жүріп өз бетінше орыс тілін үйренеді. Ел басқару ісіне ерте араласып, Қызылмола болысы № 1 старшындық ауылының, одан кейін болыстың халық соты болып қызмет істейді. Әкімшілік істер атқа-

ра жүріп, талмай оқып ізденеді, Шығыс, Еуропа, орыс классиктерінің шығармаларын оқиды. Өз бетінше түрлі тақырыптарға өлеңдер жаза бастайды. Алғашқы өлеңдері қазақ баспасөзінің қарлығышы – «Дала уалаятының газетінде» 1888–1889 жылдары жарияланады.

Газеттің 1889 жылғы 20 санында басылған Иманбазардың «Ай, ағалар, тыңдаңыз мына газет сөзін» өлеңі<sup>125</sup> Семей медресесінде оқып жүргенде «Дала уалаятының газетіне» арнап шәкірт қиялынан туған көркемдік жағынан ортанқол туынды болғанымен жаңа ашылған газетті оқуға насихаттап, дәуір үнін білдірген. Газетшілер атынан берген түсінікте: «Осы өлеңді өзімізге жақсы ат үшін басып тұрғанымыз жоқ, оқу білетін жас қазақ жігітінің көңілінің рақымдылығын білдіріп тұрмыз»<sup>126</sup>, – деп талантты жастың ақындыққа бел бұруына жол ашқан. Осының алдында газеттің сол 1889 жылғы 7-санында «Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай аулының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген атпен Абайдың «Жаз» өлеңі Көкбай атынан басылған болатын<sup>127</sup>.

Абайдың жас ақынмен таныс-білістігі Иманбазардың газетте жарияланған өлеңін оқудан басталса керек. Оның үстіне Абайдың сүйікті баласы Мағауия да осы жылдары Семейде оқып, Иманбазармен жақын достық қатынаста болған. Абай да жас талапты ұнатып, ауылына қонаққа шақырған, оның соңы ұзаққа созылған ұстаз бен шәкірт арасындағы риясыз шығармашылық қарым-қатынасқа ұласқан. Иманбазар қолы босай қалған сәтте ұстаз қасынан табылып, Абайдың ақыл-кеңесін тыңдаған, ақындық талантының қыр-сырына үйренген.

Иманбазар Абайдың әдебиет мектебінің талантты шәкірттерінің бірі ретінде танылып, поэзияда өзіндік із қалдырды. Абайға еліктеп лирикалық өлеңдер, эпиграммалар мен арнаулар жазып, романтизмге бой ұрды. Ұстазының өтінішімен шығыс тақырыбына «Әнибал» (1909), «Алтын сақина» (1911) дастандарын жазды. «Алтын сақина» дас-

<sup>125</sup> Дала уалаятының газеті. Алматы: Ғылым, 1989. 112-б.

<sup>126</sup> Сонда, 626-б.

<sup>127</sup> Сонда, 89-90-б.б



таны үзінді күйінде ғана жеткен. Замандастарының айтуына қарағанда Еуропа ақындарының бірінің баллада түрінде жазған шығармасының аудармасы болуы мүмкін, махаббат жолында қапыда қаза болған ғашық жігіттің есірік қылығы туралы дидактикалық мазмұндағы туынды.

Ақын атын шығарған «Әнибал» дастаны – шығыс сюжетіне құрылған романтикалық сарындағы шығарма. 1909 жылы Қазандағы ағайынды Каримовтар баспаханасынан «Қисса-и Әнибал» деген атпен жеке кітап болып басылып шыққан. Дастанның негізгі идеясы – әйелдің бас бостандығы. «Қалың малға сатылып, еріксіз күйеуге берілген қазақ әйелінің көретін қорлық-зорлығының бәрі Әнибалдың аузынан айтылады, тек мұң-зар ретінде айтылып қана қоймайды, адамгершілік тұрғысынан қатты сыналады»<sup>128</sup>.

Жан апа-ау, патшаға айт арызымды,  
Құдайға, шарифатқа сөзім шын-ды.  
Әрбір қыз, өзі таңдап барсын байға,  
Тілек беріп тарқатсын біздің мұнды<sup>129</sup>, –

деген басты кейіпкер – Әнибал қыздың талабы заман талабы болып естіледі. Бұл дастанның басты сюжеттік желісі. Қызының өтінішіне құлақ асқан ақылды әке – Рамұл патша үкімімен шыққан жаңа мизам болашақ жарқын өмір елесі іспетті:

Әркім өзі сүйгенін алады деп,  
Қыз бенен бозбалаға теңдік тиді.  
Малға сатып жас қатын алатұғын,  
Әуесқой бай, шалдардың іші күйді<sup>130</sup>, –

деп махаббат теңдігін асқақтатып, ескіліктің есірік қылықтарын әшкере етеді. Теңдік символы Әнибал қыз бен әділ патша Рамұл бейнелері арқылы адал махаббат пен әйел теңдігін, жоғары адамгершілік қасиеттерді жыр-

---

128 Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Алаш, 2005. 193-б.

129 Абайдың ақын шәкірттері. 4-ші кітап. Алматы: Дәуір, 1997. 178-б.

130 Сонда, 180-б.

ға қосады. Ұстазы Абайға ұқсап «өлеңді ермек үшін жазбайтындығын»:

Мұнда жоқ қыздырмалы қызықты сөз,  
Көп ұзатпай осылай тоқтаттым тез.  
Не қылса әңгіме үшін айтқаным жоқ,  
Пайдасы кейінгінің көреді көз<sup>131</sup>, –

деп білдіріп, кейінгі ұрпаққа қалар тағылымды ой тастайды. Тіпті соңғы шумағын: «Ер Көкше ақын мұны айтқан қазақ үшін» деп Абайдың Көкбай атынан шығарған қалпынша ақындық сыпайылық танытады.

Иманбазар қазақ халқының сол кездегі өмірін шынайы бейнелеген басқа да өлеңдер жазып, суырыпсалма ақын ретінде де белгілі болған. Бұл ретте Көкбайдың жиені Жүнісхан Бүркітбайұлымен айтысқа түскен. Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаевтармен жақсы қарым-қатынаста болып, ұлт көсемдері бастаған жолды ұстанады, Алаш идеясын қолдап, Семей уездік земствосының мүшесі ретінде халық арасында үлкен мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізеді. Абайдың ұлы Мағауиямен медреседе оқыған кезінен бастап жақын сырлас дос болып, аулына жиі барып, хат алысып тұрады. Мағауия қатты сырқаттанып, қайтыс боларының алдында Иманбазарға өлеңмен қоштасу хат жазған деген сөз бар. М.Әуезов осы хат туралы 1930 жылдары Иманбазарға хат жазған деседі. Бірақ Алашорда қозғалысына қатысы бар болуы себепті Иманбазар 5–6 жыл ауылынан алыста басқа колхозда есепші болып еңбек етеді де, қайтыс боларының алдында бір сандық толы ескі кітаптар мен қолжазбаларын өзі жерленген зират маңына көмдіреді. Бұл сандық сол беті табылмай, құпия күйінде қалды.

Ақын қартайған шағында да қаламын тастамай, жаңа заман туралы шабытты жырлар шығарған. 1941 жылы шілде айында Семейде өткен облыс аралық халық ақындары слетіне қатысып, ел қорғауға арналған қамал бұзар өлеңдер жазады. Отаншылдық сезімге толы бұл жырлары Мәскеу-

<sup>131</sup> Сонда, 181-б.

де шыққан орталық «Правда», «Социалистік Қазақстан», «Екпінді» газеттерінде жарияланады.

Ақынның Абай кеңесімен махаббат тақырыбына жазған «Әнибал» дастаны қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі туынды болып табылады.

**Әубәкір Ақылбайұлы (1881–1934)** – Абайдың үлкен баласы Ақылбайдан туған немересі. Кішкентайынан Абайдың інісі Оспанның әйелі Еркежанның бауырында өсіп, ән-жырға құмар болады, өлең шығаруды әдетке айналдырады. Немересінің ақындық қабілетін байқаған Абай оны ерекше қадірлеп, өз қолында тәрбиелейді. Есейе келе атасы Абайдың тапсырмасымен әзіл, мысқыл, ащы тілді әжуа, сықақ өлең шығару дәстүрін берік ұстап, ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираның дамуына өзіндік үлес қосады. Кедейліктің зардабын көп тартқанымен, ақындық өнерімен ел құрметіне бөленеді. 1930 жылдардың зобалаңы кезінде жазықсыздан-жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, көп бейнет шегеді, сол азап салдарынан ауырып қайтыс болады.

Әубәкір әкем қойған менің атым,  
Жаратылыс шығарған зор қуатын.  
Ырғызбай, би Өскенбай, арғы тегім  
Құнанбай қажы еді шыққан затым.  
Әубәкір менің атым, әкем Абай,  
Жоқ-жітік арып-ашып келген талай.  
Нағашым ер Қазыбек, би Алшынбай,  
Мен түгіл жарлық қылған қосшы-малай, –

деп бүкіл қазаққа мәлім ата-бабасын зор мақтанышпен жырға қосқан ақын өмір бойы осы текті әулетке лайықты болуды өзінің басты борышы санайды. Абай атасы үлкен үміт еткен сенім үдесінен шыға біліп, қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңба қалдырады.

Әубәкір өз шығармашылығында Абай айтқан сатиралық бағытты ұстанып, осы жолынан айныған жоқ. Ащы әжуа, мірдің оғындай мысқыл түріндегі өлеңдерін қолма-қол суырыпсалып та, жазып та шығарған. Өзіне ұнамаған келеңсіз жайттар мен адамдардың оспадар қылықтарын аяусыз сынап, бетің бар, жүзің бар демей ашық айтқан. Ақынның сын садағы ел ішіндегі паракор, мансапқор

билерге жай оғындай тиген. «Билерге» атты өткір мысқылға толы өлеңі қара басының қамын ғана ойлап, құлқынның құлы болған ел билеушілерінің пасық әрекеттерін әшкерелейді.

Ішінде байың да бар, кедей де бар,  
Кедейлігі болмаса, егей де бар.  
Тайлы бие тамаққа жүк болмайды,  
Неше түрлі жалмауыз көмей де бар<sup>132</sup>, –

деп сол заманда ел басқарған екіжүзді, опасыз билердің тұтас сатиралық портретін жасайды.

«Болысқа» эпиграммасы Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңіне еліктеп жазылған. Бұл өлең тура жолдан тайып, мансап, билік үшін дүние-мүлкін шашқан дүние-қоңыз, жағымпаз болыстың сатиралық бейнесін сомдайды. «Өтірікшілерге», «Мұсабайға», «Ғабидоллаға», «Досмағамбетке» өлеңдерінде де халық надандығы мен мешеулігін өлтіре сынаған.

Әубәкір сатиралық шығармашылығымен қоса үлкен поэзиялық туындыларға бет бұрып, «Мамай батыр», «Әнет бабаң», «Ақтабан шұбырынды» тарихи дастандары мен «Оралбай мен Керімбала», «Әреке мен Береке» атты әлеуметтік тақырыптағы дастандарды жазып шығарған. Отызыншы жылдардағы ел басына туған аштық-зомбылық кезенді бейнелеуге арналған «Шыңғыстау» поэмасы дәуір шындығын шебер суреттеген көркем туынды болып табылады. Ақын талантының тағы бір ерекше қыры – әлеуметтік, әйел теңдігі мәселелері туралы екі адамды айтыстырып та өлеңдер шығарған. Кеңестік заманға байланысты «Кооператив» сатиралық өлеңін, «Советтік наркескені» және т.б. өлеңдер жазған. Әнші-композиторлығымен де танылған. Бұл ретте халық арасында оның өз өлеңдеріне шығарған «Көкен қалқам», «Әліпби», «Әубәкірдің әні», «Дарига» атты құлаққа жайлы, дауысқа жеңіл әндері жиі айтылады.

Жинақтап айтқанда, қазақ әдебиеті тарихында өзінің жолын қуып, ақындық талантынан үлгі алған, ұлт әдебие-

<sup>132</sup> Сонда, 260-б.

ті дамуына жаңа үрдіс әкеліп, тақырып, жанр, көркемдік ерекшеліктер жағынан түрленуіне өзіндік үлес қосқан Абайдың әдебиет мектебі болғанын оның талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығы мысалында айқын көз жеткіздік. «Сөйтіп Абай айналасында үлкен тәрбие мектебінің болғанын көреміз. Міне, Абай мектебінің қазақ әдебиеті топырағына үлкен жаңалық әкелгенін көреміз»<sup>133</sup>, – деп М.Әуезов өзі ұлттық әдебиеттану ғылымында берік негізін қалап кеткен Абайдың әдебиет мектебінің өкілдері өздерінен кейінгі қаламгерлерге де ақындық дәстүр жағынан игі ықпал етіп, шығармашылық сабақтастықтың жалғастығын нақты дәлелдеп берді.

---

<sup>133</sup> Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы: Ғылым, 1988. 195-б.

## АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ РЕНЕССАНСТЫҚ СИПАТЫ

Қазақтың реалистік бағыттағы жаңа әдебиеті оның негізін салған Абай Құнанбаев есімімен байланыстырылып, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің соңғы төртінші кезеңін аяқтайды. Абай өзіне дейінгі сан ғасырлық әдебиеттің озық қасиеттерін өз бойына сіңіріп, оны өзіндік көркем әдіс жасау дәрежесіне көтерді. Абай шығармашылығы – қазақтың жазба әдебиетінің жаңа өрлеу, өркендеу, кемел биігіне жеткен кезеңі болды. Адамды негізгі кейіпкер дәрежесінде ғана сомдап қана қоймай, оны көркем бейнелеу әдісін ұлт әдебиетіне Абай әкеліп, адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік бет-бейнесін терең ашып көрсетуді сөз өнерінің басты міндетіне жатқызды, поэзияның шыншылдық сипатын күшейту барысында әдебиеттің сыншылдық әдісін өмірге әкелді. Адамның ішкі жан дүниесіне терең үңілу негізінде қоғам дамуындағы әлеуметтік мәселелерді батыл ашып суреттеді. Абай поэзиясында өмірдің келеңсіз құбылыстары, адамзат дамуына кедергі жат қылықтар аяусыз сынға алынып, өлең нысанасының әшкерелеушілік қуаты күшейді. Абай қазақ өлеңінің тақырып ауқымын молайтып, әлеуметтік сарынға жаңаша әр, мазмұн берді, өлең құрылысында үлкен бетбұрыс жасап, қазақ өлеңін түр жағынан байытты, ұлттық поэзияға жиырмадан астам жаңа өлең өлшемін әкеліп, ақындық өнерді биік сатыға көтерді. Абай өлеңдері арқылы қазақ өлең өнері парасатты, кемел де мәдениетті поэзия деңгейіне шықты.

Тарихи сабақтастық – қоғамның әдеби-көркем дамуының объективті заңдылығы, жаңашылдық мәдениеттің айшықты белгісі. Бұл жаңашылдық заңдылық қағидаларын ғылыми тұрғыда дұрыс пайымдай білу – көркем шығар-

машылық дамуына саналы түрде ықпал студің алғышарты болып табылады. Ұлт әдебиетінің өткен тарихындағы ұлы тұлғалардың мән-маңызы артында қалған бай әдеби мұрамен ғана шектелмесе керек. Олардан бізге осы талант иелерінің замандастары мен одан кейінгі ізбасарлары қабылдаған өзіндік шығармашылық тәжірибе келді. Бұл тәжірибе өз кезегінде басқалардың шығармашылығында басқаша өмір сүруін жалғастырады да, түпнұсқадан бөлектеніп, біздің кезге ортақ қоғамдық игілік ретінде жетеді. Рухани құндылықтардың тарихи мирасқорлығының осындай заңына сәйкес өткеннің әр ұлы ақыны кейінгі ұрпақты тікелей өз шығармаларымен ғана емес, оның мұрасы тікелей қатысқан одан кейінгі барлық буын өкімдері өсірген рухани жеміспен жанама түрде байыта түседі.

Осы тарихи заңдылық тұрғысында қазақ әдебиетіндегі, соның ішінде оның жаңа жазба дәуірінің көшбасшысы Абай поэзиясындағы рухани және шығармашылық мәселелері мен жаңашылдық ерекшеліктерді сөз қылғанда әдеби даму үрдісін жете түсіну үшін оның өткен кезеңдерден нені тағылым еткенін біліп қоймай, қандай мұраны қанағат еткендігі турасындағы әңгіме қозғамай болмайды.

Ақын-жыраулар поэзиясынан өршіл азаматтық, ұлтжандылық пафосты қабылдап бойына дарытқан ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Абай бастаған жаңа сипаттағы қазақ жазба әдебиеті сол тұстағы қоғамдық және эстетикалық ойдың айнасы болып, бұрынғы әдебиеттің кейбір ескірген дәстүрлерінен арылған озық шығармаларды дүниеге әкелгені аян. Абай М.Әуезов атап өткендей өз шығарымпаздығының үш қайнар көзі: қазақ фольклоры мен әдебиетін, Шығыс әдебиетін, орыс және Батыс әдебиетін көп оқып, көп тоқыды, осы үш тұнық бастауды өмір бойы танып-ізденумен өтті, оларды бір-бірімен шебер ұштастыра, толықтыра білді.

Абай – шын мәніндегі жаңашылдық тұлға. Шығыспен Батыс халықтарының қоғамдық және рухани өмірі тарихындағы бұл ұлы өрлеудің жаңа дәуірі – ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Ағартушылық кезең Шығыс Ренессансының мирасқоры болса, осы ағартушылықтың түркі әдебиетіндегі аса көрнекті өкілі Абай поэзиясында жаңашылдық дәстүрлер екінші тынысты

бастан кешіп, жаңа тарихи мазмұнға ие болды. Осы ретте Абай шығармаларының жаңашылдық сипатын айқындауда оның поэзиясындағы сабақтастық мәселелерін тілге тиек етудің мәні зор. Жасыратыны жоқ, біз осы кезге дейін Абай поэзиясының сабақтастығын орыс әдебиетімен ғана ұштастырып, оның алдында өмір сүрген ұстаздарының – қазақтың көрнекті ақындарымен үндестік, сабақтастық мәселелерін таптық түсінік, ескі ұғым тұрғысынан ғана бағалап, ауқымын тарылтып алдық. Ақиқатына жүгінсек, Абайдың үлкен ұстазы, ең алдымен өзінің туған халқы десек, М.Әуезов сөзімен айтқанда «ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады».

Абай өзінің шынайы халықтық шығармаларын қалай жасады? Абайда мұндай ақындық зор талант өздігінен өзі тұтқиылдан пайда болды ма? Әрине, жоқ, ақыл-ой мен тіл байлығының қайнар бұлағы – халық мұраларын Абай барынша керегіне жаратып, ежелден халықтың әрі досы, әрі қуанышы болған, қайғы мұңына ортақтасқан халық ақындарын ерекше бағалады, олардың поэзиясынан рухани нәр алды.

Абайдың өз дәуірінен бұрынғы қазақ ақындарымен танысып, олардың тамаша шығармаларын үйренуі – негізінен алғанда, оның ел жұмысына ерте араласып жүрген уақытынан басталады. Жалпы заман күйін толғаған Ақтамберді, Бұхар жыраулармен, Ақтайлақ би сынды әрі ақын, әрі шешен, Дулат, Шортанбай ақындармен және Жанак, Сабырбай, Түбек сынды ірі айтыс ақындарымен осы кезде танысып болған сияқты.

Абай поэзиясындағы тәуелсіздік идеясы мен елдік, халықтық мәселелерді сөз еткенде оның ақындық талантына тікелей ықпал еткен орта – өзі туып өскен өңірде бүкіл елге мәшһүр ақындардың көптігі. Абай шыққан тобықтымен көршілес найман ішінде сыбан жұртының мекені – осы күнгі Абай ауданында орналасқан Құндызды, Жүрекадыр деген жерлер. Қарауыл іргесіндегі Жидебайды жайлаған Абайдың кезінде талай рет осы сыбаннан шыққан ақберен жырдың шебері Ақтамберді жырау, қара қылды қақ жарған әділ қазы, әрі ақын Ақтайлақ, оның баласы, суырыпсалма



айтыс өнерінің айтулы өкілдері Сабырбай мен Түбек мекен еткен Құндыздыға келгені, онда Сабырбайдың қызы ақын Қуандық қызбен кездескені белгілі.

М.Әуезов – Ақтайлақ биді жете біліп, оның толғауларын «Таң» журналында жариялатып, зерттеулерінде арнайы тоқталғаны мәшһүр. «Абай» романындағы данышпан ақын тәлім алған Дулатты (Барласты) қазақ әдебиетінде отаршылдыққа ашық қарсы тұрып, тәуелсіздік мәселесін алғашқылардың бірі болып қозғағандығын айтсақ, оның ар жағында осы мәселені елдік тұрғыда көтерген Бұқар жырау, Ақтамберді жатыр. Абайдың алдында үлгі-өнеге тұтқан ақындық мектеп Сабырбай, Түбек, Дулат десек, сонда Абай теңіз болса, соған құятын бұлақтар: Бұқар жырау, Ақтамберді, Ақтайлақ емес пе?

Абай өзінен бұрынғы атақты ақындарға сын көзімен қарап:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бәрі – жамау, бірі – құрау.

деп оларға бұл ақындардың поэзиясының әлсіздігінен емес, Абайдың өлең сөзге деген өзгеше биік талабынан ұғынған дұрыс. Ақын-жыраулардың бай әдеби мұрасы аса талғамшыл ұлы ақынның ардақ тұтқан тәлім-тәрбие мектебіне айналды. Өну, өсу, қалыптасу, үйрену, меңгеру, өркендеу кезеңі де осыған қатысты. Абай сөзін бұл жерде біржақты түсініп келдік. Шынтуайтқа келсек, ұлы ақынның өлеңдегі мазмұны мен пішінді байытуда өзі атаған үш ақын-жырау мұрасынан алған тәлімі аз болмаса керек.

Әлбетте, оның осы сөзіне қарап, Абайдың үйреніп, пайдаланған барлық мұраларының ішіне аталған ақындар кірмейді деуге бола ма? Әлде Абай бұларды жете бағаламады демекпіз бе? Әрине, жоқ. Себебі – Абайдың осы сөзін дербес алып қарамай, сол кезеңдегі әдебиеттің нақтылы шындығымен байланыстырсақ, мәселенің мәні басқа арнада болғанын байқаймыз.

Абайдың ақыл айтып, халықты мәдениетке шақырғанын «бойда қайрат, ойда көз жоқ» надан елдің ұқпауына Абайша сөз қадірін кетірген ақындар себеп болған сияқты. Солардың қалдырған жиренішті дәстүрін жою мақсатында, өзінің

дегенін халыққа таныту үшін қандай ақындарды сынап кетудің қажеттілігін сол кездің ақиқаты айтқызғандай.

Ұлы ақынның бұл жерде басқаларды атаусыз қалдырып Шортанбай, Дулат пен Бұқарларды сынап, кемшіліктерін көрсетуі халық ақындарының арасында ауызға алуға толымдылары ең алдымен осылар деп келгендігінен туған болу керек. Олай болса, Абайдың аузына Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың түсуінен, біріншіден, олардан басқа ақындардан гөрі елеулі екендігі білінсе, екіншіден, осы аталған ақындардың дәріптелгендігі сезіледі. Сол себепті де бұлардың шығармаларын Абай үйренбеді деуге ешкімнің аузы бармайды.

Абай мен оның өзіне дейінгі ірі ақындарды өзара салыстырып, олардың арасындағы шығармашылық сабақтас-тық мәселелеріне тереңірек назар аударар болсақ, мұндай үндестіктер мен сарындас сипаттарды, ұқсастықтарды көптеп ұштастыруға болады. Бұл жағдайды айтқанда: Абай Ақтамберді, Бұқар жырау, Ақтайлақ би, Дулат, Сабырбай, Түбектер болмаса, шын мәніндегі ақын болып қалыптасуы мүмкін емес еді деген ой тумауы керек. Жалпы алғанда, әдебиетті классиктер ғана жасамайды, әдебиетті мындаған ақындар жасайтындығын есте ұстасақ, Абайдың ақындық үні мен талантының кемелденіп, кең өріс алуында қазақ ақындарының, би-шешендерінің ықпалы зор болған.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде жүздеген жылдар бойы бекіп қалған ескі моральдық-этикалық мұраттар мен имандылық қағидалары тың өзгерістерге ұшырады да, қалам қайраткерлері мәдениет пен ғылымды, халық ағарту ісін өз қызметтерінің басты мақсат-мүддесі етіп, шығармашылық жұмысқа жаңа серпінмен кірісті. Ұлттық әдебиетте демократиялық тақырыптың қалыптасып, роман, повесть, драма сияқты мүлдем жаңа көркем түрлердің пайда болуы сол кездегі қазақ ақындары мен жазушыларының, алғашқы драматургтердің шығармашылық ізденістерінің шын мәнінде жемісті болғандығын дәлелдейді.

Қазақ халқының ғасырлар тоғысындағы тарихи даму жолы, ұлттық мәдениет тағдыры – осы кезеңдегі қазақ поэзиясы мен прозасы, драматургиясы мен публицистикасы тақырыптарының әр алуан болып келуінің басты да жар-

қын көрінісі. Осы кезеңдегі қазақтың жазба әдебиеті ұлттық поэзия алыбы Абай Құнанбаевтың ақындық құдіреті арқасында сапалық жағынан жаңа мәнге ие болып, мүлдем жаңа арнада дамыды. Мұсылмандық өркениетпен, жаңашылдық романтизммен көп ғасырлық байланыстардан біртіндеп арылып, көркем ойлаудың Еуропаландырылған күрделі процесіне кіруге бастайды.

Ұлы Абай шығармашылығына тән идеялық көкейтестілік, өмір шындығын бейнелеудегі өткір әлеуметтік бағыт пен феодалдық-патриархалдық қоғам келеңсіздіктерін аяусыз сынау сияқты басты нышандар, Абай поэзиясындағы өлшем – Адам ісі мен ойы, жан сезімі мен сөзі болған басты жаңашылдық сипаттар XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінде сабақтаса жалғасты. Сол ретте бұл әдебиет өзінің алдындағы XIX ғасыр әдебиетінің озық дәстүрлеріне сүйене отырып, осы ілгерідегі әдебиет сабақтастығын жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайда ұштастыра дамытып қана қоймай өзінің демократиялық бағыттылығымен, халықтығымен және өмірді шынайы суреттеу мәнерімен ұлт әдебиетінің одан кейінгі жаңа даму кезеңіне берік негіз болды.

Абай поэзиясының жаңашылдық сипаты туралы әңгіме қозғаған кезде ұлы ақынның өз тәрбиесінде болған, оның ақыл-кеңесімен тақырыптар таңдап, үлкенді-кішілі шығармалар жазған шәкірт ақындарының, яғни ұлттық әдебиеттану ғылымында талай дау-дамай, сыңаржақ пікірлер мен сыннан өтіп, қазір берік қалыптасқан Абайдың ақындық мектебінің маңызы зор.

Абайдың ақындық мектебінің шәкірттері өз ұстазына бірі тақырып жағынан, екіншісі сюжет, мазмұн жағынан еліктесе, үшіншісі тіл, стиль жағынан ұқсауға тырысты. Абай ақындық өнер әлемінде ұлағатты ұстаз, қатал да әділ сыншы, парасатты кеңесші болып, поэзияда биік талап қоюы себепті шәкірттерінің әрқайсысының өлең өрінде өз ісі, өз жолы сараланып, жеке шығармашылық бағыт-бағдары қалыптасты. Осы жағынан алғанда Абайдың ақын шәкірттері жайлы алғаш рет арнайы түрде зерттеген, сол үшін де сталиндік қуғын-сүргін зардабын бастан кешкен қайтпас қайсар ғалым, абайтанушы Қайым Мұхамедханұлы осыдан жарты ғасырдан астам уақыт

бұрын Семей облыстық «Екпінді» газетінде жарияланған «Абайдың әдебиет мектебі» зерттеуінде (1945. 25 қыркүйек) Абайдың ақындық мектебінің өкілдерін төрт топқа бөліп қарастырады. Осы тұжырым бойынша бірінші топтағы Абайдың ақын балалары Ақылбай мен Мағауия ұлы ақын поэзиясындағы романтизм сарындарын өз шығармаларымен сабақтастырып, Еуропа ақындары үлгісімен «Дағыстан», «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек» сияқты терең сезімді махаббат, өршіл рухты оқиғалы поэмалар жазды. Ал екінші топтағы Абайдың өз тәрбиесінде болған немере інісі Кәкітай мен өз баласы Тұрағұл қарасөз, аудармамен айналысып, көңіл күйін шерткен қысқа өлеңдер жазуды ұстанды. Екеуі де Абайдың прозалық дәстүрін одан әрі жалғастырып қана қоймай, ұлы ақынның тұңғыш шығармалар жинағын Петербург қаласында алғаш рет қазақ тілінде жеке кітап етіп бастыру ісінде көп еңбек сіңірді.

Абайдың ақындық мектебінің үшінші тобына жатқызылған Көкбай, Әріп, Иманбазар ақындар қазақ халқының өмірінен тарихи өлең, жырлар жазып, суырыпсалма ақындық өнерді, яғни айтысты дамытуға үлес қосты. Көкбай халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлік күресі жайлы «Абылай хан», «Қандыжап бітімі» дастандарын жазса, Әріп өлеңдері ғылым, білімге үндеген, әйел тендігін жырлаған, билеуші шонжарлардың зорлық-зомбылықтарын шенеген көкейтесті өткір тақырыптарға құрылды. Иманбазар Қазанқапұлы Абайдың реалистік дәстүрін берік ұстанып, дала өмірінің әлеуметтік қырлары мен тыныс-тіршілігін жырға қосты. «Дала уәлаятының» газетінде ХІХ ғасырдың соңында-ақ алғашқы өлеңдерін жариялады. Негізгі идеясы – әйел тендігі, адамгершілік мәселелерін сөз етуге арналған «Әнибал» дастанын жазып, 1909 жылы Қазанда «Қисса-и Әнибал» деген атпен кітап етіп бастырды. Осы топқа ұлы ақынмен шығармашылық үндестіктері айқын байқалған Абай шәкірттері Әсет пен Мұқа ақындарды батыл қосуға болады.

Абайдың сатиралық дәстүрлерін берік ұстанып, заманның келеңсіз жақтарын аяусыз сынаған ұлы ақын немересі Әубәкір Ақылбайұлы шығармашылығы төртінші топты құрайды.

Сайып келгенде, Абайдың өзі тәрбиелеп өсірген ақын-

дық мектеп шәкірттері өздерінің талантты туындылары арқылы қазақ әдебиеті тарихында үлкен із қалдырып, сара жол салып кетті. Бұл ақындық мектептің көрнекті өкілдері Абайдың шығармашылық дәстүрін өз өлендері мен поэмаларында етене сабақтастырып қана қоймай, өздерінің де ақындық мектептерін қалап, ақын шәкірттер тәрбиеледі. Осы орайда ел арасында Көкбай, Әріп, Әсеттердің ақындық мектептері болғандығы мақтаныш сезіммен айтылады. Рухани құндылықтарды уақыт сынайды. Өткенге жаңа деңгейде, жаңа үрдісте қайта оралу, өткенге кейінгі уақыт өлшемімен қарап, көркемдік биіктер тұрғысынан таразылау жаңа құндылықтармен өзгеріп, жаңарып тұратын жаһан өміріне жаңа мүмкіндіктер ашады. Көне мұрамен жаңа кездесулер тың шығармашылық күш-қуат пен жаңа нәтиже береді. Әлемдік деңгейдегі ұлы ақын Абай поэзиясы да Шығыс пен Батыс өркениетін тоғыстырған қайталанбас құбылыс болып қала береді. Абай шығармалары біз үшін көкейтесті мәдени құндылық қана емес, қазіргі көркем шығармашылық ақиқаты, таусылмас рухани қазына, поэзия патшалығының сарқылмас қайнар көзі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын үрдісті үлгі-өнеге, шығармашылық сабақтастық дәстүрінің үзілмес өрісі. Абай – қазақтың ұлы ақыны ғана емес, әлемдік деңгейдегі жаңашылдық тұлға.

Қазақ әдебиеттануы тарихында Абай шығармашылығына байланысты «әдебиет мектебі», «ақындық мектеп» ұғымдарын алғаш ғылыми қолданысқа енгізген М.Әуезов болатын.

Абайдың әдебиет мектебі – қазақ әдебиеті тарихындағы тұтас бір шығармашылық-эстетикалық құбылыс. Абайдың өз тәрбиесінде, тікелей ықпалында болған шәкірттері ұлы ақынның ақыл-кеңесі бойынша тақырыптар таңдап, әлем әдебиеті үлгісімен және қазақ өмірінен шығармалар жазды, олар өз ұстазына бірі – тақырып жағынан, екіншісі, сюжет, мазмұн жағынан, үшіншісі, тіл, стиль жағынан еліктеп, қазақ әдебиетіне тың көркем жаңалықтар енгізді.

Абай тікелей баулыған шәкірттер деуіміздің себебі, бұл ақындар ұстаз алдында ақыл-кеңес алып, үлгі-өнеге үйренген, Көкбай, Шәкәрім, Мұқа, Абай қолында жақын серіктері ретінде сенімді көмекшілері болса, Әріп, Әсет,

Иманбазар алыстан арнайы келіп, Абай аулында ұзақ уақыт тоқтаған, жаңа жазған шығармаларын Абайға тыңдатып, сынын естіген, жөн сілтеген нұсқауларын қабылдап, ақындық шеберлікке үйреніп қайтқан.

Абайдың әдеби мектебінің өкілдері ұлы ақынды өздеріне ұстаз тұтып, талант құдіретіне бастарын иген, өлең, дастандарына дұрыс баға беретін әділ сыншы, қиыннан қиыстырып жөн сілтейтін абыз санаған.

Жалпы, Абай – мәңгілік тақырып, таусылмас рухани қазына. Абай тұлғасын, Абай заманын, Абай өмірін, Абай шығармашылығын өмір бойы зерттеуге болады. Ол үшін Абай өмір сүрген заманды, ақын өскен ортаны, тәлім алған дәстүр ерекшеліктерін жете білу керек. Бәрінен бұрын Абай шығармаларын жете білу ләзім. Академик З.Ахметов жазғандай: «Абай творчествосын түгелдей алып талқылағанда, жеке шығармаларын талқылағанда да екі түрлі талдау принципін дұрыс ұштастыра білу шарт. Оның бірі – тарихи принцип яғни, ақын шығармаларын туғызған заман, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарау болса, екінші – бүгінгі заман тұрғысынан қарап, қазіргі моральдық ұғым-түсінік, идеяларға үйлестіре қарап бағалау» қажет. (З.Ахметов. Абайтану және ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдері. –Кіт.: З.Ахметов. Асыл сөз арнасы. Алматы, 2008. 24-б.). Міне Абай мұрасын зерттеушілердің қазіргі буынына осы талдау принциптері жетіспей жатады. Сондай-ақ, академик С.Қасқабасов 2009 жылы өткен «Абай мұрасы – қазақтың ұлттық қазынасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияны ашқан кіріспе сөзінде Абай шығармашылығының ең басты сипаттары ретінде жаңашылдық, шыншылдық, сыншылдық, сыршылдық қырларын айтқан болатын. Мұндағы айтайтын дегенім – бір-бірінен нәр алып, біріне-бірі әсер етіп тұратын ажырамас бұл көркемдік жүйе шарттарын қазіргі зерттеушілер әлі ұстанбай келеді.

Бұл пікірлердің барлығы қазіргі абайтану мәселелеріне қозғау салатын ой-тұжырымдар. Екіншіден, Абай шығармашылығының негізгі бір қайнар бұлағы – Шығыс әдебиеті күн тәртібінен түскен жоқ. Ақын нәр алған шығыс ғұламаларымен рухани байланысын араб, парсы

тілдері мен әдебиетін жетік білетін мамандар зерттеуі қажет. Сонда ғана Абай мұрасының бір негізін терең біліп шығатын боламыз. Үшіншіден, қазіргі абайтану мәселесімен айналысатын ғылыми мекемелер арасында өзара шығармашылық байланыс жоқтың қасы. «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы» деп аталатын Абай музейі бар екенін білеміз. Ұлы ақын мұрасын насихаттап зерттеу ісінде ауқымды жұмыстар атқарып жатыр. Бірақ қасиетті шаңырақтың ішкі тірлігі мен өткізіп жатқан игі іс-шаралары туралы ештеңе білмейміз. Сол сияқты соңғы 4–5 жыл шамасында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абайтану ғылыми-зерттеу орталықтары ашылды. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жетекші ғылыми мекеме бола тұра бұл орталықтардың ашылу рәсімін газеттерден ғана оқып білді, институт ғалымдары екі университеттегі абайтану орталықтары шараларына шақырылған жоқ. Қандай ғылыми-зерттеу жұмыстарын тындырып жатқанынан хабарымыз жоқ. Осы ретте көрші Ресейді алайықшы: Санкт-Петербургтегі «Пушкин үйі» деп аталатын орыс әдебиетін зерттеу институты ұлы орыс ақынына байланысты бүкіл алып империядағы ауқымды ғылыми, ғылыми-көпшілік және мәдени шараларды үйлестіріп отыратын бірден-бір ғылыми орталық. Ресейдің қай оқу орны, әдебиетке байланысты қай ғылыми орталығы болсын, Пушкинге байланысты жұмыстарды осы институтпен бірлесіп, үйлестіріп атқарады. Сондықтан елімізде абайтануға байланысты жоғары оқу орындарымен ғылыми-үйлестіру жұмысын күшейту керек. Абай мұрасын зерттеумен айналысып жүрген мамандарды ортақ іске бірдей жұмылдырғанда ғана ғылыми жұмыс жемісті болады.

Төртіншіден, абайтанудың жетекші бір бағыты – Абайдың талантты шәкірті Шәкәрім шығармаларын жариялап зерттеу ісінде кемшіліктер баршылық. 2008 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойына байланысты халықаралық Абай клубы үш томдық шығармалар жинағын шығарды. Басылым Шәкәрімнің 1988 жылы көптеген түзетулермен,

өзгертулермен шыққан жинағын айна-қатесіз пайдаланған, текстологиялық жұмыстар жүргізілмеген. Бұл үш томдық сол баяғы кеңестік басылым бойынша оқырманға жол тартты. Шығарушылар алқасы не біздің институтпен, Семейдегі Абай мұражайымен, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетпен не білікті абайтанушы-ғалымдармен ақылдаспаған. Сол себепті алдағы уақытта біздің институт Шәкәрім мұрасын зерттеуші ғалымдарды қатыстыра отырып, ақын шығармаларының жаңа академиялық басылымын дайындауды жоспарлап отыр.

Бесіншіден, Абай шығармаларын өзге халықтар тілдеріне аудару сын көтермейді. Бұл жерде талантты ақын, аудармашы Ғалымжан Мұқанов еңбегін ерекше атап өту ләзім. Абай шығармаларын алғаш рет француз тілінде сөйлеткен оның аудармаларына француз ғалымдары сүйсінгенде орыс, ағылшын, француз тілдерінде бірдей жазған үлкен талант иесінің еңбегі өз елінде елеп ескерілмеуі өкінішті-ақ. Азғантай ғана авар халқының талантты ақыны Расул Ғамзатов айдай әлемге қалай танылды? Орыс тіліне жасалған білікті аудармалары арқылы. Бізде бұл мәселе туралы аз жазылған жоқ. Абайды орыс және өзге тілдерге сапалы аударудың уақыты әбден жетті. Абай шығармалары тіпті бауырлас түрік халқына да дұрыс аударылмапты. Түрік ғалымдарының айтуынша, ұлы ақын туындыларын бұл тілге поэзияға қатысы шамалы адамдар тәржімалаған. Сол сияқты өткен жылы Абайдың қара сөздері парсы тіліне аударылғанын естідік. Шығыстанушы мамандардың пікірінше бұл тәржіме де сын көтермейді.

Алтыншыдан, Абай мұрасын веда сияқты ілімдермен байланыстыра зерттеген еңбектер қайта-қайта басылып келеді. Баспасөзде бірнеше рет үлкен мәселе етіп көтерілген бұл кереғар басылымдарға байланысты үкіметтік деңгейде ғылыми сараптама жасап, тыйым салу қажет.

Абай қазақта ғана біреу, Абай – ұлы ұстаз-кемеңгер. Абай тақырыбы – мәңгілік тақырып. Абай тақырыбы – таусылмайтын телегей-теңіз. Абайдың өскен ортасы мен ақындық айналасын, шығармашылық қайнар көздерін тәуелсіздік тұрғысынан жаңаша зерделеу, тіпті ұлы ақынның орыс әдебиетімен байланысын бұрынғыдай бір жақты



емес, мүлдем тың ойлармен топшылау, Абайдың ұлттық музыка, театр, бейнелеу өнеріндегі орны, ұлттық ой-сананы қалыптасырып дамытудағы рөлі жаңа тұжырымдар жасау және сол сияқты толып жатқан, көкейде сайрап жатқан тақырыптар жетерлік. Тек соларды ыждағаттап дұрыс зерттейтін, сол тақырыпты беріліп зерттейтін талапкерлер табылсын дейік. Абай шығармаларының көркемдік, танымдық, тәрбиелік мәнін жаңа қырларынан қарап, терең ашып көрсететін ғылыми еңбектер ғана абайтану ғылымын алға жетелей түспек.

## АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІН ЖАЛҒАСТЫРУШЫ

2010 жыл біздің еліміз үшін айрықша тарихи жыл болып есте қалары сөзсіз. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы саммитінің Астанада өткізілуі тәуелсіз мемлекетіміз үшін ерекше мәртебе болса, ұлы Абайдың 165 жылдық мерейтойының республикалық деңгейде кеңінен аталып өтуі – ел абыройын асқақтатқан ұлық мереке болып халық жадында қалды. Ұлы ойшыл-ақын салтанатының заңды жалғасы ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ағартушы-демократ ақын, Абайдың әдеби дәстүрін жалғастырушы ғана емес, талантты шәкірті ретінде танылған жыр жүйрігі Нарманбет Орманбетұлының туғанына 150 жыл толуына арналып ақындар мен би-шешендер елі – Ақтоғай жерінде ұйымдастырылған ғылыми-мәдени шараларды жырсуіер қауымның, бүкіл зиялы жұртшылықтың дүбірлі тойы деп білеміз.

Сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі Нарманбеттің бүкіл саналы ғұмыры өзі үлгі алып, ұстаз тұтып өткен ұлы Абай өмірімен, ғұлама ойшыл талантымен, дала данасының шығармашылығымен тағдырлас, ұқсас. Абай сияқты ауыл молдасынан сауатын ашып, Абай сияқты әке ақылымен 13 жасында Қарқаралыдағы орыс мектебіне түседі. Тағы да дәп Абай жолын қайталап, бұл мектепте бір жылдай ғана оқиды да, ауылға қайтып келіп, ел билігіне араласады, бірнеше рет болыс болып сайланады. Абай секілді билік қызметтен кетіп, өзін біржолата поэзияға арнайды, өз бетімен ізденіп, орыс әдебиетінің озық үлгілерін оқиды, білімін тереңдетіп, жаңа сипаттағы тың туындылар жазады.

1880 жылдардың соңында Абаймен кездескені тура-

лы ел аузында әңгіме бар. Нарманбет шынында да Абаймен кездескен. Бірақ қай уақытта, қашан кездескені нақтылы емес. Ұлы ақынмен кездескенінің айқын белгісі Нарманбеттің осы кезеңде жазған өлеңдерінен анық байқалады. Ақынның көп өлеңі Абай ізімен, Абай ықпалымен, Абай стилімен жазылған. Осы ретте ақынның «Ауылдың алты адамына хат», «Бектемісов Халиолла қыздарына», «Алдаберліге айтқан өлеңдері», «Тілеш байға» сияқты арнау өлеңдері Абайдың «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Күлембайға», «Көкбайға» атты дәп осы сипаттағы өлеңдерін еске түсіреді. Нарманбет те осы арнауларында Абай сияқты кейбір адамдар бойындағы міндерді әжуалап, сын тезіне салады. Бұл тіпті Абайды қайталау емес, қос ақын арасындағы қисынды ой үндестігі, шығармашылық сәйкестік деп ұғу қажет.

Нарманбет ұлы ақынмен кездескен сәттерде Абай шығармаларын зердесіне бірден тоқып алған, әрі Абай туындыларын Мүрсейіт сияқты көшіріп таратушылардың ел ішінде қолдан қолға өткен бір қолжазбасына өзі де иелік етіп, сол құнды мұраны оқып білу арқылы Абай ұлылығын таныған, тіпті Нарманбеттің өзі де сол қолжазбаны өзі қайта көшіріп немесе біреуге көшіртіп осы Тоқырауын, Балқаш өңіріне Абай шығармаларын таратуы да әбден мүмкін. Бұл туралы академик, жазушы М.Әуезов ұлы ақынның өмірбаянын жазған іргелі еңбегінде Мүрсейіт көшірген Абай туындыларының қолжазбасын ел арасына таратуда бүкіл Арқа өңірінің түпкір-түпкіріндегі белгілі ақындармен бала оқытқан молдалар көп еңбек сіңіргенін атап өтеді. Міне, Абай мұрасын ел ішіне таратып насихаттаған, өзі де үлгі алған ірі талант иесі Нарманбет ақын болатын.

Осылайша Абаймен тікелей кездесіп, Абай шығармаларымен танысқаннан кейін жас Нарманбет ұлы ақын өлеңдеріне тәнті болып, үнемі назарда ұстайды. Абайдың ақындық таланты, ойшылдық парасаты Нарманбетке қатты әсер етіп, Абай сияқты ақындық жолға біржолата түседі.

Абай ықпалымен жаңа ізденістер нәтижесінде Нарманбет шығармаларының азаматтық әуені, жалпыадамзаттық мұраты, сыншылдық сарыны күшейеді. Ақын Абайдың «Болыс болдым мінеки» сияқты сатиралық өлеңіндегідей «Кер заман» циклінде бірнеше сатиралық сипаттағы өлеңдер

жазып, сол кезең шындығын айқын ашқан әлеуметтік мәні зор көкейкесті мәселелерге ден қояды, қалам қайратын сол кездің өміршең мәселелерін ағартушылық-демократтық тұрғыдан қозғауға жұмсайды.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңдері де Нарманбеттің жас-тарды білім, ғылымға үндеген өлеңдерін жазудағы те-мірқазық ой ұшқыны болды. «Әдеп, ұят, ар, шапағат, қайыр, ынсап», Жас күнде ешнәрсеге зер салмадым» деп басталатын өлеңдері Абайдың білім, ғылым туралы асыл ойларымен тығыз үндесіп жатыр.

Көркемдік талғам мен тақырып, түр жағынан Абай шығармаларының игі ықпалы біршама басым болғаны байқалады. Бұл тума таланттың қанаттанып шыңдалу жо-лындағы табиғи құбылыс. Еліктеуден арылып, дербес да-рын даралығын таныту – өнер заңы деп білсек, Нарманбет те өзінің азаматтық дара ақындық тұлғасын білдіріп, елдік, отаншылдық рухты дербес үнімен терең толғана сездіре білді.

Тақырыптық-идеялық, көркемдік-стилдік ерекшеліктері тұрғысынан алғанда «Қарағай мен қараған» атты диалогке құрылған балладасының орны тіптен бөлек деуге болады. 1912 жылы қара түнек реакцияның аласапыран кезінде жазылған бұл туынды батыс-шығыс поэзиясында өзімен жанрлас озық шығармалардың ешқайсысынан кем түспейді. Ресей патшасының жауыздық пен зорлық-зомбылыққа толы іс-әрекетіне бостандық сүйгіш халықтың өр, қайсар рухын қарсы қояды:

Мен бүйтіп ырза емеспін  
жаралғанға,  
Гүлденіп, бұтақ бітіп таралғанға.  
Жел соғып, желкем тоңып,  
боран ықтап,  
Не мақтан кеңірдектен қар  
алғанға.  
Аспан бар ағаш сапты «балта»  
деген,  
Талайдың басын шағып, миын  
жеген.  
Ішімді ара тіліп азаптайды,

Жазам не жасағанға, өлдім  
неден?!  
Қайғысыз шыбық та тұр, шілік  
те тұр,  
Ішінде бұлбұл сайрап, күліп те  
тұр.  
«Әр кемелге – бір зауал»  
дегендей-ақ,  
Ей, досым, менің жаным  
бүлікте тұр!

Ашу-ыза, кекке толы өр рухты ақын жыры осылайша ашық күреске бастайды, патшалық отарлық езгіге қарсы үндейді.

«Өзімді алма, сөзімді ал» деген Абай,  
Алмаса да сөз жазды-ау талай-талай.  
Ағаты болса ғафуын өтінемін,  
«Сен соның інісі едің», – деме, – пәле-ай!»

деп қайтыс боларынан бірер жыл бұрын Абай тұлғасын бір шумақ өлеңге сыйғызып өсиетін мұрат еткен Нарманбет ұлы ақынның өзін ғана пір тұтпай, сөзін тері сезініп, жүрек түбіне сіңірген, өзі де Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырып, жаңа үрдістермен дамыта алды, ұлы ақын жырлаған өмір шындығын, заман өзгерісін Нарманбет те өз шығармаларында қалт жібермей, үлкен ақындық шеберлікпен бейнелейді.

Өтті-ау дәурен,  
Батты-ау сәулең,  
Артта қалған өрнек жоқ,  
Өткен өмір –  
Аққан өзен,  
Өкінгенмен келмек жоқ –

деп өмірінің соңғы кезеңінде пессимистік сарынға ойысып, терең жан сезімімен қиналса да, өмір шындығын Абайдың атақты «Сегізаяқ» үлгісімен жарқырата көрсетеді.

Лирик ақынның ағартушылық, гуманистік сипаты әркез Абай поэзиясымен үндесіп, тамырланып жатады. Сол себепті Нарманбет Абайдың ақындық дәстүрін жал-

ғастырушы ғана емес, Абайдың әдеби мектебінен үлгі алған, Абайша ойлап, Абайша жырлаған ұлы ақынның талантты шәкірттерінің бірі десек, еш қателеспейміз. Шыңғыстаудың алыс шалғайда орналасқан Тарбағатай бөктерінде ғұмыр кешкен Әсет ақынды ұлы ақынмен бір-екі рет кездескеніне қарап Абай шәкірті деп таныдық. Ал мына тұрған тым алыс емес Ақтоғайдан шыққан арқалы ақын Нарманбетті Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы деп қана келдік. Шығармаларының өн бойы Абай әсерімен өрнектелген, Абай ойымен сабақталып, Абай тәсілімен жалғасқан ақынды, Абай дәстүрі негізінде мазмұн, тақырып жағынан тың шығармалар жазған жаңашыл ақынды Абай шәкірті демеу бекерлік. Сондықтан бұдан былай Нарманбет Орманбетұлын – Абайдың талантты ақын шәкірті деп нақты атайық.

Нарманбет жариялылық кезеңінде халқымен біржолата қайта табысып, тәуелсіздік таңы атқанда шығармалары жеке кітап болып жарық көрді, ұрпақ игілігіне айналып, егемен елінің тарихына енді. Біздің М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 6-томында алғаш рет Нарманбет Орманбетұлының шығармашылығына арналған жеке тарау берілді, көптеген жыр жинақтарында ақынның бірнеше өлеңдері жарияланды. Қазір институттың Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімі жазып жатқан «XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясы мәселелері» атты жобалық зерттеу жұмысының бір тарауы Нарманбет шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы мәселелеріне арналатын болады.

Нарманбет өмірі мен шығармашылығын зерттеу жұмысы енді басталды. Ақынның шығармалар жинағы екі рет кітап болып жарық көрді. Бүкіл саналы өмірін Нарманбет шығармаларын тірнектеп жинап, сол үлкен мұраға жоқшы-шырақшы болуға арнап келе жатқан, осы екі кітапты құрастырып шығарған зерделі зерттеуші, нағыз зиялы азамат Аманкелді Нөкербайұлы Туғанбаевқа айтар алғысымыз шексіз. Сөйтсе де бұл кітап бүкіл елге жеткен жоқ. Себебі таралымы аз. Алдағы уақытта осы кітаптың құрастырушымен бірлесе отырып, Нарманбет Орманбетұлының академиялық шығармалар жинағын екі

том етіп шығару керек. Бұл томдарға ақынның толық өмірбаяны, шығармалары және Нарманбет туралы ғылыми мақалалар мен зерттеулер енгізілуі тиіс.

Қорыта айтқанда, көркемдік қуаты тұрғысынан алғанда Нарманбет поэзиясы түр, мазмұн жағынан болсын, бейнелеу құралдары жағынан болсын, әбден толысқан, жетілген поэзия. Оның өлең құрылысында он бір буынды өлең түрінен бөлек жеті, сегіз буынды және басқа өлең түрлері көптеп кездеседі. Ақын ұлы Абайға идеялық-тақырыптық жағынан ғана емес, өлең құрылысы жағынан да ұқсайды. Талантты ақын нағыз шеберлік шыңына шыққан шақта Абай сияқты елу тоғыз жасында өмірден озды. Ақын артына бай да мазмұнды мұра қалдырды. Нарманбеттің ойлы, мәнді де мағыналы шығармалары ұлттық әдебиетке қосылған, қазіргі көркем мәдениетпен үндес бағалы рухани қазына болып ұрпақтар жадында мәңгі сақталады.

## ӘУЕЗОВ АЛҒАШ ЖАРИЯЛАҒАН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мұхтар Әуезов Абайдың бұрын еш жерде жарық көрмеген өлеңдерін ел аузынан жазып алып, «Таң» журналының 1925 жылғы №1 санында «Абайдың басылмаған сөздері» деген атпен «Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері» деп жариялаған болатын (76-77-б.). «М.Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының (ұлы жазушының мұражай-үйі) директоры болып істеген көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, филология ғылымының докторы, профессор Бақытжан Майтановтың етінішімен осы өлеңдер топтамасын журналдың түпнұсқасынан қазіргі жазуға көшіріп, текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында ғылыми түсініктер жаздым. Бұл түсініктемелер М.О.Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының 6-томындағы «Абайдың басылмаған сөздері» атты ел аузынан жинап жариялаған материалға байланысты «Ғылыми түсініктер» бөлімінде жарық көрді (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы, «Ғылым», 2001. – Т.6. 292-б.).

Қазақ әдебиеттану ғылымының өзі негізін қалаған жаңа бір саласы -- абайтануға барар алдындағы М.Әуезовтің алғашқы ізденістерінің бірі – осы «Таң» журналында жариялаған Абай сөздері, негізінен, үш өлеңнен тұрады. Мұны Әуезов кейін ұлы ақын мұрасын тиянақты түрде зерттеп талдау, әртүрлі қолжазбалар көшірмесі бойынша текстологиялық жұмыстар жүргізіп, жеке шығармаларының канондық нұсқаларын жасау барысында толық дәлелдеп шықты да, өзі құрастырып бастырған Абайдың 1933, 1939–1940, 1945, 1954, 1957 жылдарда шыққан толық жинақтарында бұл үш өлең жеке шығарма ретінде



жарияланды, ұлы ақынның 1977 және 1995 жылдарда жарық көрген екі томдық академиялық басылымдарында бұл өлеңдер жеке-жеке берілді.

«Таң» журналында жарияланған «Абайдың басылмаған сөздерімен» салыстыру жұмыстарын жүргізу үшін ұлы ақын шығармаларының соңғы жинағын (1995) негізге алдық.

«Талаптың мініп тұлпарын» деп басталып, «Мінекей мен де өлмедім» деп аяқталатын журналдағы бөлігі «Әбдірахман өліміне» деген атпен жинақта жеке өлең ретінде берілген (233-б.).

«Әбдірахман өліміне» – бұл Абайдың 1895 жылы сүйікті ұлы Әбдірахман өліміне арнап шығарған өлеңдерінің бірі. Ақын өмірі ерте үзілген талантты ұлының өшпес бейнесін жасайды, Әбіш бойындағы өр мінез бен ғылым, білімге құштарлық аңғартып, арманда кеткен тағдыр тәл кегіне налиды, қайғыға тосқауыл бола алмаған өкініш соңында тіршілік бар екендігін сездіреді. Ақынның соңғы басылымдарында және «Абай» энциклопедиясында бұл өлеңнің алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланғаны баса айтылады. Ал шындығына келсек, М.Әуезов бұл өлеңді тұңғыш рет «Таң» журналында «Абайдың басылмаған сөздері» деген топтамада жариялады. Текстологиялық өзгерістер кездеспейді деп айтқанмен кейбір ішінара өзгешеліктер бар екендігін де атап өткен жөн. Осы өлеңнің екінші шумағындағы үшінші жол журналдың нұсқасында «Бір оқыған құрбыға» деп басылса, жинақта «Бірге оқыған құрбыға» деп, төртінші шумақтың төртінші жолы журналда «Арманым бар дер ме едің?» деп екінші жақта берілсе, жинақта бірінші жақта «... дер ме едім?» деп өзгертілген. Сол сияқты соңғы шумақта журналдағы «пәнде», «мінекей» сөздері жинақта «пенде», «мінеки» деп тілдік қалыпқа сәйкес жазылып жарияланған.

Журналдық нұсқадағы «Кешегі өткен ер Әбіш» деп басталып, Сабыр қылсаң керекті» деген жолдармен аяқталатын өлең бөлігі жинақта «Кешегі өткен ер Әбіш» деген атпен жинақта жеке өлең ретінде жарияланған (229-б.).

«Кешегі өткен ер Әбіш» – Абайдың 1895 жылы сүйікті ұлы Әбдірахманның (Әбіштің) өліміне байланысты жазған екінші бір өлеңі. Алғаш рет «Таң» журналында «Абайдың

басылмаған сөздері» деген топтамада жарияланды. Абай шығармаларының басымдыларына жазылған түсініктерде 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарық көрді деп берілген. Өлеңде жарық дүние қызығын көре алмай, ерте сөнген Әбіштің елден ерек ерен мінезі, ғылымға ден қойған зеректігі, адамгершілік асыл қасиеттері суреттеліп, өр мінезді, аяулы жанның портреті жасалған. Көп үміт еткен ұлын егіле еске ала отырып, ақын тағдырға көніп, сабыр қылуға шақырады.

Бұл өлеңнің де журналдық және кітаптық нұсқаларын салыстырғанда біраз өзгешелікті байқауға болады. Өлеңнің журналдағы «Елден бір асқан ер Әбіш» атты екінші жолы академиялық жинақты «Елден бір асқан ерек-ті» деп, «Еңбегін тапқан жүректі» деген оныншы жол жинақта «Еңбекпен тапқан қоректі» деп өзгертілген де, «Таңдағы» «Сабыр қылсаң керекті» деген соңғы жолы жинақта «Сабыр қылсаң керек-ті» деп көпше түрінің бірінші жағында беріліпті.

«Таң» журналындағы «Абайдың басылмаған сөздері» атты топтаманың үшінші, соңғы бөлігіндегі «Жағалай жайлау дәулеттің» деп басталатын өлең «Әбдірахман деген баласы өлгенде Абайдың жоқтап айтқан өлеңдері» қатарында жаңылыс берілген. Бұл Абайдың сүйікті інісі Оспан өлгенде жазған өлеңі және жолдары ауысып кеткен. М.Әуезов кейін ақын шығармаларын жинап, қорытқан, тыңғылықты талдау жүргізген ұзақ ізденулері нәтижесінде өлеңнің Оспанға арналғандығын дәлелдеп, жетілдірілген нұсқасын жасады.

«Оспанға» деп аталған бұл өлеңнің журналдық нұсқасындағы «Жағалай жайлау дәулеттің деп басталып, «Жақсы өліпсің япырмай» деген тұсқа дейін созылатын жолдары жинақта «Жайнаған туың жығылмай» деп басталып, «Жан біткеннен түңілмей» деген жолдармен аяқталатын бөліктен кейін жалғасып дұрыс берілген. Өлең 1892 жылы жазылып, Абай марқұм інісінің асыл қасиеттерін, ерлік қылықтарын сипаттап, өжет, қайсар, жомарт жанның бейнесін жасайды.

Жинақта «Жайнаған туың жығылмай» деп басталған бұл өлең алғаш рет «Таң» журналында баспа бетін көргенін атап айтқан жөн. Текстологиялық жұмыстар жүргізгеннен

кейін М.Әуезов өлеңді «Оспанға» деген атпен тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жариялаған. Журналдық және кітаптық басылымдардағы өзгерістерге келсек, журналдағы «Жас қуатың торалмай» жолы жинақта «Жас қуатың тозылмай» деп, «Жағалай жайлау дәулеттің» жолы жинақта «Жағалай жайлау дәулеттің» деп берілген де, «Жасыл шөбі курамай» деген журналдық жол нұсқасы жинақта «Жасыл шөбі қуармай» деп өзгертілген. Басқа жолдарда ешқандай өзгешеліктер жоқ, сол күйінде журналдық мәтінмен бірдей калыпта жарияланған.

Мұхтар Әуезов Семей өңірінде істеген кезінде Абайдың бір топ нақыл сөздерін ел аузынан жазып алып, «Таң» журналының 1925 жылғы №1 санында «Абайдың кейбір өсиет сөздері» деп жариялаған (77-б.). Профессор Бақытжан Майтановтың өтінішімен бұл мәтінді журналдық түпнұсқасынан қазіргі әріпке көшіріп, текстологиялық зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Соның нәтижесінде жазған пайымдауларым М.О.Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының 6-томындағы «Абайдың кейбір өсиет сөздері» атты ел аузынан жинап жариялаған материалға байланысты «Ғылыми түсініктер» бөлімінде жарық көрді (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы, «Ғылым», 2001. Т.6. 293–294-б.)

Шын мәнінде бұл өсиет сөздер – Абайдың көркем прозасының тамаша үлгісі болып табылатын қара сөздерінің отыз жетінші сөзінің жарты бөлігі, яғни «Таңда» осы сөзге кірген 23 нақылдың II нақылы алғаш рет жарияланған. Қалғандарын М.Әуезов ел аузынан жинап, қолжазбалардан алып толықтырған да, «Отыз жетінші сөздің» 23 нақылдан тұратын толық нұсқасын Абай шығармаларының барлық жинақтарына енгізген.

«Таң» журналында жарық көрген Абай қара сөздерінің алғашқы шағын басылымдарының үзіндісі – М.Әуезовтің абайтануға, ұлы ақынның шығармашылық әлемін барлауға барар жолдағы тұңғыш ізденісі. Журналдық нұсқадағы отыз жетінші сөздің I-ші нақылы Абайдың 1995 жылғы академиялық жинағында 2-ші нақылы – 12-ші нақыл, 3-ші нақылы – 15-ші нақыл, 4-ші нақыл – 16-шы нақыл болып берілген (188-б.). Ал журналдағы 5-ші нақыл жинақта 17-ші нақыл болып жарияланғанмен аздап өзгеріс те

бар: «Алдыңғы толқын – ағалар» деген журналдық нұсқа жинақта «Алдыңдағы толқын – ағалар» деп өзгертілген (189-б.). журналдағы 6-шы нақыл жинақта 18-ші нақыл болып берілген де, «Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық» деген журналдық нұсқа жолдары жинақта «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық» деген жолдармен орын ауыстырып, осы мәтелден кейін жарияланған (189-б.). Журналдағы 7-ші нақыл жинақта 19-шы нақыл болып еш өзгеріссіз жарық көрген. «Жаман дос – көлеңке, Басыңды бұлт алса, Іздеп таба алмайсың. Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың» деген журналдық нұсқадағы 8-ші нақыл жинақта 20-шы нақыл болып: «Жаман дос – көлеңке: Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың., Басыңды бұлт алса, Іздеп табаалмайсың» деп орындары ауыстырылып берілген. Журналдағы 9-шы нақыл жинақта 21-ші нақыл болып, сол қалпында жарияланған да, журналдық нұсқадағы 10-шы нақыл жинақта 22-ші нақыл болып жарық көргенімен журналындағы «Қайғысыз ақыл – тұл» деген жол түсіп қалған. Журналдағы II-ші нақыл жинақта 23-ші нақыл болып еш өзгеріссіз берілген.

Абайдың бұл отыз жетінші сөзі басқа қара сөздерінен мүлдем бөлек, оның үстіне басқаларындай өз алдына жеке шығармада емес, шартты түрде 23 нақылдан тұратын афоризмдер топтамасы. Ұлы ақын, ойшыл адамгершілік асыл мұраттар тұрғысынан түйіп айтқан көрікті ойларын осы нақылдарға мақал-мәтел етіп өрнектеген, сол көркем ойлары арқылы адам болмысын терең барлап, өзінің дүниетанымдық көзқарастарын білдірген. Ал жалпы алғанда, Абай афоризмдері 23 нақылмен ғана шектелмейді, оның қай шығармасын алсақ та, тәлім-тәрбиелік мәні зор, терең ойлы, шешен сөздері әлдеқайда көп екендігін айтқан жөн. Бұл жайында М.Әуезов Абай шығармашылығы туралы зерттеулерінде ерекше атап өтеді.

## АБАЙТАНУДАҒЫ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР

Абай талантының бір қыры оның басқа халықтар мәдениетіне шығармашылық көзқарасында, кейбір әлемдік сюжеттер мен образдарды пайдалануында айқын байқалады. Ол бұл ерекшеліктерді туған халқының қажеттерімен және мүдделерімен, арман-тілегімен тығыз ұштастыра білді. Бұл ретте аса көрнекті жазушы Шыңғыс Айтматов 1995 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абайдың туғанына 150 жыл толуына арнап өткізген ғылыми сессиясында сөйлеген сөзінде: «Еуразия масштабындағы ұлы тұлға – Абай арқылы өмірімізді өлшейміз, тарихымызды таразылаймыз. Өзімен-өзі дара қалып қана қоймай, әлемдік ақыл-ой дамуы ағысының алдына шығып, адамзатпен бірге алға жылжуды тарих Абай секілді ұлылардың ғана еншісіне берсе керек...» деп сүбелі ой айтқан болатын.

Шынында да әлемдік деңгейдегі жаңашылдық тұлға Абай мұрасын біз қалай зерттеп, қалай танытып жатырмыз? Осы тұста қоғамда алаңдаушылық туғызған бір жайтты айтпай кетпеске болмайды. Соңғы жылдары халық арасында жаппай мәдениеттің белең алуы, ұлт әдебиеті мен өнерінің есімдері мен классиктерін жұртшылық санасынан біртіндеп ығыстырып келеді. Өткен тарихтың бай мұрасының тамыры тартылып, қайнар көздері жоғала бастаған сияқты. Мәселен, қазіргі жастар осы заманның орындаушыларының аты-жөнін, ән, өлең авторларын жатқа жақсы біледі, себебі оларды бұқаралық ақпарат құралдарында концерттік бағдарламаларда және басқа ойынсауық шараларында насихаттауда мін жоқ. Ал өзіміздің классиктерімізге келсек, оларға еш қызығушылық байқалмайды, олар көбінесе еске алынбайды. Ұлы ақын, ойшыл Абай туралы да осылай айтуға болады. Абайды

туған күніне немесе мерейтойына орайластырылған бір күндік шараларда ғана еске түсіргендей боламыз. Бұл имандылық пен адамгершілік төмендеуінің бір белгісі. Дала данышпаны Абай хакім өзінің мәңгі өшпес асыл ойларымен, дана жырларымен төрткүл әлемді таңырқатты, халқының алдыңғы қатарлы елдер арасынан көрінуін армандап, оның оңтайлы жолдарын іздеді, жоғары адамгершілік пен әділдікті ту етіп көтерді. Егер біз имандылық мұраттарын жаңғыртып бекіту, нағыз шынайы мәдениетті өркендету қамын ойласақ, Абайдың баға жетпес шығармашылығын түсіндіріп насихаттауымыз керек.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары абайтануда біршама ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстары атқарылды: бұл тарапта, ұлы ақынның екі томдық академиялық жинағы, «Абай» тұлғалық энциклопедиясы, Қ.Мұхамедханұлы, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Р.Сыздықова, Ғ.Есім, Ж.Ысмағұлов сияқты жетекші ғалымдардың Абай талантын әр қырынан зерттеген іргелі ғылыми еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбектерден басқа Абай шығармашылығын жаңа ізденістермен, тың ойлармен қарастырған зерттеулердің жоқтың қасы, ал Абай поэзиясымен үндестік, сабақтастық мәселелері тұрғысынан Абай мен Шәкәрім шығармашылығының дәстүр ерекшеліктерін зерттеген белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Әбдіғазизұлы, Абайдың өлең жүйесін дамыту дәстүрлерінің ХХ ғасырдың басында жалғасуын қарастырған Т.Көшенова, Жүсіп Баласағұн мен Абай арасындағы шығармашылық сабақтастық мәселесін пайымдаған М.Әліпхан еңбектерін абайтанудағы жаңа пайымдаулармен танылған еңбектер дей аламыз.

Абайдың ақын шәкірттері туралы бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалып, осылардың негізіндегі еңбектер жеке кітап болып та шықты. Бірақ бұл жұмыстарда негізінен, Ә.Тәңірбергенұлы, Ә.Найманбайұлы, К.Жанатайұлы сияқты Абай шәкірттерінің өмірі мен әдеби мұрасы қарастырылған да, олардың ұлы ұстазымен ақындық үндестік, шығармашылық сабақтастық мәселелері қалыс қалған.

Осы ойларды түйіндей келе айтарымыз: Абай шығармаларын танып білудің ғылыми тәсілдері, әдістемелік-тұжырымдамалық принциптері анықталды деп айту

қиын. Болашақ ғылыми жұмыстардың жемісті болуы Абай мұрасын зерттеушілердің өзіндік жаңа көзқарас қалыптастырып, жасанды қисындар қыспағынан арылуына байланысты екендігін ерекше айтқан жөн. Бұл ретте абайтануда қордаланып қалған кейбір мәселелерге назар аударайық:

1. Көркем шығармаларды бұрынғыдай таптық көзқарас тұрғысынан бағалау әлі де кездеседі. «Абай қарапайым халықтың жақтаушысы, қамқоршысы» деген тұжырым қаншалықты шын естілгенімен ақын шығармаларының мән-маңызын бір халық көлемімен ғана шектеп, кең ауқымды салыстырулар жасауға мүмкіндік бермейді. «Абай» энциклопедиясындағы кейбір мақалалар осындай ескі көзқараспен жазылғаны белгілі. Абайдың өскен ортасын, қоршаған айналасын, аралас-құралас болған адамдарын бұрынғы теория тұрғысынан емес, анық ақиқатына орайластырып зерттеу қажет;
2. Біздің әдебиетімізді шыншыл сипатымен тексеруге үлкен кеселін тигізген қисынның бірі – бүкіл құндылықтарды еуроцентристік тұрғыдан бағалап келдік. Еуропа халықтарының, соның ішінде, әсіресе орыс әдебиетінің мәдениетін дәріптеу, қазақ халқын артта қалған, озық елдермен үйрену арқасында қатарға қосыла алады деген қисындар осы теорияның негізі болды. Сол себепті Абай туындыларын талдаған кезде еуропа-орыс әдебиетінен қаншалықты тәлім алғандығы жан-жақты қарстырылды да, алдымен сөз болуы тиіс ұлт әдебиетінің қайнар көздері, шығыс поэзиясының ұлы ақынға тигізген орасан зор ықпалы туралы мәселе кейінгі кезекке ысырылып келді. Сондықтан Еуропа әдеби дәстүрін асыра көрсету сияқты біржақтылықтан арылып, абайтануды кең көлемге шығару қажет.
3. Абай нәрленген рухани бұлақтардың бірі – ақын шығармаларының түркі халықтарына ортақ жазбаша және фольклорлық мұралармен тығыз байланысын тереңірек зерттеу қажет. Бұл да ақынның рухани элементінің көкжиегін кеңейтуге жол ашатын келешегі кең бағыт болады деп кәміл сенеміз.

4. Абайтанудың құнттап қолға алатын күрделі бір мәселесінің бірі – Абай және ислам әдебиеті дәуірі. Ұлы ақынға шығыс әдебиетінің әсері болғанын айту мәселенің бір қырын ғана ашады. Осы әсердің Абайдың қай шығармасында қаншалықты қамтылғандығын түбегейлі зерттеу қажет. Бұл мақсатта араб, парсы тілдері мен түркі халықтарының тілдеріне жетік, ислам діні тарихын жақсы білетін мамандар тартылуы тиіс.
5. Абайдың жаңашылдық тұлға ретіндегі толық бейнесін қайта өрлеу дәуіріне тән белгілермен жан-жақты ашып көрсету керек. Көне заманның ақыл-ой қазынасын қайта жаңғыртып, жаңа заман кәдесіне жарату қайта өрлеу, ренессансқа тән сипаттар болса, Абай да өз кезін жақсы білуімен қатар шығыс пен батыс ойшылдарының еңбектерімен таныс болып қана қоймай, оларға өз көзқарасын білдіруі, әлемдік діндер негіздеріне тереңдеп барып, ой жүгіртуі, шығыс пен батыстың классик ақындарының көркемдік жетістіктерін меңгеруі – жаңашылдық белгілер. Ақынның бұл әрекеттері дүниежүзілік өркениет байлығын игеру нәтижесінде халық қажетіне жаратсам деген ізгі тілектен туған ниеттер. Мұның бәрі Абай мұрасын жалпы адамзаттық құндылық көлемінде қарап пайымдау қажеттігіне бағыттайды.
6. Осы ойдан барып Абай кітапханасы туралы мәселе туындайды. Бұл бұрыннан айтылып келе жатқан қисын. Абай бала жасынан төл әдебиеттен сусындап, шығыс ақындарынан нәр алды, кейін еуропа және орыс әдебиетімен жете танысып, өз шығармаларына үлгі етті дейміз. Сонда Абай кімді оқыды, қалай оқыды, кімді үлгі етті, қай тұлғаны ұстаз етіп таңдады деген сұрақтар туындағанда, ұлы ақын заманының кітапханасын сала-сала бойынша сараптап зерттеу қажет. Абай кітапханасына тереңдеу арқылы ұлы ақынның туған әдебиеттен басталған шығыстық, еуропалық, тіпті түркі халықтарына ортақ мұралардан шыққан шығармашылық арналарды дөп басып анықтай аламыз. Осы тұрғыда Семейдегі Абайдың қорық-мұражайы «Абай мұражайының кі-



тапханасы» сериясымен дайындап шығарған «Абай мұражай қорының сипаттамасы» атты жолкөрсеткіш кітабының орны ерекше.

Бұл кітапта қорда сақтаулы әр қолжазба, сирек кездесетін әр кітап туралы қысқаша сипаттама берілген. Абай мұражайында араб әрпімен шыққан қазақ кітаптарының саны 500-ден асады екен. Оның жартысына жуығы Абай оқыған медресенің шатырынан табылған араб, парсы, шағатай, түрік тілдеріндегі кітаптар, оқулықтар, журналдар туралы сипаттама жеке бөлімде қамтылыпты.

Абай мұражайында қазақ кітаптарының, мерзімді басылымдардың Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан кітапханаларынан әкелінген көшірмелері сақтаулы. «Айқап» журналының 1911–1915 жылдары жарық көрген барлық 88 саны, «Сана», «Шолпан», «Сәуле» журналдары мен «Қазақ тілі» газетінің бірнеше нөмірлері бар. Аталған басылымдар жарияланымдарының мазмұндарының тізбесі, XIX–XX ғасырдың бас кезінде шыққан, сирек кездесетін қазақ кітаптары көшірмелерінің тізбесі де беріліпті.

Сонымен бірге Абай мұражайы кітап қорында орыс тіліндегі 1500-ден астам ескі басылымдар бар екен. Олардың ішінде сирек кездесетін энциклопедиялар, Батыс Еуропа ойшылдары мен ақын-жазушыларының, Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Толстойдың кітаптары сақталған бұл басылымдар тізбесі жеке беріліпті. Сондай-ақ, соңғы жылдары мұражай қорына Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Қазан, Том, Алматы мұражайларынан табылған Өскенбай, Құнанбай, Халиолла, Абай, Әбдірахман, Майбасар, Абайдың ақын шәкіртеріне қатысты архив деректерінің көшірмелері келіп түсіпті. Солардың ішінде Абай әкесі Құнанбайға қатысты архив деректері 800 беттен асады. Бұл құнды дерек көздері жеке тізбеде сипатталыпты.

Демек, Абай мұражайында сақталған көне басылымдар Абай заманынан терең сыр шертіп қоймай, абайтанудың бізге беймәлім жақтарын ашуға септігін тигізеді, алдағы зерттеулерге негіз болады деп ойлаймыз.

7. Абай шығармаларының басқа тілдерге, әсіресе, орыс тіліне аударылу жайын жан-жақты да терең зерттейтін уақыт жеткен сияқты. Еліміз тәуелсіздік алған соңғы 20 жыл аралығында Абай туындыла-

рын Б.Қанапиянов, Ә.Қодар, М.Әдібаев және т.б. бірнеше автор аударған тәжірибелер болды. Бірақ қалай аударылды, көркемдік деңгейі қандай, Абай шығармаларын орыс тілді оқырман қалай қабылдады? Бұл көкейтесті мәселелер зерттелуде тұр ғой, әлі арнайы талқыланған да жоқ. Сол сияқты Абай туындылары әлемге көп тараған ағылшын, француз, араб тілдеріне де тәржімеленді. Бізде қазір осы тілдерді ана тілінен кем білмейтін білгір мамандар жеткілікті. Олай болса, сол мамандарды осы аудармалардың деңгейін зерттеп, тексеруге неге тартпасақ?

2013 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жас ғалымдары Ресейдің Орынбор, Астрахан өңірлеріне арнайы іс-сапармен барып қайтты. Кіші ғылыми қызметкер Н.Нәбиолла астрахандық қаламгер Құбаш Батрашевтің Абай өлеңдері мен дастандарын қазақшадан орысшаға жасаған аудармалары жарияланған жинақты ала келіпті. 2005 жылы Астраханда жарық көрген кітапқа ұлы ақынның барлық өлеңдері мен поэмаларының орысша аудармалары берілген екен. Автор көлемді кіріспе мақаласында Абай шығармаларын орыс тіліне аударудың негізгі себептерін түсіндіріп, аудармашыға қойылатын кейбір талаптар мен поэзия туындыларын бір тілден екінші тілге аудару ерекшеліктері туралы, Абай өлеңдері мен поэмаларын қазақшадан орысшаға аударудың көпнұсқалылығы мен өзгешеліктері туралы ой қорытыпты. Міне, бұл жаңа аударма да абайтанудың бір зерттеуіне негіз бола аларлық материал дей аламыз.

8. Абай өмірі мен шығармашылығын зерттейтін ғылыми мекемелер арасындағы үйлестіру жұмысын дұрыс жолға қою керектігі туралы осыдан екі жыл бұрын айтқан едік. Бірақ бұл мәселе сол бұрынғы қалпында күн тәртібінде тұр. Біздің институт пен басқа жоғары оқу орындарындағы абайтану құрылымдары арасында тікелей байланыс жоқ. Бәрі сөз жүзінде ғана. Тіпті, Семейдегі Абайдың қорық-мұражайымен байланыс та осындай деңгейде. Соңғы екі жыл шамасында Абай мұражайы 21 ғылыми-зерттеу басылымын шығарыпты, үстіміздегі жылдың ақпан айынан бастап

осы мұражайдың «Асыл қазына» атты мәдени, әдеби-танымдық газеті жарық көріп келеді. Бізде бұл басылымдардың кейбіреуі ғана бар, ал қалғанын баспасөзден ғана оқып білдік, газет туралы ештеңе білмейміз. Тіпті, Абайға қатысты кейбір жинақтар мен зерттеулер облыс орталықтарында шығып жатады, республика деңгейінде таралмағандықтан біршама құнды деректері бар мұндай қажет басылымдарды біз білмей қаламыз. Сондықтан абайтану ғылымы заман талабына сай жаңа үрдісте, жаңа қалыпта дамып, бұл салада тың да іргелі ғылыми еңбектер жазу үшін Абай мұрасын зерттейтін ғылыми мекемелер арасында, жалпы Абай шығармашылығымен айналысып жүрген ғалымдар арасында кең ауқымды үйлестіру жұмыстары жүргізілу қажет. Сонда ғана абайтанудағы ортақ ғылыми ізденістеріміз жемісті боларына кәміл сенемін.

## АБАЙТАНУ БАЛҒЫ

Қайым Мұхамедханов туралы сөз қозғасақ, бар қазақтың жүрегіне жол тапқан осы бір қастерлі есімге бәріміз де құрметпен қараймыз. Оның себебін, мән-маңызын түсіндіріп жату – басы артық нәрсе. Сондықтан абайтану ілімінің негізін қалаған ұстазы М.Әуезовтен кейін абайтану ғылымын үлкен ғылыми-танымдық мектепке айналдырған және өмірлік мұратын ұлы Абаймен байланыстырған, күрделі тағдырды бастан өткерсе де, ғылыми ұстанымына қаяу түсірмеген қайсар ғалымның туғанына 2016 жылы жүз жыл толды.

Қазақтың көрнекті ғалымы, әдебиет зерттеушісі, абайтанушы, текстолог, ақын, жазушы, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Қайым Мұхамедхановтың туған халқының рухани қазынасына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Оны айтып тауысу мүмкін емес. Өйткені ғалым әдебиет, оның ішінде абайтану саласында алпыс жылдан астам уақыт жемісті еңбек етті. Ғылыми-зерттеу еңбектерін, көркем шығармалар жазды, көптеген аудармалар жасады. Туа біткен дарынымен, қаламының қарымынан туындаған жүрекжарды дүниелері оны үлкен биікке көтерді.

Мұхтар Әуезовтің адал шәкірті болып, Абайдың әдеби мектебін зерттегені үшін де сталиндік лагерде жантөзгісіз азаптардың талайын көріп, маңдайы тасқа соғылса да, рухы жасымаған Қайым Мұхамедханұлы туралы көп айтуға болады. Қай қырынан әңгіме етсек те, жарқырай түсері анық. Оның есімінің қазақ тарихында ерекше аталуының тағы бір мәні – Қазақстанның тұңғыш әнұранын жазған бірегей тұлға екендігі. Сол әнұранды бәріміз де «Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Бостандық өмірге ар үшін қиған

жан» деп жаттағанымыз белгілі. Ал шын мәнінде оның Қайым аға жазған алғашқы нұсқасы «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» болып шыққанын ел енді ғана біле бастады.

Қайым ағамыз құлашын қайта жайған сол шабытты шақтар оның азапты күндерін артқа қалдырып қана қоймай, ұзақ жылғы бейнетінің жемісін көруге септігін тигізді. 1996 жылы Қайым Мұхамедхановқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл, сөз жоқ, ғалымның ұзақ жылғы еңбегіне берілген әділ баға болатын!

Ғалымның абайтану ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның ұлттық әдебиеттанудағы тың саланы өзінің басты ғылыми бағыты етіп алу себебін айғақтайтын маңызды бір құжат бар. 1940 жылы Абайдың 100 жылдығын өткізуге байланысты құрылған мемлекеттік комиссияда Қайым Мұхамедханов ғылыми хатшы болып бекітіліпті. Сол кезде 24 жастан асқан жас ғалым 1945 жылы Абайдың ақын шәкірттері туралы мақалалар сериясын жариялайды. Осылайша ол өзінің бүкіл саналы ғұмырын ұлы ақын мен оны үлгі-өнеге тұтып, поэзияға бой ұрған талантты шәкірттерінің шығармашылығын зерттеп насихаттауға арнайды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен оның достығы осылайша Абайды терең тануға, жан-жақты зерттеуге жол ашты.

М.Әуезов абайтанудың негізін қалап, оның тізгінін өзінің жолын қуған Қайымдай талантты шәкіртіне ұстатып кетсе, ол ғылымға бағыт берген ұстазының сенімін ақтап, алпыс жылдан астам уақыт бойы заңғар биіктен көріне білді.

Абайдың ақындық мектебін жеке нысан ретінде зерттеп, 1951 жылы осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Бұл еңбегінде Абай мен оның шәкірттеріне тағылған кінәның негізсіз жала екенін дәлелдей отырып, әділ бағасын береді. Бірақ ғалымның бұл батыл ғылыми ұстанымы тырнақ астынан кір іздеген ғалымсымақтар мен саяси жүйеге ұнамады. Соңына шырақ алып түсіп қуғынға ұшыратты. Алғысөзін М.Әуезов жазып, мәтіндерін бірнеше жыл бойы Қайым Мұхамедханов жинап құрастырған «Абайдың шәкірттері» жинағы баспаға жетпей жойылды,

ал оны зерттеуші жас ғалым жазықсыз тұтқындалып, бір-неше жыл Карлагта жапа шекті, адам төзгісіз қорлық пен зорлықты бастан кешті.

Қайындай қайыспайтын Қайымды бұғау да, темір тор да мұқалта алмады. Қайта жігеріне жігер қосып шыңдалып шыққан ол ақталғаннан кейін бұрын бастаған сүйікті ісіне – абайтану мәселелерін зерттеуге қайта құлшына кірісті. Содан бері 60 жылдан астам уақыт ішінде ол абайтану ілімін алға жылжытып, қыруар іс тындырды. 1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы» зерттеуін жарыққа шығарды.

Ал жалпы, Қайым Мұхамедхановтың басына төнген қара бұлт еліміз егемендік алған жылдардан кейін ғана ыдырағаны шындық. Абайтану саласындағы зерттеу еңбектері мемлекет тарапынан қолдау тауып, әсіресе, Абайдың 150 жылдық мерейтойы алдында ғалым шығармашылығына баса назар аударылды. Абай шығармаларының екі томдық академиялық жаңа басылымын әзірлеп шығару үшін Қайым аға сонау Семейден біздің институтқа аға ғылыми қызметкер болып шақырылды. 1951 жылы тыйым салынып, баспадан алынып тасталған «Абай шәкірттері» жинағын қайта толықтыра әзірлеп, бір кітап қана емес, төрт кітаптан тұратын «Абайдың ақын шәкірттері» деп аталатын ұлы ақынның талантты ізбасарлары туралы өз зерттеулері мен олардың шығармалары енген құнды еңбекті оқырманға тарту етті. 1993–1997 жылдары аз таралыммен шыққан бұл жинақ бүгінгі күні әдебиет сүйер қауым іздеп оқитын зәру басылымға айналғалы қашан!

ЮНЕСКО көлемінде дүркіретіп атап өтілген Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында қазақ тарихында жеке тарихи қайраткерге арналған тұңғыш «Абай» тұлғалық энциклопедиясын құрастырып шығаруға, Абайдың екі томдық академиялық жаңа басылымын дайындауға қатысты. Сонау 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірігіп шығарған «Абай» журналының 70 жылдан кейін қайтадан жарық көруіне көп күш-жігер жұмсап, өмірінің соңына дейін оны шығарушылар тобының құрамында жемісті еңбек етті.

Абай мен оның ақындық мектебін зерттеу Қайым Мұхамедхановтың абайтанудағы негізгі бір бағыты бол-

са, екінші үлкен бір еңбегі – Абай шығармаларының текстологиясын жете зерттеп сараптауы болды. Ұлы ақын өлеңдерінің текстологиясын тәртіпке келтіріп, бір ізге түсіруде ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Абай шығармаларының текстологиясы» атты монографиясының маңызы зор. Себебі, абайтануға қосылған елеулі үлес болып бағаланған бұл іргелі зерттеу қазір де Абай шығармаларының жаңа басылымдарын әзірлеуде арқа сүйейтін, тірек болатын бірден бір ғылыми еңбек ретінде пайдаланылып келеді. Аталған еңбекте ғалымның ізденгіштік таланты, мұқияттылығы, қисындылығы анық байқалады. Ол жай жорамалдар жетегінде кетпей, нақты қолжазбалар мен кітаптарға сүйене отырып, Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында жіберілген кемшіліктерді айқын көрсетіп берді. 1985 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Маржанды тозақ тұтпасын» деген мақаласында бұл күрделі мәселені қайта қозғап, Абай шығармаларының соңғы басылымдарында орын алған олқылықтарды тайға таңба басқандай етіп сараптап берді.

Алдағы уақытта Абай мұрасын зерттеушілер абайтанудың асқан білгірі Қайым Мұхамедханов еңбектеріне үнемі сүйеніп, ғибрат алулары тиіс. Данышпан Абай – дүниеге бірер ғасырда бір келетін құбылыс десек, сол себепті Абай хакім – еліміздің абырой-беделі, халқымыздың маңдайына біткен бақыты. Ал Абайды өмір бойы зерттеген профессор Қайым Мұхамедхановты ұлттық әдебиеттану ғылымының жарық жұлдызы дейміз. Оның абайтануға сіңірген еңбегі шексіз екенін айтсақ, ғалымның мерейтойына арналған ғылыми мәслихат біз үшін қатардағы іс-шара емес, бұл ғұламаның өмір жолы мен ғылыми зертханасына тағы бір зер салып, оның бүкіл еңбектерінің маңыздылығына жаңаша баға беру мүмкіндігі деп білу керек.

Азапты ғұмыр кешсе де, қазақтың қайсарлығын ғылыми ұстанымына тірек етіп, Абай мен Мұхтарға деген адалдығына дақ түсірмей өткен ғұлама ғалымның жүз жылдығы – қазақ әдебиетінде үлкен қазына қалдырған ұлт қайраткерінің мерейтойы. Алаш қайраткерлерінің арманын бүгінгі ұрпаққа табыстап, жеткізіп кеткен арысымыз Қайым Мұхамедханов деп білеміз.

## АБАЙТАНУШЫ-ҒАЛЫМ ЗӘКИ АХМЕТОВ

Ұлы дала данышпаны Абай мен ғұлама жазушы-ғалым Мұхтар Әуезов туралы сөз қозғағанда, ұлт мәдениеті мен ғылымы тарихында есімі алтын әріппен жазылатын қайталанбас тұлға, Әуезовтің талантты шәкірті – академик Зәки Ахметов туралы айтпай кету мүмкін емес. Себебі, екі ұлы тұлға балаң жігіт шағынан ғылым жолына түскен әдебиеттанушы-ғалымның бүкіл өмірінің темірқазығы, өрелі өзегі мен мағыналы мәні болды. Алғашқы ғылыми мақаласын «Абайдың ән-күйге көзқарасы» деп Қазақ мемлекеттік университетінің 3-курсында оқып жүргенде 18 жасында жазса, 19 жасында «Абайдың эстетикалық көзқарасы» деген тақырыпта дипломдық жұмысын көрнекті әдебиеттанушы-ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен жазып сәтті қорғап шыққанда сол кездегі бірден бір жалғыз университет профессоры, академик Мұхтар Әуезовтің жас таланттың болашағынан мол үміт күтіп сөйлеген аталы сөзі ғылым көгінде жарқырай жанған дарынды қуаттандырып қанат бітірген. Артынан іле-шала М.Әуезов пен ұстаздары, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Б.Кенжебаев және журналистика бөлімінің деканы Қайыржан Бекқожин КСРО Ғылым академиясының Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына оқуға түсуге кепілдеме берген.

«Багаменен ер көгереді» дегендей ұлық ұстаздарының ұлы аманатын арқалаған талантты жас қияндағы Ленинградтан бір-ақ шығып, атақты ғылыми-зерттеу институтының аспиранты атанғанда ғылыми жетекші таңдауда да жолы болып, әлемге әйгілі шығыстанушы Сергей Ефимович Маловпен тағдыры түйіседі. Болашақ диссертация тақырыбын таңдағанда М.Әуезов, Б.Кенжебаев және Қ.Бек-



кожин тілек етіп Абай және орыс әдебиеті туралы зерттеуді қадағалап тапсырған аманаты іске асып, Абай және Лермонтов поэзиясын зерттеуге тоқтайды. Екі-үш жыл аралығында көз майын тауысып, талмай ізденген қажырлы еңбек нәтижесінде бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымына үлкен жаңалық әкелген «Абай және Лермонтов» атты іргелі зерттеу жазғаны белгілі.

Осылай 23 жасында Ленинград мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетінің ғылыми кеңесінде диссертация қорғап, ғылым кандидаты атанған жас ғалым Абай поэзиясына барлау жасап, одан кейінгі бүкіл саналы ғұмырын ұлы ақынның сан қырлы шығармашылығын тереңдеп зерттеуге арнады.

Абай әлемінің ғалым зерттеген бір қыры – кемеңгер ойшылдың ақындық айналасы. Бұл мәселені Мұхтар Әуезов 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында алғаш рет қозғап, Абай нәр алған үш шығармашылық орта – туған әдебиет, шығыс әдебиеті және орыс-еуропа әдебиеті төңірегінде айтқан болатын. Ұлы ұстазының ақындық орта туралы ойларын З.Ахметов Абайға арнаған мақаларының барлығында дерлік тереңнен өрбітті, монографиялық еңбектерінің басты өзегі етті.

Еліміздің қоғамдық өмірін тұтас қамтыған рухани жаңғыру мен жаңару үдерісі, әлемдік ғаламдану жайы ғылымдағы бетбұрысты айқындап, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістердің нақты нәтижелерге бағдарлануы міндеттерін алға тартқан тұста академик Ахметов бұрыннан қордаланған ойларын жинақтап, халқымыздың рухани-мәдени тарихын тәуелсіздік талаптары тұрғысынан тыңнан зерттеудің үлкен мән-маңызы бар екенін зейініне тоқыды, Абай ақындығының айналасы сияқты күрделі мәселеде бұған дейін орын алып келген сыңаржақтылықтан арылу қажеттігіне назар аударды. Мұның өзі кеңестік жүйе тұсында әдебиет тарихында белгілі бір әдебиет өкілінің шығармашылық ізденістерін тек орыс әдебиетімен байланыстыра қарастыру әдісінен арылып, ұлттық әдебиет тарихында бұрын айтылмай келген, тиым салынған шындықты, яғни ақындық орта мәселесін туған әдебиетпен тікелей сабақтастықта бүкпесіз талдап беру міндетін алға тартты.

Әдебиет білгірі З.Ахметов өзін көп жылдардан бері толғандырған Абай ақындығының айналасы мәселесін ұлы ұстазы М.Әуезов салып кеткен негізді темірқазық етіп алып, көркем үдерістің жалпы заңдылықтарын Абай өмір сүрген заман үрдісінің дәуірнамалық айшықты көріністері мен құбылыстары мысалында айшықтады. Осы ретте «Абай поэзиясының негізгі тірегі, қайнар көзі, ана сүтіндей нәрлендірген арнасы – халық поэзиясы, қазақтың ақындық өнері, Абай поэзиясы, қазақ топырағында өсіп-өнеді» деп ерекше атап көрсетіп, бұған қоса «Шығыс, орыс, Еуропа әдебиеттерінің ықпалы да мол болғаны талассыз» деп бұрыннан белгілі көзқарастан ауытқымайды.

Абайдың ақындық айналасын кеңінен қамтыған «Дәстүр және жаңашылдық» атты көлемді зерттеу мақаласында: «Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүниежүзі поэзиясының озат үлгілерімен деңгейлес тұрғаны білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған өрен жүйрік, жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абайдың маңдайалды ақын болып үздік шығуы, алдына жан салмауы, әрине, оп-оңай өзінен-өзі бола қалған нәрсе емес» деп (1,200) мәселенің түп-төркініне үңіледі. Абайдың ұлттық жаңа реалистік жазбаша поэзияның, әдебиеттің негізін салушы ретіндегі ақындық аса қуатты, сан қырлы дарынын жете көрсете келіп, осындай «керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері» деңгейіне көтерілуінде оның өзінен бұрынғы поэзиялық өнеге-үлгілерге табан тірегенін айту қажеттігін зерттеу өзегі етеді. Ғалым осы пайымдауын: «Абайдың жаңашылдығын айту үшін, оны бұрынғы ақындардан алшақтатып әкету, тіпті, оларға қарама-қарсы қою дұрыс емес. Мұның өзі біздің әдебиеттануымыздағы орын алып келген бұрынғысы жете бағаламаудың, ол аз болса мүлде жоққа шығарудың бір көрінісі еді» деп (1,201) өрелі оймен сабақтайды.

Осы тұста баяндама көлемі көтермегендіктен Абайдың ақындық айналасы мәселелесінде ұлы ақынға әсер еткен ақындық орта мен дана ойшылдан үлгі алып, шығармашылық дәстүрін жалғастырған ақындық орта төңі-

регінде сөз қозғау үшін XIX ғасырдағы елдіктің жыршысы, еркіндіктің жоқшысы болған болған ұлы ақын Дулат Бабатайұлы мен Абайдың талантты шәкірті, аса көрнекті ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы мысалында қысқаша таратып айтсақ та жеткілікті.

2002 жылы 20 шілдеде М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бастамасымен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетімен бірлесіп Семей қаласының әкімдігінде Дулат Бабатайұлының туғанына 200 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілін алғаш рет осындай үлкен ауқымда еске түсіріп ұйымдастырған еліміздегі тұңғыш ғылыми шара болатын. Міне осы салиқалы жиында конференция жұмысын институттың сол кездегі директоры, белгілі фольклортанушы-ғалым, академик С.Қасқабасов басқарып, «Елдік пен еркіндіктің жаршысы Дулат ақын» деген тақырыпта негізгі баяндаманы академик З.Ахметов жасаса, «Абай және Дулат шығармашылығы: рухани сабақтастық» деген тақырыпта филология ғылымының докторы, профессор Т.Жұртбай, «Дулат поэзиясындағы заман шындығы» деген тақырыпта филология ғылымының докторы, профессор А.Еспембетов және Дулат поэзиясының әр қырын сөз еткен тарихшы-ғалым Мұхтарбек Кәрімов, филолог-ғалымдар Қайрат Раев, Қинаят Шаяхметұлы, Бауыржан Ердембеков және осы жолдар автор баяндамалары тыңдалған еді. Бір өкініштісі, осы елеулі жиын материалдары жеке жинақ болып шықпай қалды. Ал бір қуанарлығы, академик З.Ахметов баяндамасы сол жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды.

Міне сол мағыналы да мазмұнды баяндамасында атақты ғалым дала данасы, абыз Дулаттың «елдің еркіндігін шектеген отаршылдықтың сыншысы, елдіктің қолдан шығып бара жатқан еркіндіктің жоқшысы, жаршысы» екендігін, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас тұлға екендігін тереңнен аша келіп, Дулат пен Абай арасындағы дәстүр жалғастығы жайындағы мәселеге кеңінен тоқталады.

Дулатты айтқанда ғалым осындай ірі ақындар Абайдың алдындағы қазақ әдебиетінің басты бағыт-бағдарларын

таныта алғандығын, сол замандағы қоғам өмірінің күрделі қайшылықтарын көре біліп, әлеуметтік мәселелерді терең толғаған сөз зергерлері екендігін ерекше атап, олардың поэзиясындағы әлеуметтік сарынның Абай поэзиясымен үндестік қырларын ашып көрсетеді. Ал Дулат ақындығының Абай шығармаларымен тікелей үндестігі мәселесіне келгенде: «Мұхтар Әуезов «Абай» романы аталып, 1942 жылы басылған кейінгі төрт томдық эпопеяның бірінші кітабында жас Абайға үлкен әсер еткен ақын ретінде Дулатты, әрине, жайдан жай ала салмаған (Кейінірек айтылған сын пікірлерге орай Дулатты ол амалсыздан ойдан шығарылған Барлас деген атпен ауыстырды). Бір жағынан Дулаттың ұлғайған кезінде Құнанбай аулына келіп, жас Абайды көруі шынында да мүмкін екенін ескерсе, екінші жағынан Абай поэзиясынан Дулаттың ақындық өнегесіне жақындық сипаттар да табуға болатынын ескерген» деп (2,179) пайымдайды да, Абайдың болыс бейнесін суреттеуде қазақ поэзиясына үлкен жаңалық әкелгенін айта отырып, ақынның осы мазмұндағы өлеңдеріндегі сыншылдығы мен сықақшылдығы жағынан алғандағы Дулатпен сарындас келетін тұстарын нақты мысалдар арқылы дәлелдеп береді. «Абай да, Дулат та өнерпаздық тұлғасы мүлде өзгеше суреткер десек те, олардың өмір сүрген ортасы, заманы жалғас, жақын, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсетуінде де ұқсастық, сабақтастық бар» деп (2,182) ғылыми парасатты ой түйеді.

3. Ахметов Абай ақындығы айналасының екінші бір жалғасты мәселесі – қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрлерінің ұлы ақыннан кейінгі кезеңде тікелей жалғасып даму проблемасын ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлттық поэзияның аса көрнекті өкілдері Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтарды ұлы ақынның шығармашылық дәстүрлерін дамытып жалғастырған ізбасар ақындар ретінде қарастырады. Солардың арасынан «Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, фәлсапалық ойшылдығын өрістеткен ақын» деп (3,357) бөле-жара атап,

үндес, жалғас өткір пікірлерді өлең шумақтарын салыстыру арқылы талдап көрсетеді.

Абайтанушы-ғалым З.Ахметов ұлы ақынның тікелей тәрбиесінде болып, шығармашылық дәстүрлерін шеберлікпен дамыта білген «ұлы гуманист, кеменгер, ойшыл, кемел ақын және прозаик» Шәкәрімнің дара тұлғасын ғылыми кең тұрғыда пайымдап, осы тақырыпты зерттеу ісіне өмірінің соңына дейін адал болып қалды. 2002 жылдың 17 желтоқсанында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде өтуі белгіленген Шәкәрім оқуларына тыңғылықты дайындалып, ойшыл ақынның өзіндік ақындық тұлғасын жан-жақты танытқан көлемді мақала жазды. Бірақ ғалымның кенеттен болған әлі күнге дейінгі жұмбақ өлімі бұл игі жоспарды жүзеге асырмай тастады. Қолжазба түрінде қалған бұл құнды мақала ғалымның бұрын жарияланбаған еңбектері топтастырылған «Асыл сөз арнасы» атты жинағында (Алматы: «Арда», 2008. – 400 бет) жарық көрді. Осы сиясы кеппеген соңғы еңбегінде: «Шәкәрім Абайдың ақындық-өнерпаздық дәстүрлерін қоғамдық өмірдің ең маңызды мәселелерін қозғау жағынан, әсіресе өнер-білімді, ғылымды уағыздау, надандықты, топастықты, әділетсіздік пен зұлымдықты әшкерелеу, шығыс, орыс әдебиетінің таңдаулы нұсқаларын насихаттау жағынан ілгері дамытты. Сонымен қатар ол ақындығы, прозашылдығы, ойшылдығы, философиясы, дінге көзқарасы, суреткерлігі, көркемдік ойлау жүйесі, стилі, тіл бейнелілігі, өлең өрнектерін өзгеше түрлендіруі – қай жағынан алсақ та, қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі бірден-бір жаңашыл ірі тұлға болды» деп (2,225) Абай ақындығының айналасындағы Шәкәрім сияқты ізбасар шәкіртін «қазақ әдебиетінде ғана емес...тіпті дүние-жүзі әдебиетінде өте сирек құбылыс» ретінде жоғары бағалайды.

Сол 2002 жылы академик З.Ахметовтің тікелей бастамасымен және жетекшілігімен Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетімен бірлескен «Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық-ағартушылық бағыт контекстінде» атты көлемді ғылыми жоба Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің «Көркем мәдениет – ұлттың рухани өрлеуінің негізі» ғылыми бағдарламасы аясында дайындалған болатын. 2003–2005 жылдарға жоспарланған жобаның негізгі мақсаты ретінде халқымыздың рухани тарихындағы аса ірі тұлғаларының бірі, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің өркендеп дамуында ерекше із қалдырған ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасын ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық-ағартушылық контексте тығыз ұштастыра қарастыра отырып, оның қаламгерлік бастау негізінде жатқан дәстүрлік қайнар көздерді ашу, осы арқылы ойшыл ақынның ұлттық рухани ой әлеміндегі қайталанбас құбылыс ретіндегі суреткерлік тұлғасын жан-жақты ашып көрсету, қазақ әдебиетінің тарихынан алар орнын нақты айқындау мұраттары анық көрсетілді.

Осы мақсаттан туындаған Шәкәрім шығармашылығын ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық-ағартушылық контексте зерттеу барысында ақын өмір сүрген кезеңнің тарихи-әлеуметтік негіздеріне тоқталып, ол тәлім-тәрбие алған әдеби мектеп пен дәстүрге қатысын, ақындық ортасын ашып көрсету, ғасыр басындағы демократиялық жазба әдебиет өкілдерімен өзара үндестігін анықтау арқылы ақын шығармаларындағы тарихи шындықтың көрініс табуын зерделеу, тарихи заман тынысының бейнелену ерекшеліктерін пайымдап, қарастырылып отырған кезеңдегі ұлт әдебиетінің жанрлық жағынан баюына Шәкәрім қосқан үлес пен ол әкелген жаңа поэзиялық айшықты үрдістерді ашып беру, ақын туындыларындағы тарихилық сипат, уақыт, кеңістік өлшемдерінің көркем шындыққа ұласуы, соның негізінде авторлық идеяның берілуі мен беку табиғатына тереңірек үңілу, Шәкәрімнің әлем әдебиетіндегі ағартушылық және демократиялық идеялармен сабақтас-тығының қыр-сырына барлау жасап, дүниежүзілік көркем жауһар шығармаларды таңдау себептері мен аудару тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктерін ашу сияқты үлкен міндеттер қойылды.

Жобаның соңғы нәтижесі ретінде ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасын демократиялық-ағартушылық мұраттармен тығыз ұштастыра

қарастырып, ақындық шеберлік қырларына жан-жақты талдау жасаған қомақты монографиялық зерттеу жазып шығу жоспарланды.

Шәкәрімнің шығармашылығын жан-жақты зерттеуге арналған осы жобаны орындап жазып шығатын академик З.Ахметов басшылық еткен ғылыми топ жасақталды: тарих ғылымының докторы Е.Б.Сыдықов, филология ғылымының докторы А.С.Еспембетов, филология ғылымының кандидаттары Қ.Шаяхметұлы, С.С.Қорабай, А.Қадыров, Ж.Әубәкір, Қ.Бұзаубағарова, Б.Ердембеков, мәтінтанушы Т.Берікболов сияқты Абай, Шәкәрім заманын зерттеуші мамандар қатыстырылуы көзделіп, ғылыми-зерттеу жұмысының күнтізбелік жоспары жасалды.

Бұл іргелі ғылыми жоба сол кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық өкілдері бөлімінде қызу талқыланды, басқа саланың әдебиеттен хабары жоқ кейбір ғалымдары Шәкәрімнің әбден зерттеліп болғандығын уәж еткенде жоба жетекшісі, академик З.Ахметов аталған тақырыптың маңыздылығы мен көкейтестілігін алға тартып, Шәкәрім шығармашылығын зерттеу кезеңі енді ғана басталғандығын, ақынның сан-қырлы талантын нақты дәлелдермен ашып көрсеткендігін осы қызу тартысты өткен жиналысқа қатысқан ғалымдар сүйсіне айтқан болатын. Соңында академиктің Шәкәрімнің әдеби мұрасына байланысты дәлелді ғылыми пайымдаулары негіз болып, жоба министрлікке ұсынылған екен. Өкінішке қарай З.Ахметовтің кенеттен қайтыс болуы бұл жобаның тағдырын беймағлұм етті, жоба нәтижесін іздеген, сұраған ешбір жанның алаңдамауы себепті жабулы қазан жабулы күйінде қалды.

Академик З.Ахметовтің Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын зерттеуге байланысты бұл үлкен жобасы ізім-қайым жоғалған жоқ. Компьютерге терілген жоба нұсқасы Алматыда да, Семейде де сақталған. Бұл жобадан әлдебір астарлы пиғылдармен бүркемеленген заңға қатысты жорамалдармен күдіктенгендер қатты қателеседі. Аталған жоба – ешқандай саясатпен байланысы жоқ таза ғылыми жоба.

Жалпы алғанда, Шәкәрім шығармашылығына байланысты кешенді жоба әлі жүзеге асқан жоқ. Сол себепті осы олқылықтың орнын толтыратын үлкен іргелі ғылыми еңбек болуға біз әңгімелеп отырған жобаның толық мүмкіндігі бар. Сондықтан алдағы уақытта Абайдың «Жидебай-Бөрілі» республикалық қорық-мұражайымен бірлесіп Абай-Шәкәрім шығармашылығын зерттеп жүрген білікті мамандарды тарту арқылы бұл ауқымды жобаны мықтап қолға алуға болар еді. Сонда біз академик З.Ахметов рухына адалдық танытып, ол із салып кеткен игі істі жалғастыра алар едік.

Ғалым өз еңбектерінде Абайдың ақындық айналасымен тығыз байланысты болашақта зерттелуі тиіс мынадай мәселелерге жіті көңіл бөлді: Абай заманының әдебиетін анағұрлым терең зерттеп, ұлттық әдебиеттің тарихи даму үдерісінің тұтас тұжырымдамасын жасау. Шәкәрім, Сұлтанмахмұт сияқты Абай ізбасарларының біразының әдебиеттану ғылымында әлі де жеткілікті бағаланбауы, кейбір әдеби-тарихи зерттеулердің деректемелік қырының жеткілікті түрде жасалмауы, әдеби шығармаларды қарадүрсін түсіндіру жайттарының белең алуы сияқты мәселелер ғалымды үнемі алаңдатты.

Ғылымның шынайы жанашыры болған академик-ғалымның: «Әдебиет тарихын немесе қазіргі әдебиетті зерттейтін әдебиеттанушы алдында ауқымды әдеби құбылыстар мен дерек көздерін қамту қажеттілігі туындайды, бұлай етпесе, қандайда да бір қорытындылар мен түйіндер жасау мүмкін емес» деген ойлы да мағыналы сөздері уақытпен үндес естіледі.

Абайдың ақындық шеберлігін әр қырынан қарастырып, өлеңдері мен қара сөздерін көркемдік тұрғыда кәсіби білгірлікпен талдаған 157 ғылыми мақала мен «Абай және Лермонтов» және «Абайдың ақындық әлемі» атты екі бірдей іргелі ғылыми монография жазған ғұлама ғалым Зәки Ахметовтің абайтану ғылымын дамытудағы құнды еңбектері мен үлгі-өнегесі ұлттық әдебиеттануда бағыт-бағдар беретін темірқазық бола қала береді.



### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. *Абай*. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995.
2. *Ахметов З.* Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын. – Алматы: «Арда», 2008.
3. *Ахметов З.* Поэзия – шыңы даналық: Зерттеу. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТАЛАНТЫНЫҢ ҚАЙНАР БІР КӨЗІ

Соңғы жылдары Мұхтар Әуезовтің арғы тегі қожа екендігін, оның түбі арабтарға тірелетіндігін баса айту белең алып барады. Жазушының ататек шежіресі де шықты. Бұл кітапта да арабтық негіздерге жете көңіл бөлу басым. Атабаба шежіресін жазып шығару дұрыс, тарих үшін, ұрпақ үшін қажет. Бұл тек қазақта ғана емес, Еуразия елдерінің ақсүйек әулеттерінде қалыптасқан ежелгі дәстүр. Ал біздің жағдайда әлем таныған Әуезовті арабтарға телудің еш қажеті жоқ. Тегі қожа екені рас, ол туралы Мұхаң жазып кеткен. Ал Кеңес заманында Әуезовтің қожа екенін ешкім айғайлап, көзге шұқып айтқан емес. Бүкіл әлем Әуезовті қазақтың ұлы жазушысы деп таныды. Тұла бойы тұрпаты да, кескін-келбеті мен мінез-құлқы да қазақ Әуезов қазақ болып туды, қазақ болып айдай әлемге танылды, қазақ болып өлді, қазақ болып халық жадында қалды, қазақ болып қазіргі ұрпақ зердесіне түйілді.

Әуезов – ұлы дала перзенті, тұла бойы тұнған қазақ қаны. Ғұлама талантының тектік қорының бір қайнар бұлағы ол туып өскен Шыңғыстауда жатса, екінші бір қайнар көзі – түп нағашыларында, әкесі Омарханның нағашылары – бүкіл алты алашқа әйдік болған, екі алып империя Қытай мен Ресей таныған атақты Ақтайлақ би әулетінде, яғни өзін еркелетіп өсірген дана әжесі Дінәсіл Малдыбайқызының өнегелі тәрбиесінде жатыр.

Халқымыздың халықтығын, жеріміздің тұтастығын сақтап қалуда ерен ерлік үлгісін көрсеткен хас батырлар мен мемлекет қайраткерлері дәрежесіне көтерілген от ауызды, орақ тілді атақты билер мен аттары аңызға айналған арқалы ақындар шоғырының көш басында ғибраты мол, тұлғасы

биік Ақтайлақ би тұрады. Ол әрі ақын, шешен, жырау, ірі мемлекет және қоғам қайраткері болған.

Мұхтар Әуезовтің әжесі Дінәсілдің әкесі Малдыбай болса, оның әкесі атақты би, болыс Кеңесбай – Ақтайлақ бидің бел баласы. Семей өңірінің оңтүстігіне қараған жерлерде мекендейтін Найман ішіндегі Сыбан руы – олардың арғы ататегі. Сол Сыбанда Жанкөбек бидің баласы, ертеде Ташкентті билеген бек, Нар дауысты Нарымбай деген атпен белгілі болған Орталық Азия өңіріне белгілі мемлекет және қоғам қайраткері өткен. Оның жалғыз ұлы Құттыбай Қаз дауысты Қазыбек тұғырдан тайғаннан кейін ұлы бидің орнын басып, білгір білімі мен шешендігіне орай «Құдауысты Құттыбай» деген атпен Абылай хан заманында мәшһүр болған атақты би. Ол 1760 жылы Абылай хан атынан Пекинге барған алғашқы қазақ елшісінің бірі. Құттыбайдың Байқарасы да сөзге ұста болып, шешендігімен көзге түскен. Сол Байқара биден Ақтайлақ туады.

Ақтайлақ би атақты би-шешендер әулетінде шамамен 1742 жылы Орталық Қазақстандағы Ақтайлақ өзенінің бойында туған, Ақтайлақ деп ат қоюы осы себептен болса керек, ал өскен жері – Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған, балалық, жастық шағы өткен Семей өңірінің Шыңғыстау-Құндызды өңірі. Ол кезде Құндыздыны қалың Найман, оның ішінде ұлы жазушының түп нағашылары – Сыбан руының Жанкөбек аталары қоныс етіп, жайлап, қыстап келген. Мұхтар дананның арғы нағашысы Ақтайлақ бидің нағашы жағы да осал болмаған. Анасы Мәнхан әйгілі Қаздауысты Қазыбек бидің қарындасы екенін айтсақ, көп нәрсені аңғаруға болады. Ақтайлақ би жүз жасқа жуық жасап, дүниеден өткен.

Дала данасы Ақтайлақ би еліміздің қайталанбас елдігін, ерлігін, қасиетін, даналығын бүкіл қазақ даласы мен көрші елдерге танытқан абыз. Қартайғанша тұғырынан таймаған, халқы алақанына салған батагөй қарт өзінің өмір бойы жинақтаған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін балаларына, көкірегінде сәулесі бар, үміт күткен жастарға құюдан еш жалықпаған. Мұның жарқын мысалы – ұлдары Кеңесбай, Жарасбай, Айнабай, Әкімбай, Сабырбайлар бес би аталып, өлең сөзге де, қарасөзге де шешен болыпты. XIX ғасыр әдебиетінде қазақ өлеңінің мазмұнына, құрылысы мен

бейнелігіне ерекшелік енгізіп, жаңаша мағына берген атақты ақын Дулат Бабатайұлы да Ақтайлақ биден тәлім алған талантты шәкірті.

Мұхтар Әуезовтің өзі қайран қалып тамсана жазған Сыбаннан шыққан 17 ақынның бәрі де Ақтайлақ би талантынан нәр алған талантты шәкірттері. Сол заманда Сыбан ішінде Байқарадан тараған Ақтайлақ бастаған 17 ақын атақты жыр дүлдүлі Жанақпен айтысқаны белгілі. Міне Омархан Әуезұлының нағашы жұрты осындай текті де қасиетті әулеттен шыққан. Сондықтан Мұхтар Әуезовтің де Ақтайлақ би ұрпақтарының бірі екендігін үлкен мақтаныш сезіммен айта аламыз. Байқара би бір кезде жазушының атасы Бердіқожаны Сыр бойын ен жайлаған сыбандардың мұсылманша сауаттарын аштыруға шақыртып алып, үлкен сауапты іс атқарса, кейін оның немересі, Ақтайлақ бидің үлкен баласы, ел басқарған Кеңесбай би ұлы жазушының атасы, бозбала жігіт Әуезді сонау қияндағы Созақтан аттай қалап алдырып, Құндызды өңіріндегі жастарды ислам қағидалары мен имандылық мұраттарына үйреткен. Сахара далаға білім нұрын шашқан Әуездің көңілі Кеңесбайдың кенжесі Малдыбайдың қызы Дінәсілде болады. Жас жігіттің адамшылық қасиетін жоғары бағалаған Кеңесбайдың ортаншы баласы Жарқынбай би інісі Малдыбайға: «Оқымыстыға шыққан қыз қор болмайды» деп сөз салып, екі жасты қостырады. Осылайша Ақтайлақ би ұрпақтары Әуез молданың Құндызды өңірінде тұрақты қоныстанып қалуына ықпал еткен, артынша бұрыннан құдандалы Құнанбай қажы Әуезді өз ауылына көшіріп алып, Бөріліден жер берген. Ақтайлақ бидің сол шөбересі Дінәсілден Омархан туса, оның баласы Мұхтар сүйікті әжесінің бауырында өсіп, үлкен ғибратты тәрбие алған, бала жасынан арғы нағашылары – Ақтайлақ би мен оның ұрпақтары туралы ел әңгімелерін құлағына құйып өсіп, билер әулетінің шешендік, ақындық талантынан нәр алады, тектілік қасиеттерін бойына сіңіреді, есейе келе олар туралы халық жадында қалған аңыздар мен төл туындыларын жинап жазып алған, баспасөз бетінде жариялап, зерттеулерінде ерекше атап өткен, әжесімен бірге еріп барып, ұлы Абайдан бата алған. Жерлестерінің айтуына қарағанда ұлы жазушы би бабасы туралы

көлемді көркем туынды жазбақ ниеті болғанға ұқсайды. Алайда заман ағымы, өмірдің кесе-көлденең қым-қиғаш тіршіліктері мен кеңестік әкімшіл-әміршіл кереғар саясат бұл жұмысқа ырық бермеді. Өткен тарихты қозғап қана қоймай, хан, би, батыр атаулыны айтуға тиым салынды. Сонда да қайсар Мұхаң өзінің қазақ әдебиетіне арналған зерттеулерінде Ақтайлақ би, Сабырбай, Түбек туралы құнды пікірлер айтса, Ақтайлақ би мен оның баласы Сабырбай ақын және оның қызы ақын Қуандық туралы «Абай жолы» эпопеясында көркем суреттеп жазған болатын. Осы әйгілі туындысында Ақтайлақ биді өз есімімен, Сабырбайды Қадырбай, Түбекті Шүмек деп енгізіп, Сабырбайдың қызы Қуандыққа оның жас Абаймен кездесуін баяндайтын «Қияда» тарауында жеке бөлім арнады. Абай ынтық болған Қуандық қыз екеуінің тебіреністі кездесуі туралы оқырманның құшырланып оқығанын қалай айтпасқа?!

Дана әжесі Дінәсілдің аузынан талай естіп, шешендік ділмәрлігі мен қара қылды қақ жарған билігіне таң қалған Ақтайлақ би Мұхтар қаламына ерте ілігіп, оның ақындық, шешендік талантына, билер айтысындағы әділ төрелігіне жоғары баға берген, көркем шығармалары мен зерттеулерінде Ақтайлақ би туралы жылы лебіз білдірген. Алғаш рет Ақтайлақ би туралы Абайдың шәкірті, ақын Көкбай Жанатайұлының аузынан жазып алып «Таң» журналының 1925 жығы №2 санында «Сыбан Ақтайлақ би Көкбай ақсақал айтуынша» деп жариялайды. Журналдық нұсқада Ақтайлақ бидің Керей мен Көкше (Тобықтының бір руы) арасында болған барымта кезіндегі кісі өліміне байланысты құн дауына билік айтуы сөз болады да, соңында Көкше жағынан билік айтқан парақор төренің жағымсыз қылықтарын сынағандығы баяндалады. М. Әуезов Ақтайлақ бидің бұл билігін өзінің 1927 жылы Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» атты зерттеу кітабында билер айтысының тамаша үлгісі ретінде мысал ретінде келтірген. Бұл биліктің толық нұсқасы С. Қорабайдың атақты халық ақыны, Ақтайлақ бидің шөбересі Төлеу Көбдіковтің баласы, шежіреші қарт Қаскен Есенқараевтың аузынан жазып алуымен «Ел аузынан» (1987, 1990), «Ақтайлақ би» (1991), «Атасы асыл сөздің Ақтайлақ би» (1999) кітаптарында жарияланды.

Академик М.Әуезов «Қазақтың ауыз әдебиеті» зерттеуінде (1957): «... Ел аузындағы аңыздар мен ауыз әдебиетінде сұлтан Солтабайдың пара алатынына қарсы найман руынан шыққан Ақтайлақ бидің әділ сөздерін халық мақтап, көтеріп айтады» деп ерекше атап өтеді, «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай үлгі тұтқан ақындар ұстазы ретінде бейнелейді. Бұл да кемеңгер жазушының ұлы нағашысына көрсетілген үлкен құрмет белгісі болар.

Ақиық ақын, айтыс өнерінің аса көрнекті өкілі **Түбек Байқошқарұлы** (1780–1870) Құндызды өңірінде өскен. Ақтайлақ бидің жақын туысы. Суырыпсалма ақындық өнерімен Арқа, Жетісу өлкелерінде кеңінен танылған. Жанақ, Тезек төре, Сабырбай, Құлмамбет, Қарқабат сияқты атақты жыр жүйріктерімен және т.б. көптеген ақындармен айтысқан. Жыр алыбы Жамбыл Түбекпен кездесіп, ақындық талантына тәнті болған. Абай да Түбекті өзіне ұстаз тұтып, талантын жоғары бағалаған. Айтыс ақиығының ақындық тапқырлығы мен шеберлігіне тәнті болған М.Әуезов «Абай жолында» Түбекті Шүмек деп прототип етіп алып, «Қияда» тарауында «Сыбанның Шүмек бастатқан он алты ақыны» жайынан Қадырбай (Сабырбай) ақыннан сыр тартқызады да Қадырбайда бар «үлкен мінезділік, кеңдік» қасиеттердің Шүмекте де бар екендігін атап өтеді (1, 352). «Айтыс өлеңдері» зерттеуінде (1948) Түбекті Жанақ, Сүйінбай, Шөжелермен бірге талай елдерге атақтары жайылған ақындар қатарында атап, «олардың өмір бойы қолданған негізгі ақындық жанры, көбінесе айтыс» екендігін айтады да, «олардың ірі айтыстарынан басқа... үлкенді-кішілі айтыстарында сан жоқ» дей келіп «Сол айтыстардың бәрінде шын ақындар бір айтқанын қайталаған емес» деп ақындық шеберлік қырын сөз етеді (2,281), Түбек бастаған Сыбанның он алты ақынының Жанақпен айтысына тоқталып, ақындық мәдениет дәстүрі жайлы әңгімелейді (2,284), келесі бір тұста «Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай..., Түбек, Сабырбай, Байбалалар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білген ақындар» деп Түбек талантын жоғары бағалайды (2, 298). 1863 ж. Түбектің даңқын бүкіл Жетісу өңіріне мәшһүр еткен Құлмамбет ақынмен айтысына жеке тоқталып, «Тезек-

тің үйінде Құлмамбетпен айтысқан найманның Түбек ақыны Тезекті мысықтың қолына түскен тышқандай етеді» деп ащы мысқылмен Тезек төрені жарылқамағанын Тезек өлеңдерін мысал ретінде келтіріп, «Басында: «Оза шауып олжа алған кер маралым» деп көпіріп отырып, Түбектің төрені мұнша құлдыратуы, шындықтың сипаты» деп Түбектің тура тілді, өршіл ақындық мінезін ерекше атайды (2,309).

Суырыпсалма айтыс өнерінің ірі өкілі **Сабырбай Ақтайлақұлы** (1775–1865) – Ақтайлақ бидің өзіне тартқан талантты баласы. Жас кезінен өлең шығарып, айтыстарға қатысқан. Сабырбайдың Жанақпен айтысын В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин өздері құрастырған жинақтарда жариялаған. Ақын өнеріне М.Әуезов жоғары баға беріп, «Сыбан Сабырбай ақынның төреге айтқан сөзі» деген толғау өлеңді 1925 жылы «Таң» журналының № 1 санына жариялаған. 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегінде ауыз әдебиеті түрлерін саралағанда Сабырбай шығармашылығына бірнеше рет тоқталып, суырыпсалма ақындық өнердің үлкен қайнар көзі ретінде зерделейді: сыршылдық салт өлеңдері туралы айтқанда «қоштасу өлеңінің екінші бір түрі: өлерде артта қалып бара жатқан туған-туысқаны мен туып өскен елге арнап айтатын сөздер» мысалы ретінде «Сабырбай ақынның Қуандық деген қызына айтқан сөздерін» келтіріп, бұл өлеңнің толық мәтінін жариялау арқылы «осы күнге шейін Семей уезінде Сабырбайдың өзі шығарған әнімен айтылады» деп сипаттама береді. (3, 31). Осы еңбектің «Айтыс өлеңдер» бөлімінде «Елдің айтыс өлеңді қатты қадірлегендігінен айтыс ақындары: Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Сабырбай... сияқтылардың атағы қазақ ішіне тегіс жайылған» деп атап көрсетіп (3,174), «Айтыстың бұлардан соңғы бір алуаны рулардың арасындағы жуандық, зорлық өлеңі» деп Сабырбайдың Тасыбай деген ақынмен айтысынан үзінді келтіреді (3, 181–182), билер айтысының бір түрі – «дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер» деп бұл ретте өзі «Таң» журналында жариялаған Сабырбайдың еліне өкпелеп басқа жаққа көшіп кеткен Солтабай төреге айтқан өлеңінің толық мәтінін береді де: «Бұл айтыстарда екі жақтың бірдей айтуы шарт емес, затында

дау мен талас, тартыс үстінде шыққан сөздер болғандықтан жалғыз бір-ақ жақтың сөздері өлеңмен айтылған болса да, билер айтысының мысалына аламыз» деп айтыс ерекшелігін сөз етеді (3,191). «Айтыс өлеңдері» атты іргелі зерттеуінде (1948) «қазақ ақындарының арасында болған жақсы, әділ бір дәстүрді еске ала отырып, бұл орайда «Жанақпен найман ішінде бастығы Түбек болып айтысқан он алты ақын тегіс жеңіледі. Тек он жетінші, бала ақын (Сабырбай ғана) Жанақты тоқтатады» деп Сабырбайдың суырыпсалмашылдық дарынына сүйсінеді де, оның жігіт кезінде Байбала қызбен талай рет айтысып, ұзақ жылдар басымдық таныта алмай, ақыры бір тұрпайы қалжыңы үшін жеңілгендігін әңгіме қылады. «Солайша жеңілгендігін кейінгі буындарға, өз тұсындағы тыңдаушыларға Сабырбай өзі айтып беріп кеткен» деп Сабырбайдың ақындық мәдениетін үлкен үлгі-өнеге етіп көрсетеді (4, 284), оның жеңілу себебін «ұтымты дәлелден ойсырап, жүйеге жығылып, дау сөздің логикалық жағынан ұтылып барып жеңіледі» деп түсіндіреді (4,285), жалпы айтыстарда ақын бала, қыз болсын, қарсыласына тұрпайы ауыр сөздер айтса, ол айып саналмайтындығын «өзімен бабасы тұрғылас Жанаққа қарсы, бала ақын – Сабырбай әншейінде үлкенді сыйлау жолы бойынша, айтпайтын сөздерді емін-еркін, жалтармастан жарып айтады» деп айтыс ерекшелігіне тоқталады (4, 286), Сабырбайды «айтыс өнерінің жүйрігі» деп атайды (4, 298). 1953 ж. 2 шілдеде «Казахстанская правда» газетінде М.Әуезовтің «Абай» романы негізсіз сыналғанда ұлы жазушы осыған байланысты өз ескертуін жазып «Абай» романы 1942 жылы жарық көрген кезде, «енді қазір феодалдық ақын болып танылған Дулат, Бұхар... Сабырбай» сияқты ірі тұлғалардың 1947, 1948, 1949, 1950 жылдары мектеп оқулықтарында оқытылғандықтары жайлы атап өтеді. Осы себептерге байланысты Сабырбай есімі «Абай жолы» роман-эпопеясында Қадырбай деп өзгертіліп берілген. М.Әуезов өз романында Сабырбайды Абай тәлім алған арқалы ақын, өнегелі ұстаз бейнесінде суреттейді. Романның бірінші кітабының «Өрде» тарауында Сабырбай мен Абайды Бөжей асында кездестіріп, бір-біріне ынтықтырады. «Жас күнінде әйгілі Садақ (Жанақ ақынның прототипі) ақынмен айтысып «Бала ақын» деген



ат алып сол Садақты өлен, сөзде мүдірткен осы Қадырбай болатын. Оның көп өлеңіне Абай қанық» деп Сабырбайдың ақындық тұлғасынан сыр береді де, Абайды оның сынынан өткізеді. (1, 289-290). Романда Жанак Садақ, Сабырбай Қадырбай болып өзгертіліп берілгенмен зерттеулерінде айтылғандай М.Әуезов олардың шығармашылық жолын, ауызекі әңгімесін тиянақты жинау негізінде өмірлік деректерін дәл де нақты жазған. «Қияда» тарауындағы Абайдың Сабырбай ауылына барып, ақын ұстазымен және оның қызы Қуандықпен жарқын жүзді кездесу сәттері әдемі де келісті суреттелген. Қарт ақын ауылына жол түсетінін естігендегі Абайдың «Өй тәйір, Қадырбайдың мәжілісінде боп ұстаздығын көреді екеміз. Оның өзі қайда жатыр?» деген қуаныш кернеген сәтін (1, 46) Сабырбай мен ақын арасындағы ұстаз бен шәкірттің өмір жайлы, өнер-білім туралы толғаныстары мен пікір-таластарына ұластырып (1, 347-352), «Қадырбайда үлкен мінезділік, кеңдік бар... Ойы дана, мінезі майда, жолы даңғыл қарт ақын» деп Сабырбайдың мынау сұлу қартты Абай өзінің әкесіндей түсініп, іштей тағзым етіп, шындап тұрып бас иіді» дей келіп, құр ақыл-кеңес беретін әке емес, «Ой-сананың әкесі. Тағылым мен таза жолға бастайтын әке сияқты» деп түйеді, «Абай Қадырбайға алғыс айтты. Ұстаз алдында алмаған азық алғанын айтты» деп Сабырбайдың Абайға тигізген, шарапатын тіпті нақтылай түседі, Сабырбайдың Абай бойынан үлкен дара ақындықты шын көңілден разы болып бата бергенін де романда келісті етіп суреттейді (1, 352–353).

**Жарқынбай Кеңесбайұлы** (1812–1874) – Сыбан елінің басшысы, атақты би. Ақтайлақ бидің немересі. Бес болыс Сыбан руын ақылымен де, дәулетімен де билеп, маңайындағы бүкіл елге беделді болған. Мұсылмандық дін жолын қатты ұстап, Түркістанда киелі аруақтарға дұға жасаған кезінде М.Әуезовтің атасы, 25 жастағы Әуезді бала оқытуға келісіп, өз ауылына алып келеді, бір жыл бала оқытқаннан кейін Әуез қожа еліне қайтпақшы болып рұқсат сұрағанда оны жібермей алып қалу үшін Жарқынбай інісі Малдыбайдың қызы Дінасылды Әуезге қосады. Дінасыл өте сұлу адам болған, әрі Әуездің де Дінасылға ғашық екенін Жарқынбай байқап-сезіп жүрген. Дінасылден Мұхтардың

әкесі Омархан туған. Омархан 6-7 жасқа келгенде осы ауылға Абайдың әкесі Құнанбай келіп, Әуезді өз елінде бала оқыту үшін қалап сұрап алады да, Әуезді отбасымен көшіріп алып, Бөрліден орын береді. М.Әуезов те әкесінің нағашы жұртына үнемі ілтипат көрсетіп, шығармаларында осы Сыбаннан шыққан белгілі билер мен ақындар жайлы кеңінен сөз етеді. Жарқынбай жайлы М.Әуезов «Абайдың туысы мен өмірі» (1933) және «Абайдың өмірбаяны» (1940) ғұмырнамалық еңбектерінде Құнанбайдың «Қарадан хан болған» деген әңгімеге байланысты Сыбан Кеңесбай деген рубасының баласы Жарқынбайға өлерде айтқан өсиетін келтіреді. (5, 105, 264).

**Қуандық Сабырбайқызы** (1843–1928) – талантты ақын, әнші-композитор. Ақтайлақ бидің немересі, Сабырбайдың қызы, суырыпсалма ақындық өнердің ірі өкілі. Ұлы Абай ауылымен көршілес Құндызды өңірінде туып өскен. Жастайынан өлең-жыр мен ән-күйді серік етіп, өз жанынан өлеңдер шығарған, заманының келеңсіз жайттарын сынаған жыр шумақтарын суырып салып айтқан, әкесі Сабырбаймен, өз балаларымен арада болған шағын айтыстары белгілі. Абай өміріндегі іштей өсу мен толысу сәтіне оның осы Қуандықпен кездесуі үлкен әсер берген. Қуандық туралы М.Әуезов алғаш рет жазушы досы П.Кузнецовқа 1943 жылы 15 қазанда жазған хатында сол жылы жазда «Абай» романының екінші кітабына материалдар жинау үшін Абай ауданында болған сапарының әсерін баяндай келіп, Семейде өткен ақындар слетінде бұрын өзіне белгісіз болып келген «Төлеу деген ірі ақынмен» танысқандығын айтады. «Оның тума шежіресі өте қызық. Ата-бабасынан тұқым қуалаған белгілі ақындар екен, ал шешесі көпке әйгілі – Қуандық. Ол Абаймен айтысқан. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттелген» дей келіп: «Төлеу ақсақалды көргенде Қуандықпен кездесіп жүздескендей әсер қалды» деп жазады. Қара өлеңге желдей ескен өрен жүйрік Қуандық пен Абайдың ақын қыз ауылында кездескен сәттеріндегі інкәр көңілі, бір-біріне ынтық сезімдері «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабының «Қияда» деген тарауында көркем де нанымды суреттелген. Романда Қуандық өз есімімен аталады да, оның әкесі Сабырбай Қадырбай атымен беріледі. Қуандықты алғаш көрген сәт:

«Енді сол көп қыздардың ішінен бөлініп қалған бір ғана ұзын бойлы, ақсары қыз бар. Сұлу денелі, ашық нұр жүзді әсем бойжеткен. Жіңішке қап-қара қасы Абайға алдымен байқалады. Кейбір кішкентай қозғалыстарымен Тоғжанның қасын еске түсірген. Ұзынша боп біткен, үлкендеу келген қонырқай көздері саналы сияқты. Анда-санда күле қарап, жалт етіп қалғанда, әлдеқандай көп шұғылалы, мол сәуле төккендей болады. Сопақша біткен сұлу жүзінде жұқалаң, әсем қызылы бар. Мұрны мен маңдайы бұл қыздың Қадырбай қызы екенін дәл танытады» деп бірден баураған сүйкімді сұлу қызды ақын назарына аудартады (1, 348.), екі жас арасында болған қуаныш сәттерді, өлең қағысу, өнер жарыстыру айтыстарын: «Қуандықтың екі көзі күлімсіреп, ақша беті балбұл жанады. Бұл жастардың айтыс сөздері сыпайы қалжыңмен бір-бірін мақтау» деген бейнелі сөздер арқылы кестелейді (1, 355), ақындық таланты мен парасаттылығы, ішкі рухани дүниесінің байлығы жағынан: «Рас, Қуандық Абайдың теңі. Тәрбиесімен, өнерімен, ақыл парасатымен де өзгеше жан» дей келіп: «Әлі күнге өз өмірінде кездескен әйелдердің ішінде Абайдың өнерлі, сұлу, қайратты қыз көргені осы» деп әсірелей түседі (1,357). Қуандық Тоғжаннан кейінгі толғаныстың орнын басқандай әсерге бөлгендігін, Абай тілегі –Қуандыққа үйлену ниеті екендігін әңгімелей келіп, «Бірнеше баланың анасы болған Ділде бар», бұлай етсе «Қуандық қайын жұртына жаман атты болады. Соның бәрі жиылып кеп кәрі Қадекеңе дерт болады» деген жайларды келтіреді де, екеуі «келер күнге үміт артып қалатындарын... айтысты» дей келіп: «Екеуі аса жақсы сыйластықпен өзгеше тату дос болысып, бір-бірін қимай айрылысты. Сертпен кетісті.... Жақсы мекеннен ұзаған сайын Қуандықтың да бар мінезі қадірлі көрініп, қымбат тартты» деген тебіреністі жолдармен аяқтайды (1, 358).

М.Әуезов «Абайдың өмірбаяны» атты зерттеу еңбегінде Абайдың Қуандықпен арасындағы қарым-қатынасы туралы: «Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі – Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың аулына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек бар екен. Ол – Қуандықтың жездесі. Сол арқылы

қалжыңдасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді» деп роман оқиғасы мен өмір шындығының сәйкес келгендігіне көз жеткізеді (6, 161). «Әдебиет тарихы» атты көлемді зерттеу еңбегінің ауыз әдебиетінің қоштасу өлеңдеріне арналған бөлігінде Сабырбай ақынның өлер алдында Қуандықпен қоштасу өлеңі туралы айтып, мәтінін келтіреді (6, 33–34).

Ұлы жазушы Қуандықты өз романының прототипі ретінде ғана бейнелеп қоймай, оның Абай шығармаларын ел арасын таратып насихаттау ісіндегі еңбегіне де жоғары баға берген. Бұл орайда «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты монографиясында Қуандық есімін Абай «өлеңдерін жаттап алып, әнге салып, өз елдеріне жаналық, үлгі-тәлім есебінде таратып жүрген көп әнші-ақын өнерпаздар» қатарында құрметпен атайды (7, 19).

Міне Мұхтар Әуезовтің әлі терең зерттеуді қажет ететін шығармашылығының қайнар бір – Ақтайлақ би мен оның ұрпақтарында жатса керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т. 3.
2. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.17.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
4. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.18.
5. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы, 1993.
6. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.15.
7. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.20.

# ТУЫСҚАН ТАМЫРЛАР

## ЖЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Түркі жұртының алтын бесігі – қасиетті қазақ жері шаттық пен салтанат құшағында. Ұлы Абай еліне үлкен мейрам – жыр мейрамы келді. Бұл Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы ТҮРКСОЙ шешімімен 2014 жыл қырғыздың ұлы ақыны, ойшыл, композитор Тоқтағұл Сатылғанов жылы болып белгіленуіне байланысты мерейтойлық шаралар. Биыл туғанына 150 жыл толып отырған ақиық ақынды еске алып, талантына тағзым етуге арналған мерекенің түп қазығы ауылы аралас, қойы қоралас, түбі бір қырғыз ағайын жерінде сән- салтанатымен басталған толағай тұлғаның екі халыққа да ортақ екені, екі халықтың да мақтан етер перзенті екендігі. Біз жыр жүйрігінің гуманистік ұлы мұраттарға қызмет ететін озық ойлы өлеңдері жүз елу жылдан кейін де ел есінен кетпей, бауырлас елдерді тоғыстырып, әдебиет мейрамына, достық пен жарастық мейрамына айналғанын ерекше мақтан етеміз.

Тоқтағұл ақын есімін біздің елімізде жақсы біледі. Жыр алыбы қырғыз елінде қалай құрметтелсе, қазақ халқы үшін де соншалықты қастерлі. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын Ош облысының қазіргі Тоқтағұл ауданындағы Кетмен-Төбе алқабында өмірге келген ақын жастайынан халық фольклорынан сусындап өсті. Анасы Бұрманың көптеген ертегі-аңыздарды біліп, жоқтау жырларын шығаруы, әкесі Сатылғанның өзінің жеке әндерін орындаған талант қырлары әсер етсе керек, Тоқтағұл он екі жасынан суырыпсалма ақындығымен ерте танылып, табан астында өлеңдер шығарады, комызда ойнап, жиын-тойларда өнерін

көпшілікке паш етеді. Есенаман, Нәкен, Чонды, Сартбай сияқты атақты ақындардан үлгі алады. Он сегізінде айтысқа түсіп, бүкіл қырғыз еліне танылады. «Жоқшылықтың кесірінен», «Баспанам Қабақ жер болды» атты алғашқы өлеңдерінде тұрмыста көрген зардабын айтып, жеке тағдыр тауқыметін жырға қосады.

Балаң жігіт шағында шығарған «Сүйімқан», «Насылқан», «Алымқан» және т.б. ғашықтық сарынға құрылған жырлары кейін қырғыз махаббат лирикасының классикалық үлгілеріне айналды. «Бес қабан» атты сатиралық туындысы мен «Өсімқор Чақырбай», «Дотқанбай асында жырланған жыр», «Мұратбек», «Эшен қалпе» жырларында ашкөз бай-манаптар мен дүниеқоңыз дінбасыларды ащы тілмен әжуалайды. Ал терең ойлы, өміршең тебіреніске толы «Насихат», «Терме», «Үлгі жырлар», «Даналық жырлар», «Түзу жолдан шықпағын», «Рақатта өмір сүр», «Не қызық» және т.б. шығармаларында тіршілік мәнін, имандылық мұраттары мен жан тазалығын, жасампаз еңбекті жырлады.

Өзі өмір сүрген қоғам шындығын еш бүркемелемей айтып, заман әділетсіздігі мен келеңсіздіктерін аяусыз сынаған туындылары жергілікті билеушілердің ашу-ызасын тудырып, ақын қудалауға түседі. 1898 жылы патшалық отарлау жүйесіне қарсы Мәдәлі ишан бастаған қозғалысқа қатысқан Тоқтағұл соншалықты ауыр қылмысы болмағанымен бұрыннан өші бар кейбір манаптардың жалған ақпарымен өлім жазасына кесіледі де, соңынан жиырма бес жылға Сібірге жазасын өтеуге жіберіледі. Алыс жаққа кетіп бара жатып «Қош бол, ана», «Қош бол халқым» атты отаншылдық рухтағы өлеңдерін шығарады.

Сібірде айдауда жүріп, адам төзгісіз азапты жылдарын өткерсе де, қайтпас қайсар ақын тағдырына мойымай, өлеңін өміріне серік етеді. Сібір шыршасынан балтамен шауып, күндіз-түні бірдей сарнайтын қомыз аспабын жасап, тіршілік түйткілдерін жыр етеді, бай-манаптар мен түрме айдауылдарына өшпенділігін, жан күйзелісін баяндайды. Мұнда ол уақытын бос жібермейді. Орыс тілін үйреніп қана қоймай, сауатын ашады, айдауда жүрген озық ойлы орыс зиялыларымен етене жақын араласуы көптеген жайлардан көзін ашады, бұл оның елін азат ету жолындағы ойларын ширықтыра түседі. Сібірдің ит тұмсығы өтпес

қалың ну орманы мен қатал табиғаты аясында оның «Тауды айнала ұшқан бүркіт», «Осындай ма сұрағың?», «Азапқа түсті өмірім», «Тұтқынның жыры», «Қамауда» және т.б. өмір қайшылықтарына үнілген, заман тылсымдарын ашқан сырлы да мұңлы, ғибратты өлеңдері туындайды.

1902 жылы қасындағы орыс жолдастарының көмегімен тұтқыннан қашып шығып, қазақ даласы арқылы жаяу-жалпы жол жүріп, бір жылдан астам уақыттан кейін Алатаудағы атамекеніне оралады. Осы сапарында «Қазақ жеріндегі жыр» атты атақты көлемді толғау жырын шығарады. Елге келгендегі «Туған жермен қауышқанда», «Армысың, сүйікті халқым!», «Аман-саусың ба, туған анам?» сияқты өлең жырлары туған жерге деген сағыныш пен терең сырға толы. «Барпы ақынмен кездескенде», «Диірменші Жаналының үйінде» өлеңдерінде ақын патша билігінің құрдымға кетіп, жаңа өмір орнайтындығы туралы көрегендік танытады. Ақынға өш болыстар күрескер ақынның турашыл жырларынан қауіптеніп, оны Наманган түрмесіне отырғызады, алайда Оңтүстік Қырғызстан мен Талас алқабының жұртшылығы сүйікті ақындарын жақтап өре түрегеліп, билік орындары оны босатуға мәжбүр болады.

Кенестік кезеңде ақын жаңа өмірді жырға қосқан бірнеше өлең-жырлар шығарды. Жас шағында бастан кешкен азап зардаптарынан денсаулығы күрт төмендеп, 1930 жылы өмірден өтеді.

Артында бай мұрасы: өлмес өлеңдері мен өрнекті ән-күйлері қалған үлкен дарын иесі:

Қызыл тілім сөйлесін,  
Қызыл тіл жалғыз кем соғар,  
Қомузым қоса гулесін!  
Қайран Тоқан, көз жұмса,  
Қайрылып келіп кім қарар  
Қара шам басқан мүрдесін?...  
Халқымнан кетсем қайғырман,  
Қалың жұртым гүлдесін!

деп қызыл тілін сөйлетіп, қомызын қоса гулетіп өмірін өлең-жырмен, ән-күймен өрнектеп өткізген дарабоз ақын соңғы демі бітіп бара жатып:

Елімнен кетсем өкінбен,  
Еркіндеп елім гүлдесін!

деп өлетініне қайғырмай, туған халқының тілеуін тілеп, еркін ел болуын арман еткен.

Ақын ел қалауымен өмір сүрді, халық мүддесіне байланысты өзі байқаған әлеуметтік әділетсіздікті назардан тыс қалдырмай, уытты жырларымен үн қатты. Ол шығармаларында өз заманының көкейтесті, маңызды мәселелерін көтерді. Өз ойларын халыққа ұғынықты тілде нақты жеткізді, халық мұңын жоқтады, имандылық, адамгершілік қасиеттерді жырлап, жұртшылықты оқу-білімге үндеді. Тоқтағұл өз поэзиясында халықтық-поэтикалық және дәстүрлі әдеби шығармашылықты бірдей белсенді әрі сәтті сәйкестендіре білген алғашқы ақындардың бірі болды.

Тоқтағұлдың өр де қуатты, шыншыл ақындық дауысы Алатау асып алыстағы қазақ ауылдары мен өзбек қыстақтарына жетті. Оның адамдарды өлеңдерімен рухтандырып, нұрлы болашаққа мегзеген мақсатты жолдағы ізгі мұратқа берілгені соншалық, өз шығармаларын жазып алмаған, жырларын суырып салып шығарып, жұртшылық алдында айтқан. Әрине, өлең оған материалдық пайда әкелген жоқ. Ел аралаған жыр дүлдүлін өлеңі асырады, мерейін биікке көтеріп, ақындық талантын жарқыратып көрсетті. Тоқтағұл туындыларындағы терең мағыналы, ойлы да көркем сөз тіркестері қанатты сөздерге айналып, халық жадында қалды.

Жыр жүйрігі айтыс өнерінде де алдына жан салмаған. Оның Ешмәмбетпен, Қалықпен, Әлімқұлмен, Барпықпен сөз сайыстары айтыстың озық үлгілері қатарында аталып, бұл жанрдың классикалық деңгейге көтерілуіне зор үлес қосты. Эпик ақын деңгейіне көтерілген жыр жампозы қырғыз эпостарын жатқа біліп, шебер орындай білген. «Жаным – Байыш», «Сарынжи-Бөкей», «Кедейкан», «Құрманбек», «Нариккан», «Шырдакбек», «Олжабай мен Кішімжан» жырларын тамаша орындаушы ретінде танылған.

Сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі Тоқтағұл жыршылар мен қомызшылардың ұлық ұстазы ретінде өз мектебін қалаған. Қалық, Коргол, Алымқұл, Атай ұлы ақыннан



тікелей тәлім алып, өздері де басқаларға игі ықпалын тигізеді.

«Шешендік сөзге қырғызда бас бәйгені бермеген сәй-гүлік» Тоқтағұл жыршылық, ақындық талантымен елге қалай танылса, өз жанынан күй шығарған асқан қомызшы ретінде де белгілі болған. «Ботай», «Тоғыз қайрым», «Қыз кербез», « Чоң кербез», « Мырза кербез», « Мин қиял» сияқты атақты күйлерін шығарған. 1928 жылы музыка зерттеуші әрі жинаушы А.В.Затаевич ұлы композитордың 18 күйін нотаға түсіріп алып, 1934 жылы Мәскеуде шыққан «Қырғыздың аспаптық 250 күйі және әуендері» жинағында жариялаған. Дара дарынның ән-күйлері қырғыз кәсіби музыкасының қалыптасып дамуына қосылған үлкен үлес болып табылады. Жақында ғана Астанада өткен шығармашылық концертінде күй орындаудың асқан шебері Жанғали Жүзбай ерекше шабыт үстінде кең жайлауда көсіле көшкен көшпенділерге ортақ мұнды қозғап, Тоқтағұлдың әлгі «Тоғыз қайырымының» біреуін қайырып, жұртшылықты бір серпілткен еді.

Ұлы ақын қазақ пен қырғыз халықтары достығының жаршысы болды. Сібірдегі айдаудан жаяу-жалпы қашып келе жатып, Омбы, Семей, Аякөз арқылы кең-байтақ аймақты алып жатқан қазақтың Бетпақдала шөлді өңірін атамекеніне қарай тіке кесіп өткен ақын азапты сапарында жағдай жасап, үлкен қамқорлық көрсеткен қазақ бауырларына ризашылығын «Қазақ жеріндегі жыр» ұзақ толғауында білдірген.

Сәлем берем жалпыңа –  
Бір туған қазақ халқына!

деп басталатын жырында ақын өз басынан өткен тауқыметін «Ағайын қазақ халқыма Арызымды айтып қайтайын» деп өлең жолдарымен тізбектеп, егіз қанаты ретінде есептеген қазақ халқына мұңын шағады, елдік-еркіндік мұраттарын тілге тиек етеді, өзіне жақсылығы тиген ел жақсыларын жырға қосып, «Ел екенбіз әуелден Қырғыз-қазақ бір туған» деп туысқан екі халықтың мызғымас бірлігін айта келе:

Ризамын қазақ халқына  
Ұзақбай мен Сүлеймен,

Жаманбай, Жәке бір туған  
Құдай мені ондырмас  
Қасиетінді ұмытса, –

деп жүрекжарды ықыласын білдіреді.

Ақын қазақтың атақты ақындарымен етене жақын араласқан. Оған оның жыр алыбы Жамбылмен, ақын-композитор Кененмен, айтыс ақыны Үмбетәлімен достығы куә.

Қырғыз еліне жиі қатынаған Жамбыл кезекті бір сапарында:

Айдауды көрген Тоқтағұл,  
Байлауды көрген Тоқтағұл,  
Зынданды көрген Тоқтағұл,  
Мұң-зарды көрген Тоқтағұл  
Қол-аяғы кісенмен  
Қинауды көрген Тоқтағұл,  
Қайда екен сол Тоқтағұл....

деп талантына сүйсінген қадірлі досы Тоқтағұлды іздейді. Екі ақынның алғашқы кездесуі 1912 жылы қырғыздың Үлкен кебін деген кең жайлауында атақты манап Шабданға берілген аста өтеді. Бұл туралы асқа куә болған орыстың этнограф-ғалымы С.Дмитриев өзінің «Известия императорского русского географического общества» басылымының 1912 жылы шыққан XI томында жарияланған мақаласында: «Пішпек уезінде өткізілген Шабдан Жантаевтың асына...небір талантты ақындар келді. Олардың ішінде ең атақтылары Жамбыл, Қалмырза, Тоқтағұл, Өмірзақ, Кенжеқара еді. Олардың жырлары еш жерде жазылып алынбаған. Таңның атысы, күннің батысы тасқындай сапырып, дамылсыз жырлаған ақын-жыршылардың табиғатына, болмысына қайран қаласыз» деп таңғалып жазған еді.

Міне осы аста ұстазы Жамбыл мен замандасы Кененнен кейін Үмбетәлі өзіне жыр кезегі тигенде ақпалы термесіне Тоқтағұлды қосқанда бір қырғыз бегі дереу тоқтатуын бұйырғанда Тоқтағұл үйге кіріп келеді де, енді оған «айыпкер, қашқын» екендігін айтып тап береді. Сонда Жамбыл Тоқтағұлды жанына шақырып алып:

Келдің бе, ақиығым алыс жерден,  
Өтіпсің самғап ұшып, асқар белден.

Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,  
Хан төрі айналмай ма сендей ерден.  
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,  
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.  
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан  
Жетіпсің енді міне елге келіп...

деп құшағын жайып, қасынан орын берген сәтте әлгі манап енді қазақ ақынын қаңғыбас екенін айтып тілдегенде даудан да, жаудан да беті қайтпаған Жамбыл жырау екілене түсіп, желісі ұзақ жырмен төкпелеп береді, «Ақынды ақын таниды, Сөз қадірін аңдайтын» деп ақындық өнерді биікке көтереді. Сонда жас жағынан үлкен ақын ағасына Тоқтағұл ризашылығын өлең жолдарымен білдірген:

Қазақта Жамбыл сен едің,  
Шалқып жатқан көл едің.  
Тасып жатқан сел едің,  
Тоқтағұлың мен едім,  
Қай қырғыздан кем едім?  
Қарсы болған манаппен,  
«Итжеккенді» көргемін.  
Қыспағында жүрсем де,  
Өлең болды ермегім...

деп терме толғауын ағытқан екен. Бұл кездесу де екі ақынның достыққа адалдығын, бір біріне деген зор қошеметін айғақтайды. Кенен ақын да Тоқтағұлмен үлкен жиындарда, ас, тойларда кездесіп, осылай ағалы-інілі қарым-қатынаста болған. Өзінің «Менің ұстаздарым» атты өлеңінде:

Ақындардың дүлдүлін сонда көрдім,  
Дауысын естіп Жәкеңнің күмбірлеген.  
Қырғыздың Тоқтағұл мен Қалмырзасы,  
Еліктіріп әкетті жырымменен, –

деп Тоқтағұл талантына тәнті болып, үлгі тұтқан.

Қазақ ғалымдары да қырғыз ақынының шығармашылығына жоғары ілтипат білдірген. «Манас» жырын қызғыштай қорғап, құнды ғылыми еңбек жазған Мұхтар Әуезов Тоқтағұл талантына «қырғыздың дана ақыны» деп

жоғары баға беріп, «халықтық қазынадан өрбіп-өскен, өз жырларын халықтың шынымен, сырымен суарған Тоқтағұл» деп ақын поэзиясының халықтық негізін атап өткен. Ал академик Қажым Жұмалиев 1966 жылы шыққан «Сөз зергерлері» жинақта түркі және парсы поэзиясының классиктері қатарында Тоқтағұл поэзиясы туралы арнайы мақала жазды.

Ақын арманы орындалды. Егемен ел атанған Қырғыз Республикасы әлемге танылып, тәуелсіздігін нығайта түсуде. Туған Отаны да аяулы ақынын әркез әспеттейді. Елдегі электр жарығын өндіруші негізгі су қоймасы, ұлттық филармония ақын есімінде. Ұлы тұлға атында қаншама мектеп, елді мекен аттары бар. Жүз сомдық банкнотада Тоқтағұл бейнесі жарқырап көрінеді. Бас ақынға көрсетілген құрмет деген осы болар!

Біз бүгін бізден тура жүз елу жылға алыстаған аяулы ақынды еске алып, құрметтеу үстіндеміз. Алайда, уақыттың талантты бөлуге шамасы жоқ! Жарық жұлдыз қашан да жарық, ол үнемі, бәріне сәулесін түсіре береді. Ұлы тұлға талантына бас июші қазақ бауырлар да жан жүрегімізбен тебіреніп: «Армысың, Тоқтағұл баба!» – деп мәңгі өшпес жырларына тағзым етеміз.

## ҚАЗАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

XIX ғасырда шығыс халықтары тілдерінде кітап бастыруда Петербургтен кейінгі ірі өндіріс орталығына айналған Қазан қаласында 1920 жылға дейін қазақ кітаптарының үштен екісі жарық көрді. Профессор Ш.Елеуенов пен Ж.Шалғынбаеваның «Қазақ кітабының тарихында» (1999) атап көрсетілгендей: «Жалпы алғанда Қазанда 700 аталымнан аса (қайта басылғандарын қоса есептегенде) қазақ кітабы жарық көрді. Бұлардың 379-ының тиражы 2 млн. 2 мың 590 дана» (84-6.). Кітап болғанда қандай кітаптар десенізші. Кілең жауһарлар! Шығыс халықтарының салт-дәстүрі мен қыр қазақтарының әдет-ғұрпынан тұрмыс-тіршілігінен, тарихы мен мәдениетінен сыр шертетін көркем туындылар, танымдық, анықтамалық сипаттағы кітаптар. Ұлтымыздың талай буыны осы кітаптарды құмарта оқып, білім нәрімен сусындады, бетке ұстар зиялылар қауымы осы кітаптарды бойтұмар етіп ұстап, тіршілік темірқазығына айналдырды.

Қазақ фольклорының баға жетпес бай мұралары осы Қазан қаласында басылып, халық арасына кеңінен тарды, ауыл-ауылда жергілікті молдалар мен арабша сауатты азаматтар Қазанда шыққан діни қиссалар мен батырлық, ғашықтық дастандарды оқып берсе, олардан лезде ұғып алған зерделі, құймақұлақ жастар ауызша жырлап, өзіндік орындаушылық үрдіс қалыптастырды. Қазақ кітаптарының басы саналатын қазақ тіліндегі тұңғыш кітап «Сейфіл-Мәлік» деген атпен алғаш рет 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасында 115 бет көлемде басылды. Атақты «Мың бір түн» ертегісінен алынған бұл дастан кейін Қазан қаласында 9 рет қайта басылып шықты. Одан кейін 1831 жылы Қазан университетінің баспасында

«Иғлан наме» кітабы жарық көрді. Қазақ тіліндегі бұл екінші кітап сол уақытта ел ішіне жайылған оба ауруымен күресу шараларын қамтып, «Қырғыз халқына» деп арнап шығарылған. Қазір де бұл кітаптың маңызы зор. Рет саны бойынша ана тілімізде шығарылған үшінші кітап «Қисса-и Шәкір-Шәкірат падишаһ һашим балалары» деген атпен 1840 жылы Қазанда жарық көрген. Ел арасына өте көп тараған бұл хикаялық дастан Қазанның Университет баспасында 1872–1915 жылдар аралығында он екі рет қайта басылды. 1894 жылғы басылымы 10 мың дана таралыммен шықты.

Қазанда жұмыс істеген 16 баспада басқа да көптеген қазақтың жыр-дастандары жеке кітап болып бірнеше рет жарық көріп, халық игілігіне айналды. «Алпамыс батыр» жырының бірінші басылымы 1899 жылы «М.А.Чиркова мирасқорлары баспаханасынан 4800 дана таралыммен жарық көрсе, одан кейінгі 8 басылымын «Ш.Хұсайынов және оның мұрагерлері», 3 басылымын Қазан университеті, 4 басылымын Б.Л.Домбровский баспаханалары жүзеге асырды. Жырдың 1909, 1912, 1914, 1916 жылдардағы басылымының таралымы 20 мың дана болды.

Қазақ фольклорының інжу-маржандары Қазан баспалары қызметінен басты орын алып, басты табыс көзіне айналды. «Алпамыс батыр» жыры сияқты ел қорғаған батырларға арналған отаншылдық рухтағы кітаптар қазақ арасында үлкен сұранысқа ие болды. Бұл ретте «Қамбар батыр» жыры «Қисса и Қамбар» деген атпен 1888 жылы Қазан университеті баспаханасынан, екінші басылымы 1897 жылы Ш.Хұсайынов баспаханасынан, одан кейін 1903 жылы жырдың бір бөлігі «Тоқсан үйлі тобыр» деген атпен ағайынды Кәрімовтер баспаханасынан жарық көрді. Жырдың 1897 жылғы басылымы 10 мың дана таралыммен шығып, дала төсіне кеңінен тарады. Ал қазақ батырлар жырының ішінде ең көнесі де, көлемдісі де «Қобыланды батыр» жыры 1914 жылы Қазандағы «Умид» баспаханасынан 2000 дана таралыммен алғаш рет қазақ оқырмандарына жол тартты. 82 беттік көлемді кітап мұқабасы ат үстіндегі Қобыланды батыр суретімен безендірілген.

«Көрұғлы» жырының 1880–1916 жылдар аралығында Қазанның түрлі баспаларында «Хикаят Көрұғлы Сұлтан» деген атпен 15 рет жеке кітап болып басылып шығуы

шынайы халықтық туындының ел арасында үлкен қызығушылық туғызып, зор бедел жинауының айқын дәлелі болса керек. Тіпті, бір Қазан университетінің баспаханасы жырды 1885–1909 жылдар аралығында бірнеше рет басып шығарыпты.

Қазақ сахарасына кең тарап, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ғашықтық жырлар да Қазан баспалары назарынан тыс қалмаған. 1878–1909 жылдары баспагерлер Ш.Хұсайынов пен оның мұрагерлері Қазанның Б.Л.Домбровский, Коковина, Қазан университеті баспаханаларында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын 7 рет кітап етіп шығарды. Жырдың 1896 және 1909 жылдардағы басылымының таралымы 13 000 данаға жетті. Үлкен сұранысқа ие болған тағы бір ғашықтық эпос – «Қыз Жібек» жыры 1876-1899 жылдары «Қисса-и Қыз Жібек» деген атпен 5 рет, 1900-1913 жылдары «Қыз Жібектің хикаясы» деген атпен 9 рет Қазанның белгілі баспаларында басылып шыққан. Бір қызығы, атақты жыр 1910 жылы Б.Л.Домбровский баспаханасында сәуір және қыркүйек айларында екі рет жарық көрген екен. Жырдың барлық дерлік басылымы сол кездегі белгілі баспагерлер Шәмсуддин Хұсайынов пен Исмағил Шәмсудиновтердің қамқорлығымен іс жүзіне асқан. «Айман-Шолпан» ғашықтық жыры да Қазанның «М.А.Чиркова мирасқорлары» және Университет баспаханаларында 8 рет басылыпты. 1896, 1906, 1910, 1913 жылдардағы басылымының таралымы 21200 дана құраған.

Қазан баспалары қазақ айтыс өнерінің биік шыңы «Біржан мен Сара» айтысының халық арасына кең танылып, насихатталуына көп еңбек сіңірді. Алғаш рет айтыс 1898 жылы Қазан университеті баспаханасында Ш.Хұсайыновтың бастыруымен жарық көрсе, одан кейін 1899–1914 жылдары 9 рет басылып шыққан.

Қазан қаласы XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің классикалық үздік туындыларын қалың жұртшылыққа танытып, ел игілігіне айналдыру ісінде үлкен рөл атқарды. Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама» жинағы алғаш рет 1880 жылы Коковина баспаханасында Мәулекей Юмачиковтың қамқорлығымен жарық көрсе, кейін 1897 жылы осы баспаханадан қайта басылып шықты. Шортанбай Қанайұлының өлеңдер жинағы «Қисса-и

Шортанбай, Шортанбайдың бала зары» деген атпен Қазан университеті баспаханасында 1890–1916 жылдар аралығында Ш.Хұсайыновтың қамқорлығымен әлденеше рет жарық көрді. 1916 жылы бұған қоса ақынның «Зар заман» жинағы басылып, қазақ даласына тарады.

Ыбырай Алтынсариннің өмірінде Қазанның маңызы зор. Ұлы ағартушы-педагог 1876 жылы Қазанға барған сапарында В.Григорьев, Н.Ильминский, Қ.Насыри және т.б. орыс және татар ғалымдарымен кездесіп, пікір алмасады. Бұл жүздесулер халқымыздың мәдени өмірінде елеулі оқиға болған орыс тіліндегі «Қазақ хрестоматиясын» жазуға ұласады. Ы.Алтынсариннің осы хрестоматиясының қазақ тілінде дайындалған нұсқасы 1889, 1896, 1899, 1911 жылдары Қазан қаласында «Мактубат» деген атпен бірнеше рет басылып, қазақ оқырманына жол тартады.

Ұлы Абай мұрасын алғаш рет бастыру ісінде де «Қазан баспалары үлкен еңбек сіңірді. 1897 жылы Абайдың көзі тірісінде-ақ, «М.А.Чиркова мирасқорлары» баспаханасында ағайынды Кәрімовтердің бастыруымен «Князь менен Зағифа өлеңі» кітабында ұлы ақынның «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі «Сынағандағы аттың сыны» деген атпен, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі «Бүркітші» деген атпен жарияланды. Осылайша, Абай өлеңдері алғаш рет Қазан қаласында баспа бетін көрді.

Абай шығармаларының 1909 жылы Санкт-Петербургте шыққан тұңғыш жинағын құрастырып бастырған Кәкітай Ысқақов та 1907 жылы Қазанға келеді. Абай кітабын басып шығарған көрнекті түркітанушы, шығыс тілдерінде баспахана ұйымдастырушы Илияс Бораганскийдің Санкт-Петербургтегі баспасының Қазандағы өкілімен шартқа отырып, Абай шығармаларының қолжазбасын Санкт-Петербургке жібереді. Сөйтіп, ұлы ақынның тұңғыш кітабының жарық көруіне Қазан қаласы да өз үлесін қосқан. Көп жылдар өткеннен кейін Қазанда 1949 және 1981 жылдары Абай өлеңдері мен поэмалары татар тілінде жеке кітап болып жарық көрді.

1907 жылы Қазан қаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің үш бірдей өлеңдер жинағы – «Шәрәф» баспасынан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» және «Үлгілі тәржіме» жинағы және 1914 жылы «Үлгілі бала» атты өлең, қарасөзбен жа-



зылған кітабы, осыған дейін қазақ тіліндегі алғашқы роман ретінде саналып келген, қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар «Қалың мал» романы 1913 жылы осы баспадан жарық көрді.

Алашорда қозғалысының басшылары мен көрнекті өкілдерінің алғашқы толымды жинақтары да осы қалада басылды. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» атты өлеңдер жинағы 1914 жылы «Каримов және К» баспаханасында 3000 дана таралыммен шықса, Міржақып Дулатовтың «Азамат» атты өлеңдер жинағы әлденеше рет «Мағариф» баспасынан шықты. Сол сияқты Мағжан Жұмабаевтың «Шолпан» атты тұңғыш жыр жинағы да ағайынды Кәрімовтер баспаханасынан 1912, 1913 жылдары басылып шықты. Қазақ әдебиетінің Н.Наушабаев, М.Қалтаев, Ғ.Қараш және т.б. көрнекті өкілдерінің кітаптары Қазан баспаларында жарыққа шығып, ел несібесіне айналды.

Қазақ мемлекеттік баспасын құрудың алғашқы ұшқындары да осы Қазан қаласында пайда болды. 1920 жылы Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының Қазан қаласындағы қазақ тіліндегі кітаптарды бастырушы өкілі болып көрнекті ақын Бернияз Күлеев қызмет етті. Бұрын қазақ кітаптарын шығаруда мол тәжірибесі бар Қазан қаласының таңдалуы жайдан-жай емес еді. Жас ақын өкіл болып еңбек еткен екі жыл аралығында Қазандағы «Татарстан» баспасынан Абайдың өлеңдер жинағы, С.Торайғыровтың «Адасқан өмір», Мағжанның өлеңдер жинағы жеке кітап болып басылып шықты. 1922 жылы Қостанайда қазақ тілінде газет шығару қолға алынып, баспаханаға қажетті материалдарды алып қайту мақсатында Бейімбет Майлин Қазан қаласына іссапарға барады, Қазанның әдеби-мәдени өмірімен танысып, үлкен шабыт үстінде оралады.

Қазақ халқының білім кеңістігінде Қазан қаласы сәуле шашқан шамшырақтай оқшауланып тұрады. Қазан ұзақ жылдар бойы түркі тілдес халықтар үшін басты білім ошағы болды. 1758 жылы Қазан гимназиясы негізінде Қазанның жоғары оқу орындары жүйесі қалыптасып, жергілікті университет, малдәрігерлік институт, мұғалімдер семинариясы ашылды. Қазақ халқы Ресей сынды алып империяның қоғамдық-саяси және мәдени өміріне етене араласып, ұлттық білім жүйесін қалыптастыра бастады, осы оңды өзгерістер

барысында тарих сахнасына жаңа әлеуметтік топ – ұлттық зиялы қауым қалыптасып шықты. Бұл игі істердің басықасында Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ұлы ағартушылар тұрса, қазақ даласында білім жүйесін ұйымдастыруда туған халқын сауаттандыруға бар күш-жігерін жұмсаған көрнекті мемлекет қайраткері Жәңгір хан үлкен қызмет атқарды. Мұсылманша хат танумен қатар орысша білім алып, еуропаша тәрбиеленген, араб, парсы, орыс және татар тілдерін жетік білген парасатты жан қазақ ақсүйектерінің балаларын патша үкіметінің билік орындарына тарту мақсатында 1841 жылы қазақ даласында тұңғыш рет өз қаржысына орыс-қазақ мектебін ашқаны белгілі. Хан мұнымен ғана шектелмей, қазақ балаларының неғұрлым жоғары білімді маман атанып, орман, темір жол қатынасы институттары мен азаматтық инженерлер училищесінде оқуын мақсат етті. Арман жолында Жәңгір хан өзі билік еткен Бөкей ордасы енген Қазан оқу округінің басты оқу орны – Қазан университетіне үлкен үміт артты. Алайда әкімшілік-құқықтық кедергілер хан көкसेген арманды орындауға мүмкіндік бермеді. Соған қарамастан, Жәңгір хан үлкен зиялылық іс танытып, Қазанға барған алғашқы сапарында университет кітапханасындағы қолжазбалар санының аздығына назар аударады да, кітапхана қорына 9 шығыс қолжазбасын тарту етеді. Бұл өте құнды сыйлық болатын. Қазан университетінің ректоры Н.И.Лобачевскийдің қолдауымен сөз өнері факультетінің «Ішкі Қырғыз ордасының ханы, генерал-майор Жаһангер Бөкеевтің біздің отанымызда оқу-ағарту ісін таратуға ықпал еткен еңбегін құрметтей отырып, шығыс тілдерін білудегі үздік табыстарын бағалай келе және мәртебелінің Қазан университетіне деген жоғары назарын шынайы ризашылықпен қабылдай келе «Ғылыми кеңестің 1844 жылғы 29 мамырдағы мәжілісінде оны университет ғылыми кеңесінің құрметті мүшесі болып бірауыздан сайлануына» қол жеткізеді. Жәңгір хан өз кезегінде ғылыми кеңес шешіміне ризалығын білдіріп, Ф.Эрдманға жазған хатында: «Менің жаңа атағыма сай университет кәдесіне жарауға дайынмын және университеттің Шығыс тілдері бөлімшесі үшін қызықты араб, парсы және түрік тілдеріндегі шығармалар тізімінің қолыма тигенін қалар едім. Қазір мен құнды қолжазбалар мен көне тиын ақшаларды Бұқар жақтан алдыру үшін бұқарлықтармен байланысқа шығу қа-

мындамын» деп сенім биігінен көрінуді мақсат етеді. Хан Қазанның жоғары білімді мамандарын өз ордасына жұмысқа тартқан. Мәселен, Қазан университетінің түлегі Г.Матвеев хан канцеляриясын басқарса, келесі бір сапарында Жәңгір хан Қазанда тұрған ағылшын Г.Холды неміс зайыбымен бірге өз балаларын үйде оқытатын мұғалімдік қызметке шақырған. (Кенжетаев Б.А. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX-начале XX вв. Казань, 1998. 28-6.).

1863 жылы ғана қазақ жастарының Қазан университетінде оқуына заңдық кедергілер алынып, Жәңгір хан арманы жүзеге аса бастайды. Кейбір әкімшілік шектеулер болғанымен жоғары білім алуға ұмтылған қазақ жастары 1877 жылдан бастап Қазанда оқиды. 1877–1917 жылдары Қазан Императорлық университетінде барлығы 37 қазақ оқыған екен. Оның 20-сы университетті сәтті аяқтап, 15 түлек заң факультетін, 5 студент медицина факультетін бітірген. Олар университетте, негізінен, генерал-адъютант Крыжановский атындағы стипендия есебінен оқыса, кейбір студенттер Ішкі қазақ ордасының, Орал және Жетісу облыстарының арнайы қаржысынан, Зайсан уезі қазақтарының стипендиясына оқыған.

Қазан университетін бітірген түлектердің барлығы 2 дәрежелі диплом және толық құқықты студент атағын алған. Ал 1 дәрежелі диплом алған түлектер магистр дәрежесі алдындағы ғылым кандидаты дәрежесіне ие болған. 1882 жылы Торғай облысынан келген университет түлегі, сұлтан Ж.Шуақов «Далалық облыстардағы заң күші бар басқару ережесі» деген тақырыпта диссертация жазып, қазақтар арасында бірінші болып құқық кандидаты ғылыми дәрежесін алған.

Қазан малдәрігерлік институтында 1887–1917 жылдары 18 қазақ студенті оқса, өзге ұлт өкілдеріне арналған Қазан мұғалімдер семинариясында 1894–1909 жылдары 27 жас білім алған. Қазанда оқыған жастар туған даласына қайтып оралып, ел арасына алдыңғы қатарлы мәдениет пен білімді таратқан. Олардың көпшілігі кейін қазақ зиялы қауымының негізгі бөлігін құрады. Қазан университеті заң факультетінің 1895 жылғы түлегі Ахмет Бірімжанов Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты болып сайланып, ірі

қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Қазан университетін бітірген С.Аманжолов, Б.Мәметов, Б.Танашев және А.Бірімжанов Алаш қозғалысының белді мүшелері болып, Алашорда үкіметінің құрамына енді. Ал Қазан мұғалімдер семинариясында оқыған Елеусін Бұйрин қазақ тіліндегі алғашқы баспасөз қарлығаштарының бірі – «Қазақстан» газетінің негізін қалаған тұңғыш редакторы болғанын мақтанышпен айтуға болады.

Кеңес заманында да Қазан қаласы қазақ және татар халықтары арасындағы рухани-мәдени байланыстардың үйлестіруші орталығы қызметін атқарды. Осы орайда қазақ-татар жазушыларының өзара шығармашылық ынтымақтастығына ерекше тоқталған жөн десек, Қазанда тұрып еңбек еткен ерлі-зайыпты жазушылар, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қауи Нәжми мен оның зайыбы Сәруар Әдһамова Мұхтар Әуезовпен тығыз достық қарым-қатынаста болды. С.Әдһамова ұлы жазушының «Абай жолын» татар тіліне аударып, үлкен іс тындырды. Сонымен бірге татар тәржімешілерінің қажырлы еңбегі арқасында Абай мен Жамбылдың жинақтары, С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романы, Ә.Әлімжановтың «Отырардан келген сый» хикаяты татар тіліне аударылып, Қазанда басылып шықты. Қазақ ақын-жазушыларының таңдаулы шығармаларынан «Дала жыры» (1963), «Қазақстан ақындары» (1968) атты кітаптар татар тілінде құрастырылып, Қазанда жарық көрді. 1958 жылы жазда Қазанда өткен Татарстан жазушыларының IV съезіне қазақ жазушылары атынан Жұбан Молдағалиев құрметті қонақ ретінде қатысып, сөз сөйлейді. 1963 жылы маусымда Қазанда қазақ әдебиетінің апталығы өтіп, екі туысқан халық арасындағы елеулі мәдени оқиға болады. Бұл сапар Жұбан ақынға үлкен әсер етіп, «Біз Қазанға барғанда» атты көлемді өлеңдер циклін жазады, артынан татардың қаһарман ақыны Мұса Жәлел рухына арналған «Жыр туралы жыр» поэмасын өмірге әкеледі.

Мұндай рухани-мәдени байланыс қазір де жалғасын табады.

## ЖАҢА ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ

Бүкіл түркі әлеміндегі өзіндік орнымен, ежелгі дәстүрімен ерекшеленген әдебиеттің бірі – ұйғыр әдебиеті ғасырлар бойы қалыптасқан түрлі ақындық мектептері мен әдеби бағыттары, әрқилы шығармашылық әдістері бар жеке рухани құбылыс ретінде ұлттық ұйғыр мәдениетінің дамып өркендеуінің жарқын бір көрінісі болып қала береді.

Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті Шығыс Түркістандағы ұйғыр әдебиетімен тамыры ортақ болғанымен ғасырға жуық уақыт бойы өзіндік тарихи жолымен дамып келе жатқаны мәлім. Бұл әдебиет кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің алғашқы жаңа экономикалық саясатынан басталып, ұжымдастыру, индустрияландыру, күштеп тәркілеу, жазықсыз жазалау сияқты шараларымен жалғасқан, ең соңында қайта құру кезеңіндегі барлық әлеуметтік-саяси, мәдени өзгерістер ықпалын қатты сезінді.

XX ғасырдың 20–30 жылдары қалыптасқан кеңестік Қазақстан кезеңіндегі ұйғыр әдебиеті классикалық әдебиеттің озық дәстүрлерін жалғастыра біліп, жаңа заман өзгерістерін шығармаларына арқау етті. Қай кезеңде болсын, жетекші жанр ретінде алға шыққан поэзияда халық бостандығы, еңбек пен шаттық өмір тақырыбы басым болды, ұйғыр ақындары туған халқының оқу-білімге, қараңғылық пен мешеулікті жеңіп, жарыққа ұмтылған талпынысын жырға қосты.

Кеңестік заман әдебиетінің көш басында жаңа өмірді шабыттана жырлаған Омар Мұхаммади, Нұр Исраилов, Изим Искандеров, Тұрды Хасан, Әбділхамит Қожамбердиев және т.б. талантты ақындар тұрды. Прозаға қалам тербеушілер де байқалып, О.Мұхаммади, Н.Исраилов бұл жанрды шебер меңгере бастады. 1934 жылы М.Хамраевтың

«Толқындар арасында» романының жарық көруі ұйғыр әдебиетінің үлкен жетістігі болды.

Осы жылдары ұйғыр драматургиясы да дамып, алғашқы пьесалар жазылды, ұйғыр тілінде газеттер мен журналдардың да шығуы ұлттық әдебиеттің қарыштап дамуына оң ықпал етті. 1924 жылы «Биринчи чамдам» («Алғашқы қадам») атты әдеби-көркем, әлеуметтік-саяси жинақтың шығуы ұйғыр әдебиеті дамуындағы елеулі оқиға болды. Жинақта ұйғыр ақындарының өлеңдері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиетші А.Розыбакиевтің әдеби-сын мақаласы, ұйғыр ауыз әдебиетінің үлгілері жарияланды. 1930, 1931 жылдары ұйғыр ақындарының шығармалары енген жеке жинақтардың жарық көруі де әдеби үрдіске тың серпін берді. Ал 1936 жылы жарияланған талантты ақын Т.Шамиевтің «Таң саздары» атты шағын жыр жинағы сол кездегі көкейтесті мәселелерге тереңдеп барған жаңа қырларымен ерекшеленді. Үстіміздегі жылы 120 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтіп жатқан қазақтың дауылпаз ақыны, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Сейфуллин шығармаларымен үндес болған ұйғыр ақынының өлеңдері қазір де өз маңызын жойған жоқ.

Қайта жаңғырған ұйғыр әдебиетінің бұл жемісті кезеңінде жаңа жанрлық-стилдік түрлермен бірге реалистік қағидалар берік орнықты. Осындай қарқынды даму шағында 1930 жылдар соңындағы сталиндік саяси қуғын-сүргін науқаны ұйғыр әдебиетіне үлкен соққы болып тиді. Жаңа сипаттағы әдебиеттің көрнекті өкілдері М.Иминов, Н.Ниязи, Н.Исраилов және т.б. талантты ақын-жазушылар жазықсыз жазаланып, қаза болды. Осы қасіреттің өзі ұйғыр әдебиетін есеңгіретіп, көпке дейін дамуын тежеді.

1950 жылдардың орта шенінде басталған жылымық кезеңге байланысты Қазақстандағы ұйғыр әдебиеті «қайта тууын» бастан кешіп, жаңа даму шағына бет алды. Кеңес елі өміріндегі әлеуметтік-саяси өзгерістер, Шығыс Түркістаннан, яғни Қытайдан тың шығармашылық күштердің Қазақстанға қоныс аударуы ұйғыр әдебиетіне ерекше ықпал етті.

Қайта даму жылдары ұйғыр жазушылары роман, повесть сияқты күрделі жанрларды игеруге батыл кірісті,

поэзия мен драматургияны ілгерілетуде игі нәтижелерге қол жеткізді. Осы 50-ші жылдары ұйғыр әдебиетіне тың күш болып қосылған жыр жүйрігі И.Бахтия, талантты жазушылар Х.Абдуллин, М.Зұлпықаров, халық қошаметіне бөленген патриоттық рухтағы дауылпаз ақын Х.Хамраев, нәзік те сыршыл ақын И.Бахниязов, балалар жүрегінен үлкен орын алған жазушылар П.Сәбитова, З.Қахаров шығармалары олардың өмір шындығын көркем бейнелеуде артқан шеберліктерін айқын көрсетті.

Биыл туғанына жүз жыл толған сан қырлы талант иесі, Қазақстанның халық жазушысы Зия Сәмәдидің ұйғыр әдебиетіндегі орны ерекше. Жазушы екінші отаны болған Қазақстанда шын мәнінде дамып, нағыз шығармашылық биікке көтерілді. Романдар мен повестерінде, пьесаларында туған халқының цин басқыншыларына қарсы азаттық күресін негізгі тақырып етіп алған жазушы шығармалары қалың көпшілік арасында адамгершілік, рухани құндылықтардың артып, азаматтық танымның нығайуына ықпал етеді, оқырманын өмірде болып жатқан барлық оқиғаларға байланысты жеке әлеуметтік-азаматтық жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Қазақстандағы ұйғыр әдебиетінің, жалпы ұйғыр мәдениетінің ХХ ғасырдағы даму кезеңі туралы көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің тарихы, жай-күйі туралы көптеген әдеби-сын еңбектердің авторы, сыншы Ілияс Омаровтың ұйғырдың талантты перзенті, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Мұрат Хамраевтың «Ұйғыр халқының мәдениетінің гүлденуі» атты еңбегінің жарық көруіне байланысты 1967 жылы 20 желтоқсанда осы кітап авторына жазған хатында айтқан пікірлеріне үңілейік. Журналист Г.Бектасова «Түркістан» газетінің 2012 жылы 18 қазандағы санында алғаш рет жарияланған бұл хат мәтінін толық келтіруді жөн көрдік:

«М.Хамыраевқа!

Қалқам, Мұрат! Сенің «Ұйғыр халқының мәдениетінің гүлденуі» деген кітабыңды үлкен ықыласпен, қанағаттанарлық сезіммен оқып шықтым.

Мұнда советтік ұйғыр мәдениетінің қалыптасуы мен

өркен жаюы сөз болыпты және ұйғыр халқының мәдениетімен қоса, оның қалыптасуына еңбек сіңірген тарихи қоғам қайраткерлері сөз болыпты.

Абдолла Розыбакиев – революционер, мемлекет және мәдениет қайраткері еді. Ол Қазақстанда Совет үкіметін орнатуға атсалысты, революционерлік жұмысын өз халқының мәдениетін өркендету секілді игілікті іспен ұштастыра білді.

Ол, әрине, Шығыс қайраткерлерінің ішіндегі ірі тұлғаның бірі.

Еңбектің тарихқа барған тұсы қызықты оқылады екен. Шынында, кей-кейде тарихи мұраға әркімдер-ақ, бұл біздікі деп ие бола кететіні бар. Тарихта бұған әділ болуымыз керек. Сенің кітабыңда мәселенің осы жағына дұрыс талдау, таратып беру бар екен. Ф.Энгельс: «Біз тарих қойнауына үңгіп кірген сайын, бір түбірден шыққан халықтардың өзара айырмашылығы өшіріле түсетінін байқаймыз», – деді.

Түркітілдес халықтардың көне мәдениеті – кейін халық болып қалыптасып кеткен елдердің түпкі көзді бұлағы. Сондықтан ол тарихты қарастырғанда бұл заңдылықты ескермеуге есте болмайды.

Ұйғыр мәдениетін сөз қылғанда оның ірі өкілдері – Хиркати, Замли, Билял Назым, Садыр Палванды жеке адамдар деп қана қарамай, сол мәдениеттің өркендеуіндегі бір-бір маусым деп алған жөн болады.

Менің ойымша, мұраға қарап қызықтау бар да, сол дәстүрді тәжірибе ретінде пайдаланып, ілгері өркендету бар. Ол салада ақын-жазушылардың еңбегі бар. Умар Мухаммеди, Изим Искандеров, Исмаил Саттаров, Хизмет Абдуллин сол мол мұраны бойларына сіңіре отырып, қазіргі заман мәдениетінің талап-тілегіне сай ілгері дамытып келеді.

Әр халықтың мұраларының барлығында да музыканың симфониялық бастауы бар екені рас. Ол – ұйғырдың мұқамында болса, қазақтың күйлерінде жатыр. Құдыс Қожамияровты тыңдап, онда мұқамның байлығы жоқ деп кім айта алады. Әйтсе де, мұқамның симфониялық дамуы жөнінен эзірбайжандар әлдеқайда ілгері кетіп отыр.



Олар симфониялық кілтті ертерек танып алды, мәдениет саласында біраз табысқа ие болды. Бұл жөнінен өзбек, тәжік, қазақ, ұйғыр болып мақтана алмай отырмыз.

Мен Құдыс Қожамиyarов еңбегін кемітейін деп отырған жоқпын. Ондай композитор кез келген халықтың маңдайына біткен ырыс. Алғашқы симфония, тұңғыш опера, бірінші балет. Бұл жөнінен ол өз халқының мәдениет дәстүрін ілгері апарушы. Ендігі жерде ол осы іске мұрындық бола білуі қажет және оның азаматтық борышы да осыдан туындайды.

«Мың үңгір» туралы мен көп естідім. Ол жөнінде маған 1945 жылы шынжаңдық Имам қария деген молда айтқан еді. Ол Шынжаңды гоминдандықтардың азат ету шайқасына қатысыпты. Чанкайши әскерлері өлтірген ұйғырдың бір ақынының өлеңдерін де оқып беріп еді. Қазір ұмытып қалыппын. Сенің кітабыңда сол бір тамаша дастан жоқ екен. Іздеуге тура келер. Имам қари айтқан әлгі жырда Ленин туралы сөз бар еді. Бізге де Ленин секілді көсем керек деген халық арманы да болатын. Кітабыңа үңгірлердің толық суреттемесі берілгені түзу болған. Ұйғыр театрының тарихына берген дәлелдерің де қызық екен. Ұйғыр театры әлемдегі тұңғыш және жалғыз театр – синтетикалық құбылыс. Онда драмалық, музыкалық және хореографиялық өнерлер тоғысып отыр. Олардың өрісі кеңейеді деп білем. Тек ұйғыр интеллигенциясы оған жәрдем беруі қажет-ақ.

Ағаң Ілияс Омаров,

20 желтоқсан, 1967 ж.»

Міне әдебиет қамқоршысы І.Омаров ұйғыр әдебиеті мен өнеріне осылай жанашырлық танытқан екен.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі ұйғыр әдебиеті – дербес қазақ елі жағдайында жаңа даму жолына түскен әдебиет. Қазіргі Қазақстандағы ұйғыр ақындары мен жазушылары ұлт әдебиетінің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін берік жалғастыра отырып, барлық жанрларда дерлік жемісті еңбек етіп келеді, өз шығармаларында қалың көпшілік пен жекелеген тұлғалардың азаттық жолындағы ұлтжандылық ерлік істерін көрсетуге ерекше көңіл бөліп, халықтың саяси, адамгершілік және имандылық мұраттарын

ашып орнықтыруда. Сонымен бірге ұйғыр қаламгерлерінің заманауи шындық көрінісін игеруге талпынысы айқын байқалады: егемен ел дамуы жағдайындағы әлеуметтік-саяси, қоғамдық өзгерістер рухани, имандылық құндылықтар туралы терең философиялық толғамдарға толы бірқатар шығармаларды тудырды. Бұл ретте Р.Розиевтің Қазақстан тәуелсіздігіне арнап жазған «Рух күдіреті» дастанын, тың ой-түйін, жаңа стиль ерекшеліктерімен оқырман ілтипатына бөленген Т.Нурахановтың «Шын жүректен» сонеттер топтамасы мен «Ауылдан келген жігіт» повесін, Д.Машурованың терең мазмұнды, тілі шұрайлы «Ана мирасы» повесін т.б. талантты жазушылар шығармаларын атауға болады.

Қазіргі ұйғыр әдебиетінде сатира жанры да жаңа даму үрдісінде. Ұлттық сатираның көшін бастап келе жатқан «Ильһам» сыйлығының лауреаты А.Һезим оқырман жаңа сықақ өлеңдерімен қуантып, мысқыл жазуда мықты екенін танытты, 2005–2008 жылдары бес томдық шығармалар жинағы жарық көріп, үлкен қаламгерлік биіктен көрінді. Талантты сатирик жазушы А.Махмудов осы жанрды терең игеріп, оның қазіргі ұйғыр сатирасының өрісін кеңейткен «Жигулиге тиген қыз», «Бір рет күлген адам» сатиралық әңгімелері көпшілік көңілінен шықты. Ал жас сатирик жазушы Ш.Назаровтың «Ей, біз адамдар», «Магнитофон ұстаған молда», «Өлімнен өзгесі тамаша» сатиралық туындылары бүгінгі өмір шындықтарын ащы мысқылмен әжуалаған шығармалар.

Үстіміздегі жылы сексен жасқа толған белгілі әдебиеттанушы-ғалым, кезінде көрнекті қазақ ғалымы, сыншы, академик Мұхамеджан Қаратаев талантына жоғары баға берген айтулы қаламгер Рабик Исмаилов Қазақстандағы қазіргі ұйғыр әдебиеті туралы: «Бүгінгі ұйғыр әдебиетінің жағдайын қазақ әдебиетінің жағдайымен салыстыруға болады. 1950–1960 жылдары, сонымен қатар 1970–1980 жылдары қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, ұйғыр әдебиеті, неміс әдебиеті, корей әдебиеті өсті. Сол жылдары жыл сайын баспадан 200 кітап шығатын еді. Жыл сайын бір-екі роман, көптеген жинақтар шығатын. Сол себептен 1970–1980 жылдарды біз ұйғыр әдебиетінің алтын дәуірі деп

атауымызға болады. Қазір енді, біздің жағдайымыз ретке келіп жатыр, мәдениетіміз қайтадан өсе бастады. Осыған байланысты біздің ұйғыр әдебиетіміз қазақ әдебиеті сияқты қайта жандана бастады. Қазір Мәсімжан Зұлпықаров деген жазушымыз өзінің «Жанар тау» деген трилогиясын жариялады, сонымен қатар басқа да жазушыларымыз бен ақындарымыз жаңа шығармаларын жариялау үстінде» деп нақты айтқан болатын.

Жаңа даму жолындағы қазіргі ұйғыр әдебиетінің болашағы зор. Соңғы жылдары ұйғыр әдебиетіне жас есімдердің қосылуы бұл сөзімізді дәлелдей түседі. «Ильһам» сыйлығының жас лауреаты атанған талантты ақын Молутжан Тохтахунов «Менің арманым», «Өмірге махаббат», «Ояулы жүрек» атты сыршыл лиризмге толы ұлттық рухтағы жыр жинақтарымен елді елең еткізсе, келесі бір жас ақын Абдулжан Азнабакиев «Көктем шуағы» жинағы арқылы тақырыбы ауқымды да санқилы, терең ой сезімге құрылған өрелі өлеңдерімен танылуда.

Алматыда өткен «Ақбозат» атты ІІ-ші Халықаралық ұйғыр жас ақындары мүшәйрасына қатысқан отызға тарта дарынды жастар арасынан шығармалары ерекше бағаланып, бас жүлдені жеңіп алған Вильям Молотов қазіргі ұйғыр поэзиясына тың леп, соны жаңалық әкелген дарындардың бірі. Түркі дүниесі жастарының арасында өткен жыр мүшәйрасының жүлдегері атанған жас ақынның өлеңдерінде туған жер, адам өмірінің мән-мағынасы, адалдық, ерлік, парасаттылық, сұлулық пен әсемдік, тарихи Отанының тағдыры, махаббат туралы терең ой иірімдері берілген. Көрнекті ұйғыр жазушы, драматургі, сыншы Ахметжан Ашири: «Ақын қай тақырыпта да жазбасын, оның өлеңдерінде жалған сезім жоқ. Ақынның лирикасы жалынды әдемі сезімдерді, нәзік көңілді және махаббаттың ұлылығын жаңа оймен суреттейді» деп жоғары баға беріп, Вильям поэзиясының қазіргі оқырман қауымының көңілінен шыққандығын нық сеніммен айтады, бұған оның жыр жинағының көп данамен таралып, оның өлеңдеріне үлкен қызығушылық артқанын дәлел етіп келтіреді.

Жоғарыда аттары аталған бұл жас ұйғыр ақындарының басты ерекшелігі – қазақ тілін жете меңгеруі, сол арқылы

қазақ ақындарының шығармаларын қазақ тілінде емін-еркін оқып, өз ана тілінде насихаттауы десек, мұның өзі олардың қазақ әдебиетін жан-жақты біліп қана қоймай, талантты жыр жүйріктерінің шеберлік қырларын үйренуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда өрісін кеңейтіп жатқан қазіргі ұйғыр әдебиеті жаңа даму жолында шығармашылық биіктерге ұмтылу үстінде. Бұл даңғыл жолда бауырлас қазақ және ұйғыр халықтарының терең тамырлы достығы мен ортақ рухани құндылықтары және бүгінгі егемен елдің нұрлы болашағы игі әсерін тигізеді деп кәміл сенеміз.

# ТҰТАС ТАМЫРЛАР

## ҚАЗАҚ ДИАСПОРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ

«Диаспора» ұғымын әлеуметтік ғылымдарда жеке бір ұлттың атажұрты болып табылатын, елден тысқары өмір сүретін бір бөлігі ретінде қарастырады. Ал қазақ диаспорасы тарихи, саяси өзгерістер салдарынан пайда болған құбылыс екендігін назарға алсақ, қазақ халқы өзінің ұшы-қиыры жоқ кең-байтақ жерінде емін-еркін ен жайлап келген ұлт болатын. XIX ғасырда патшалық Ресейдің өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрген қазақ хандығын жойып, қазақ даласын ойрандап, отарлауы, Қытаймен бірге қазақ жерінен мемлекеттік шекарасын белгілеуіне байланысты қазақтар өз атамекенінде отырып-ақ Ресей мен Қытай сияқты алып империялар құрамындағы аз этникалық топтардың біріне айналды. XX ғасырда Кеңес Одағында одақтас республикалардың әкімшілік аумағын айыруға байланысты жүргізілген еш ақылға сыймайтын өктем өзгерістерге байланысты қазақ халқының біраз жері Ресей мен Өзбекстан аумағында қалып қойды. Бұдан бөлек, XX ғасырдың 20–30 жылдары Кеңес одағында қолдан ұйымдастырылған ашаршылық пен қасақана жүргізілген саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақтар жан сауғалап шет мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүр болғаны белгілі. Тарихшы-ғалым Н.Мұқаметқанұлы дөп басып жазғандай: «Міне, бұлар қазақ диаспорасының қалыптасуының тарихи себептері. Қазақ диаспорасы мейлі қандай жағдайда қалыптассын, олардың барлығы қазақ ұлтының құрамдас бөліктері болып табылады» [1, 4].

Диаспора өзі тұрып жатқан елде аз этникалық топ

болып табылады да, әрдайым өзінің тегі шыққан елмен рухани және шаруашылық байланыста болады. Қазір соңғы деректер бойынша әлемнің қырықтан астам мемлекетінде тұрып жатқан 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы өзінің басты ұлттық бір белгісі – әдебиет арқылы өздерінің ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы ретіндегі ұлттық біртұтастануға ұйтқы болады.

Осы ретте «Диаспоралық әдебиет» деген ұғым әлем әдебиетінде бұрыннан бар. Бұл ұғым көп уақытқа дейін тіл, әдеби дәстүр, этникалық қатыстылығы мен белгіленген кеңістік, яғни аумақ үйлесушілігі алдын ала болжанған ұлттық қағидадан ауытқушылық ретінде қарастырылып, жазушының сәйкестігін айқындаған жағдай ретінде қабылданды. Диаспора қалыптастырған өзіндік мәдениет әлемдік әдебиетті зерттеуде ұлттық әдебиеттер қатарында еленбей келді. Дәл қазір диаспоралық әдебиеттің сыншылдық өзегі ұлттық ерекшеліктер ауқымындағы дәстүрлі құрылымнан басым түседі, ал ұлттық дәуірден кейінгі кезеңде диаспоралық құбылыс ғаламдық әдеби үрдіс орталығына қарай жылжиды.

«Диаспора» ұғымын әдебиеттану зерттеулерінде пайдалану жайына қарапайым түрде ғана талдау жасағанның өзі бұл ұғымның көбінесе иммигранттық (қазақы түсінік бойынша шетелдерде тұратын ағайындардың) немесе отарлық кезеңнен кейінгі әдебиет синонимі ретінде қолданылатындығын нақты байқатады.

Біздің ел жағдайында диаспоралық әдебиет – бұл шетелдердегі қазақтар әдебиеті. Мұндай әдебиеттің бар екендігіне ғасырға жуық уақыт болып қалды. Қазақ диаспоралық әдебиеті қазақтар тығыз қоныстанған Қытай, Моңғолия елдерінде бар. Ал бұрынғы Кеңестер Одағы құрамында болған Өзбекстан, Түркменстан, Ресей сияқты ұлт республикаларында қазақтар көп қоныстанғанмен дәл осындай диаспоралық әдебиет жоққа тән. Себебі бұл елдерде тұрған қазақ ұлтының өкілдері өздерінің түпкілікті шыққан атамекені – Қазақстанмен бір мемлекет аумағында емін-еркін араласты, олар өздеріне тән диаспоралық әдебиетті қалыптастырып дамытуға мүдделі болған жоқ. Өйткені аталған республикалардағы ағайындар ана тіліндегі төл әдебиет туындыларын жас кездерінен сана-

ларына сіндіріп, жоғары отаншылдық, ортақ ұлттық сезіммен қабылдады. Оның үстіне Ресей құрамындағы Омбы, Қорған, Сарытау, Астрахан, Селебе, Құлынды өлкесі, Өзбекстанның Қазақстанмен шекаралас аймақтары ежелден қазақтардың түпкілікті атамекені болған жерлер. Қазір де туған атақоныстарын қимай, Қазақстанға көше алмай отырған басты себептерінің бірі де осы. Ал арасын шекара бөлген тілі де, діні де, ұлттық сипаты да бөлек шет мемлекеттерде тұрған қазақтар ортақ Отан – Қазақстаннан жырақта тұрды, туған әдебиетті қаншалықты білгенмен соншалықты ақпарат жеткіліксіз, жалпы қазақ әдебиетінің тереңге кеткен тылсым құпияларын ашып, бұрынғы-соңғы озық көркем туындыларын еркін оқып танысуға мүмкіндік болмады.

Осы ретте көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қалихан Ысқақтың шетелдердегі қазақ әдебиетіне байланысты айтқан мына пікіріне зер салсақ. «Байқап отырсақ, Қытайда, Моңғолияда әдебиет бар. Ал Түркия мен Германияны айтар болсам, олар бәлендей әдебиет жасай қойды деп айта алмаймын. Біз түрлі сапармен барып-келіп жүрміз. Ол елде оқып жүрген студенттер бар. Білуімізше, әдеби орта жоқ. Олардан сауда-саттық жағын үйренбесек, әдебиет, мәдениет жағынан біз үйренетін ештеме де жоқ. Олардың барлығы маргиналды тұлға болып кеткендер. Олардың мәдениеті не Батыс емес, не Шығыс емес, екі ортадағы дел-сал дәрегей дүниеге айналып кеткен» [2, 3] – деп ой түйіпті қаламгер өзінің «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында.

Жазушы бұл жерде Еуропада тұратын қазақтар әдебиетіне байланысты өз пікірін бүкпесіз білдіріп отыр. Шынында да еуропаланған қазақтарда жеке кәсіп бар да, әдебиет жоқтың қасы. Ресей мен Өзбекстанда да солай.

Шетелдерде тұратын қазақтар бүкіл ұлттық әдебиеттің ажырамас құрамдас бөлігі болған диаспоралық әдебиетті қалыптастырып дамытуға тарихи-әлеуметтік жағдайлар өзінен өзі ықпал етті де, осылайша өрісі кең, көркемдігі қуатты Қытайдағы қазақ әдебиеті және Моңғолиядағы қазақ әдебиеті қалыптасты. Ғылыми әдебиетте осыған дейін көрнекті ақын, ойшыл Ақыт Үлімжіұлы мен ұлы Абайдың талантты шәкірті Әсет Найманбайұлы сияқты

ірі талант иелерін Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушылар деп келдік. Тіпті де олай емес. Көзі тірісінде Қазан баспаларында жыр жинақтары жарық көрген Ақыт қажы есімі бүкіл қазақ даласына мәшһүр болса, Әсет ақын Абайдан тәлім алып, ұлы ойшылдың әдеби мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылды. Сондықтан екеуі де бүкіл қазақ әдебиетінің ортақ мақтанышына айналғаны белгілі. Ал бұл ақындарды Қытайдағы қазақ әдебиетінің қалыптасуына ықпал еткен, осы диаспоралық әдебиетті шығармашылық дәстүр ерекшеліктерімен дамытқан тұлғалар деп нық сеніммен айта аламыз.

Қазақ фольклоры мен әдебиеті мұраларын жинап, атақты «Қыз Жібек» жыры мен қазақ айтыс өнерінің көркем де биік шыңы – «Біржан-Сара» айтысын және шығыстық сарындағы бірнеше қисса-дастандарды Қазан, Уфа, Ташкент, Петербург қалаларынан алғаш рет кітаптар етіп бастырған ақын, аудармашы Жүсіпбек Шайқысламұлы туралы да осыны айтамыз. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, жасы ұлғайған шағында Қытайға қоныс аударған ақын осы елдегі Іле өңірінде тұрақтап қалады да, оқу-ағарту ісімен айналысады. Оның да шығармашылық жолы Қазақстанда қалыптасып, жыршылығымен, баспагерлік қызметімен елге мәшһүр болған атағы Қытай қазақтарына жетіп, жергілікті жас ақындар арқылы ақынды өздеріне ұстаз тұтып, сан қырлы талантынан нәр алған. Осы ретте Жүсіпбек жұртшылықты ислам негіздеріне баулып, оқытушылық қызмет атқаруы себепті оны Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін салушы емес, осындағы диаспоралық әдебиетке игі әсер еткен үлкен әдеби мектеп өкілі ретінде ғана қараймыз.

Қазақ диаспоралық әдебиетінің негізі Қытайда тұратын ағайындардың шығармашылық ортасында қаланды. Оған Семейде құрылған Алашорда басшылары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Райымжан Мәрсекулы бастаған топтың 1918 жылдың жазында Шәуешек және Үрімжі қалаларында болып, жергілікті ұлт зиялыларымен, қалың жұртшылықпен кездесулер өткізуі ерекше әсер еткен сияқты. Алаш басшыларының Қытайдағы ағайындарға арнайы келу құрметіне ұйымдастырылған үлкен той жиынында арқалы ақын Әсеттің:



– Көргенде Алашорда көсемдерін,  
Танылған алты алашқа шешендерін.  
Алдында меймандардың төгейін бір,  
Тасыған өлең сөздің нөсерлерін, –

деп шабыттана жыр толғауы, ел ішіндегі таланттардың үн қосуы Қытайдағы қазақ әдебиетінің ізгі бастаулары болатын. Шын мәнінде «Қазақ әдебиетіне сырттан кұяр қайнар бұлақтың бірі – Қытайдағы қазақтардың әдебиетінің» [2, 4] пайда болуына Қазақстанда қолдан жасанды түрде ұйымдастырылған ашаршылық салдарынан мұндағы елдің Қытайдағы ағайындарды сағалап жөңкіле көшуі, сол көшті басқарған аса көрнекті ақын Шәкәрімнің ұлы Зият сияқты талантты ақынның болуы үлкен ықпал етті. Зият Шәкәрімұлы, алаш қайраткерлері Райымжан және Шерияздан Мәрсекұлдары, Ғазез Қалбанұлы және жергілікті ұлт белсенділері Шыңжан өлкесінде ауқымды саяси және мәдени-ағартушылық жұмыстар жүргізіп, қазақ тілінде аймақтық газеттер ұйымдастырды. Мұның өзі жұртшылық арасында үлкен тың серпіліс туғызып, талант көздерін ашты. Поэзия көгінде Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбайұлы есімдері жарқырап көрініп, 1940 жылдары талантты жазушылар Ахмет Жүнісұлы, Қаусылхан Қозыбаев, Дубек Шалғынбайұлы мен Бұқара Тышқанбаевтың алғашқы әңгімелері, Нығмет Мыңжанұлының повестері және Рахметолла Әпшеұлының әңгімелері мен пьесалары оқырмандарға кеңінен танылды. Кейінірек, 1970 жылдар соңында Жақып Мырзаханұлының «Арман асуында», Нығмет Мыңжанұлының «Қарлығаш», Оразбек Әбділұлының «Ұстаз», Оразхан Ахметтің «Өзгерген өңір», Жұмабай Біләлдің «Жондағы жорықтар» атты романдары, Жақсылық Сәмитұлының әңгімелері мен повестері жарияланып, бұл жазушылар Қытайдағы қазақ әдебиетіндегі осы жанрдың негізін қалады. Аттары аталған ақындар мен жазушылар бүкіл қазақ әдебиетінің үлкен мәуелі бұтағы – Қытайдағы қазақ әдебиетін қалыптастырып, одан әрі дамып өркендеуіне ерекше үлес қосты.

Соңғы жылдары Қытайдағы қазақ әдебиеті туралы бірнеше көлемді ғылыми-танымдық мақалалар мен зерттеулер жазған белгілі жазушы, сыншы, әдебиет зерттеуші

Жәди Шәкенұлы жазғандай: «Қытайдағы қазақ әдебиетінің кәусар бұлағы – қазақ әдебиеті айдынына келіп қосылатын асау ағыстың бірі. Оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне берері де мол» [3, 89] деп нық сеніммен айтамыз.

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті де осы үрдісте дамыды. Бұл елдегі 1920 жылдардағы саяси өзгерістер Баян Өлгий аймағын мекен еткен қазақтар өміріне тың жаңалықтар әкелді. Туа біткен ерекше дарын иесі, аса көрнекті ақын Ақтан Бәбиұлы өзінің ұлтжандылық рухтағы жырларымен, эпикалық ауқымдағы сюжетті поэмаларымен осы елдегі қазақ жазба әдебиетінің негізін салды, осы жақтағы ұлттық драматургияның да көшбасшысы болды. Ал Моңғолиядағы қазақ әдебиетіндегі проза жанры 1960 жылдардың соңында бірнеше повестердің жазылуы негізінде пайда болса, 1976 жылы жарияланған талантты жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлының «Қобда қойнауында» романы осы жанрдың негізін қалады.

Әлемдік ғаламдану жағдайында қазақ диаспоралық әдебиеті тоқырауға ұшыраған жоқ, өзге мәдениеттер ықпалында қалмай, ұлттық өркениет құндылықтары ауқымында дамып, жаңа заман ағысымен, жаңа ұлттық сипатта өркендеп келеді. Қытайдағы қазіргі қазақ әдебиеті қай жанрда болсын, көркемдік қуаты күшті тақырыбы өзекті ойларға құрылған шығармалардың халық көкейінен шығуымен ерекшеленеді. Эпик жазушы Қажығұмар Шабданұлының алты томдық «Қылмыс» романы өмір шындығын жан-жақты көркем суреттеп ашқан терең мағыналы шығарма ретінде бүкіл қазақ әдебиетіндегі үлкен құбылыс болды. Бұл елдегі қазақтар арасында айтыс өнері де жаңа қарқынмен дамып, осы жанрдың табан астында ойдан шығарылып, көркем ойды суырыпсалып айтатын ерекшелігі сақталған дәстүрдің дамып жаңа сатыға көтерілуімен айқындалды.

Моңғолиядағы қазақ әдебиеті 1990 жылдардың бас кезінде осы елдегі ағайындардың атамекенге жаппай көшуімен, олардың арасында жергілікті зиялы қауымның белді өкілдерінің, көрнекті ақындар мен жазушылардың Қазақстанға қоныс аударуымен біраз жылдарға дейін тоқырап қалғандай сыңай танытып еді. Қазақтарға құт болған Баян Өлгийде қалған ағайындардың кейінгі буынында алдыңғы толқын әдебиеттің көшін жалғастырушы талант-

ты ұрпақ бар екендігі соңғы он жыл шамасында анық байқалады. Өлеңдерін постмодернистік стильде жазуға бет бұрған жаңа үрдістегі көрнекті ақын Сұраған Рахметұлы Моңғолия Жазушылар одағы қазақ бөлімшесінің төрағасы ретінде осы елдегі қазақ әдебиетінің даму ісін ұйымдастырып, үлкен жанашырлық танытып келеді.

Поэзия көгінде пайда болған жаңа есім, даланың дарқан ақыны Байыт Қабанұлы:

– Далалық ұлмын,  
далаға ынтық жанмын мен,  
Дарабоз толқын  
ағайын болдым ақ жырмен, –

деп асау да ағынды ойларымен нөсерлете жыр төгіп, адалдық пен пәктіктен, сұлулық пен сырлылықтан, ізгілік пен іріліктен жаралған даладай дархан сырға толы өлеңдері арқылы оқырманын баурап алды. Бірнеше жыр жинағын шығарып үлгерген, өлеңдерін қазақ, моңғол тілдерінде бірдей жазатын арқалы ақынды қазір моңғол елінде білмейтін жан жоқ. Моңғолиядағы қазақ әдебиетіне жаңа сипат, тың үрдіс алып келген арқалы ақын Байыт сияқты таланттар аз емес. Поэзиядағы ежелгі түркілік жыр дәстүрін жаңа мағынада жалғастырып, өлеңнің көркемдік қуатына жаңа серпін берген талантты жас ақын Жанат Боқашұлы, жаңа заман кейіпкерлерінің жан-дүниесіне тереңдеп еніп, беймаза тіршіліктегі өмір шындығын шебер суреттеген жаңа мазмұндағы әңгіме, повестерімен танылған жазушы Ербақыт Нүсіпұлы Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің жаңа өкілдері: Ал осындағы ұлт әдебиеті классиктерінің бірі Сұлтан Тәукейұлы тарихи тақырыптарға батыл барып, бірнеше романдарымен проза жанрын биік деңгейге көтерді.

Сонымен бірге жоғарыда атап өткеніміздей Қытай мен Моңғолиядан басқа қазақтар қоныстанған шекаралас елдерде диаспоралық әдебиет жоқтығын айтқанымызбен, Ресей мен Өзбекстанда өлең өлкесінде өзіндік талант қырларымен танылған ақындар аз да болса кездесіп қалатындығын атап өткен жөн. Әрине, көркемдік қуаты соншалықты жоғары деңгейде болмағанымен, жергілікті жұртшылық арасында өлең-жырларымен көпшілік қоше-

метіне бөленіп, ақын ретінде танылған есімдер де баршылық. Біз бұл талант иелерін де қазақ әдебиетінің бір өкілдері ретінде білуіміз қажет. Осы ретте ақындар айтысында суырыпсалма өнерімен танылған омбылық Амангелді Жүсіпұлы, атамекенге сағынышын отаншылдық сезімге толы жыр жолдарымен жеткізген ирандық Әбіш Мұхаметұлы, өзбекстандық халық ақындары: жұртшылықты имандылыққа шақырып, адамгершілікті биік ту етіп көтерген жырларымен жерлестерін сүйсіндірген Ермұхамбет Шабарұлы, ақындығымен қоса Өзбекстанның Тамды ауданында қазақша газет ашып, қарымды қаламгер ретінде белгілі болған Қани Амандықов, Сыр сүлейлерінің жыр дәстүрін жалғастырған Ләтіп Мірәшімұлы, дидактикалық сипаттағы өлеңдерімен ерекшеленген Асанғазы Ордабайұлы, Сырда туып, сыртта өскен, 1975 жылы Алматыда шыққан «Сырымды айтам» атты шағын жыр жинағымен елді елең еткізген, жастай өмірден озған талантты ақын Бердәлі Оразалыұлы, әрі ақын, әрі жырау ретінде өз есімін мәшһүр еткен Әлмен Базарұлы, төкпе ақын Мекембай Омарұлы, «Аралға кім оқ атқан?» атты экологиялық тақырыптағы өлең циклдерін жазған Дарап Дәрменұлы және т.б. көптеген жас ақындар есімдерін құрметпен атаймыз.

Айтуар Сабыров – Өзбекстан жерінде қазақ поэзиясы көгіндегі жаңа есім. Осы елдегі жыр сүйер қауымға лирик ақын етене таныс екен. Өлеңдерінде парасат пен пайым тұнып тұрған ақын:

Ізінен қудың деп елестің,  
Қайтара алмайды мені ешкім.  
Жеткізбей келеді,  
Сөз – сағым,  
Оныма өкінген емеспін, –

деген өрнекті жыр жолдары арқылы өзіндік стилімен ерекшеленіп, жаңа өлең өлшеміне тереңдейді [5, 4]. Осыған дейін оның «Сағыныш», «Дүние жалған», «Сен менің елімді көр», «Менің де титтей мұңым бар», «Дариға дәурен» атты жыр жинақтары жарық көріпті. Бірақ бұл кітаптардың ешқайсысы қолымызға түскен жоқ. Өзбекстанда

қазақ тілінде шығатын «Нұрлы жол» газетінде жарияланған бір топ өлеңдерін оқып, өзіндік үні мен өлең өрімі бар ақын екендігін байқадық. Оның үстіне 2010 жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен Халықаралық жыр сайысында Айтуар өлеңі бірінші орын алғанын айтсақ, поэзия көгінде жарқырап көрінген дарынның алдағы айтары көп ақын екендігін білдірсе керек. Ақын шығармаларымен толық танысқаннан кейін оның талант қырларын молынан талдап жазармыз.

Сол сияқты Ресейдің Саратов облысында тұратын Мендібай Тиағалиев те талантты ақын екен. Бұл кісімен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, белгілі музыкатанушы-ғалым, өнертану ғылымының кандидаты Бақыт Тұрмағамбетова 2013 жылы Саратов облысына ұйымдастырылған фольклорлық-музыкалық экспедиция кезінде кездесіп, біршама материал жинап қайтты.

Сексеннің сеңгіріне шыққан М.Тиағалиев өлеңдерін орыс тілінде жазады екен, арасында ана тілінде шығарған жыр шумақтары да кездесіп қалады. «Жүрегім Ресеймен бірге», «Менің Галактикам», «Мен ХХ ғасырданмын», «80-нің сеңгірінде» атты орыс тіліндегі жыр жинақтарының авторы. Отыз жылдан астам уақыт бойы көру қабілеті нашарлап, бірінші топтағы мүгедек атанғанымен жастайынан өлеңді өміріне серік еткен ақын тағдырына еш мойымай, заман мен қоғам туралы тебіреністі өлеңдерін тудырып, жаңа өмір өзгерістерін шабыттана жырға қосып келеді.

Бүкіл Саратов өлкесіне белгілі ақын өз шығармаларында Ресей мен Қазақстанды бірдей жырлап, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін, адамдарға ықыласы мен өмірге құлшынысын өлең жолдарымен білдірген. «Мендібай Тиағалиев атажұрттан жырақтан жүрсе де жүрегі қазақ елім деп соққан, туған халқының рухын көтеріп, руханиятына қызмет етіп жүрген дарынды жанның бірі» деп Б.Тұрмағамбетова дөп басып жазғандай [6, 266], поэзиялық туындыларын орыс тілінде жазса да, қазақша ойлап, қазақша толғанатын ақынның қазақ әдебиетінде өзіндік ізі бар деп айтуға болады.

Қазақ диаспоралық әдебиеті атамекеннен жырақта өзге ел жағдайында өз бетімен дамып өркендеп жатыр. Шет

елдердегі қазақ әдебиеті жалпы қазақ әдебиетінің үлкен құрамдас бір бөлігі десек, Қытай мен Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің озық көркем туындыларын бүкіл ұлт әдебиетінің жауһарлары, ал осы шығармаларды жазған ақындар мен жазушыларды бүкіл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ретінде қабылдап, қалың жұртшылыққа таныстыру қажет. Негізі бар әдебиеттің болашағы да бар. Бұрыннан қалыптасып дамыған отандық әдебиеттің шығармашылық дәстүр сабақтастығын сол елдегі диаспоралық әдебиет ерекшеліктерімен біртұтастықта жалғастырған, жаңа заманның өркениет көшіне ілесіп, мүлдем тың көркем туындылар әкелген мұндай әдебиеттің болашағы кемел. Бүкіл қазақ әдебиетінің бір бұтағы саналатын бұл әдебиеттің одан әрі дамып өркендеуі үшін де, болашақ шығармашылық бағыттарын бағдарлау үшін де дұрыс жөн сілтейтін, ақыл-кеңес беретін орта керек. Ол орта атамекендегі Жазушылар одағы, ғылыми-зерттеу мекемелері мен орталықтары ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі басшы органдар да диаспоралық әдебиетке еліміздің біртұтас ұлттық мемлекет құру жолындағы стратегиялық бағыт-бағдарының маңызды бір міндетін айқындайтын бөлігі ретінде қамқорлық жасауы қажет.

Қытайда да, Моңғолияда да қазақ әдебиеті өз бетімен даму үстінде. Қытай елінде шығармашылықпен айналысатын талант иелеріне мемлекеттік деңгейде үлкен қамқорлық жасалған: Шыңжан өлкесінің Алтай, Тарбағатай және Іле аймақтарында тұратын қандас қаламгерлер қазақ тілінде баспалардан кітаптарын еркін шығара алады, үш аймақта да әдеби-көркем журнал шығады, басқа да қамқорлықтар жеткілікті. Ал Моңғолияға келсек, бұл елдегі қазақ ақын-жазушыларының жағдайы мүшкілдеу. Шығармашылық одағы болғанмен, баспалары жоқ. Әркім өз кітабын өз бетінше әр жерде бастырып шығарады. Жарық көрген басылымның безендірілуі сын көтермейді. Баян Өлгий аймағының орталығы – Өлгий қаласында не бір арнайы кітап дүкені, тіпті кітапхана да жоқ. 1990 жылдарға дейін бай кітап қоры бар кітапхана болған, қазір тек жұрнағы ғана қалыпты. Кітап қоры мүлдем аз, негізінен, кеңестік кезде жарық көрген шығармалар. Оқырман қазіргі қазақ әдебиетінің даму барысын мүлдем білмейді десе болады.

Сондықтан қазақ диаспоралық әдебиетінің кең құлашты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі шет елдердегі қазақ диаспораларын ана тіліндегі оқулықтармен қамтамасыз етіп, талантты жастарды жоғары оқу орындарына түсіру, түрлі білім, ғылым, өнер конкурстарына қатыстыру жағына назар аударғаны жөн. Ал еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігінің қазақ диаспоралық әдебиетін дамыту ісіне көмек беретін мүмкіндігі мол. Шет елдердегі қазақ әдебиетінің күндерін өткізу, екі жақтағы айтыс ақындарының сайысы мен жазба ақындардың жыр мүшәйрасын ұйымдастыру және т.б. көптеген мәдени игі іс-шараларын жүргізу қажет. Тіпті іргеміздегі Моңғол еліндегі Өлгий, Қобда қалаларында, Ресейдің Таулы Алтайындағы Қосағаш кентінде қазақ тіліндегі түрлі әдебиет кітаптары қамтылған кітапханалар ашып берсе нұр үстіне нұр болар еді.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары арнайы мемлекеттік жоба бойынша отандастарымыз тығыз қоныстанған Қытай мен Моңғолияда тұратын қазақтар әдебиетінің бір жарым ғасырлық тарихына терең барлау жасап, дүние жүзіндегі қазақтардың біртұтас ұлттық әдебиетінің жаһандану үрдісіндегі негізгі даму бағыттары мен мақсат-міндеттерін айқындау барысында шығармашылық үндестік, сабақтастық принциптері негізінде «Шетелдердегі қазақ әдебиеті» атты іргелі ғылыми еңбек жазып, 2014 жылы жеке кітап етіп шығарды. Бұл диаспоралық әдебиеттің ғылыми қамтылу жағы. Ал қазақ диаспоралық әдебиетінің бүкіл қазақ әдебиетінің ажырамас бір бөлігі ретінде толыққанды дамуына түпкілікті атамекенінде мемлекеттік деңгейде қамқорлық жасалғаны жөн болар еді. Сонда ғана қазақ диаспоралық әдебиетінің алдағы даму болашағы бұлыңғыр болмай, одан әрі тың серпінмен нұрлана түседі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұқаметханұлы Н. Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен тәуелсіздік санасы – ұлттық біртұтастанудың ұйтқысы // Төртінші билік. 2011. Қазан – 3.
2. Ысқақ Қ. Бәрімізге ортақ бір ғана қазақ әдебиеті бар // Қазақ әдебиеті: 2005. Қыркүйек – 30.

3. *Сейітжанов З.Н.* Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (поэзия, проза. 1950 жылға дейінгі 3 кезең). Филол. ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000.
4. *Шәкенұлы Ж.* Жалғыздың үні: Сын-зерттеу мақалалары мен сыр-сұхбаттар. – Алматы, «Ақотау» баспасы, 2010. – 424 б.
5. *Сабыров А.* Жүрегімнің сансыз жыртығын жырыммен жүрмін бүитіндеп... // Нұрлы жол (Өзбекстан). 2012. Мамыр. – 16.
6. *Тұрмағамбетова Б.* Ұлттық өнер – өмір мен қазына: Ғылыми зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 2013. – 360 б.



Түп-тамырлар .....	3
«Жержүзіндегі ең қымбат әдебиет нұсқасы...» .....	3
«Қыз жібек» жырының көркемдік әлемі .....	9
Ежелгі әдебиет арналары .....	14
«Кодекс куманикус» тағылымдары .....	18
«Дана хикар хикаясы» – ежелгі құнды әдеби жәдігер .....	27
Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет .....	34
Қазтуған жырау .....	41
Доспамбет жырау .....	46
Терең тамырлар .....	51
Ақын, жырау Ақтамберді .....	51
Үлгі айтқан алты алашқа ақтайлақ би .....	63
Алтын ғасыр әдебиеті .....	77
Айтыс өнерінің жүйрігі .....	82
Ақындықтың дара тұлғасы .....	98
Тынысты тамырлар .....	103
Оңғар жырау және ақындық дәстүр .....	103
Халық поэзиясының ірі өкілі .....	109
Жыр жүйрігі Құлан ақын .....	114
Шашубай феномені .....	120
Ақиық ақын .....	142
Зейнеп ақын .....	147
Алаш ардағы .....	153
«Ғалия» шәкірті .....	156
Соғыс жылдарындағы айтыс өнері .....	168
Ұлы Әуезов ұлағаты .....	175
Әдебиеттанушы-ғалым Сәбит Мұқанов .....	179
Жүрегі жырмен тербелген .....	186
Халқының жүрегімен жырлаған... ..	194
Өр рухты ақын .....	201
Текті тамырлар .....	207
Абайтану арналары .....	207
Абайдың әдеби мектебі .....	207
Абай поэзиясының ренессанстық сипаты .....	249
Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырушы .....	261
Әуезов алғаш жариялаған абай шығармалары .....	267
Абайтанудағы жаңа ізденістер .....	272
Абайтану білгірі .....	279

Абайтанушы-ғалым Зәки Ахметов .....	283
Мұхтар Әуезов талантының қайнар бір көзі .....	293
Туысқан тамырлар .....	304
Жырдың жарық жұлдызы .....	304
Қазан және қазақ мәдениеті .....	312
Жаңа даму жолындағы әдебиет .....	320
Тұтас тамырлар .....	328
Қазақ диаспоралық әдебиеті .....	328

Серікқазы ҚОРАБАЙ

**НӨРЛІ ТАМЫРЛАР**

ISBN 978-601-03-0458-1



ИБ № 254

Редакторы Әділхан КҮЛІМБЕТОВ  
Корректоры Қаниза БЕКЕНҚЫЗЫ  
Компьютерде беттеген Әйгерім МОЛДАХМЕТОВА  
Техникалық редактор Нұркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

Басуға 31.03.2017 ж. қол қойылды. Қалпы 84x108  $\frac{1}{32}$ .  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times New Roman”.  
Көлемі 18 ш.б.т. Таралымы 5000 дана.  
Тапсырыс №254/2314.

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясының баспаханасы







